

ЖАМБЫЛ  
ЖАБАЕВ

2

Шығармалары

Жамбыл ЖАБАЕВ

# ШЫҒАРМАЛАРЫ

*Екінші том*

0 7 6 2 7 6

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН  
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ

**АҰҒАНЫМ**

*Баспа үйі*

Алматы

2016

ӘОЖ 8 21.512.122-1  
КБЖ 84 (5 Қаз)-5  
Ж 13

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және  
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Редакция алқасы:**

**С.Пірәлиев, С.Қирабаев, Б.Ыбырайым, Б.Сманов,  
Б.Әбдіғазизұлы, Р.Әбдіғұлов**

Жалпы редакциясын басқарған:  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Ыбырайым**  
Жауапты шығарушы: **Р. Әбдіғұлов**  
Томды құрастырып, түсініктемелерін жазған: **Р. Әбдіғұлов**

**Ж 13 ЖАБАЕВ Жамбыл.**  
**ШЫҒАРМАЛАРЫ:** 4 томдық/Жамбыл Жабасев. Жыр-  
дастандар. – Алматы, «Айғаным» баспа үйі. – 2016.

ISBN 978-601-03-0415-4  
Т.2: Жыр-дастандар. – 2016. – 286 б.  
ISBN 978-601-03-0413-0

ӘОЖ 8 21.512.122-1  
КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-03-0415-4  
ISBN 978-601-03-0413-0

© Жамбылтану және халық ақындары ҒЗИ, 2014  
© «Айғаным» баспа үйі, 2016

## ЭПОСТЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Қазақ халқының аса қуатты эпостық дәстүрі жаңа дәуірде өзгеше жалғастық тапты. Соның бір көрінісі ақын, жыршылардың ежелгі эпикалық аңыздауларды қайта жаңғыртып айтып келуі. Халқымыздың батырлық және ғашықтық эпосының көбі дерлік совет дәуірінде атақты жыршы, жыраулардан жазылып алынғаны мәлім. Әрине, сол жыр қазынасының сақталу, таралу, өзгеріске түсу дәрежесі де түрлі-түрлі. Егер классикалық эпостың («Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер тарғын» т.б.) түпнұсқасы байырғы қалпын сақтап жеткенін көрсек, кейбір аңыздаулар қайтадан айтылғанда соны нышандарға ие болғанын аңғарамыз. Соңғы топқа ұлы ақын Жамбыл Жабаев жырлап келген «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» секілді дастандарды қосуға болады. Бұл жырлардың ертедегі тұлғасы мен бертіңгі, совет заманы кезіндегі мәтіні арасында азды-көпті айырмашылықтар кездесетіні кәміл. Бұлай болуының табиғи заңды себептері бар. Ең алдымен, ауыз әдебиеті туындыларының айтылу, сақталу, таралу барысында жекелеген жаңалықтар қосылып отыруы. Уақыт талабына сәйкес келе бермейтін жерлері ұмыт болуы жыр кестесіне тың оралымдар, оқиғалар, байланыстар, теңеме, баламалар кірігуі езелден анық нәрсе. Ауыз әдебиеті мұрасының өміршеңдігінің үлкен бір сыры да оның осындай көп варианттылығында жатады.

Кеңестік кезеңде қайта жырланған ескі жырлардың бойындағы дәстүрлілік пен жаңалықтың табиғатын ашу, заңдылықтарын белгілеу қызықты проблеманың бірі. Бұл тақырыпқа зерттеушілеріміздің ертелі-кешті көңіл бөліп, бірсыпыра ойлар айтып келгені белгілі. Мұның бұдан былайғы жерде де фольклоршылар назарын аудара беретіні шүбәсіз. Осы мәселеге біз де тоқталып өтуді жөн көреміз.

Жамбыл ақыннан жазып алынған «Сұраншы батыр» жыры эпос нұсқасының әр кезеңде жаңа нышандарға

ие болып отыратындығына жарқын мысал бола алады. Мұнан ежелгі эпикалық сарынның сайрап жатқан ізін де көреміз, нақтылы тарихи шындықты шыншыл суреттеудің де мысалын табамыз. Жырда Жетісу қазақтарының XIX ғасырдың орта тұсында Қоқан басқыншыларына қарсы күресінің ақиқаты елестейді, Сұраншы батырдың ересен ерлігі мадақ етіледі.

Ескі жырлардың жалғаса дамуының да себептері бар. Бәрінен бұрын сол шығармалардың негізгі идеясы – елдің азаттығы, бақыты үшін күрес идеясы жаңа заманның рухына толық үйлесетін еді. Ертеде халық қамы үшін жан аямай қайрат еткен ерлердің ісі мен даңқы жұртшылық көңіліне етене жақын болатын. Адам баласы тарихындағы күллі демократиялық мәдениетке мұрагерлік жасайтын қоғам әрбір елдің өткендегісінен еңбекші бұқараның мұңын мұндайтын сарындарды ерекше қадір тұтады. Халқымыздың ғасырлар бойында жаратқан материалдық және рухани мұрасын игеру жолында күрделі жұмыстар жүргізілуінің сыры да осында.

Ал жыр байлығының ұмытылмай, саф алтындай қымбат күйінде жетуі бізде жыр тыңдайтын эпикалық ортаның болуына және жыршылық дәстүрдің кең өрісі, мектебі сақталуына байланысты. Сонау жиырмасыншы, отызыншы жылдарды былай қойғанда жыршы, термешіні халқымыз қазіргі күнде де қызыға тыңдайтынын ескерсек, эпос қазынасының інжу-маржаны көнермес, көркі кемімес, сұлу да асқақ қалпында қазірге дейін «шашау шықпай» жеткеніне таңдануға болмайды.

«Сұраншы батыр» жырында елдің құлағына қанықты әрі сүйікті қаншама ірі эпикалық әсірелелеулер, сом сурет салыстырмалар, қайталама формулалар кездеседі. Жырды байырғы эпикалық дәстүрге жақындатар белгінің бірі – көркемдік жинақтаудың ауыз әдебиетіне тән өзіндік өрнектері десе болады. Бейбіт жатқан елге сырт жаудың басып кіруі, халыққа зәбір көрсетуі, туған жұртының намысы мен кегі үшін ерлердің жауға қарсы батыл аттануы, дұшпанды жеңіп, мұқатып қайтуы – міне, осы секілді жалпы батырлық эпосқа

тән сипаттар «Сұраншы батырда» молынан табылатынын көреміз.

Жырда қоқандаған Қоқан әскерінің астамшылығы, зорлығы әрі толық, әрі нақтылы тізілген.

*Қабағын түйген қанды жау,  
Ұру, сабау, найзалау,  
Үйірлеп елді айдады,  
Жанқараш пенен Жантайдың  
Шырылдатты сәбиін,  
Еңкілдетті кәрісін  
Бойжеткен қыз-келіншек,  
Қатарымен тарттырып  
Күңіренмеді тау ішін.  
Қоқаннан келген көп әскер,  
Жер қайысып сыймайды.  
Мал мен басты шулатып,  
Қойша иіріп жинайды.  
Тас қотанның сазына  
Ақ шатыр мен көк шатыр  
Қатарланып тігілді  
Ала тулар желпілдеп,  
Ақ семсерлер жарқылдап,  
Қомпаң-қомпаң шоқысып,  
Төбінгілер сартылдап,  
Зерделі шапан бектер де  
Шағылып күнге жалтырап,  
Түйеге мінген жас әйел  
Бетін жыртып аңқылдап.  
Жас өспірім сұлу қыз,  
Жүрегі ұшып қалшылдап,  
Жалаң қағып жасауыл  
Мәз-мәйрам боп қарқылдап...*

Осындай ауыр хабарды тауда жатып естіген Сұраншының барлық ойлары мен іс-әрекеті нағыз ертедегі эпос батырының

тұлғасын танытады, ол халықтың тарыққанда сүйеніш ететін бірден-бір ұлы болып көрінеді. Ел аңсары мен мінсіз дана, қапысыз қаһарман дәрежесіне көтереді, барлық парасат пен білгірлікті оның басына жиып береді. Осындай әсірелеу бұл тұста ең керекті көркемдік шарт болып шыққан. Бүкіл елдің басына әлгіндей алапат хал кездескенде сол сорақылықтан құтқаратын айрықша ерлік керек. Халық санасына да, жыршы ақын да осы қасиетті тек Сұраншыдан табады.

Тар кезеңде Сұраншы тапқан ақыл мен батыл шешім ел көкейіндегі ең керекті сөз болып естіледі:

*Ел жақтамас көп жауды,  
Көптігінің себеі жоқ.  
Оның аты – Боркемік,  
Талмасқа шыдар белеі жоқ.  
Озып шабар жүйрікке,  
Ылдиы мен өрі жоқ,  
Батыр туған жігітке,  
Шабатын жаудың көбі жоқ.  
Уайым жауға алғызар  
Тұңғыық болып түбі жоқ  
Осы қолдың несі көп,  
Қурап тұрған шірік көп.  
Суырып қылыш ат қойсаң,  
Қарсы тұрар бірі жоқ.*

Бұдан кейінгі жолдар да қаһармандық эпостың үлгісін әдемі дамытқан әсерлі тебіреніске толы. Сұраншының кекке қайралып, шамырқануының себебі мейлінше анық та дәлелді.

*Қорықпа да, қашпа да,  
Текке ұшпасын үрейің,  
Қара да тұр топтның,  
Жалғыз өзім кірейін,  
Мың жау маған бірге есеп,  
Мың қарғаға бір кесек,*

*Кесек болып көрейін,  
Қорғасынды мен сақа,  
Ұшырайын кенейін,  
Жаулар – қоян, мен – сырттан,  
Арасына енейін,  
Еңкілдеген шал анау,  
Шырылдаған бала анау.  
Қуыршақ болған бектерге  
Келіншек пен қыз анау  
Көзім тірі тұрғанда  
Қорлыққа қалай көнейін?*

Эпикалық батыр тұлғасы соғыс үстінде ерекше шоқтықтанып елестейді. Бұл тұстағы суреттер де әсірелеу заңдылығына сәйкес берілген. Соңында үш-ақ жүз сарбазы бар Сұраншы он мыңдаған Қоқан әскеріне дауылдай тиеді. Эпикалық жинақтаудың осындай «нанымсыздығы» жыр мұратының ең биік талаптарына, көркемдік қажеттеріне сай келетін тәсіл болып шығады. «Сұраншы батырдың» ауыздан-ауызға тарап, талай айтушылардың есінде сақталып келуі де жырдың көне эпикалық дәстүрмен барынша үндесіп, суреттеу құралдары мен бояулары ортақтасып кетуінде ғой. Мұндағы соғыс суретінің өзге қазақ жырларынан айырмашылығы шамалы. Егер батырдың атын өзгертіп алсаң, бұндай кестелерді кез-келген жырға да еркін қолдануға болатындай. Бұған төмендегі жолдар толық мысал бола алса керек.

*Осыны айтып Сұраншы,  
Ағын судай тасынып,  
Ашулы көзі жылтылдап,  
Жайнаған шоқтай шашылып...  
Ақтұяқтың тартпасын,  
Қайта тартты ер жөндеп,  
Болат сүйек бауырға,  
Тартпасын елі бытырап,  
Қыран құстай қомданды,  
Ақ семсерді қолға алды...*



*Намазшамнан өткенде,  
Құтпанға уақыт жеткенде,  
Ақберенді сайлады.  
Жар қабақта жалтыр тас,  
Семсерін соған қайрады.  
Қарына найза байлады.  
Жібекпен басын бір тартып,  
Ат қойды батыр ақырып,  
Ақырған даусын есітіп,  
Жау айнала қарады,  
Есінен әбден танады...*

«Сұраншы батыр» жырының кестесінде өзге эпостан танымал, қайталама формулалық тіркестер мен теңемелер мол ұшырайтыны оқиғалық байланыстар үшін де, жырдың үдемелі дамуы үшін де аса пайдалы қызмет атқарады. Дастанның өн бойында кездесетін «қабағынан қар жауды, кірпігінен мұз қатты», «буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды, ақ беренге оқ салды, Ақтұяққа ер салды», «қыран құстай қомданды, ақ семсерді қолға алды», «шапқан аттың дүрсілі, қопарып жерді барады», «нажағайдай шартылдап, бұлт отындай жарқылдап», «қоршаласып қалысты, ортасына алысты, қарсы семсер салысты», «өрге салса талмайтын, қияға салса таймайтын», «сауыт киіп сайланып, ырғай сапты найза алып, қорамсағын байланып», «екі батыр найзасын сатұр-сұтыр салысты, сайлап мінген белді аттар, тізе бүгіп қалысты» тәрізді тіркестер жырды дәнекерлеп тұрған ұлы желі секілді...

Бұл айтылғандар жырдың дәстүрлілік келбетін айқындайтын мысалдар. Енді «Сұраншы батырдың» өзгелерден ерекшелігі неде екеніне, жаңалық белгілеріне зер салып көрейік.

XIX ғасырдағы қазақ елінің, соның ішінде Жетісудың тарихи-әлеуметтік жағдайын кең де, нақтылы да көрсете алатындығы бұл жырдың жанрлық жаңа сыпатын белгілейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, «Сұраншы батырда» тарихи

өлең-жырдың нышандары да мол. Тарихи фактылардың бағыты дұрыс көрсетілуі шығарманың реалистік ажарын арттырады. Әсіресе өткен ғасырдың орта шенінде Қазақстанның оңтүстік өңірін өз қарауына алу үшін Россия империясының да, Орта Азия хандықтарының да жанталаса әрекеттенгені айқын ақиқат болып түскен. Тағы бір ерекшелік сол – бұл фактыларды куәлендіруші анау-мынау кездейсоқ кісі емес, өз елінің тарихи әңгімелерін, аңыздарын тамаша білетін, көкірегі зерек Жамбыл сынды көп жасаған адам болуы дастанның танытқыштық қасиетін арттырады. Жетісу жерінде болып өткен басқыншылықтардың шет жағасын бала кезінде Жамбыл өз көзімен көрген немесе ізі суымаған оқиғалардың сарынын естіген. Қалай болған күнде де Жамбыл аузымен айтылған естелік аңыз шындыққа неғұрлым жақын.

Қазақ елінің тұс-тұсынан андыздаған жаулаушы күштердің жалпы мінездемесін жыр мейлінше анық берген.

*Лек-лек солдат айдапты,  
Мойнына шекпен байлапты,  
Оралдан өрлеп Алтайға,  
Алуға патша ынтықты.  
Садақ тартқан қазаққа,  
Түтіндетті мылтықты.  
Ертісті өтіп оралтып,  
Жетісуға қол сұқты.*

Бұл арада тарихи-әлеуметтік ақуал мейлінше нақтылы. Бұрыннан Жетісуға бауыр басып қалған Қоқан әкімшілігінің әрекеті ақындық тілмен сыпатталған.

*Бұрынғы қожа Құдияр  
Қазанатын мінісіп,  
Қомпаң-қомпаң желісіп,  
Жағасыз көйлек киісіп,  
Көк шай салып су ішіп,  
Перен мылтық арттырып,*

*Мыстан керней тарттырып,  
Соғыспақ боп патшамен  
Қапалдан тосып бір шықты.  
Қарсы атылған зеңбірек,  
Қолдан туын жұлдырып,  
Қорған сапын бүлдіріп,  
Қайта қашып бүрлікті.  
Жай қашпады Құдияр,  
Жолындағы ел тұншықты.  
Жабық тіліп, үйді өртеп,  
Айғыр, атты жетектеп,  
Қатын-бала шырылдап,  
Хан жолынан су шықты...*

Сол кездегі қазақ ауылдарының көсемдері тар кезеңде ақыл, қайрат таппай, өзінің жанын сауғалап, ел мүддесін ұмытып кеткендіктерін шыншыл ақын Жамбыл әділ әшкерелейді.

*Дулатта батыр Сыпатай  
Жаудан қорқып сенделіп,  
Сарбұлақтың басына,  
Аңрақайдың тасына,  
Түнде барып тығылды.  
Батыр тұлға бола алмай,  
Елдің түгі жығылды...*

Жырда Жетісу елінің ішкі жағдайларын тануға көмектесетін алуан түрлі нақтылы деректер бар. Жаудан қорқып қашқан, тоз-тозы шыққан қазақ ауылдарының паналаған жерлеріне дейін шығармада дәл баяндалған. Сұраншы батырдың руы – Шапыраштының әлеуметтік жағдайын ақын тайға таңба басқандай әйгілеп береді. Шапырашты елінің қонысы тар, малға кедей екендігін, тіпті Сұраншының өзі тапшылық қыспағында күн кешкенін жыршы жасырмайды:

*Арыстан жүрек Сұраншы,  
Шыңда жатыр алыста.  
Оны шыңға шығарған –  
Қонысы жоқ, қол қысқа.  
Жаз жайлауы Үшқоңыр  
Қыс көшеді Арысқа.  
Шапырашты аз ата,  
Ұлы жүзде туысқа...*

Сұраншы батырдың ата-тегін, батырлық әулетін мақтаныш етіп айта келіп, олардың қиын-қыстау кездерде бүкіл елдің намысын қорғай келген айбатына тоқталады, сондай ерлердің кедейліктен көшуге көлік таба алмай қала беретіндіктерін баяндайды:

*Ұлы жүздік қазақтың,  
Біқ жағында қорадай,  
Жел жағына панадай,  
Сол сияқты батырға,  
Алыстан қонақ келгенде  
Қалатын күні көп еді,  
Қонақ асын таба алмай,  
Жайшылықта ел көмсе,  
Батыр аулы көліксіз  
Дулат, Албан, Суанмен  
Кетер еді қарамай...*

Өзінің асыл өнерін совет заманына дейін жеткізіп, белгілі дәрежеде, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет дәстүрін жалғастыру болған Жамбылдың жаңа заман дүниетанымымен қарулануы оның тарихи тақырыпқа шығарған туындыларынан да айқын сезіледі. Ақын халықтың анық досы кім, жауы кім деген мәселеге сара көңілмен талдау жасайды. «Сұраншы батырда» да ол оқиғалардың таптық, әлеуметтік астарын әдемі бағдарлайды, ойламаған жерден аласапыран жағдай туғанда халықтың дағдарып, кімнен жақсылық іздерін білмей қалған кезеңін «Жаудан күту

жақсылық – зарыққанның салдары, байдан күту жақсылық – тарыққанның салдары» деген нақыл сөздермен ұтымды сыпаттайды.

«Сұраншы батыр» – көркемдік қасиетін сөз етпегеннің өзінде, шежіре-тарихтың көп қатпарлы сырларын тануға мүмкіндік береді, тарихшыларға қажет бағалы мағлұматтар да ұсынады. Жырда қырғыз ханы Орманның қанқұйлы әрекеттері, Құдияр ханмен ымыраласып, бейбіт қазақ ауылдарын талағаны документке бергісіз зайыр шындық болып елестейді.

*Қоқанды құртқан Құдияр  
Патшаға қарсы тұратын  
Қуаты жоқ бойында.  
Қырғызды қанға батырған  
Әркімге бір сатылған,  
Орман хан бар қолында,  
Қазақты барып талайық,  
Патшадан бұрын алайық,  
Деген мақсат ойында...*

Жырдың екінші бөлігінде Сұраншыны өлтірмек боп, балағаттап хат жазып, соғысқа шақыратын да осы Орман хан болады. Дастанда қоңсылас, туыс қырғыз халқы мен Орман хан саясаты екі басқа екені айқын көрсетілген.

Сөз болып отырған жырдың тосын бір идеялық жаңалығы – Сұраншы батырға тілектес, қаруластардың ішінде өзге ұлт өкілдерінің қатысуы. «Патшаның қашқын солдаты Жагор» бастаған сегіз орыс, татар Сұраншының сенімді майдандас жолдастары болады. Жырдың революциядан бұрынғы вариантында бұл эпизод бар ма, жоқ па, бізге мәлімсіз. Бірақ Жамбылдың бергінде жырлап жаздырған нұсқасына бұл едәуір мағыналық сонылық қосқан. Сұраншыны Орман ханның қалың әскері қоршауынан да құтқарысатын осы Жагор бастаған қырық жігіт болып көрінеді. Халық кегін қуушы Сұраншыға әр елдің күштілерден зәбір көрген

қадімдарының ынтымақтас, серіктес болуы жырдың жалпы демократиялық бағытына жарасымды рең берген.

Дастанның ақыры дәстүрлі эпикалық аңыздаулардың сарынына үйлес. Орман ханның батырларымен шайқаста Сұраншы жауларын мұқата біледі, ауыр жарақаттанса да, өз еліне аман келеді. Бұл «жауды жеңіп, мұратына жететін» байырғы батырлардың тағдырына ұқсас шешім. Осы арада ақын – жыршы эпостың қадімнен келе жатқан қағидасына сәйкес әсірелеуге, қиялдан қосуға барған.

Жырдың басында да, соңында да ақын, айтушы «Сұраншы батырды» ертеде көп толғағанын, сол арқылы халық арманын таратып отырғанын ескертеді. Сөз арасында «ескі күйді сонау бір, шығарып естен барамын» деген жолдар бар. Бұған қарағанда жырың бұл нұсқасы ескі варианттың толық қайталамасы емес, жаңа заман биігінен саралай отырып, жаңадан шығарған түрі деуге негіз бар. Осылай болғанның өзі қазіргі қауым үшін үлкен олжамен тең.

«Сұраншы батыр» жырын зерттеушілер оның тарихы, шындық пен көркемдік қиялдаудың ара қатынасы хақында нақтылы талдаулар жасаған. Сол еңбектердің қатарынан фольклоршы М.Ғұмарованың ізденістері ерекше атап өтуге лайық. Мұнда әсіресе жырдағы Сұраншы батыр тұлғасы мен оның түптұлғасы арасындағы айырмашылық кеңірек сөз болған. Мәселен, зерттеуші Сұраншының жырда көрсетілгендей, кедей болмай, рубасы, би қатарында жүргенін архив деректеріне сүйеніп дәлелдейді. Сол секілді Сұраншының орыс әскері қатарында Қоқанға қарсы соғысқанын, көрсеткен ерлік, берілгендіктері үшін патшалық әкімдерінен наградалар алғанын, батырдың жырда хас дұшпаны болып көрсетілетін Орман ханның баласы Үмбетәлімен дос болғанын сипаттайтын мағлұматтар келтірілген («Қазақ тарихи жырларының мәселелері», – Алматы: «Ғылым», 1979. – 263 бет).

Мұндай салыстырмалар жырдың табиғатын тануға көмектеседі, эпостың тарихилық дәрежесі дегенге өз тарапынан бағалы анықтама береді. Эпикалық жыр өмірде

болған оқиғаның ізімен ғана жүреді, онда көркемдік қиялдаудың қызметі шамалы дейтін қисынды ұстанатындарға Жамбыл жырының тәжірибесі ой саларлық. Ақын жырында XIX ғасырдың орта тұсында болып өткен оқиғалардың қорытылып, жаңа сапаға көшіп суреттелгенін көреміз. Тарихтағы Сұраншыға эпостағы Сұраншының ұқсайтын да, мүлде алшақ кететін де жері бар екенін көреміз. Ең ғажабы сол «өзгертіліп» алынған жерлер жырдың неғұрлым қуатты да әсерлі тұстары болып саналады. Эпикалық жинақтау дегеннің заңдылығы осы. Демек ерте замандарда болып өткен оқиғалар сарынына негізделген жырлардың белгілі бір «түптұлғаның» нақтылы істерін ғана іздеу жанр ерекшелігін ескермеушілік болып табылады.

Ұлы ақынның «Өтеген батыр» жыры да эпостың жалпы теориялық мәселелерін қозғауға мүмкіндік беретін туынды. Тарихи адамдар туралы жырдың аңыз әңгімеден, шежіреден эпикалық шығарма дәрежесіне жету жолының кейбір заңдылықтарын сөз еткіміз келеді. Эпикалық қаһарман тұлғасын жасауда халық арманының әсері, жырдың түрлі замандар шындығын қат-қабат елестете алатын көп стадиялылығы турасында да тоқталып өтуіміз ләзім.

Жамбылдың өзге шығармалары секілді «Өтеген батыр» туралы да ғалымдарымыз кезінде пікір білдірген. Жырдың идеялық мазмұнын анықтау, тақырыбын тексеру жөнінде көбірек назар аударылған. Солардың ішінен спецификасына көңіл бөліп, жүйелі айтқан зерттеуші профессор Н.С.Смирнова екенін атап көрсетуіміз парыз. «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» деген коллективтік монографияға енген еңбегінде ол Өтеген жайындағы ауызша тарап келген әңгімелер мен жырларды екі топқа бөліп қараған. Архив тереңдерінде жатқан мол мағлұматты жарыққа шығарып, әлгіндей жүйеге салуының өзі игі қадам болған еді. «Өтеген туралы эпостық циклдағы шығармалардың екі түрі бар: олардың бірі өмірбаяндық болып келеді де, екіншілерінде қаһарман батырдың ерліктері ашық көрсетіліп, XVIII ғасырдағы басқа да эпостық кейіпкерлер секілді Өтеген

батырдың бойына жинақталады. Бұл шығармалар жанрлық құрамы жағынан әртүрлі аңыздар, батырлық жырлар» (*Аталған кітап, 151 бет*).

Батырдың есімі мен еңбегі Жетісу қазақтарының санасында мықты сақталғанын сыпаттайтын дерек көп. Мәселен, ел аузынан «Өтегеннің тууы», «Өтегеннің батырлығы», «Қоныс іздеуі», «Өтегеннің келешекті болжауы», «Жорықта», «Өтеген мен Сабалақ», «Абылайдың Өтеген өлгенде келуі», «Қарадан хан туады», «Өтегеннің Абылайға айтқан сөзі», «Өтегеннің хандарды жек көруі», «Өтегеннің нашарларға жәрдемі», «Өтегеннің түс жоруы» сияқты аңыз әңгімелер жазып алынған екен. Мұның бәрі Өтегеннің тарихи әрекеттерінің халықтың терең мүдделерімен сәйкес келгендігін көрсетеді. Ел жадында кішігірім эпизодтар емес, күллі қауымның тағдырына ошпестей әсер еткен істер ғана сақталғандығына көз жетеді.

Өтегенге қатысты аңыз-әңгімелерге біз тоқталмаймыз, Жамбыл жырының жанрлық кейбір өзгешеліктеріне ғана кідіреміз. «Өтеген батыр» жыры рулық, тайпалық көлемде айтылып, аңыз болып келген әңгімелердің елдік эпос дәрежесіне қалайша көтеріле алғандығының мысалы ретінде өте қызғылықты. Тағы бір атап өтерлік нәрсе сол – ақын» «Өтеген батырдың» екі нұсқасын айтқан. Осының өзі-ақ әуел бастағы түбірінен мүлде өзгеріп, басқа сапаға ауысқанын дәлелдейтін нәрсе. Аталған екі нұсқаны салыстыруды мақсат етпедік. Біз эпикалық жыр алғашқы негіздерден қалайша «алыстап» кететіндік мәселесіне ғана тоқталамыз. Жырда Өтегеннің ата-тегі бір-ақ рет аталып, оның барлық әрекеттері бүкіл қазақ елі мүддесіне жұмсалған болып көрінеді.

*Айтамын ертек, ал, тыңда,  
Өткен бір ескі арманнан.  
Бұғыдай мүйіз көтеріп,  
Үстіне ауыр жүк артып,  
Көзден жасы тамғаннан...  
Жетісу деген жері бар,*



*Қазақ деген елі бар,  
Отына күйіп жанғаннан!..  
Қамқоры елдің азасы,  
Өтеген сынды батырдай,  
Сөз бастаймын заңғардан.  
Өткен бір ескі күндерде,  
Жетісудың жерінде,  
Қазақтың бір руы,  
Қасқарау, Дулат елінде,  
Сырымбет деген адамнан,  
Туыпты бір ұл тамаша...*

Өтегеннің жау қысымынан шошынып, еліне жайлы қоныс іздеп, күншығыс пен күнбатысқа ұзақ, ауыр сапар шегуі, соңына ерген жұртын небір қауіп-қатерден аман-есен алып өтуі, қиын-қыстау шақтарда даналық та, ерлік те көрсетуі, талайдан ел көңілінде арман болып келген жерұйық Жиделі-Байсынға жетуі, ақырында өзге ешбір жер ұнамай, туған өлкесіне бет алуы оны жеке рудың емес, халықтың батыры, қамқоры дәрежесіне көтереді. Жамбыл ақын Өтегенге қатысты алуан әңгімелер ішінен халыққа мәңгілік құтты қоныс іздеуі туралы аңызды таңдап алуы кездейсоқ емес. Ақын Өтеген есімін халық үшін жанын пида ете білудің символы ретінде мадақ еткен.

*Талса да оймен Өтеген,  
Ойынан ешкім озбаған.  
Басқа жаннан өзгеше,  
Тереңнен сырды қозғаған.  
Елдің қамын көп ойлап,  
Болар істі болжаған...*

Ақын Өтеген аузынан нағыз халық перзентінің, қайсар өжет қайраткердің сөзін салады:

*Мен табамын, табамын,  
Бұлақ аққан жерлерді.*

*Көгі көктеп, гүл жарып,  
Құрақ атқан жерлерді.  
Төрт түлікке ыңғайлы,  
Толқын көлі, тоғайлы,  
Көгінен нәубет, жерден нұр,  
Құлап жатқан жерлерді.  
Жұт болғызбай, құт қонған,  
Қой үстіне боз торғай,  
Жұмыртқалап бақ қонған,  
Сүйікті қазақ халқына,  
Ұнап жатқан жерлерді.*

Эпоста нақты тарихи фактылардың өзі емес, сарыны ғана сақталатындығына «Өтеген батыр» дәйекті сыпаттама бере алады. ХҮІІІ ғасырда жалпы қазақ еліне, соның ішінде Жетісуға тиген ата жау жоңғарлар болғаны мәлім. Ал мына жырда негізгі жау жоңғарлар емес, патшалық болып көрінген. Шындығына келгенде бұдан үш ғасыр бұрынғы қазақ елін ауыр қасіретке ұшыратқан қанқұйлы күш жоңғарлар еді. Халқымыздың көрші хандықтар жеріне басып кетуі, бейбіт өмір сүретін жерлерді іздеуі дәл сондай шақтарда орын тепкендігі белгілі. Жырда эпикалық жаудың «орын ауысуының» себептерін түсінуге болады. Совет дәуірінің жыршысы Жамбыл патшалықтың тегеуріні жоңғарлардан анағұрлым мықты болғанын жақсы ұғынған. Сол үшін ол Өтегендерді туған жерден бездірген патшалық дүмпуі деп көрсеткен. Эпос өткен кезең ақиқатын сомдап, жинақтап, тұтасымен алатындығына бұл да бір мысал. Нақтылы дұшпанның аты ауысып түсуі тарихи шындыққа дәл келмегенімен, эпикалық санаға қайшы емес. Мәселен, қазақ жырларында эпикалық жау көбінесе қалмақтар болып келетіні белгілі. Бірақ бұған қарап халқымыздың сан мыңдаған жылдардағы жалғыз жауы солар болды деп ұғынбаймыз. Эпос заңдылығы жау атаулының ағын, не көгін білмейді, жалпы болмысын ғана алатыны эзелден аян...

Оның үстіне жыршыға патшалықтың отаршылдық

ДИТАЛЫҚТАНДЫРЫЛГАН

076276

саясаты қанықты болуы да күшті әсер еткен. Ол кей жерлерде Өтегенге кейінгі дәуір адамының ойына лайық сөздер айтқызады:

*Патшасы шапса батыстан,  
Айрыласың қоныстан.  
Жетісудай жеріңнен,  
Айрылып айдын-көліңнен,  
Бетпақ шөлге қамалып,  
Ел боларсың тоғысқан.  
Патша келіп бақты алар.  
Патша келсе жеріңе,  
Хан мен төре басқарар.  
Хан мен төре басқарса,  
Жоныңнан тіліп таспа алар.  
Айдарлықды құл қылып,  
Тұлымыңды тұл қылып...*

Жырдағы жақсы жер, жайлы қоныс іздеу сарыны ерекше көңіл аударарлық мәселе. Қазақтың ескі аңыздарында елге осындай түпкілікті мекен іздеуші Асан қайғы болып сыпатталатын. Зерттеушілер «Асан айтыпты-мыс» дейтін әңгімелердің біразы халық қиялынан жаралып, аты белгілі Асанға телініп келгенін, мұндай болуының өзі ауыз әдебиетінің заңдылығы екендігін дәлелдеген еді. Басқа елдердің аңыз жырларында да халық арман еткен Жерұйық жерлер болуы мұның көп халықтарға ортақ сарын екендігін көрсетеді. Қысымшылықтан, жоқшылықтан, қиянаттан көз ашпаған еңбекші бұқара билеушілерге қарсы күрес жолын білмеген замандарда халық қиялы осындай ғажайып жерлерді ойлап тапқаны мәлім. Міне, осы көне сарын «Өтеген батыр» жырынан да келіп шыққан. Қаншама ертегілік, қиялдық, нанымсыз табиғатына қарамастан Жерұйық іздеу аңсары ел санасына мәңгілік сіңген, сондай ғажайыптың болатындығына халық көңілі имандай сенген. Өтеген батыр өмір кешкен алмағайып, аламан тасыр жаугершілік заманда халықтың дамылсыз шабуыл-соғыстан зэразап болғандығы

соншалық – «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» Жиделі-Байсын сынды жерлердің болатынына шынымен нанған. Қазақ ақындарының көптеген жыр, өлеңдерінде осындай ұғымның орын алып келгеніне мысал аз емес.

«Өтеген батырда» осы көне сарынның қайта жаңғыруына басқада себептер барға ұқсайды. Өзінің көптеген өлеңдерінде советтік дәуірді адам баласы тарихындағы ең бақытты шақ деп жырлаған ақын мына дастанның да түпкі идеясын осы заманмен ұштастыруды үлкен поэтикалық сонылық ретінде алып қараған секілді. Жырдың екі нұсқасының да қорытындысында Жамбыл бір кезде Өтеген секілді аяулы ұлдар шарқ ұрып іздеген арман енді орындалды деп серпінмен баян етеді.

*Уа, Өтеген, Өтеген,  
Бұғыдай мүйіз көтерген.  
Қайдасың ерім, кел бері!  
Жаңа хабар әкелдім,  
Жетісудың Жамбылы,  
Ескінің көзі – зергері.  
Орныңнан тұрып бүгін сен,  
Көрер ме едің елдерін,  
Жетісу атты жерлерін,  
Жапалақ ұшпас жапан түз,  
Қарсақ жортпас қара адыр  
Құладың ұшпас шөлдердің,  
Қасқайған қақпас қаратас,  
Селеу басқан сұр жонас,  
Қамыс басқан көлдерің.  
Бүгін өзің қарашы  
Бөленіп нұрға гүлденген,  
Орал, Тянь-Шань арасы,  
Қазақстан даласы...*

Бұл айтылғаннан эпикалық жырға тән тағы да бір жалпы заңдылықты танимыз. Қай кезде де жыршы әйтеуір болып

өткеннің барлығын талғаусыз тізе бермеген. Уақыттың талабы, тыңдаушының аңсары айтушының әрдайым есте тұтатын факторлары болатын. Ақын, жыршы «ескірді, қызықсыз» деп санаған нәрсенің бәрін «аттап өтіп», тыңдаушыға ең іріктелген, мезгілдің ең зәру деген сауалына жауап іздеген. Қалай болған күнде де Жамбылдың Өтеген батыр атына байланысты көне аңыздардың көбіне соқпай, тек қана бір тарауын талғап алып, құлпыртып жаңадан айтып шығуы эпикалық дәстүрдің ежелден келе жатқан қалыбына орай. Қазақ халқының асқан сұлу жырлары ғасырлар бойында дәл осы секілді жолмен табиғи екшеліп, ең өміршеңдері іріктеліп, мінсіз шебер сөз кестелері мен бейнелері атадан балаға мирас болған.

Эпикалық жырларда бір дәуірдің ғана емес, түрлі кезеңдердің ақиқаты елес беретіні өзіне тән, табиғи ерекшелігі болып табылады. Жалпы ауыз әдебиеті ескерткіштерінің қай-қайсысында болса да осындай көпқабаттылық, талай замандардың сырын, түсінігін қамтушылық кездесетіні кәміл. Мәселен, батырлық жырларда ертегілік, мифтік сарындар ұшырап отыруы немесе ғашықтық хикаяларды қиял-ғажайып оқиғалары аралас келуі жиі байқалатын құбылыс. Мұның бәрі фольклор шығармаларының өте көне дәуірлерден келе жатқандығын аңғартады. Тіпті оқиғалық ауданы, қаһармандар құрамы бертінгі белгілі дәуірге тән болып есептелетін туындыларда да аракідік алуан түрлі ескі ұғымдар, нанымдар қосылып отырады. Біз бүгінгі күні мағынасын түсінбейтін немесе шала ажырататын көптеген жайлар бір кездердегі халықтың білім деңгейіне сәйкес туған шындықтар. Халық санасында сақталып келген сондай алуан ақиқатты бойында ұстай білгендігі фольклордың, соның ішінде эпикалық жырлардың көп стадиялылығы болып табылады. Ерте кездерде адамдар дүниедегі әрбірі жан-жануардың иесі бар деп сенгендігі немесе элемдегі барлық құбылыстың жаны бар деп есептеушілігі – тотемизм, анимизм ұғымдары фольклор жаратындыларының көп нұсқаларынан табыла береді.

«Өтеген батыр» жырында да ертегілік белгілер молынан орын алғанын көреміз. Жыр ХҮІІІ ғасырда жасаған нақтылы адам төңірегіне құрыла тұрса да, мұнда ол дәуірге тән оқиғалардың желісі алынбай, жалпы рухы ғана екшелген. Жырда негізгі мәселе халыққа сырт жаулардың қысым көрсетушілігі, осыдан барып Өтегендердің өздеріне жаңа қоныс іздеуге мәжбүр болғандығы секілді жетекші идея ғана талғанып алынған. Ал бұдан кейінгі айтылатын жайлар түгелдей дерлік көркемдік жинақтау, әсірелеу заңдылықтарына бағындырылған. Өтеген көшінің неше түрлі айдаһарларға, әбжыландарға, жезтырнақтарға кездесуі, талай-талай жат, қаскөй күштерден аман өтуі ертегілік элемент болып табылады. Бір ғажабы әлгі айтылған жыртықш жануарлардың кейбіреулері «тіл түсінетін», жақсылықты «бағалай білетін» болып сыпатталады. Мақсат бүкіл халықтың арманын арқалаған биік мұратты қаһарман тұлғасын жасау болғандықтан, жыршы оны барлық кедергілерден аман өткізеді, қиын жолдан құтылдырады, дегеніне жеткізеді. Эпикалық әсірелеу заңдылығына сыйымды қиялдағы қаһарман осылай суреттелген.

Ел қамын жеген батырды ерекше туған жан етіп көрсету эпикалық жыр дәстүрі. «Өтеген батырда» да осы дәстүрдің сілемі аңғарылады. Қаһарманның жедел жетілуі, жарыс, бәйгелерде озып шығуы мұнда да ескертілген:

*Ақылды болды өтімді,  
Аты Өтеген ол бала.  
Күн санап өсті қарыштай,  
Киіктей сезгіш Қырымнан,  
Жылдамдығы барыстай.  
Арыстандай айбатты,  
Өскен сайын ұлғаяр,  
Ақыл-ой, күші қалыспай.  
Жарыс, күрес, бәйгеде,  
Халық бәйгені беретін,  
Санаспай-ақ салыспай.*

*Шешен болды сөз бермес,  
Таудан аққан бұлақтай...*

Бұл көрсетілгендер батырлық эпосқа тән, ертеден қанықты өрнектер еді. Қаһарманды дәріптей келе ақын, жыршы дастанның екі нұсқасында да Өтегенді «мүйізі бар» деп сыпаттайды.

*Түсі сыймас сенімге,  
Мүйізі бар басында.  
Айқасқан айдар кекілді,  
Сымбаты сұлу бір бала...*

Асқан батыр, алып жандарды «мүйізі бар» деп мінездеу де көнеден келе жатқан дәстүр. Атағы әлемге тараған жаулаушы, патша Ескендір Зұлқарнайынды «қос мүйізді» деп көтермелеп, аңыз етіп айту бұрыннан бар нәрсе. Халық қиялы өзінің сүйікті ұлы Өтегенге де осындай қасиетті жиып берсе, оған таң қалуға болмайды.

«Өтеген батырдың» екі нұсқасының жалпы құрлыстық, оқиғалық негізі бар болғанымен, сөздік кестесінде де, мазмұндық жағында да аздаған айырым ұшырамайды емес. Соның бірі – Өтегенге құла түзде кездесіп, кеңес беретін бірде ғайыперен, екіншіде ақсақалды қария болып көрсетілуі. Жолды бөгеп жатқан айдаһардың Өтегеннің асыл мақсатын «түсініп», ығысуы, зәбірлеп, мекенін тартып алмақ болған жас айдаһарды өлтіргені үшін кәрі айдаһардың ризалық белгісіне алтын «беруі» секілділер таза ертегілік ұғымдар бола тұрса да, «Өтеген батыр» идеясына ұтымды қызмет атқарады. Әбжыландар, жезтырнақтар оқиғасын келтіру де жырдың белгілі бір нысанасына – Өтеген жүріп өткен жолдың тосындығын әрі қауіптілігін үстемелей көрсетуге септеседі. Ел үшін белін буып шыққан ердің соңғы барып жеткен жері айтулы, аңызға айналған Жиделі-Байсынның өзі болады. Талай қауымға арман болып естілген, қазақ халқы тарыққан шақтарда қиялмен шарқ ұрып іздеген атақты Жиделі-Байсын жырда жер ұйығы секілді суреттеледі.

*Қырық бес күн жүріп талғанда,  
Аржағында бір байтақ,  
Кең даланы көз шалды  
Жиделі деген жер екен,  
Өте ыңғайлы мекені  
Мұны көріп жолшының  
Бар арманы кетеді.  
Жиделіні айтқанда  
Ағашы қалың ну екен.  
Орап алған жан-жағын,  
Тараған өзен су екен  
Жиде-ністе секілді,  
Жемістердің туы екен  
Дәмін татып көрсеңіз  
Алуан шекер бал екен.  
Неше түрлі көрмеген,  
Айуанат, құстар бар екен.  
Лек-лек боп киіктер  
Отан қылған жер екен.  
Лақтай болып қояны,  
Төл боп өскен жер екен.  
Берекесі тасқындап,  
Көл боп өскен жер екен.  
Жылқыдай боп құланы,  
Екі есе үлкен бұланы  
Домбай деген тағы аң бар...*

Жырдағыкөңілбөлерлікқызықтышешім—Өтегендердің «жылқы өсіруге қолайсыз» екен деп «жерұйықтың» өзін жақтырмай, туған жеріне қайта бұрылуы. Мұнда күрделі ой жатыр. Ақынның бұл қорытындысы, түптеп келгенде, нағыз шындықтың өзі. Өйткені туған жерде табылмаған жақсылық өзге өлкеден нәсіп болмақ емес. Халықтық ұғым да, ақындық ұғым да осы қарапайым даналыққа кеп тірелгендей...

Жамбыл мұрасын зерттеушілердің бірі фольклоршы



С. Садырбаев ұлы ақын ертеде көп жырларды айтып келгенін ескертеді. Біз сөз еткен екі дастаннан тыс Жамбыл «Көрұғлы», «Манас», «Мұндық-Зарлық», «Шаһнама», «Ерназар-Бекет», «Қыз Жібек» секілді жырларды білген. Ұлы ақынның 1982 жылы шыққан екі томдық жинағына «Көрұғлы», «Бақ, дәулет, ақыл» тәрізді дастандардың басылуы да осыны сыпаттайды. Ақынның дастандық шығармаларын кең көлемде зерттей түсу қажеттігіне бұл айтылғандар дәлел.

Біз Жамбыл ақынның совет дәуірінде қайта жырлаған көлемді екі шығармасы халықтың эпикалық дәстүрінің заңдылықтары мен шарттылықтарын, даму жолдарын, стадиялық қатарын анықтауға, эпостағы дәстүрлілік пен жаңашылдық табиғатын тануға жарқын мысал деп қарадық. Ұлы ақынның өзге дастандары да зерттеушілердің ілтипатына лайық қымбат өнер мүлкі деп санаймыз. Эпикалық дәстүр, жыршылық белгілі дәрежеде жалғасып, дамып келе жатқан қазіргі кезеңде бұл мәселелерге оралу көркемдік жетілудің де күн тәртібіндегі проблемасы болып көрінеді.

*Рахманқұл Бердібаев,  
академик*

## ӨТЕГЕН БАТЫР

(Хикая )

Ақ көбікке оранып,  
Толқыны тоқсан бұралып,  
Арықтай аққан арналы,  
Жамбыл бір жыр жырласын.  
Жұрт хикая тындасын,  
Өтеген батыр туралы.  
Хикая емес бұл өзі,  
Өз жанымнан шығарған,  
Есімде жоқ осы жыр –  
Қайдан, қалай алынған.  
Мұны, ызыңдап даладан, –  
Жырлаған, ескен жел маған.  
Бұл жырды мен естігем –  
Тағы құлжа үнінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Бұлбұлдың тәтті күйінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Ер Өтеген туралы,  
Саңқылдап шыңның қыраны,  
Аңыз еткен күнінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Тулаған толқын дөңінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Шөбінен, дала гүлінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Жұлдыздың аққан көгінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Өрінен ескен желінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Сай-саланың шегінен.  
Бұл жырды мен естігем –  
Безіп жүріп ауылдан.

Бұл жырды мен естігем –  
Жыршыдан, ақын, қауымнан.  
Жылды айналып, жыл озып,  
Өтеген өліп, қол үзіп,  
Сапар шекті келместей.  
Алайдағы тарихтың,  
Ауызында халықтың, –  
Аңыз қалды өлместей.

Сол туралы, мінекей,  
Домбыраны сөйлетем.  
Өтегенді мадақтап,  
Жырға қосып тербетем.  
Халық айтқанын қостаймын,  
Артық сөзді қоспаймын,  
Жырымды желше гулетем.  
«Халық айтса, қалпы айтпайд»,  
Мен де сонан асырман.  
Шынайы берген тұлға еді,  
Келе жатқан ғасырдан.  
Жаздың жылы түні еді,  
Өтегеннің тууы,  
Жетісу еді мәулеті<sup>1</sup>,  
Сырымбет еді әулеті,  
Дулат еді руы.  
Түннің желі бесік боп,  
Тербеткен бөбек уызды,  
Қасара біткен маңдайдан,  
Жан еді қос мүйізді.  
Бала жастан әлпештеп,  
Баққан оны гіл кісі ед.  
Қасара біткен қос мүйіз,  
Батырлықтың белгісі ед.  
Жеңілмес жалын боп өскен,  
Ақылға, күшке, болжауға,  
Тартқан сымдай тал бойы,

---

<sup>1</sup> Мәулет (арабша) – мәулид – туған жері, Отан туған уақыты.

Ұқсаған тағы құлжаға.  
Өсті батыр тұлғалы,  
Жолбарыстай қарулы,  
Қырандайын қырағы,  
Арыстандай айбарлы.  
Жүз кісінің ішінде,  
Ол бір жүрген дүлегей,  
Бір өзі батпан бірегей.  
Аң аулауда, бәйгіде,  
Атағы шыққан әйгіге.  
Жан еді бір думанда  
Жабықпаған жалғанда.  
Мейрімді ана иетін,  
Бөбегін сүйіп, өрімін.  
Сондай-ақ о да сүйетін,  
Көшпелі қазақ өмірін.  
Жетісу қазақ қонысы ед,  
Мамығы майда оралған,  
Күндер болған бір кезде  
Сол жер қанға боялған.  
Бір кездерде алакөз –  
Болған сол жер аймағы.  
Ұрыс, қағыс болған кез,  
Қырғыз, қазақ, қалмағы.  
Найза ұшталып тұлпарлар,  
Жортып, жебе жарқылдар.  
Күндер болған өлікке,  
Қара қарға қарқылдар.  
Он сегізінші ғасырда,  
Далада, қырдың басында,  
Ақ жағалы, жез топшы,  
Патша жорық ашуда.  
Дүре соғып дүрілдеп,  
Бүлдірген елді біріндеп,  
Атуға да, асуға.  
Көшпелі елді қырғандай,  
Бұзып, қырып, өртеді.

Ол күн қара борандай  
Болып кетті ертегі.  
Еміренген дала күңіреніп,  
Жайлауларда, тауларда –  
Жетісу бойы тебіреніп,  
Қуырылған патша, хандарға.  
Өтеген сонда ойқастай,  
Талабынан таймастай,  
Ызаланып, өршігіп,  
Тұлыбы тола тершігіп,  
Бұл өрт оған болмады,  
Халықпен бірге жанбастай.  
Күшінен бірақ танбады,  
Суарылған алмастай.  
Жұрт білмегенді ол білді,  
Боларын сезді әлемет.  
Патша тігіп ордасын,  
Халықтың бұзып қордасын,  
Қан төгерін керемет,  
Жұрттан бұрын ол сезді.  
Қайғыға халық түсерін,  
Патша алдында бас иіп,  
Хандардың ант ішерін.  
Өтеген сезді хандардың,  
Арам, пасық ниеттерін,  
Халықты сатып, патшаның,  
Киерін шенін, шекпенін.  
Ер Өтеген олардан  
Қорықпады – шынықты.  
Ұзақ сапар шегуге,  
Дайындады жорықты.  
Жинап болып нөкерін,  
Жарқылдады ол қырандай.  
Батыр барлық халықпен  
Ақылдасты, ұрандай:  
«Арыным-батыр арыны,  
Дабылым-халық дабылы»,

Ақ жағалы патшаның,  
Жақындап тұр жорығы.  
Жетісуға жөндеттің,  
Түскелі тұр құрығы.

Жетсе жендет нөкері,  
Халықтың сөзсіз құруы.  
Айдан анық қан қылып,  
Ұл, қызды тұтқын қылуы.  
Малды айдап, жерді алып,  
Таялды қуып шығуы.  
Олар келіп халықты,  
Көк өспейтін жерге айдайд,  
Көрместей ғып жарықты,  
Күн түспейтін жерге айдайд,  
Күнге қақтап, көктемде,  
Су түспейтін жерге айдайд,  
Аспанда ыстық күн шыжып,  
Жел еспейтін жерге айдайд,  
Сағым ойнап, құм қайнап,  
Үйлеспейтін жерге айдайд,  
Сондай жерге шыжыған  
Кім барғысы келеді.  
Барған адам ол жерге,  
Жапан түзде өледі.  
Жерді, суды патша алад –  
Жүрегім соны біледі.  
Ауылды апат күтіп тұр,  
Нар тәуекел жетіп тұр.  
Алға қарап аңқылық –  
Күтудің не керегі?  
Кім белсенед, кәнекей,  
Күшін жинап жорықта?  
Үйірінен айдатып,  
Тұлпар атын байлатып,  
Қайсың әзір шығуға,  
Өтегенмен жорыққа?

Өтегеннің талабы,  
Майданнан күтпейд бағаны.  
Келген кезде кезегі,  
Дүние жүзін кезеді.  
Қара қазан, сар бала,  
Қамы үшін қамдана  
Қонысқа жер іздейді:  
«Мен табамын – табамын,  
Бұлақ аққан жерлерді,  
Көгі көктеп, гүл жарып  
Құрақ атқан жерлерді.  
Төрт түлікке ыңғайлы,  
Толқын көлі, тоғайлы,  
Көгінен нәубет, жерден нұр,  
Құлап жатқан жерлерді.  
Жұт болғызбай, құт қонған,  
Қой үстіне боз торғай,  
Жұмыртқалап, бақ қонған,  
Сүйікті қазақ халқына,  
Ұнап жатқан жерлерді».

Өтеген қарап жатпады,  
Пайдасыз сөз айтпады.  
Ұрандап елді шақырды,  
Батыр кірпік-қақпады.  
Елу жігіт бел байлап,  
Мақұлдасып, ыңғайлап,  
Ақылға айтқан тоқтады.  
Ұрыс, керіс тоқталып,  
Насырға – айғай шаппады.  
Қай үйден кім шығады,  
Санап жұртты саптады.  
Өтеген бастап бұл ісін,  
Жорыққа оны-мұнысын,  
Екі жылға жеткендей –  
Етіп бал, шай, күрішін,  
Бөліп үйір жылқысын,

Жібек жал тұлпар бұлдысын,  
Қыздың сұлу, құндысын,  
Жігіттің балуан, ірісін,  
Таңдап ап жер төлежіп<sup>2</sup>  
Өткір көзбен жер сүзіп,  
Тұлпарының тұяғы  
Саз балшықтай тасты езіп,  
Жөнелді батыр жорыққа,  
Нөкерімен түзеп жүрісін!  
Жортқан жолдың шаңдағы,  
Ақ бұлттайын алысқа,  
Бұрқырап атып жол тартты,  
Қытай жақ, күн шығысқа.  
Жүрді олар жорықта  
Жол тартқандай Мекеге.  
Таудан, құздан, өзеннен,  
Кездесті талай өтуге.  
Жүре-жүре өздері,  
Алтын күннің аясы,  
Көрінді түскен қарасы,

Жақындады Пекинге.  
Ол жердің миуа, жемісі  
Күнге күйіп қабысқан.  
Даласында жүр кісі –  
Бүгіліп жерге жабысқан.  
Ұлтарактай өлкесі,  
Адамы көп, жері тар,  
Өтегеннің көзіне,  
Көрінді ол жер – қыспақ, жар.  
Өліп-өшіп ондағы ел  
Күріш еккен алқына.  
Қытайда қоныс болмады,  
Қоныстар қазақ халқына.  
Жігіттер шаңға шалдығып,  
Азап тартты, түн қатты,

---

<sup>2</sup> Төлежіп – ажарлану, көркею мағынасында.



Ол жерден қоныс таба алмай,  
Ізінше кері жол тартты.  
Сайлы, құзды тауларды,  
Жұлдызды түнді таптады.  
Өтегеннің нөкері,  
Сонда да қажып қайтпады.  
Ереуіл ерлер ерісіп,  
Жетгі жортып Еділге.  
Өргеніп күн батқан кез,  
Қан толқынды Еділде.  
Көңілсіз Еділ бойлары,  
Ерлерді хұп алмады,  
Тұнжыраңқы аймағы,  
Жабырқанқы жан-жағы.  
Ол кез Ресей патшасы,  
Еділге бұғау салғаны,  
Сезілді езіп зарлатқан,  
Салғаны елге найзаны.  
Осыдан бастап патшаның,  
Тігілді орда, іргесі.  
Көшпелі қазақ еліне,  
Ол орда болды түрмесі.  
Арандайын ашылды,  
Қорқау патша құлқыны.  
Қызды күң ғып зарлатып,  
Айдап алды жылқыны.  
Онан да әрі алғалап,  
Өтеген батыр айқайлап,  
Түсті сыпыра жортуға,  
Дабыл ұрып жарқылдап.  
Тағы тау, құз жол тосып,  
Алдында жел аңқылдап,  
Үйсіз-күйсіз Өтеген  
Жиһан кезіп ертеден,  
Кешке дейін салпылдап.  
Суыққа тоңып қысты күн,  
Ыстыққа күйіп жазды күн,

Қобызындай Қорқыттың  
Безілдейді қалтылдап.  
Таң атып, күн батқанша,  
Жұлдыз сөніп жатқанша,  
Жел аударған қаңбақтай,  
Жортуылда жортақтай  
Аттың басын тартпады.  
Су суалып, шөп қуарып,  
Күн жер көнін қақтады.  
Сол жердің барып шөліне,  
Өтеген қазақ еліне,  
Қоныстар жерді таппады.  
Аттың басын доғарып  
Тойғызып, жемдеп суарып  
Өтеген енді бет қойды,  
Ақтөбеге қайтқалы.  
Қылыштары жарқылдап,  
Ер-тұрманы жалтылдап,  
Жорытқанда жер тарпып,  
Ойнақтады аттары.  
Басып өтті белінен,  
Талай асқар құздардың,  
Естілді үн көлінен,  
Қанаты талған қаздардың,  
Жер танабын қуырып,  
Сарбаздары серілді.  
Бір уақытта жарқырап,  
Ақтөбе де көрінді.  
Көзбен шалып сол кезде,  
Қара жолдан қиырды,  
Шалқыған өзен бойына,  
Үй тігуге бұйырды.  
Өзен ағып күрілдеп,  
Сай-саланы, даланы –  
Алып жатты гуілдеп.  
Соқты салқын самалы,  
Сапырулы сар қымыз,

Мұрын жарып барады.  
Жігіттердің отырған,  
Ашылды сонда-ай қабағы.  
Тіл қатпады Өтеген,  
Ұштасып ойдың сабағы.  
Құстай ұшып ұшқыр ой,  
Көздің де шырымын алмады.  
«Әйелімді алыста,  
Өксітіп үйде қалдырдым.  
Жапан түзде жол шегіп,  
Қорқыттай-ақ қаңғырдым.  
Күн күркіреп аспанда,  
Нажағай ойнап жатса да,  
Жанарымды жандырдым.  
Мен халқымды сүйемін,  
Оған қоныс табармын,  
Шалқып жатқан шалғынның,  
Шұрайлы жерін алармын», –  
Өтеген отыр тұнжырап.  
Деген ойда маужырап,  
Түн көрпесін тұйықтап,  
Үнсіз дала, көк шатыр,  
Астында аспан жұрт жатыр,  
Жігіттер қалды ұйықтап.  
Көктегі нәзік алтын ай,  
Құлындай сұлу айқын ай,  
Жұлдызды көгін жайлауын,  
Жайлаған жанып жарқырай.  
Тынышы кете жыбырлап,  
Сөйлескендей сыбырлап,  
Жұлдыз бен жұлдыз қалтырай,  
Бір уақытта сырылдап,  
Шөптің басы шуылдап,  
Ескендей жел ышқынып,  
Жұрт та шошып оянды,  
Аттардағы пысқырып,  
Жұрт үрпиіп тұрысты,

Бір-біріне ығысты,  
Мұрын жарған күлімсі,  
Сезді бір жат иісті.  
Иіс мұрын жарғандай,  
Қоңырсып киіз жанғандай,  
Жігіттер көзден жас алды,  
Шын бір сұмдық болғандай.  
Кейбіреуі – ойбайлай,  
Айдалада қалғандай.  
Жүректері қысылды,  
Тарылып дем алғандай.  
Жігіттер тұрып дүрлігіп,  
Бір-біріне тығылып,  
Біреуі сонда сөйледі:  
«Біздер болдық сор маңдай,  
Осы түн естен таңғандай,  
Секілденіп сезілді,  
Құрығын ажал салғандай».  
Құралайды көзге атқан,  
Өтеген мерген толғанбай.  
Қорқуды еш ойланбай.  
Тұрды жалғыз сескенбей,  
Тұлыптан шыққан тұлғасы,  
Майданда қанат жайғандай.  
Ол сабырлы дауыспен,  
Жігіттерге тіл қатты,  
Иісті сезіп тұрғандай:  
«Бұл күлімсі зәрлі иіс,  
Айдаһардың иісі.  
Болар жылан ордасы,  
Қорқыныш емес мұнысы.  
Тойып ұйықтап айдаһар,  
Жатқан шығар, саспаңыз,  
Не болса да күтелік,  
Жігіттер, қорқып қашпаңыз!  
Зәрлі аш жылан болса егер,  
Айбат шашып шабар ед.

Нар тарпыған шыбындай,  
Бізді жалмай жарар ед.  
Бізге айбат шашпаса,  
Осы жерде болалық,  
Ашық аспан астында,  
Тынығып дем алалық».  
Күншығыс жақ өртке ұсап,  
Күн шығарда қызарды.  
«Көріп тұрмын – қозғалды,  
Айдаһарды у-зәрлі».  
Жігіттер де қалшылдап,  
Қалмайды үрей-үрейден.  
Күн де шығып, таң атты,  
Қорқыныш, бірақ, тым қатты,  
Түнеріңкі түніңнен,  
Біріне-бірі тығылып,  
Жұрт қысылып жаншылды.  
Осқырып, зәрді сезгендей,  
Ат құлағын шаншады.  
Қара терге шомылып,  
Қара жерге қан сиді.  
Өтеген батыр бұқпастан,  
Қорқып-сасып жатпастан,  
Атына мінді аршындап,  
Шімірігіп қас қақпастан.  
Бітімге келер кісідей,  
Өтеген батыр сассын ба,  
Айдаһарға тұп-тура  
Қарсы жүрді бет бұра.  
Баратқандай секілді,  
Тақсыр қарсы тақсырға.  
Ысқырғанда айдаһар,  
Тізе бүкті жас тұлпар.  
Өтеген барып айқасты,  
Өртеген желдей дем алып.  
Айдаһар мың бұралып,  
Ауыздан жалын, от шашты.

Қозғалған таудай қалтырап,  
Найзағайдай жарқырап,  
Толқындайын тауланып,  
Қомданды жылан қос басты.  
Шұбарлана шабынып,  
Күн көзіне шағылып,  
Жылтырап әйнек қос көзі,  
Шатынады жарылып.  
Шатыната жар тасты,  
Өтеген сонда баптана,  
Қаруланып қаттана,  
Тұлыптан түгі шықты да,  
Тұлпарының қос көзін  
Бір қолымен жапты да,  
Шамырқанып, шамданып,  
Соғысуға қамданып,  
Қос тізгінін жай тартты.  
Айдаһарға шүйіліп –  
Сөйттідағы тіл қатты:  
– «Әй, керемет мақұлық,  
Жатып ап зәр шақырып,  
Отты аузыңды ашасың,  
Айбатыңды шашасың,  
Бүйтіп неге тасасың?  
Шаша берсең зәріңді,  
Жылқымыз безіп қашатын?!  
Қимылдасаң қылт етіп,  
Қалтырап дала босатын,  
Жолды байлап өткізбей,  
Жігіттерді кеткізбей,  
Тоғыз жолдың торабын,  
Неге бүйтіп, тосасың?  
Мен бір батыр Өтеген,  
Жетісуда жұртым бар,  
Шалқардай шалқып қайнаған,  
Қуатты менің халқым бар.  
Ұзақ жолға жорытқан,

Сапар шеккен қалпым бар.  
Мені ыстық күн жандырған,  
Мұздақ жанбыр тоңдырған,  
Шөліркетіп шөл дала,  
Еліркеткен ен дала.  
Жол қатам деп қақтығып,  
Ауызым дәм татпаған.  
Бір жыл емес көп болды,  
Мен шыққалы елімнен.  
Қиялай жортып асқанмын,  
Талай таулы жеріңнен!  
Көзімше менің күнің жоқ,  
Қызара барып шықпаған,  
Көзімше менің күнің жоқ  
Өртеге барып батпаған.  
Қыспағы жоқ, көңілді,  
Жайдары, жайлы өмірді,  
Іздегелі көп болды.  
Қондыру үшін ен жарып,  
Бақыт келіп, бақ дарып,  
Тұратұғын ондалып,  
Халқымды, қазақ елімді.  
Қарасам сондай іреңің,  
Сенің де мендей жүрегің,  
Іздегендей тыныш жер.  
Жүрер шағым жетіп тұр,  
Ойымда өмір бекіп тұр.  
Халқым асу күтіп тұр,  
Бөгеме, өткіз, жолды бер!...»

Ирелендеп айдаһар,  
Құбылған түгін ондады.  
Көзін ашып, құлағын,  
Тіге сөзді тыңдады.  
Өтегеннің жалынды,  
Батырлық сөзін орынды  
Тыңдады да, қолдады.

Денесін ішке жиырып,  
Дегендей «мақұл» иіліп,  
Өтегенге жол беріп,  
Сапарын қолдап, жолдады.  
Күн сәулесі құлпырды,  
Жігіттер жолға ұмтылды,  
Жортуылға түскен соң,  
Қорқыныш, түнек ұмытылды.  
Жүрмесе де ақырын,  
Шыққасын алты-ақ шақырым.  
Тоқтады тағы топтанып,  
Айдаһар шықты оқталып.  
Өтеген енді мұнысын,  
Көрейін деп ұрысын,  
Қарсы жүрді тағы да  
Қарсы жауып қабағын,  
Суырып қыннан қылышын.  
Айдаһар жатып ышқынды,  
Тұндыра құлақ ысқырды,  
Құйрығымен жерді ұрып,  
Жер сілкінте күш қылды.  
Айдаһар енді шамданып,  
Көбік шашып шорланып,  
Тауға қарай талпынды,  
Ишарамен білдіріп,  
Өтегенді шақырды.  
Жүз құбылып толғанып,  
Мұнарланған тауына,  
Шұбар жылан жауына,  
Шымыртқатып шабына,  
Өтеген де жөнелді,  
Айқаспақ боп қомдана.  
Олардың сол кез алдынан,  
Өрмелеген тауынан,  
Екі тасқын күркілдей,  
Өрден тасып бүлкілдей,  
Толқыны тулап, тасқа ұрып,



Ақ көбігі күркілдей,  
Тауды орай аққаны,  
Көктегі қосақ кемпірдей  
Ақты таудың жарынан,  
Таудағы сайдың төрінен,  
У шашқандай зәрінен,  
Тұра қалды ысылдап,  
Айдаһар таудың баурынан.  
Жақындап барып Өтеген,  
Қарап таудың қуысын,  
Айдаһарға беттеді.  
«Шық, тезірек шық!» деді,  
Жарқылдатып қылышын.  
Жер астынан ышқынып,  
Айдаһар қатты ысқырып,  
Шық дегендей майданға,  
Тұрғандай-ақ жалмауға,  
Шығарды даусын күштірек.  
Өтеген тұрды долданып,  
Салқын қанмен шамданып –  
Айдаһар шықты бір кезде  
Үсті қанға боялып.  
Екеуі қарсы кездесті,  
Шамданысып, шендесті,  
Дауысымен ақырған,  
Айдаһар қорқып батырдан,  
Бұққан шақта, тіл қатып,  
Өтеген былай тілдесті:  
— «Ей, абжылан, тауып су,  
Денеңдегі қанды жу.  
Сүйт те ініңе қайта кір,  
Қарсыласқан жауды қу.  
Майдандассаң мен әзір,  
Соғыссаң қазір белді бу!»  
Айдаһар кірді ініне,  
Қара жердің түбіне.  
Тау жырадан ащы айқай,

Шықты, бақсаң үніне.  
Сол кезде іннен қан зулап,  
Өзендей ақты төгіле.  
Іннен қан мен су шықты,  
Бумен бірге шу шықты.  
Бірін-бірі шағысып,  
Біріне-бірі тұншықты.  
Іліп зәрлі тырнаққа,  
Бірін-бірі улап та,  
Жанталасып алысты.  
Жас жылан болмай қарысты,  
Айбат шегіп шабысты,  
Жасының ойы сондағы:  
Кәрісін қуып у шашқан,  
Інін тартып алмаққа.  
Кәрісі шақ дәрменде,  
Нәр қалмады әлден де.  
Өтегенге ол қарады,  
Кел дегендей жәрдемге...  
Көздеп тұрып Өтеген,  
Көзіменен жетеген,  
Жас жыланға оқ атты,  
Атқан оғын жасының,  
Маңдайынан қадатты.  
Оғы мұрттай ұшырып,  
Жас жыланды құлатты.  
Мергендігі батырдың,  
Жігіттерді таңғалтты.  
Қарт айдаһар қуанып,  
Тасқын суға жуынып,  
Үстегі қанын тазартып,  
Түлете түгін жайнатты.  
Қонақтарын күтуге,  
Құрмет етпей қалмапты.  
Бәрін жинап, жар тасқа,  
Сый көрсетіп сырласқа,  
Өтегенге, бишара –

Көрсетіп сыйлық ишара,  
Асқан батыр екен деп,  
Күшіне оның таң ғапты.  
Онан да асып Өтеген,  
Таудан, тастан, төбеден,  
Іркілмей жортып отырып,  
Жетгі қалың орманға.  
Деген кезде күн батты,  
Есін жиып абжылан,  
Ізінше тауға қайтадан,  
Жылмаң қағып жорғалап,  
Жігіттерге қарауға  
Қорқып, бұғып, қорғалап,  
Мекеніне жол тартты.  
Орманда, жерде күз күні,  
Жерде шық бар, сыз күні.  
Қарағайдың түбінде,  
Тұрған жақсы ақ үйді,  
Келе жатып шалады,  
Өтегеннің көздері.  
Атыменен Өтеген,  
Жетіп келді үйге нақ.  
Жеткенде үйден үн шықты,  
Күркіреген күндей-ақ:  
— «Өтеген деген сенбісің,  
Қамалды бұзған ермісің?!  
Мың күн жортып жол-жолай,  
Тауда безген құлжадай,  
Жиһанды кезіп жүрмісің?!  
Неге тыныш таппайсың.  
Үйіңе неге қайтпайсың?  
Шарламаған жерің жоқ,  
Судан өзге құрлықты,  
Жол ғып жортып таптайсың.  
Мықты болса білегің,  
Түкті болса жүрегің,  
Атыңнан түс те, үйге кір.

Қарағайдың түбіне,  
Жігіттерің тоқтасын!»  
Аттан түсіп батырын,  
Үйге кірді ақырын.  
Кіріп ед үйге жайменен,  
Қарсы алып Ғайып-ерен<sup>3</sup>  
Деген кәрі көрінді,  
Аппак қудай сақалды,  
Жарқыратып ақ басын,  
Үйдің жары жақпардай,  
Қырау шалған ақ қардай,  
Сәлем беріп Өтеген,  
Жөн сұрауға төтеден  
Сөйледі, тіл қатқандай:  
— «Ақ сақалды, ақ шашты,  
Қария, ата, көп жасты.  
Жортар жолым мың тарау,  
Шаршадым рас, өң қашты.  
Маған қажет ел табу,  
Кері қайту, үй табу,  
Жүретін жолым тұйықтау,  
Қиынырақ жол табу.  
Жиһанда жол көп, я өлу  
Керек я маған жер табу.  
Жетісу, елім, аймағым,  
Қыстауым да жайлауым,  
Соған алып баратқан.  
Бар жаңалық хабарым.  
Елім жаңа қонысқа,  
Қонса ұшырап ырысқа.  
Күткен өмір жайнауын,  
Құмырысқа да илеуін.  
Шегіртке де жырасын,  
Іздемей ме жайлы орын,  
Бозторғай да ұясын.  
Әркім жайды көздеген,

---

<sup>3</sup> Ғайып – ерен – Ислам діні бойынша, көрінбей жүріп қолдайтын әулие, күш мағынасында.

Балық та су іздеген,  
Халқым үшін мен қалай,  
Сұлу жерді іздемен?!  
Көрдім, талай көремін,  
Жиһан кезіп келемін.  
Халқым үшін бас қиып,  
Не болса да көнемін!»

Деді оған Ғайып-ерен:  
— «Жолың болсын Өтеген!  
Сен мұзбалақ қырансың  
Түйілетін төтеден,  
Алтайы жүйрік маралдай,  
Қашсаң құтылып, қуғанға  
Қас қаққанша жетеген.  
Алдыңда сенің майдан бар,  
Оған айтар, айлам бар;  
Түнде барма үйіңе,  
Күндіз барсаң жайдан бар.  
Жұмыста да соғыста,  
Ақылыңды ашу қыспасын,  
Ашушаң болсаң, сол қолың,  
Оң қолыңды ұстасын!»

Өтеген иіліп, бүгіле,  
Ұсап туған ұлына,  
Рахмет айтып кәріге,  
Атғанды жортып жолына.  
Тағы да жазық, тау, дала,  
Жақпарланып, жалдана,  
Мұнарланып көрінді,  
Шапқан жолы шаңдана.  
Жылаған даусы естілді,  
Желінен жазық даланың.  
Секілді емес ол дауыс,  
Яки, аңның, адамның.  
Бұл дауысты Өтеген,

Жігіттерге айтты да,  
«Білейін» – деп жөнелді,  
Құйындатып шапты да:  
«Жау болса, табанда өлтірем,  
Дос болса, бірге келтірем;  
Айғайға қарсы шаппасам,  
Батыр боп не бітірем?»  
Оқтап мылтық, қылышты,  
Білуге шыққан дыбысты,  
Барса Өтеген айдаһар,  
Талықсыған тынысты.  
Айдаһардың жүрегін,  
Шаққан екен абжылан.  
Шашқан екен у-зәрін,  
Сусылдаған абжылан.  
Шаққан зәрі жүрекке,  
Дарыса дем алмас ед,  
Ол айдаһар ол кезде,  
Жерде тірі қалмас ед.  
Өтеген сонда ойлап кеп:  
«Тимесе егер атқан оқ, –  
Абжылан оқтай зымырап,  
Секіреді-ау, маған деп;  
Оқ тиіп егер абжылан,  
Сеспей қатса қылжия,  
Болар еді-ау, деді шын,  
Айдаһар маған риза».  
Атып келіп жіберді,  
Тек күрс етті оқ күшті.  
Быт-шыт боп басы абжылан,  
Өрем қауып оққа ұшты.  
Сонан кейін Өтеген,  
Жігіттерге оралды.  
— Не болды? – деп, анталап,  
Жаудырды олар сұрауды.  
«Түнде текке кетем бе,  
Абжыланға оқталдым,

Сеспей қатты абжылан,  
Айдаһарды құтқардым.  
Ал, ұйықтандар, жыланнан,  
Пәле келсе көрермін.  
Айдаһардың, тірі аңның,  
Сазасын өзім берермін!  
Айдаһар исін сезсеңдер,  
Ойланбаңыз қорқуға.  
Ол келсе тек келеді,  
Бізге сыйлық тартуға.  
Енді бізге қауіпті,  
Жыландар да жолықпайд.  
Аң да аңғарған шығар-ау,  
Аңнан жүрек қорықпайд.  
Ағашты қойып еселей,  
Ұйықтап жатқан кісідей,  
Етіп, басына ер жастап,  
Үстіне шапан жабамыз.  
Кісі екен деп аң келсе,  
Бағып тұрып аламыз».  
Сүйтті соған тоқтады,  
Жел де самал соқпады.  
Бағып қана күткендей,  
Түн бойы от жақпады.  
Түннің толған ортасы ед  
Шөпті де сыбырлатпады,  
Сусып жылан жорғалап,  
Көк жұлдызсыз қорғалап,  
Айды бұлт қаптады.  
Ысылдаған айдаһар,  
Көрінді жалын атқаны.  
Ажал оғы келе ме,  
Деп біреуі біріне –  
Жігіттер тағат таппады.  
Тал бойы талдай бұралып,  
Өтеген тұрды сұрланып.  
Қорықпады – басынан,

Талай майданды ақтаған.  
Құс оянып таң алды,  
Шырылдап, шырлап ән салды.  
Ұйықтаған боп қатты ағаш, –  
Киіммен жауып тастаған,  
Кісі орнына жатты ағаш.  
Айдаһарға басына,  
Жігіттер жетті қасына,  
Айдаһардың үстіне,  
Қараса басын ішіне,  
Жиырып алып, шықпаған,  
Жыланның басы талпынған,  
Қапталған толып алтыннан.  
Адам ойлап таппаған,  
Сары құмандай алтынды,  
Өтеген алып жалқынды,  
Деді Өтеген: «бұл екен,  
Айдаһардың сыйы екен,  
Беруге бізге сақтаған,  
Ізгілік, достық істесек,  
Алтын, күміс береді.  
Егер қастық істесек,  
Зұлымдық уын төгеді.  
Ізгі болсақ, біз егер,  
Әділдіктің жолында, –  
Ешуақытта болмаймыз,  
Зұлымдықтың торында.  
Халық үшін қасық қанымыз,  
Аяусыз болсын жанымыз.  
Болысалық әрдәйім,  
Жетім-жесір момынға.  
Еңбек еткен емеді,  
Еңбексіз жан өледі.  
Жалқау болсаң жабылып,  
Жұрт өзіңе күледі».  
Өтеген батыр атақты,  
Нөкерге осы сөзді айтты.



Сүйтгі де таудан, тастардан.  
Асып асу асқардан,  
Кент аралға жол тартты.  
Кент арал деген бос арал,  
Болып шықты тас арал,  
Құмды, сулы аралдан,  
Сусыз, шөлді даладан  
Жігіттерін ертіп,  
Өтеген кетті жорытып,  
Аш бөрідей жаланған.  
Түзеп алып жорықты,  
Бір кең ашық алаңда,  
Қарағайлы, қайыңды,  
Қара орманға жолықты.  
Қабағын жапқан қара орман,  
Келе жатқан бұрыннан,  
Ертегі әнін соғыпты.  
Қызыл іңір түнеріп,  
Шық түсіп жер мұнартып,  
Өтеген батыр нөкері,  
Сол орманға қоныпты.  
Қара орман қалқып жайнады,  
От жағылып парлады.  
Қара қазан асылып,  
Оттан жалын шашылып,  
Ішінде қойдың сорпасы,  
Бұрқ-бұрқ етіп қайнады.  
Қараңғы түнде қылмиып,  
Жағылған отқа жылмиып,  
Келеді екі сұлу қыз,  
Шолпандай туған таңдағы.  
Беті қызыл алмадай,  
Қара шашы құндыздай,  
Көздері жанған жұлдыздай.  
Киімінен құлпырған,  
Інжу-маржан ойнады.  
Өздері әппақ қудай-ақ,

Күлкісі сылдыр судай-ақ.  
Сүйдіргендей әдеппен,  
Әзілдеп, күліп ойнады.  
От басында отырды,  
Жұртқа көзін салмады.  
Қадала қарап жігіттер,  
Сұлудан көзін алмады.  
Қош келдіңіз дегендей,  
«Асқа өрлеңіз» дегендей.  
Иба қып батыр қарады,  
«Палауыңыз майлы» – деп,  
Сыйлығына сұлулар,  
Отырмады, бармады.  
Еттің майын ағызып,  
Жігіттер құмар қанғызып,  
Ет жескенде, сұлулар,  
Сыңқылдап, күліп, мазақтап,  
Көз астымен барлады.  
Бір жігіттер көрікті,  
Кеміргенде сүйекті,  
Сұлулар, тағы күлісіп,  
Әзіл сөзбен тиісіп: –  
«Тірі сүйек тырбиған,  
Өлген малдың сүйегін,  
О несі екен, сындырған?» –  
Деп сөзбенен қармады.  
Сылқ-сылқ етіп, күліп боп,  
Сұлулар кетті ғайып боп.  
Қимылымен сұқтана,  
Таң қалдырған тек қана,  
Жігіттердің есінде,  
Көрген түстей қалғаны.  
Қас қарайып, түн тынып,  
Шөп қимылсыз, жел тынып,  
Өтеген ойлап: «ол мұндар  
Манағы келген сұлулар,  
Сиқыр екен деді шын.

Ол жезтырнақ болғаны,  
Сұлу боп түнде жүргені,  
Сикырлана келгені,  
Жанды бүред болаттай,  
Тырнағымен бүргені.  
Біз сөйлесіп тұрғанда,  
Көздері жанды жарқырап,  
Олар – нағыз жезтырнақ.  
Келгені бізді шолғаны,  
Жылмандаған жезтырнақ.  
Жауызырақ аңдардан,  
Түсіре алмас біздерді,  
Сұмдығын оның аңғарғам.  
Ағашты қойып еселей,  
Ұйықтап жатқан кісідей,  
Етіп басына ер жастап,  
Үстіне шапан жабамыз,  
Кісі екен деп ол келер,  
Бағып сонда алармыз» –  
Деп жасырынып кетісті,  
Әр бұтақтан сығалап,  
Жезтырнақты күтісті.  
Түн түнеріп томсарып,  
Түннен түнек төгілді,  
Жүгіргендей сұр қасқыр  
Көзге елестеп көрінді.  
Жұлдыз да жоқ, ай күңгірт,  
Қара бұлтқа көмілді.  
Өтеген күшті түрінде,  
Қарағайдың түбінде,  
Мылтығын оқтап кезеніп,  
Күш құрыстап керілді.  
Әлденелер қараңдап,  
Қараңғы түнде жарқырап,  
Шөптің басы қалтырап,  
Көрінді бір зат қылт етті.  
Сол арада тарс етті,

Өтегеннің мылтығы.  
Мұрттай ұшып жезтырнақ,  
Ажалы жетіп бұрқырап,  
Қаны судай төгілді.  
Таңертеңгі самалмен,  
Таң құстары сайрады.  
Жастанған ер де, шапан да,  
Қарайып жерде қалмады.  
Үйген ағаш қатарда,  
Жамылдырған шапан да,  
Жезтырнақпен быт-шыт боп,  
Қалды тек жер шаңдағы.  
Онан да асып құтылды,  
Жігіттер де жұтынды.  
Жорыққа тағы аттанды,  
Жезтырнақ та ұмытылды.  
Өзен, дала, таулар да,  
Орман-тоғай, баулар да,  
Көрінді көзге бұлдырап,  
Артта қалған сықылды.  
Желеңдеп тек жел ойнап,  
Дөңгеленіп көл ойнап,  
Көбікті теңіз толқыны,  
Жарына соғып бұлқынды.  
Қырық күн жел желеңдеп,  
Бұлқынып толқын елеңдеп,  
Жатқан қарап теңізге,  
Тіл қатпастан Өтеген,  
Үдете берді жортуды.  
Теңіз тұманданғанда,  
Көрініп таудай құмдар да,  
Аспан жерге түскендей,  
Күн өртеніп жанғанда.  
Тұңғыық құм шөліркеп,  
Жапанда жұрт талғанда,  
Көз ұшында нардай боп,  
Күнге күйген жардай боп,

Көрінді көзге бір шаһар,  
Өлуге енді қалғанда.  
Онда, сусып құм көшіп,  
Тек қана ыстық жел есіп,  
Өлген түйе сүйегі,  
Қадам бассаң кездесіп,  
Көрінед көзің салғанда.  
Құдықпен құдық арасы,  
Айшылық десем жалған ба.  
Жету үшін құдыққа,  
Үйреткен жаңа құрыққа,  
Он жорғаны ұтылап,  
Мінсеңдағы жетпейсің,  
Айрылып естен танғанда.  
Айшылық жүрсең ол жерден,  
Кездеспейді жалғыз көл,  
Шөл далада қалғанда.  
Өтеген батыр жорытып,  
Ортекедей орғытып,  
Қырық күншілік жол жүрді,  
Көрмегенді ол көрді,  
Жапан түзде жалғанда.  
Құмайтты, құмды, құмықты,  
Торлаған қара бұлтты,  
Асу аспан шындарды,  
Шулаған қара орманды,  
Көрді Өтеген сарбазы.  
Таудан, тастан таймады,  
Шыңнан шыққан шынардай,  
Қоршап алдын тұрғанда,  
Өтеген батыр түн қатып,  
Қырық күншілік жол қатып,  
Көктей өтіп орманды,  
Тауды, тасты жарғанда.  
Ақыры, жаздың көктемі,  
Қара орманның көктеуі,  
Түлеп тоғай, шалқар көл,

Сезілді жаздың жеткені.  
Бұлақ ағып таулардан,  
Гүлдер жарып баулардан,  
Тұрған шақта Өтеген,  
Жолды тауып төтеден,  
Жиделібайсын еліне  
Көрінді көзге өткені...  
— Өтеген сенің іздеуің...  
Жер-жиһанды кезгенің.  
Іздегенде осындай  
Жер еді ғой көздеуің.  
Жер жаннаты кез болды.  
Көре ме, сенің көздерің?  
Қарашы, қызыл арайға,  
Көресің бе, ұнай ма,  
Дақсыз ашық аспанда,  
Балықша бұлттың жүзгенін?  
Көрдің бе таң шапағын,  
Жердегі гүлдің тізбегін.  
Малынған бау-бақшада,  
Жемістің жер сүзгенін.  
Ауызға түскен жалғанда,  
Жемісі тәтті балдан да,  
Жерді жыртып егілген,  
Дәмі тәтті дәннен де.  
Ақ мақтасы – күмістей,  
Жері кілем – пүліштей.  
Өтеген! Анық көрдің бе,  
Мұнан басқа тағы да,  
Бар ма артық іздерің?  
Ту тушадай қояны,  
Қырандай ірі торғайы,  
Көресің бе әнеки,  
Жайбарақат малдары,  
Жайлауда жусап жандары  
Рахатта жүргенін.  
Ешкілері жылқыдай,

Ылағы бағлан тоқтыдай,  
Ертегі болған домбай да,  
Осы жерді сүйіп ыңғайға,  
Қоныстауға меңзеген.  
Меруерттей суында,  
Қаз бен қу жоқ жүзбеген.  
Туған шақта жаздары,  
Қоңыр ала қаздары,  
Көздеген жерден кез келген...  
Қазақ халқы белгілі,  
Осы жерден бақыт ілгелі,  
Тұрғандай-ақ сездірген:  
«Осы жерде Өтеген,  
Демінді ал, көзің сал,  
Кезе бермей қияны,  
Осы жерде демінді ал!»  
Арпалысқан атынан  
Өтеген түсіп өрім тал,  
Жанаттанып құлпыра,  
Шөбін иіскеп қарады.  
Жайлы ма деп жылқыға.  
Жылқыға жайлы емес деп,  
Қайтып келді жұлқына.  
Жылқыға шөбі жақпаса,  
Жылқыға жайылым таппаса,  
Шоғы сөнген отындай,  
Келмейді деп қалпына.  
Отыра қалып сол жерде,  
Қоныс таппай бұл елден,  
Өтеген батыр жылады,  
Балапандай талпына.  
Ойын күңгірт басқандай,  
Тілегі оның ұшқандай,  
Алтын ойын мыс қылып,  
Салы суға кеткендей,  
Астында тұлпар аты өліп  
Ақырғы демі біткендей,

Састы батыр сарқыла...  
— Әй, Өтеген, Өтеген!  
Ер едің сен ертеден.  
Жетісудан – даладан,  
Алатаудан, қиядан,  
Жамбыл жаңа хабарды  
Жеткізеді жанарлы,  
Шар тарапқа шарқ ұра,  
Қалпыңды бұзып жыланған,  
Қайта тұрсаң молаңнан,  
Молаңнан шығып, оянған,  
Жетісуға, қарасаң, –  
Көрер едің көз салсаң  
Бақытынан нұр жауған.  
Көрер едің бақытты,  
Қазақстан халқынан.  
Бастап Тянь-Шань тауынан,  
Алатаудың бауырынан,  
Оралға дейін созылып,  
Шалқып жатқан аулынан.  
Көрер едің ел болып,  
Бағыңның нұрын артылған,  
Қазақстан аймағы,  
Туын тігіп жайнады,  
Тудағы бүгін көремісің,  
Алтын орақ, балғаны...  
Қазақ халқы құлпырып  
Бұлбұл болып сайрады.  
Гүрілдеген заводтар,  
Қала, дала, қырдағы.  
Көр, жолдастар, қараңдар!  
Көр достарым, жарандар!  
Қазақстан бақыттың,  
Кені болды арналы.  
Қорғасынды көрдің бе,  
Аққан Қаратаудағы.  
Алтын шыға Алтайдан,



Жарқырап күндей жайнады.  
Қарсақпайдан мыс ағып,  
Бұлақтайын саулады.  
Мақта көктеп Шымкенттен,  
Күріш гүлдеп Жәркенттен,  
Ақтөбенің егіні,  
Өрге өрлеген өнімі.  
Түтіні тұлпар жалданып,  
Ырғып, созып ырғалып,  
Арғымақтай Түрксіб,  
Желе-зырғып заулады.  
Жүк тиеп Қарағандыға,  
Ызғытып вагон айдады.  
Ембі-нефті жерінен,  
Мұнай атып парлады.  
Асқарлаған аспанға,  
Алатау қызыл алмалы.  
Даласында гүл көктеп,  
Гүлмен қабат мал қаптап,  
Аспандағы бұлттай,  
Төрт түлігі қаулады.  
Алтын жалды бедеулер,  
Жел-аяқ жүйрік денелер,  
Тағасымен тас тарпып,  
Құлағымен ойнады.  
Жарқырап күндей нұрланып,  
Семіріп сиыр қорланып,  
Желінін керней сүт ағып,  
Бауырынан бұзауын,  
Емізіп уыз құнарын,  
Өрбітті де, баулыды.  
Күн батып, жұлдыз туғанда,  
Малдың төлі думанда,  
Төл тұяғын ірікпей,  
Ойнақтатып киіктей  
Шабандар бақты, талмады...  
Бұғыдайын бұзауын,

Маралдайын ылағын,  
Сипап бота тұлымын,  
Алтын жалды құлынын,  
Жайнатты да, жайлады.  
Суыққа төлді тоңғызбайд,  
Боранда да қалғызбайд,  
Алтын аймақ жеріне,  
Төрт түліктің төліне,  
Хауіпсіз боран, қардағы.  
Тыңда, жолдас, сөзімді!  
Ашып қара көзіңді!  
Қырғауыл ұшып, қаз қонған,  
Аққу келіп, жаз болған,  
Алтайға қара маралды!  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,  
Шортаны шоршып ойнаған,  
Алтын қаймақ Аралды.  
Дала суға шомылған,  
Елге қоныс табылған.

Құйылған, жолдас, нұрды көр,  
Баққа шомған тау мен ер.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Мағандағы, саған да!  
Құлпырған жайнап жерді көр,  
Құлшынған қайрат ерді көр.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Маған да, жолдас, саған да!

Қазақ бұрын құл болған,  
Күн көруге мұң болған,  
Күнді көрдік, ел болдық,  
Асу бермес, өр болдық.  
Осы бақ қонған таңымда,  
Саған да ортақ, маған да!

# ӨТЕГЕН БАТЫР

*(Екінші нұсқасы)*

Еліріп көңіл еркіндеп,  
Тасқындай аққан арықта.  
Өтеген ерді жырлаймын,  
Талпынған жастан жарыққа.  
Ел үшін еңбек етем деп,  
Мерт болған, аты – тарихта!  
Ертегі елге әйгілі,  
Білмеймін ой ма, анық па?!  
Әйтеуір, көптен айтамын,  
Бүгінде шолып қайтамын  
Аян ісін халыққа.  
Ауылдан ауыл қыдырып,  
Кезгенде дүние ой-қырын,  
Өзім сүйіп үйренген,  
Естіген елден бір жырым.  
Халықтың айтқан түріне,  
Сөз қоспаймын бірде ырым,  
Тек мәнерін келтіру –  
Міндеті жалғыз жыршының.  
Айтпаймын бос дәріптеп,  
Кетеді сөзім құр шығын.  
Нені естісек соны айту –  
Ежелден ісі жыршының.  
Жер танабын алғаннан,  
Сөзім болмас жалғаннан.  
Айтайын ертек, ал тыңда,  
Өткен бір ескі арманнан.  
Бұғыдай мүйіз көтеріп,  
Үстіне ауыр жүк артып,  
Көзден жасы тамғаннан.  
Жетісу деген жері бар,

Қазақ деген елі бар,  
Отына күйіп жанғаннан!  
Қамқоры елдің ағасы,  
Өтеген сынды батырдай,  
Сөз бастаймын заңғардан.  
Өткен бір ескі күндерде,  
Жетісудың жерінде,  
Қазақтың бір руы,  
Қасқарау, Дулат елінде,  
Сырымбет деген адамнан,  
Туыпты бір ұл тамаша!  
Түсі сыймас сенімге,  
Мүйізі бар басында.  
Айқасқан айдар кекілді,  
Сымбаты сұлу бір бала,  
Жас бұғыдай секілді.  
Өскен сайын ес кіріп,  
Ел тамаша қалғандай.  
Ақылды болды өтімді,  
Аты Өтеген ол бала.  
Күн санап өсті қарыштай,  
Киіктей сезгіш қырымнан,  
Жылдамдығы барыстай.  
Арыстандай айбатты,  
Өскен сайын ұлғаяр,  
Ақыл-ой, күші қалыспай.  
Жарыс, күрес, бәйгеде,  
Халық бәйгені беретін,  
Санаспай-ақ салыспай.  
Жиын, тойда ағылған,  
Шешен болды сөз бермес,  
Таудан аққан бұлақтай.  
Ешбір пенде тең келмес,  
Батыр болды жасынан,  
Жерін сүйген елімен,  
Анасынан кем көрмес.  
Ол бір өткен күндерде,

Күн емес-ау түндерде,  
Заманнан көріп таршылық,  
Не көрмеді ол пенде?!  
Қазақ-қалмақ жау болып,  
Оралмады іс бір жөнге.  
Патша тағы қамалап,  
Тықсырған кезі қазақты,  
Таулы-тақыр қу шөлге.  
Салса да мамық көпшікке,  
Жабайы ат озбас жорғалан.  
Талса да оймен Өтеген,  
Ойынан ешкім озбаған.  
Басқа жаннан өзгеше,  
Тереңнен сырды қозғаған.  
Елдің қамын көп ойлап,  
Болар істі болжаған:  
«Патша келіп жерді алса,  
Ел болам деп сорлаған.  
Қорлық, зорлық қамауда,  
Малы, басы талауда,  
Ел боларсың қазақ деп,  
Мәңгіге басың торлаған.  
Патшасы шапса батыстан,  
Айрыласың қоныстан.  
Елді сатып, қан сорған,  
Қарғылы қара болыстан.  
Жетісудай жеріңнен,  
Айрылып айдын-көліңнен,  
Бетпақ шөлге қамалып,  
Ел боларсың тоғысқан.  
Жетпіс бес жыл дегенде,  
Осы сенің жеріңе,  
Патша келіп бақты алар.  
Патша келсе жеріңе,  
Хан мен төре басқарар.  
Хан мен төре басқарса,  
Жоныңнан тіліп таспа алар.

«Айдарлынды құл қылып,  
Тұлымдынды тұл қылып»,  
Кетпейтін мәңгі дақ салар.  
Патша келсе еліне,  
Малға жұқпас дән болып,  
Алатаудың шалғыны.  
Сары алтындай сөзімнің,  
Кіреді енді балғыны.  
Елден шығып зұлымдар,  
Тазыдай-ақ мойнына,  
Тағып алар қарғыны.  
Аралда қалған, сен елім,  
Көрмеспін сендей зарлыны!  
Солдатқа беріп баланды,  
Мұндайда болар бір күннің.  
Бұдан да жаман заманың,  
Қыл көпірдей тар күні».  
Осыны ойлап Өтеген,  
Еліне бастан зарлады.  
Болатын істі болжал қып,  
Жайып салып жарлады.  
Мұныменен бос жатпай,  
Қажымады, талмады.  
Еліме бақыт табам деп,  
Жайлы қоныс салам деп,  
Қиыннан қиял қармады.  
Елу жігіт сайлап ап,  
Бір үйір жылқы байлап ап,  
Жердің жүзін шарлады.  
Өтеген содан жол жүрді,  
Аз күнге емес, мол жүрді,  
Елу жігіт ертіп ап,  
Қоныс іздеп көп жүрді.  
Дүниенің төрт бұрышын,  
Кезіп түгел білмек боп,  
Теріс пен шығыс, оң жүрді.  
Бәрінен орын таба алмай,

Жайлы қоныс сала алмай,  
Көңілі қалды, болдырды.  
Барып қайтты Өтеген,  
Күннің шыққан жеріне.  
Тегісімен аралап,  
Қалың Қытай еліне,  
Тауы мен суын аралап,  
Пекиннің асты беліне.  
Елі көп, жері оймақтай,  
Жер екен қоныс болмайтын,  
Деп кетті, басқа жөніне.  
Жігіттері талса да,  
Шаршап, арып қалса да,  
Қайта жолға түседі.  
Тағы талмай жол жүріп,  
Аз күн емес мол жүріп,  
Азапқа әбден піседі.  
Бірнеше күндер болғанда,  
Еділ деген өзеннің,  
Суынан келіп ішеді.  
Еділдің енді бойында,  
Біраз күндер жатады,  
Көрмеген бұрын жер еді,  
Мұның да дәмін татады.  
Бейнеті мол жер екен,  
Болмады тағы сапары.  
Патшасы бар зұлым деп,  
Осыдан қорыққам бұрын деп,  
Тағы да қайта тартады.  
Бұдан шығып тағы да,  
Белестен талай асады,  
Тау менен тас, құм дала,  
Бәрін де талмай басады.  
Қорқыттың түсіп жолына,  
Қанды жасын шашады.  
Дегенмен талмай азаптан,  
Жайлы қоныс табам деп,

Талабы судай тасады!  
Бірнеше күн өткенде,  
Өтеген барып алады,  
Қарсықұзар<sup>4</sup> жолдарын.  
Бойында оның аз жатып,  
Тынықтырар қолдарын.  
Біраз жатып болған соң,  
Ақтөбеге<sup>5</sup> бет алад.  
Жүрісімен жорғаның,  
Асықпай саспай жол тартты.  
Жылқысы бар айдаулы,  
Сусыннан және тарықпас,  
Қымызы бар байлаулы.  
Жау жарағы тегіс сай,  
Қылышы бар қайраулы.  
Біраз уақыт өткенде,  
Жетіп келді батырлар,  
Ақтөбенің өзіне,  
Үстіне тігіп шатырлар.  
Қажығанды тыңайтып,  
Жатады біраз сол жерде.  
Жерді шолып сайрандап,  
Қоныс іздеп сорлы елге...

\* \* \*

Зарланған Өтеген ер заманында,  
Заманның қалып мүлде қамалында.  
Жайлы қоныс еліме таба алмасам,  
Қалам деп қанды патша табанында.  
Өтеген елдің қамын ерте сезді,  
Ертеңгі жау алатын жерден безді.  
Көрсен де қандай азап, бір түңілмей,  
Төрт бұрышын дүниенің түгел кезді.  
Өтеген Ақтөбеде жатты дейді,  
Ас қойып, түрлі тамақ татты дейді.  
Жайласып, төсек салып, рақаттанып,

---

<sup>4</sup> Қарсықұзар – Түрікмен мен Иран арасындағы шөлдің аты.

<sup>5</sup> Ақтөбе – Орталық Қазақстандағы көне қаланың аты.



Ұйықтап, бейхабарсыз жатты дейді.  
Ел көзі тырс ұйқыға батқан кезде,  
Дамылдап шаршағандар жатқан кезде,  
Жылқы үркіп, ел ұйықтаған жерге келді,  
Тамаша бір іс болды көрер көзге.  
Жылқылар үркіп келді қасына енді,  
Көтерді ұйықтағандар басын енді.  
Бір жаман күлімсі иіс пайда болды,  
Күтпеген елдер қалды сасып енді.  
Не бәле болды, Өтеген, батырым-ай,  
Барады бір қорқыныш ішке сыймай.  
Қарашы, жан-жағыңа көзің салып,  
Бір тажал келді білем, япырмай-ай!  
Өтеген сонда кеңес берген екен,  
Жолдасы қысылғанын көрген екен.  
Ал енді, сабыр қылып, қорықпандар,  
Бұл жерге бір айдаһар келген екен.  
Байқаса, бір айдаһар келген екен,  
Келгенін көп адамның білген екен.  
Зиянсыз айдаһардың келгендігін,  
Ақылмен ер Өтеген білген екен.  
Жолдастар, бұдан енді қорықпандар,  
Тәуекел неде болса сақ тұрындар!  
Егерде зиян қылса тұрмас еді,  
Бұ да бір мұқтажына келген шығар.  
Таң атсын, неде болса көрелік біз,  
Мәнісін сонан байқап білелік біз.  
Құтылсақ аман-есен мақұлықтан,  
Бұл жерде енді қалмай жүрелік біз.  
Егерде қастық қылса аямайды,  
Сендердің ажарыңа қарамайды.  
Күтелік сабырлықпен істің артын,  
Сыр беріп, бекер қорқу жарамайды.  
Егерде қастық қылса көрген заман,  
Жасқанып жібермес ед бізді аман.  
Ендігі бірін қоймай жұтар еді,  
Мұнымен күресуге келмес шамаң.

Өтеген ақыл айтып, тоқтау салды,  
Өзі де аз тоқталып қайғыланды.  
Ішінен қатты қорқып жолдастары,  
Зар жылап, түніменен күйіп-жанды.  
Қорқысып бейшаралар жатты сонда,  
Бір кезде таң бозарып атты сонда.  
Қараса бір айдаһар қоршап алған  
Жолдасы қатты қорқып, састы сонда.  
Достары буыны құрып тұра алмады,  
Не шара істерін біле алмады.  
Зәһарлы, түсі суық айдаһардың,  
Маңына ешкім батып келе алмады.  
Қан сиіп, жылқылар тұр жерді тарпып,  
Достары зар жылайды қайғы тартып,  
«Батыр енді күніміз не болды» деп,  
Көзінен қанды жасын сорғалатып.  
Атына ер Өтеген мінеді, енді,  
Үстіне қару-жарақ іледі енді.  
Сабыр деп, жолдасына тоқтау айтып,  
Аяндап айдаһарға келеді енді.  
Жақындап айдаһарға батыр келді,  
Көрдің бе, Өтегендей қорықпас ерді!  
Иіліп, бүктетіліп, жүз бұралып,  
Жарқырап екі көзі сабап жерді.  
Бозшұбар айдаһардың суық түрі,  
Ала теңбіл белі үстінен шыққан түгі.  
Буалдыр Өтегенді қоршап алған,  
Жайымен, жатыр көлбеп, шықпайды үні.  
«Ей, мақұлық, бізді неге алдың қоршап,  
Сабырсыз жолаушымыз келген шаршап.  
Біз бір жан жаһан кезіп, жер қыдырған,  
Таба алмай жайлы қоныс жүрген аңсап.  
Бір жүрген, жаһан кезіп, мен бір сері,  
Тұрлаулы мекен болмай туған жері.  
Мекен қып, айдаланы еркін жүрген,  
Жаралған тұрағы жоқ, сен бір шері.  
Қамы үшін қара қазан, сар баланың,

Мен жүрмін сырын біліп сар даланың.  
Тілеген тіршілігім бәрі сонда,  
Халқыма жайлы қоныс, жер табамын!  
Жол ашып, бізге рұқсат беріңіз сіз,  
Жылаған көздің жасын көріңіз сіз.  
Сен де шерлі болғанда, мен де шерлі,  
Жолымды аш, тез табайық жеңімізді».  
Айтқанын Өтегеннің білгендей-ақ  
Кеткендей болды айдаһар бұларды аяп.  
Қозғалып, жиырылып, жолын ашты,  
Көш өтетін бойындай екі таяқ.  
Сол жерден тізбектеліп өтті бұлар,  
Босанып, зор қуаныш, кетті бұлар.  
Қысылып қалған екен бейшаралар,  
Сар желіп талай жерге жетті бұлар.  
Жолаушы жүре берді елбелектеп,  
Артынан қаша-қаша шабысқа өктеп.  
Бес-алты шақырымдай жер барғанда,  
Айдаһар ұшып түсті, алдына кеп.  
Айдаһар көлденеңдеп қалды жатып,  
Тағы да жолаушыны таңырқатып.  
Құтылдық бір бәледен деген кезде,  
Көңілді тағы қойды-ау, жабырқатып.  
Өтеген сонда батыр сөйлейді кеп,  
Мұның не, жолды бізге бермедің деп.  
Айтшы маған көңілінде қандай арман,  
Осынша қыр соңымнан қалмадың кеп.  
Айдаһар сол уақытта ысқырды енді,  
Жер сабап, құйрығымен ышқынды енді.  
Біресе жүз бұралып, маймалаңдап,  
Бұларға мұндай істі түс қылды енді.  
Көзі тұр айдаһардың оттай жайнап,  
Айтуға тілі жоқ тұр, іші қайнап.  
Ақырын арбап, ертіп Өтегенді,  
Айдаһар жолға түсті ажағайлап.  
Айдаһар жүріп барад тауға қарап,  
Жарқырап екі көзі оттай жайнап.

Өтеген бес кісімен келе жатыр,  
Ойлайды, бұл қалай деп, тамашалап.  
Айдаһар келді таудың етегіне,  
Өтеген қалмай жүрді жетегіне.  
Қуанып бұлардың бұл ергеніне,  
Өзінің келіп жетті мекеніне.  
Бір таудан екі айыр су ағып жатқан,  
Мекені айдаһардың батыс жақтан.  
Өзінше қазынасы болса керек,  
Отан ғып, бұрыннан да бағып жатқан.  
Өтеген таң қалады, ерің енді,  
Үңгірді тамашалап көріп енді.  
Жер екен шандақтанған, ойнағы бар,  
Бұрын мұндай нәрсені көрмеп еді.  
Айдаһар үңгіріне кеп тұра қалды,  
Мойынын Өтегенге бұра қалды.  
Өтеген ишарат қып, тартынба деп,  
Көңіліне айдаһардың демеу салды.  
Айдаһар үңгіріне кетті кіріп,  
Өтеген қарап тұрды келген еріп.  
Үн шықты, жер астынан дүңгірлеген,  
Бір сойқан болса керек, үлкен бүлік.  
Дүңгірлеп, үңгір іші ду боп кетті,  
Ысқырып, ысылдаған шу боп кетті.  
Аздан соң әлгі айдаһар шыға келді,  
Қараса, үсті-басы қан боп кеткен.  
Тартынбай, тағы қайта кіріп қара,  
Ым қағып, ер Өтеген деді және.  
Сонан соң ерлігімді бір сынашы,  
Жауынды алып шық та, іле-шала.  
Қайтадан таудың асты дүрсілдеді,  
Мықты жау оңайлыққа көнсін бе енді.  
Өтеген ыңғайланып, күтіп тұрды,  
Намысты қолдан бекер берсін бе енді?!  
Бір кезде екі айдаһар шыға келді,  
Шыққанын ер Өтеген көзі көрді,  
Тіресіп бірін-бірі тістелесіп,

Беттесе, қатарынан тіке тұрды.  
Қып-қызыл, жылтыр шұбар, бір айдаһар,  
Аузынан отты жалын шашқан заһар.  
Мекенін көне айдаһар тартып алып,  
Ие боп, жатқан екен пейілі тар.  
Бір кез басы анадан озып тұрды,  
Қайраты Өтегеннің қызып тұрды.  
Шыдауға жас айдаһар күші басым,  
Кәріні кеп алысып зорықтырды.  
Мылтығын ер Өтеген қолына алып,  
Бұрыннан қойған еді оғын салып.  
Атуға айдаһарды бетін түзеп,  
Кезеніп, тұра қалды, оттай жанып.  
Көздесіп дәл басына атып салды,  
Оқ тиді, нақ мандайдан басын жарды.  
Шор кескен терек құсап серең етіп,  
Айдаһар табанында жатып қалды.  
Қиратып түгін қоймай ұн қылды енді,  
Белінің ортасынан сындырды енді.  
Қимылдаған жерінің бәрін шайнап,  
Көңілін кәрі айдаһар тындырды енді.  
Ерлігін ер Өтеген білгізді енді,  
Қош қылып, жолдастарын күлгізді енді.  
Айдаһар суға аунап тазаланып,  
Қайтадан төмен қарай жүргізді енді.  
Жолымен қайта жүрді төмен қарай,  
Айдаһар бастап келед жаны қалмай.  
Кейінгі қалғанына алып келіп,  
Айдаһар тағы жүрді тыным алмай.  
Артынан кешке шейін ерді бұлар,  
Бастарын басқа жаққа бұрды бұлар.  
Талай жер айдаһардың бастауымен,  
Жол жүріп, бір тоғайға кірді бұлар.  
Айдаһар сол тоғайға кіріп кетті,  
Артына қарамастан жүріп кетті.  
Жолдасын ертіп келген адастырып,  
Көргенді таң-тамаша қылып кетті.

Ер Өтеген ал сонда,  
Атының басын бұрады,  
Әңгіме-дүкен құрады,  
Бұл тоғайда не бар деп,  
Олай-бұлай қарады.  
Жақсы жолға бастаса,  
Айдаһарым жарады.  
Бостан босқа ол мұнда,  
Келмек емес еді ғой  
Деп үлкенге балады.  
Қарап тұрса тоғайға,  
Бір үлкен ақ үй көреді,  
Айдалада отырған.  
Үй екен деп не қылған.  
Соған таман келеді,  
Кім бар, деп мұнда сұраса,  
Көне-күңгірт дауыспен,  
Бір адам жауап береді:  
«Ер Өтеген, сенбісің?  
Елімнің ері біліктім,  
Бей уақытта келіпсің.  
Осынша жерге келгендей,  
Неден шошып үркесің.  
Жапан дүзге бергендей,  
Жер-жаһанды кезгендей,  
Не пәлеге іліктің?  
Қасындағы жолдасың,  
Тұра тұрсын далада.  
Өзің аттан түсіп кеп,  
Кіре, бер, рұқсат, қарама».  
Сонда Өтеген батырың  
Аттан түсіп келеді.  
Үн шыққан ақ сарайға,  
Жалғыз өзі енеді.  
Төрде отырған адамға,  
Көріп сәлем береді.  
Амандасып, танысып,

Жай, мәнісін біледі.  
Тәрде отырған ақсақал,  
Білгір-көсем шал екен,  
Ел қамқоры, батагөй,  
Дегендей-ақ бар екен.  
Қабағы қалың түксиген,  
Бетінде әжім сай-сай боп,  
Ақ көңіл жұмсақ жан екен.  
Сонда Өтеген сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Мен ғарып айтқан сөзіме,  
Атам құлақ сал дейді.  
Арып келген ұлыңмын,  
Назарыңа ал дейді.  
Адастым ба, састым ба,  
Қандай жолы бар дейді.  
Өтеген деген мен едім,  
Жаһан кезген сері едім.  
Бойымда ауыр міндет бар,  
Сері емеспін-шер едім.  
Қатын-бала қамы үшін,  
Қоныс іздеп кеп едім!  
Мекен қылып отырған,  
Жетісу деген жер еді.  
Үш Алматы кері еді,  
Көшіп, қонып жүретін,  
Қазақ атты ел еді.  
Болатын күннің болжауы,  
Осы Жетісуымды,  
Патша алар деп еді.  
Патша алса жеріңді  
Қоныс аудар деп еді.  
Құрық кетпес бойыңнан,  
Сырық кетпес басыңнан,  
Болыс алар деп еді.  
Сол себептен бұл жерге,  
Өтегендей ғарыбың,

Қоныс іздеп кеп еді.  
Өзіңе айғақ, ей, баба!  
Құрт-құмырысқа, жан-жәндік,  
Өзіне ұя сайлайды.  
Жаудың ізі баспайтын,  
Жерді ғана жайлайды,  
Аспанда ұшқан торғай да,  
Жұмыртқасын салуға,  
Ыңғайлы орын арнайды.  
Қалықтап ұшқан қарабай,  
Алыстан орын іздейді.  
Шалпыған суда балық та,  
Салындыны көздейді.  
Не керек, бабам, білесіз,  
Аң да, құс та әлемде,  
Өмірден үміт үзбейді!  
Кез келсе бұзып кетпейді,  
Тағдырдың салған қармағын.  
Неде болса көремін,  
Көңілімде көп арманым.  
Еліме қоныс таппасам,  
Ішімде кетер арманым.  
Көріп алам, тәуекел,  
Тағдырдың не салғанын.  
Ақыл сұрай мен келдім,  
Не болады айтыңыз,  
Ілгергі болар таңдағым?!»  
Әбден тыңдап көне қарт,  
Бір мезгілде сөйледі:  
Қарыс жауып қабағын,  
Сөйлегенде бұй деді:  
«Ей, Өтеген, құлақ сал,  
Бір ақыл саған айтайын,  
Сол ақылды ұғып ал,  
Асылыңды байқайын.  
Қиын деп жолын не дейін,  
Талабың зор ұл едің,



Қолыңды қалай тартайын.  
Дегеніңе жеткізсін,  
Орындалып талабың.  
Алғыр бүркіт секілді,  
Көрінеді қабағың.  
Айтқанымды ұғып ал,  
Сезімді екен құлағың.  
Әрбір іске сабыр ет,  
Ақылменен жалғанның,  
Жандырарсың шырағың.  
Осы сапар көрерсің,  
Бұл жалғанның сынағың.  
Опасызын, оңдығын  
Тұрлаусызын, тұрағын.  
Жаңа бір сөзді есіңе ал.  
Айтқанда істің қысқасын.  
Ашуың келсе егерде,  
Арашалап сол қолың,  
Оң қолыңды ұстасын.  
Алғырттық күш сендегі,  
Көрсетіп жүр нұсқасын.  
Табанды болсаң, қарағым,  
Ұстайсың дүние тұтқасын!»  
Қош айтысып, сонымен,  
Өтеген батыр кетеді.  
Талай қиын жерлерден,  
Адаспай, саспай өтеді.  
Ат баспаған жерлерді,  
Құс ұшпаған белдерді,  
Өз жеріндей өтеді.  
Бірнеше күн болғанда,  
Қоңырбел деген бір белге,  
Жолаушылар жетеді.  
Қырға шығып Өтеген,  
Көз жіберді жыраққа.  
Сол мезгілде бір дауыс,  
Қатты тиді құлаққа.

Аң ба, жын ба, тамаша,  
Жел ме, аққан бұлақ па?  
Тыңдап тұрып Өтеген,  
Бұл дауысты байқады.  
Жолдастары сасқақтап,  
Қорқып басын шайқады.  
Тағы бір іс болғанын,  
Өтеген сезіп ішінен,  
Жолдасына айтады.  
Тірі болсақ көрерміз,  
Мұндай істің талайын.  
Зәбірленген жан шығар,  
Байқап ақырын қарайын.  
Сендер мұнда тұра тұр,  
Істің күтіп талайын.  
Дұшпан болса егерде,  
Басына ойран салайын,  
Достық болса, достық қып,  
Оның да өшін алайын.  
Ер адамға мұндайдан,  
Қашып кету жарамас.  
Көрмей, білмей маңайын.  
Толыса қару-жарақ ап,  
Өтеген кетті дыбысқа.  
Баспа қылып келеді,  
Тоғайдан шыққан сыбысқа.  
Дыбыс шыққан жерге де,  
Өтеген келіп жетеді.  
Тоғайдың ну жері екен,  
Айдаһардың мекені.  
Бір айдаһар аштықта,  
Жатыр солып, дәрмен жоқ,  
Тамаша мұны етеді.  
Әлгі айдаһар бүйірінен,  
Аппақ болып жарқылдап,  
Кездіктей болған бір жылан,  
Олай-бұлай өтеді.

Садақтай болып ол жылан,  
Бөкесінен өткенде,  
Айдаһардың дауысы,  
Жер күңіретіп кетеді.  
Мұны көріп Өтеген,  
Мынадай ойға келеді:  
«Абжылан деген осы екен,  
Адамның қауіп-қатері.  
Айдаһарды өлтірсем,  
Анау түпке жетеді.  
Абжыланды өлтірсем,  
Айдаһар достық етеді».  
Деп ойланып Өтеген,  
Қолына берен алады,  
Басын көздеп абжыланның,  
Дәлдеп атып салады.  
Қозғалмай жерде қалғандай,  
Атқан оқ басын жарады.  
Сол мезгілде айдаһар,  
Басын бұрып қарады.  
Көреді де ол мұны:  
«Жақсылыққа-жақсылық»,  
Дегендей болып қалады.  
Қайтып келіп Өтеген,  
Жолдастары қасына,  
Не көргенін баяндап,  
Айтты бәрін асыға.  
Жолдастарын қуантып,  
Шығады Қоңыр басына.  
Осы жерге қонайық,  
Бірер күндер аялдап,  
Осында бүгін болайық.  
Қорықпаңыздар, жолдастар,  
Айдаһар бүгін келеді,  
Жақсылыққа – жақсылық,  
Бізге сыйлық береді.  
Осында жатсақ ұзамай,

Қайда екенімізді көреді.  
Аттан ерді алыңдар,  
Бір-бір төсек салыңдар.  
Ерлеріңді жастық қып,  
Бір кісідей томардан,  
Алып келіп жатқызып,  
Үстіне шапан жабыңдар.  
Өтегеннің айтқанын,  
Келтірер олар орнына.  
Жатқызады томарды,  
Келтіріп адам порымына.  
Содан кейін өздері,  
Жөнеледі бір жаққа,  
Батырдың еріп соңына.  
Тынық түн, жым-жырт айнала,  
Ұшады жалғыз жарқанат.  
Аспанда сансыз жұлдыздар,  
Тұрғансыды жол қарап.  
Жолаушылар кетеді  
Артынан істің асығып,  
Бәрін де ауыр ой қамап.  
Бір мезгілде төңіректі,  
Бір тамаша бу басты  
Бу мен бірге күлімсі иіс,  
Көкірек қапты, ұласты.  
Мұны көрген жолшылар,  
Не қыларын біле алмай,  
Жанынан қорқып бір састы.  
Кейі, тіпті қорқақтар,  
Төгіп те алды көз жасты.  
Тоқтау айтып Өтеген,  
Бұдан қорқып саспады.  
Күндізгіні тағы айтып,  
Жәбірсіз ол қорықпа деп,  
Түсіндірді басқаны.  
Біраздан соң бу кетіп,  
Жаман иіс тарады.

Томар жатқан жағына,  
Түрлі тұман барады.  
Бозторғайлар шырылдап,  
Ұйқы ашып, әнге салады.  
Әне, міне дегенше,  
Таң да атып қалады.  
Жетіп келді жігіттер,  
Белгінің жатқан қасына.  
Олай-былай қараса,  
Төңірегі белгінің,  
Қан боп қапты жосыла.  
Байқаса келіп белгінің,  
Кетіпті қойып басына,  
Бір құмандай сары алтын,  
Сыйлық етіп досына!  
Мұны көріп Өтеген,  
Көңілі тасып қуанып,  
Сөз сөйлейді жосыла:  
«Жақсылық қылсаң-жақсылық,  
Жетеді деген басыңа!  
Жамандыққа – жамандық,  
Бір келеді тосыла.  
Жалақор болса жігіттер,  
Дұшпаның түгіл, бой тартып,  
Досың келмес қасыңа.  
Ғибрат болсын кейінге,  
Үлкен-кіші, жасыңа!  
Қара қылды қақ жарып,  
Әділдікпен қарасақ,  
Бәле келмес басыңа.  
Пайдалы іске кез болсаң,  
Халқыңа тарат, жасырма!  
Ерінбе, көпке қызмет қыл,  
Жетесің істің расына.  
Жетілдім деп, жеттім деп,  
Қар суындай тасыма!  
Аспен атып жауап бер,

Дұшпанның атқан тасына,  
Жетім-жесір, әлсіздің,  
Қашанда құлақ түре жүр,  
Көзден аққан жасына!  
Қайғы көрсең – қарсы тұр  
Құлай беріп жасыма!  
Аздап еңбек сіңірсең,  
Береке кірер асыңа.  
Жалқау болсаң еріншек,  
Болмайсың адам асылда»  
Деп Өтеген, үлгі айтып,  
Атына қарғып мінеді.  
Қажу, қайту, талу жоқ,  
Ілгері тағы жүреді.  
Жалықтырмай жол бойы,  
Мақсатын, ойын сөз қылып,  
Ойнайды да күледі.  
Кент аралдың жолына,  
Бұлар келіп түседі.  
Жағасын оның аралап,  
Оның да суын ішеді.  
Мұны да жай деп менсінбей,  
Тасаралға өтеді.  
Тас тағының жері деп,  
Оған да тұрмай кетеді.  
Тағы бірнеше күн жүріп,  
Арымай-талмай түн жүріп,  
Құмаралға жетеді.  
Құмаралды аралап,  
Байқап бәрін шамалап,  
Оған да тұрмай кетеді.  
Енді Өтеген қиыстап  
Кендірлінің тұмсығын,  
Қиып өтіп асады.  
Қасқа жолға түсіп ап,  
Бірқазан құсты басады.  
Қажу білмес Өтеген,

Көңілі судай тасады.  
Бірқазан құстан атып ап,  
Қызыққа мүлде батып ап,  
Тағы да әрі асады.  
Бір мезгілде жолшылар,  
Көз ұшында көрінген,  
Бір тоғайға кіреді.  
Қап қара, жан жоқ, жолы жоқ,  
Осы кезде түн еді,  
Бұйра қара тон киген,  
Тонмен бірге түксиген,  
Тоғайдың суық түрі еді,  
Шаршап келген жолшылар,  
Суы жақсы болған соң,  
Осы жерге түнеді.  
Тоғайға ессіз от жағып,  
Қазанға даяр ет салып,  
Рахатқа бұлар батады.  
Әлемді басқан ауыр түн,  
Қалғыған тоғай жым-жырт үн,  
Батып еді кештің шапағы.  
Бір мезгілде бұлардың,  
Жетіп келді қасына,  
Екі әдемі келіншек,  
Меруерт жапқан басына.  
Қарасаң көзің тайлығар,  
Қолаң қара шашына.  
Қарақаттай көздері,  
Мөлдіреген гауһардың,  
Пар келеді тасына.  
Келді дағы екеуі,  
Сыбырласты, саңқылдап,  
Күлісіп, ақырын өзара,  
Сыбырласып қыңқылдап.  
Есі кетіп оларға,  
Жолдасы отыр тың-тыңдап.  
Өтеген жалғыз біледі,

Екенін бұлар жезтырнақ,  
Келіншекке ынтық боп,  
Көбісі отыр семіріп,  
Жүзіне сұлу мәз болып,  
Есі кетіп елжіреп.  
Аз-аздан етті алып жеп,  
Өтеген отыр шегініп.  
Шақырып еді ет же деп,  
Бірде жауап бермеді,  
Сөйлеуге де ерініп.  
Бір мезгілде бір жігіт,  
Қолына алып сүйекті,  
Отыр еді кеміріп,  
Қарай қалды келіншек,  
Әлгі адамға телміріп.  
Сұрайды одан келіншек,  
Сүйекті неге алдың деп.  
Бір бұлақты алып кеп,  
Бір бұлаққа салдың деп.  
Ақылың жоқ екенсің,  
Обалына қалдың деп,  
Тағы отырған бір жігіт,  
Қолын шөпке сүртеді.  
Қарай қалып екеуі,  
Бірін-бірі түртеді.  
Майды майға сүртті деп,  
Қолдарын кеп сілкеді.  
Бұдан кейін отырмай,  
Ізімен қайта қайтады.  
Сылдырап ақырын, маймандап,  
Жапырмайды бір шөпті,  
Жерді басқан байпағы.  
Жолаушылар аң-таң боп,  
Өтегенге қарасып,  
Бәрі басын шайқайды.  
Сонда Өтеген оларға,  
Мынадай кеңес айтады:



«Мұның аты – жезтырнақ,<sup>1</sup>  
Бұған жақын болмаңдар,  
Зейнетіне қызығып,  
Алданып қапы қалмаңдар.  
Жақындаса денесі,  
Тырнақты саған салады.  
Қолы тисе бұл бәлең,  
Күл-талқан боп қалады.  
Түнде сұлу әйел боп,  
Біліп алып мән-жайды,  
Болат өткір тырнақпен,  
Жүрегінді жарады.  
Енді бекер тұрмаңдар,  
Ерлерінді алыңдар.  
Кісідей томар жатқызып,  
Бір-бір төсек салыңдар,  
Ұйықтап жатқан кісідей,  
Айқара шапан жабыңдар,  
Сөйтіп андып, баспа ғып,  
Өздерің кетіп қалыңдар.  
Жолдастары орындап,  
Мерзімді жерге барады.  
Батыр өзі даярлап,  
Мылтығын қолға алады.  
Бір ағаштан орын ап,  
Оқ тиер жерде шамалы,  
Өтеген тұрад баспағып,  
Не болар деп заманы.  
Түн жарығы болғанда,  
Тоғай жақтан сылдырлап,  
Жезтырнақтар шығады,  
Бұтақтар ақырын сыбдырлап.  
Төсек жатқан жерлерге,  
Келеді ақырын тың-тыңдап.  
Мысықтай тышқан андыған,  
Сумаң-сумаң сымпыңдап,  
Келіп ақырын екеуі,

Тырнақты кеп салады.  
Кісідей жуан томарды,  
Быт-шыт қылып жарады.  
Осы кезде Өтеген,  
Андып тұрып біреуін,  
Дәлдеп атып салады.  
Көтеріле бергенде,  
Енді қалған біреуін,  
Тағы да атып салады.  
Соныменен Өтеген,  
Екеуін де өлтіріп,  
«Уһ» деп демін алады.  
Таң атқан соң жиналып,  
Өлген жерге барады.  
Барса ағашта дым да жоқ,  
Шапандар қалған күл болып,  
Айқара жапқан манағы.  
Онан шығып Өтеген,  
Қосын тартып жөнеді.  
Тәуекел етіп не көрсе,  
Бәріне де көнеді.  
Неше түрлі көрмеген,  
Тамаша жерлер көреді.  
Бәріндегі жерсінбей,  
Біреуі жақсы демеді.  
Қырық күншілік жол жүріп,  
Азғана емес мол жүріп,  
Бір көлге жетіп келеді.  
Көгілдір мөлдір – көл теңіз,  
Көбіктенген көк теңіз,  
Бұларға өткел бермейді.  
Жағасының жары көп,  
Бірі бар да, бірі жоқ,  
Қонысқа жайы келмейді.  
Жағалап оны жол тартып,  
Тағы ілгері өрледі.  
Елсіз – иесіз, ақсүйек,

Кім жайлаған – кім білед.  
Бұрын қандай жер еді,  
Анда-санда жалғыз-ақ,  
Күшігендей молалар,  
Алыстан көзі көреді.  
Құмды шөл, шетсіз кең дала,  
Ақсүйек – селеу айнала.  
Қырық күншілік жол жүрді  
Көшпелі құмнан жол тауып,  
Жерлерден нелер зор қауіп,  
Сол жүргеннен мол жүрді.  
Бір замандар болғанда,  
Ну тоғайға жетеді.  
Осы жерге тоқталып,  
Біраз күн дамыл етеді.  
Өтеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Мынау қалың шеңгелдің,  
Ішіне енді кіреміз.  
Қырық бес күндік жолы бар,  
Қатырғандай сілеміз.  
Жолы қатер болғанмен,  
Ақырғы күшті жиып ап  
Тәуекелге мінеміз.  
Аржағында осының,  
Бір қоныс жер бар дейді,  
Көруге соны жүреміз.  
Қырқып шықсаң есен-сау,  
Жайлы қоныс, бар үміт,  
Соны барып көреміз».  
Өтегеннің бұл сөзін,  
Жолдастары құп алды.  
Талай түнек шеңгелді,  
Бұза-жара жол салды.  
Қырық бес күн жүріп талғанда,  
Аржағында бір байтақ,  
Кең даланы көз шалды.

Арып-талып Өтеген,  
Далаға да жетеді.  
Жиделі деген жер екен,  
Өте ыңғайлы мекені.  
Мұны көріп жолшының,  
Бар арманы кетеді.  
Жиделіні айтқанда,  
Ағашы қалың ну екен.  
Орап алған жан-жағын,  
Тараған өзен су екен.  
Жиде – пісте сықылды,  
Жемістердің туы екен.  
Дәмін татып көрсеңіз,  
Алуан шекер бал екен.  
Неше түрлі көрмеген,  
Айуанат, құстар бар екен.  
Лек-лек боп киіктер,  
Отан қылған жер екен.  
Қара құйрық, құландар,  
Қотан қылған жер екен.  
Лақтай боп қояны,  
Төл боп өскен жер екен.  
Берекесі тасқындап,  
Көл боп өскен жер екен.  
Жылқыдай боп құланы,  
Екі есе үлкен бұланы.  
Домбай деген тағы аң бар,  
Төрт есе үлкен планы.  
Қарақасқа деген бір киік,  
Пілдей болып тұрады.  
Жайылған жылқы секілді,  
Андарының көптігі,  
Салбыраған бұғағы.  
Жер шырайын қарасаң,  
Түрімен біткен шөптері.  
Жұпардай иісі аңқыған,  
Бәйшешек гүл төккені.

Таусылмайды бұл жердің,  
Айта берсең кептері.  
Неше аралға бөлініп,  
Байтақ жазық кеткені.  
Аққу құсы қаңқылдап,  
Шағаласы шаңқылдап,  
Салтанат құрған бөктері.  
Мұны көріп Өтеген,  
Жаңа дүние тапқандай,  
Іштен шері кетті енді.  
Алып келіп елімді,  
Қондырам деген бұл жерге,  
Өтеген сонда серт берді.  
Жиделі батыс жағында,  
Тұмандай болып көрінді,  
Мана деген дариясы.  
Дариядан бөлінген,  
Толып жатыр жылғасы.  
Батысқа қарап ағады,  
Дарияның бір саласы.  
Одан шыққан таулары,  
Жиделіні әбден байытып,  
Жан жаққа кетер тұнбасы.  
Өтеген жатып сол жерде,  
Танысады жерімен.  
Аралап түгел Жиделіні,  
Көреді қызық көрмеген.  
Бір кемшілік бұл жерде,  
Бар екенін сезеді.  
Жылқыға жайсыз жер екен,  
Болғанымен өзені.  
Дегенменен Өтеген,  
Жылқыға шөп табам деп,  
Төңірегін түгел кезеді.  
Таба алмай көңілге алғанын,  
Жиделіден тағы безеді.  
Барар жер, басар тауы жоқ,

Өртенеді өзегі.  
Жылқыға жайлы болмаса,  
Қазаққа жаннат не пайда?!  
Жылқысыз қазақ тұрар ма,  
Апарсаңда сен қайда.  
Бұған елім келмейді-ау,  
Маған ырық бермейді-ау!  
Деп зарланып Өтеген,  
Таба алмады басқа айла.  
Соныменен Өтеген,  
Елім деп жасы сорғалап,  
Арманымен айқасып,  
Көмілді, қалды бір сайда!

\* \* \*

Уа, Өтеген, Өтеген,  
Бұғыдай мүйіз көтерген,  
Қайдасың ерім, кел бері!  
Жаңа хабар әкелдім,  
Жетісудың Жамбылы,  
Ескінің көзі – зергері.  
Орныңнан тұрып бүгін сен.  
Көрер ме едің елдерің,  
Жетісу атты жерлерің,  
Жапалақ ұшпас жапан түз,  
Қарсақ жортпас қара адыр,  
Құладын ұшпас шөлдерің.  
Қасқайған қақпас қаратас,  
Селеу басқан сұр жонас,  
Қамыс басқан көлдерің.  
Бүгін өзің қарашы,  
Бөленіп нұрға гүлденген,  
Орал, Тянь-Шань арасы.  
Қазақстан даласы,  
Түлеген қайта түрлеген.  
Кебінін тастап қайтадан,  
Киінген киім бүлдеден!

Өз жеріне өзі ие,  
Сайраңдап мәңгі жайлаған.  
Қызыл жалау қолында,  
Орақ, балға бетінде,  
Бақытқа бастап үндеген.  
Халықты сорған хандарды  
Патша, бай, жуан нәндерді,  
Топырағын аластап,  
Зұлымдықты қопарып,  
Тастаған серпіп іргеден.  
Ол-ол ма, қызық тамаша,  
Айта берсең тағы бар,  
Өз алдына қазақтың,  
Бақыт жолын көрсеткен  
Әділ – қасқа заңы бар.  
Өзінің тілі, өз сөзі,  
Өз өкіметі – шамы бар,  
Колхоз, совхоз құралып,  
Халық дәулетке оралып,  
Заводтары божылдап,  
Қала, дала қыбырлап,  
Көтерілген шағы бар.  
Жер қазнасын ақтарып,  
Көрінген жерге бақ дарып,  
Ашқан бетін таңы бар.  
Қара таудан қорғасын,  
Алтайдан алтын жарқылдап,  
Көкшетауда қой өскен,  
Білмейсің қанша саны бар.  
Қарсақбайда жез құйып,  
Шымкент жатыр мақта үйіп.  
Ембі майы тағы бар.  
Жемісі-гүлі жайнаған,  
Мың-мыңдап малды айдаған.  
Байтақ дала кіндігі,  
Алатаудай бағы бар.  
Айшылық алыс жерлерді,

Әпсағатта өтетін,  
Денеге тартқан тамырдай,  
Турксиб сынды тұлпар бар!  
Қарағанды қара алтын,  
Қоңыратта сары алтын.  
Қармақшының күріші,  
Жаркент кені – ырысы,  
Осыменен ағылар.  
Береке көзі қайнаған,  
Бақытқа басты байлаған,  
Балқаш, Арал, Сырдария,  
Нұра, Ертіс, Шу, Іле,  
Толып жатқан тағылар.  
Кілемдей дала гүл жайнап,  
Егін бақша қаулады.  
Қора-қора түлік мал,  
Үкілі, жүнді, майда жал,  
Өсіп-өрбіп лаулады.  
Тұяғынан от шашқан,  
Теке жәуміт сан тұлпар  
Саннан шығып заулады.  
Жер таңдамас жел жүйрік,  
Құздан құзға секіреді.  
Андай тағы таудағы,  
Кеш батқанда қарасаң,  
Қара құрым қаптайды,  
Сиыр, түйе, қой, қозы,  
Ауылдың тұс-тұс, жан-жағы  
Түн болса қотан маужырап,  
Тыныш ұйқыға батады.  
Ұры, қары-қауіп жоқ,  
Күзетші сақ малдағы.  
Рахаттанып мызғиды,  
Бұйра жүнді қошақан,  
Үкі жүндес – ботақан,  
Монтиған жас бұзауқан,  
Ауылдың маңы, аймағы.



Ен уызға мас болып,  
Мызғиды көгал ішінде,  
Құлыншақтар сайдағы.  
Үй басына бір қазан,  
Лыпылдаған ернеуі,  
Бұзылмаған қаймағы.  
Арманға жеткен мез-майрам,  
Баққа оранған бір елміз.  
Жайнаған жаздай майдағы!  
Көзіңді ашып тағы бір,  
Өтеген, өзің қарашы!  
Осындай ен байлықтың,  
Иесі – қазақ, баласы!  
Қоныс таппай – сен кеткен,  
Біздің елдің даласы!

## ӨТЕГЕН БАТЫР

*(Үшінші нұсқа)*

Біздің қазақ халқы бұрын қалмақ, қырғыз, өзбек болып төрт ұлтқа бөлініп, бірін бірі әлі келгенін шауып алып, білегінің күші, найзасының ұшымен бірін бірі езіп жаншып жүрген еді. Содан қалмақты жаулап, қазақ жерінен қытай жеріне аударды. Содан қазақ бірбеткей болып, қазақ ішінде Ұлы жүздің баласы қырғызбен өте жауласып шабысып, бірін бірі қуғын сүргінге салып жүрді. Онан соң қазақ халқы үш жүздің баласына бөлініп – Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып, үш жікке бөлініп жүрді.

Ол уақыттағы билеушілер хандар болды. Ақ сүйектің тұқымынан хан көтерді. Хандардың қабырғалы билері болып, олар өзінің ойына келгенін істеп жүрді. Хандардың мақсаты әлі келгенін шауып алу, талау, қан төгу болды. Содан біздің қазақ халқы орысқа қарамай тұрып, өздері орыс деген жұрт бар, әліміз келсе орысқа қараймыз деп жүрген еді. Сол

кезде қазақтың Ұлы жүз руынан 1730 жылдар шамасында (Өтеген деген батыр шыққан. Ол Өтеген Ұлы жүздің Дулат нәсілінен, Сырымбет деген атаның тұқымынан шықты.

Өтеген батыр есі кіріп, ат жалын тартып мінгеннен кейін қоныс қарай бастаған. Ер жетіп, толық адам болғаннан кейін, түбі осы Жетісу жеріміз бізге қонысқа жарамайды, себебі бұл жерді түбінде орыс деген халық алады, оған қарсы тұра алмаймыз, себебі біздің қазақ халқы өте надан, айласы, күші жоқ, сондықтан оған еркіміз кетіп қарағанша, бір оңаша жер-су тауып, әрісі қазақ халқын тегіс қоныстандыру, иә болмаса тілімді алған қазақты құтқарамын деп жар салған. Тегінде орысқа бағынбаймыз деген Өтеген батырдың басқа қазаққа пікір санасы қосылмаған. Себебі қазақ халқының бәрін бірдей көріп, қазақтың қамын жеген. «Қамалда қалдың-ау!» – деп көп зарлаған. Және өзінің керемет нақ төбесінде бір қарыстай екі мүйізі болған екен. Батырлығы өте күшті болған. Бірақ қан төгуді қаламаған кісі. Жалғыз-ақ қоныс іздеуде болған. Содан өзінің Аюке деген баласы мен елу кісімен екі айғыр үйірлі жылқы айдап, қару-жарағымен ел-жұртымен қош айтысып, әуелі күн шығысқа қарай бет алған. Сол жүргеннен жүріп Қытай тарапына барып, күннің шығысына барғанда, ыстық күн маңдайынан өтіп жүре алмай қайта қайтқанда Ашу дариясын көріп, одан төмендеп, күннің батысын көздеген.

Одан Ақтөбеге беттеп, бір Қазан деген жерді басып, қырық күншілік шөлден, қырық күншілік шеңгелден, қырық күншілік жолдан өтіп, Жиделібайсын деген жерге барып қайтқан. Жеті қырғыздың Алатауын тегісінен аралағанға ұқсайды. Оны толық білмейді. Себебі, Атпас, Нарын деген жерлерде Өтегеннің тасқа басылған мүйізді суретін көрген кісілер бар. Ақыры 17 жыл жер қарап қайтып келген. Сондағы көріп білген ғажайып әңгімесін Жамбыл қарт өлеңмен суреттеп айтады.

Жер танабын алғаннан,  
Сөзім болмас жалғаннан.  
Бұғыдай мүйіз көтерген,

Қасқараудан шыққан Өтеген,  
Төрт жақтан жер қараған,  
Асыл нұрдан жаралған,  
Барып қайтты Өтеген,  
Күннің шыққан жеріне.  
Тегісімен аралап,  
Қытай, Бежиін еліне.  
Одан қоныс таба алмай,  
Орыстың кетті шеніне.  
Орысты көріп тұра алмай,  
Ішіне оның кіре алмай,  
Мұның жүзі құрсын деп,  
Одан қоныс таба алмай,  
Қорқыттың түсті жолына.  
Неше жылдай жол жүріп,  
Аз ғана емес мол жүріп,  
Сырттан жолды таба алмай,  
Келіп түсті Өтеген,  
Қарсы қосар жолына.  
Бір апта жатып ол жерде,  
Енді жүрді Өтеген,  
Ақтөбенің жолына.  
Жылқысы болса айдаулы,  
Қымызы болса байлаулы,  
Жау-жарағы тегіс сай,  
Қылыш болса қайраулы,  
Жетіп келді батырлар,  
Ақтөбенің өзіне.  
Үстіне тігіп шатырлар,  
Жатты біраз сол жерде.

Сонымен Өтеген батыр жерді шалып, біраз күн Ақтөбеде жатады. Сол жерде бір айдаһарға кез болады. Енді сол айдаһардың әңгімесі сөйленеді.

Өтеген батыр өткен заманында,  
Заманның жүрді біраз қамалында,

Жақсы қоныс жер жүзінен табамын деп,  
Қыдырған жиһан кезіп аманында.  
Жан білмеген Өтегеннің ақылын-ай,  
Кез болып заманының тақырына-ай,  
Ат жалын тартып мініп ер Өтеген,  
Өткізді дүниені сапырып-ай.

Өтеген Ақтөбеде жатты дейді,  
Ас құйып, түрлі тамақ татты дейді,  
Ішіп, жеп болғаннан соң төсек салып,  
Ұйықтап бейхабарсыз жатты дейді.  
Ел көзі тегіс ұйқыға батқан кезде,  
Шаршағандар дамылдап жатқан кезде,  
Жылқы үркіп, ел ұйықтаған жерге келді,  
Тамаша бір іс болды көрер көзге.  
Жылқылар үркіп келді қасына енді,  
Оянып көтерді олар басын енді,  
Бір жаман күлімсі иіс пайда болды,  
Ағызды қорқып қанды жасып енді.  
Бұл неткен жаман иіс, ой, тоба деп,  
Шуылдап қалды бәрі сасып енді.  
Бұрын мұндай қысылшаң көрмегендер,  
Сескеніп олар қалды жасып енді.  
Не бәле болды Өтеген батырым-ай,  
Бастан кетті қорыққаннан ақылым-ай,  
Қарашы жан-жаққа көзің салып,  
Бір ажал келді білем, япырым-ай!  
Өтеген өзі батыр, мерген екен,  
Михнатты осы жерде көрген екен.  
Жолдастар сабыр қылып, қорықпандар,  
Бұл жерге бір айдаһар келген екен.  
Байқаса, бір айдаһар келген екен,  
Келгенін Өтегеннің білген екен.  
Зиянсыз айдаһардың келгендігін,  
Ақылмен ер Өтеген білген екен.  
Жолдастар, енді бұдан қорықпаңыздар,  
Тәуекел, не де болса тақ тұрындар.

Егерде зиян қылса қылар еді,  
Бұ да бір мұқтажына келген шығар.  
Таң атсын, не де болса көрелік біз,  
Мәнісін таң атқан соң білелік біз.  
Құтылсақ аман-есен мақұлықтан,  
Жол тартып жөнімізге жүрелік біз.  
Бұл жерге бұл айдаһар бекер келмес,  
Келгенін жәй-мәнісін білелік біз.  
Егерде қастық қылса аямайды,  
Сендердің ажарына қарамайды.  
Күтелік сабырлықпен істің артын,  
Қорықпайық, бекер қорқу жарамайды.  
Егерде қастық қылса көрген заман  
Ешқандай біздерге бермес аман.  
Ендігі бізді қоймай жұтар еді,  
Мұнымен күресуге келмес шамаң.  
Өтеген ақыл айтып, тоқтау салды,  
Сондада аз тоқталып қайғыланды.  
Ішінен қатты қорқып жолдастары,  
Зар жылап, түніменен күйіп-жанды.  
Қорқысып бейшаралар жатты сонда,  
Таң бозарып біразда атты сонда.  
Қараса бір айдаһар қоршап алған,  
Жолдасы қатты қорқып, састы сонда.  
Достары буыны құрып тұра алмады,  
Бейшаралар не қыларын біле алмады.  
Қараса айдаһардың түсі суық,  
Маңына ешкім батып келе алмады.  
Қан сиіп, жылқылар тұр жерді тарпып,  
Жолдастары жылайды қайғы тартып.  
«Батыр енді күніміз не болды» деп,  
Көзінен қанды жасын сорғалатып.  
Атына ер Өтеген мінеді енді,  
Үстіне қару-жарақ іледі енді,  
Сабыр деп, жолдасына тоқтау айтып,  
Аяңдап айдаһарға келеді енді,  
Жақындап айдаһарға келді дейді,

Көрдiң бе, Өтегендей ердi дейдi.  
Бүктелiп, естiлiп, жүз бұралып,  
Жарқырап екi көзi жатыр дейдi.  
Бозшұбар айдаһардың түрi дейдi,  
Ала теңбiл үстiнде түгi дейдi.  
Дуалдай Өтегендi қоршап алған,  
Тыныш жатыр, шықпайды үнi дейдi.

*Өтеген айдаһарға мынадай жауап айтады:*

Ей, мақұлық, сен бiздi алдың қоршап,  
Бiз келдiк алыс жерден арып, шаршап.  
Қыдырған жаһан кезiп бiз жолаушы,  
Таба алмай жайлы қоныс жүрмiн аңсап.  
Қоршап бiздi ортаңа алғаныңыз,  
Қорқытып қайғы басқа салғаныңыз.  
Қоршадың не себептен бiздердi ендi,  
Бар болса бiлдiрiңiз арманыңыз.  
Бiр жүрген, жаһан кезiп мен бiр серi,  
Жүредi мұндай жерде ердiң ерi.  
Мекен қып, айдаланы еркiн жүрген,  
Жаратқан бiр Алланың сен бiр шерi.  
Мен келдiм жаһан кезiп соның үшiн,  
Қыдырып жүрген менiң бұл жұмысым.  
Халқыма жайлы жерден қоныс табам,  
Жол ашып, бiзге рұқсат бергiн ендi,  
Жылаған көздiң жасын көргiн ендi.  
Сен де шерлi болғанда, мен де шерлi,  
Қамалтпай жолаушыны жүргiз ендi.  
Айтқанын Өтегеннiң бiлген ендi,  
Жақындап Өтегенге келген ендi.  
Жиырылып сол уақытта тыржың етiп,  
Бiр екi саржадай жол берген ендi.  
Қуанып жол берген соң бейшаралар,  
Босанып қамауынан жүрген ендi,  
Көңiлден қорқыныш әрең кеттi.  
Қысылып қалған екен бейшаралар,  
Қатты жүрiп бiр қатар жерге кеттi.

Жолаушы жүре берді елбелеңдеп,  
Құдайдың салғанына бір көнем деп.  
Бес-алты шақырым жер барғанда,  
Айдаһар ұшып түүсті алдына кеп.  
Айдаһар көлденеңдеп қалды жатып,  
Қойды ғой жолаушыны таңырқатып.  
Құтылдық қой деген кезде бір бәледен,  
Көңілді тағы қойды жабырқатып.  
Өтеген батыр сонда сөйлейді кеп,  
Не себептен жолды бізге бермедің деп.  
Айтшы маған көңілдегі арманыңды,  
Осынша қыр соңымнан қалмадың еріп.  
Айдаһар сол уақыт ысқырды енді,  
Жер сабап, құйрығымен ышқынды енді,  
Құйрығымен жіберді жерді ұрып,  
Бұларға мұндай істі түс қылды енді.  
Қан сиіп сонда аттары жата қалды,  
Не мұқтажың бар деп Өтеген айта қалды.  
Қара қазан сар баланың қамы үшін,  
Өтеген бір басына шатақ алды.  
Көзі тұр айдаһардың оттай жанып,  
Айтуға тілі жоқ тұр іші жанып.  
Айдаһар жолға түсті ажағайлап.  
Айдаһар жүріп берді тауға қарап,  
Жарқырап екі көзі оттай жайнап.  
Бес кісімен ер Өтеген келе жатыр,  
Ойлайды бұл қалай деп тамашалап.  
Айдаһар келді таудың етегіне,  
Өтеген қалмай жүрді жетегіне.  
Бес кісімен Өтегенді ертіп алып,  
Өзінің келіп жетті мекеніне.  
Таудан шығып, екі айыр су ағып жатқан,  
Мекені айдаһардың батыс жақта.  
Өзінше қазынасы болса керек,  
Отан ғып бұрыннан да бағып жатқан.  
Өтеген таң қалады ерің енді,  
Үңгірді тамашалап көріп енді.

Жер екен шаңдақтанған, ойнағы бар,  
Бұрын мұндай нәрсені көрмеп еді.  
Айдаһар үңгірге кеп, тұра қалды,  
Мойынын Өтегенге бұра қалды.  
Өтеген ишарат қып, тартынба деп,  
Көңіліне айдаһардың қуаныш салды.  
Айдаһар үңгіріне кетті кіріп,  
Өтеген қарап тұрды келген еріп.  
Біраздан соң әлгі айдаһар шыға келді,  
Қараса, үсті-басы қан боп кеткен.  
Тартынба, тағы қайта кіргін деді,  
Алланың не салғанын көргін деді.  
Алысқан сен жауынды алып шыққын,  
Сонан соң ерлігімді көргін деді.  
Қайтадан таудың асты дүрсілдеді,  
Өтеген не болды деп, күрсінді енді.  
Өтеген ыңғайланып, күтіп тұрды,  
Намысты қолдан бекер берсін бе енді.  
Бір уақытта екі айдаһар шыға келді,  
Шыққанын ер Өтеген көзі көрді.  
Тіресіп, бірін бірі тістелесіп,  
Беттесе қатарынан тіке тұрды.  
Қып-қызыл, жылтыр шұбар бір айдаһар,  
Аузынан отты жалын шығады эзер.  
Мекенін айдаһардың тартып алып,  
Жатқан екен ие боп, пейілі тар.  
Бір кез басы анадан озып тұрды,  
Батырдың ашуы кеп қозып тұрды.  
Қараса, жас айдаһар күші басым,  
Кәріні көп алысып зорықтырды.  
Мылтығын ер Өтеген қолына алыа,  
Бұрыннан қойған еді оғын салып.  
Атуға айдаһарды ыңғайланып,  
Мылтығын тұра қалды бетіне алып.  
Сол жерде айдаһарды атып салды,  
Оқ тиіп қақ маңдайдан жатып қалды.  
Соғысын екеуінің көрген соң,



Адамзат қызығына батып қалды.  
Айдаһар шалқасынан құлады енді,  
Белінің ортасынан сындырды енді.  
Қимылдаған жерінің бәрін шайнап,  
Көңілін кәрі айдаһар тындырды енді.  
Ерлігін ер Өтеген білгізді енді,  
Қош қылып жолдастарын күлгізді енді.  
Айдаһар суға аунап тазаланып,  
Қайтадан төмен қарай жүргізді енді.  
Жолымен қайта жүрді төмен қарай,  
Айдаһар бастап келе жатыр қалмай.  
Кейінгі жолдасына алып келді,  
Айдаһар тағы жүрді тыным алмай,  
Артынан кешке шейін ерген енді.  
Ақылға ер Өтеген зергер енді,  
Ілесіп айдаһармен келе жатыр,  
Бір үлкен ну тоғайды көрген енді.  
Айдаһар сол тоғайға кіріп кетті,  
Артынан қарамастан жүріп кетті.  
Жолдасын ертіп келген адастырып,  
Бұларды таң-тамаша етіп кетті.

Сонда Өтеген батыр бұл қалай деп, қайран қалды да,  
бұл жерге тегін алып келген жоқ қой, бір ғажайып нәрсе бар  
ғой деп, жан-жағына көзін салып қарайды. Сонда қараса бір  
жалғыз ақ үй көрінеді.

Ер Өтеген ал сонда,  
Атының басын бұрады,  
Әңгіме дүкен құрады,  
Бұл тоғайда не бар деп,  
Олай-бұлай қарады.  
Қарап тұрса тоғайдан,  
Бір үлкен ақ үй көрінді,  
Айдалада отырған.  
Үй екен деп не қылған,  
Үйге таман барады.

Үй артына жетіп кеп,  
Сөйлес хабар қылады.  
Сол уақытта бір адам,  
Үйден жауап қылады.

*Үйдегі адам мынандай жауап береді:*

Ер Өтеген, сенбісің?  
Қасың тартып жүрісің,  
Бей уақытта келіпсің.  
Осынша жерге келгенде,  
Қасыңдағы жолдасың,  
Тұра тұрсын далада.  
Өзің аттан түсіп кеп,  
Жайыңды айтқын, жан балам.  
Сонда Өтеген батырың,  
Аттан түсіп келеді.  
Әдеппен жүріп ақырын,  
Үйге кіріп, сәлем береді.  
Жол болсын айтып, танысып,  
Жәй мәнісін біледі.

Осы үйде екі қожа отыр екен. Жәй мәнісін сұрағанда  
Қайыперен қырық шілтеннің досы болып табылады.

Сонда Өтеген сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Мен ғарып айтқан сөзіме,  
Қожам құлақ сал дейді.  
Арып келген жолаушы,  
Өтеген деген мен едім,  
Жаһан кезген тор едім.  
Қатын-бала қамы үшін,  
Қоныс іздеп кеп едім!  
Мекен қылып отырған,  
Жетісу деген жер еді.  
Үш Алматы кері еді,  
Қазақ деген ел еді.

Көнелердің айтуы,  
Осы Жетісуды,  
Орыс алар деп еді.  
Орыс алса жерінді,  
Қор боларсың деп еді.  
Сол себептен бұл жерге,  
Өтегендей ғарыбың,  
Қоныс іздеп кеп еді.  
Жақсы қоныс бар болса,  
Айтып бер, қожа, сен дейді».  
Сонда қожаның жауабы:  
«Ей, Өтеген батыр-ау,  
Ел тілінді алмайды-ау.  
Айтқаныңа бағынып,  
Назар соған салмайды-ау.  
Әуре болып ел үшін,  
Еңбегің сенің жанбайды-ау.  
Шөлдегенің ел үшін,  
Сусының сенің қанбайды-ау.  
Қамы үшін еліңнің,  
Құрбан қыпсың жаныңды.  
Өтеген ер сен едің,  
Қоныс іздеп кеп едің.  
Қамы үшін еліңнің,  
Еңіреп туған ер едің.  
Іздеп кепсің алыстан,  
Елің үшін батырым.  
Елдің сиқы алты ауыз,  
Болмады-ау сенің көмегің.  
Елің үшін туыпсың,  
Жұртың үшін күйіпсің.  
Әуреге сап басыңды,  
Тие ме деп жұртыңа,  
Тіршілікте себебің.  
Ер Өтеген батырым,  
Қырық шілтен біз қосып,  
Бағып енді жатырмын.

Ел күзетіп олар жүр,  
Дүниені аралап.  
Елдің біліп мәнісін,  
Соныменен елсізді,  
Мекен қылып отырмын.  
Ер Өтеген батырым,  
Ауыр бейнет көріпсің.  
Барса келмес жолына,  
Құдай айдап түсіпсің.  
Қауіп қатер жолында,  
Толып жатыр, көрерсің.  
Зияндасты көргенде,  
Сонда батыр сезерсің».

*Сонда Өтегеннің жауабы:*

«Ешкім бұзып жөндемес,  
Тағдырдың салған қармағын.  
Не де болса қайтпаймын.  
Көңілімде көп алғаным.  
Еліме қоныс таппасам,  
Ішімде кетер арманым.  
Өтеген едім елімде,  
Туғаннан ақ жағымды.  
Дұшпан мені сындырып,  
Көрген емес сағымды.  
Жаһан кездім ел үшін,  
Қонысқа жайлы жер үшін.  
Осынша жерге келгенде,  
Бір сынайын бағымды.  
Жатыр дейді дос қылып,  
Көңілім әбден қош қылып».

*Қожадан жауап:*

«Ей, Өтеген, құлақ сал,  
Бір ақыл саған айтайын.  
Сол ақылды ұғып ал,  
Асылыңды байқайын.

Дегеніңе жеткізсін,  
Орындалып талабың.  
Алғыр бүркіт секілді,  
Көрінеді қабағың.  
Түнде барма үйіңе,  
Күндіз барғын, шырағым.  
Айтқанымды ұғып ал,  
Сезімді екен құлағың.  
Әр іске сабыр ет,  
Ақылменен жалғанның,  
Жандырарсың шырағын.  
Осы сапар көрерсің,  
Бұл жалғанның қыспағын.  
Ашуың келсе әгарда,  
Арашалап сол қолың,  
Оң қолыңды ұстасын».  
Қош айтысып қожадан,  
Өтеген батыр кетеді.  
Сәскелікке озып жүретін,  
Өтегеннің әдеті.  
Жолаушылар жол жүріп,  
Мезгілінде жерге жетеді.  
Бір қатар күн жол жүріп,  
Аз ғана емес мол жүріп,  
Шықты қоңыр беліне.  
Адам жақын жүрмейді,  
Өтегеннің шеніне.  
Мақсұты оның көңілінде,  
Қоныс тауып бермекке,  
Іздеп жүріп еліне.  
Аз дамылдап бұл жерде,  
Тағы да атқа мінеді.  
Қосын тартып ілгері,  
Тәуекелмен жүреді.  
Кент аралдың жолына,  
Өтеген батыр түседі,  
Кент аралды аралап,

Одандағы өтеді.  
Тас аралға тағы кеп,  
Оғандағы тоқтамай,  
Құм аралды аралап,  
Байқап барып шамалап,  
Кендірлінің тұмсығын,  
Басып өтіп Өтеген,  
Қасқа жолға жетеді.  
Қасқадан да асады,  
Бір қазан таудан айаңдап,  
Жалын келіп басады.  
Батыр туған Өтеген,  
Көңілі судай тасады.  
Бір қазан құсты атып ап,  
Қызыққа әбден батып ап,  
Көз ұшында көрінген,  
Бір үлкен ну тоғайға,  
Соған қадам басады.  
Тоғайға кіріп тынығып,  
Біраз сонда жатады.

Осы жолда Өтеген бейнетті көп көреді. Бір қалың тоғайдың ішінде айдаһарды өлтірмек болып жатқан әбжыланды өлтіреді. Сол тоғайға түнегенде өлімнен құтқарған айдаһар бұларды түнімен қорғап, күзетіп шығады. Таңертең айдаһардың тұрған жерінен әдейі силыққа тығып кеткен кесек алтынын тауып алады.

Өтеген одан ай жүріп, тағы бір қалың шеңгелді жерге келеді. Тар жер деп ұнатпайды. Мұнда бір жезтырнаққа кездесіп, айласын тауып, оны да өлтіреді. Бірақ тұрақтап, демалып жата алмайды.

Одан шығып Өтеген,  
Қосын тартып жөнеді.  
Тәуекел деп Құдайға,  
Жолға түсіп келеді.

Неше түрлі көрмеген,  
Жерін олар көреді.  
Қырық күншілік бір көлге,  
Соған жетіп келеді.  
Көлден жолды таба алмай,  
Жадағай өрге жүреді.  
Көлдің басын айналып,  
Неше күндер болғанда,  
Суы жоқ көлге келеді.  
Ебін тауып Өтеген,  
Қырық бес күндер болғанда,  
Шөлден әрең өтеді.  
Шөлден шығып өткен соң,  
Қалың қара шеңгелді,  
Аспанменен сөйлескен,  
Тоғайға келіп жетеді.  
Сол шеңгелдің қасында,  
Біраздар күн тынығып,  
Өтеген батыр жатады.  
Өтеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Қалың қара шеңгелдің,  
Ар жағында көрмеген,  
Бір жақсы жер бар дейді.  
Сол жерге енді баруға,  
Соған қайрат сал дейді.  
Енді қарап тұрмалық,  
Бұл шеңгелді кіл қалың.  
Көңілімізді алаң қып,  
Басқа жаққа бұрмалық.  
Қазірден бастап қиялық,  
Күшімізді жиялық.  
Аман болсақ жігіттер,  
Қырқып шығып шеңгелді,  
Абұйырды алайық».

Сонымен қырық күн болғанда қырқып шығып, ар

жағында Жиделі байсын деген жерге барады. Бір жылдай аралап, тегіс көріп қонысқа жаратып қайтады.

Шенгелді қырқып, жол салып,  
Өтіп шықты Өтеген,  
Жиделі байсын жеріне.  
Кім шыдаған ол күнде,  
Өтегендей еріне.  
Құлақ құршың қанбайды,  
Батырдың көрген көбіне.  
Айтарлықтай не деген,  
Жиделі байсын жер екен.  
Өз әлінше Өтеген,  
Көзі ашық туған ер екен.  
Заманында ер туған,  
Жүректі туған ер екен.  
Жиделі байсын жеріңіз,  
Ағашы қалың жер екен.  
Жиде менен пістесі,  
Жемісі оның көп екен.  
Уылжып піскен жемістен,  
Дәмін татып жесеңіз,  
Алуан шекер бал екен.  
Неше түрлі көрмеген,  
Қайуанат, құстар көп екен...  
Таусылмайды бұл жердің,  
Айта берсек көптері.  
Неше аралға бөлініп,  
Жалпақ болып кеткені.  
Жаңа дүние тапқандай,  
Өтегендей батырдың,  
Іштен шері кетті енді.  
Алып келіп елімді,  
Қондырам деп бұл жерге,  
Өтеген сонда серт берді.  
Дариядан су алып,  
Көшіп келсе елімнің,



Жарасар еді қонысы,  
Шаруасы көбейіп,  
Өрлер еді табысы.  
Екпей шыққан ол жерде,  
Жабайылап шыққан арпасы.  
Сол арпаны көргенде,  
Өтегендей батырдың,  
Іштен шықты-ау данасы.  
Әттең сені, елім-ай,  
Көшіп мұнда келмейді-ау,  
Қадырымды білмейді-ау,  
Айтқаныма көнбейді-ау.  
Осы жердің қадірін,  
Біздің қазақ білмейді-ау.  
Ақыл айтқан кісінің,  
Тілін ешкі алмайды-ау.  
Жол бастаған ерлердің,  
Соңынан елім ермейді-ау.  
Ел тілімді алмаса,  
Бұл жерге көшіп келмесе,  
Қайтып жүрем денім сау.  
Алып келсем елімді,  
Жиделі байсын жеріне,  
Қалмас еді арман-ау.

деп Өтеген батыр жұрттың қайғысын жеп, бір жылдай жатып, андарын атып, қызыққа батып, бұдан оңаша жер таба алмай, қайта тартады. Содан неше айлар жүріп, еліне келеді.

Өтеген аман есен келді дейді,  
Аралап талай жерді көрді дейді.  
Жер қарап, он жеті жыл өмір сүріп,  
Ел-жұртын аман-есен көрді дейді.  
Ешкімге бұрылмастан жүріп кетті,  
Ауыр бейнет азапты көріп кетті,  
Сағынып қатыны мен балаларын,  
Үйіне күндіз келмей, түнде кепті.

Ұйқыға елдің көзі кеткен екен,  
Малдары бырт күйіске кірген екен.  
Кетерінде батырдың бір жас күшік,  
Еркелеп батыр алдына жеткен екен.  
Сағынып сардалада қаңғып жүріп,  
Үйіне батыр енді келді кіріп.  
Ақырын төсегіне көзін салса,  
Жанында бәйбішенің жатыр жігіт.  
Жатқанын бір жігітті көзі көрген,  
Сазандай аппақ жігіт түрі келген.  
Мені тоспай бұл байға тиіпті деп,  
Батырдың көңіліне ашу кірген.  
Сапысын жанындағы суырып ап,  
Ойланды кесуге енді оқтайланып.  
Сапысын шабайын деп көтергенде,  
Сабыр қып, біраз тұрды ой ойланып.  
Қожа айтқаны есіне түсе қалды,  
Сол қолы оң қолын кеп ұстай алды.  
Әттегене үйіме күндіз келмей,  
Деді дағы батырың теріс айналды.  
Есікке кейін қарай қайта айналды,  
Оянып бәйбіше де сезіп қалды.  
Бұл үйге ешкім батып кірмеуші еді,  
Батырым келген екен деп оянды.  
Мені сынап батыр үйге кірген екен,  
Тарпаңды жанымдағы көрген екен,  
Шамасы мені байға тиді ғой деп,  
Өкпелеп кейін қарай жүрген екен.  
Деді дағы бәйбіше түргеледі.  
Артынан Өтегеннің жүре берді.  
Далаға бәйбішесі шыға келсе,  
Батырды келіп тұрған көзі көрді.  
Батырмен амандасып көріседі,  
Қал-жайын бір-бірінің біліседі.  
От жағып үйдің ішін жарық қылып,  
Батырды үйге алып келіседі.  
Батыр-ай көңіліңе бір іс келді-ау,

Сол ісін көңіліне теріс келді-ау,  
Шамасы мені байға тиді деген,  
Көңіліне осындай бір жұмыс келді-ау.  
Жерік боп сен кеткенде қалмап па едім,  
Уәде аузымнан алмап па едің,  
Дүниеде, ақиретте сендікпін деп,  
Ант беріп жылап еңіреп зарлап па едім.  
Сондағы ішімдегі туған бала,  
Сақтаған жәрдем беріп құдай пана.  
Туған соң оның атын тарпаң қойдым,  
Ер жетіп, жігіт болды міне қара.  
Мінеки он жетіге жасы толды,  
Айырды жақсы, жаман оң мен солды.  
Қайғымды қанша көрген ұмыт етіп,  
Көрген соң аман-есен көңілім толды.  
Естіп батырдың да көңілі тынды,  
Баласын жанына алып, бетін сүйді.  
Жол бейнетін болды батыр ұмытқандай,  
Көрген соң баласындай Тарпаң сынды.  
Қаншама қауіп-қатер бәрін көріп,  
Еліне қоныс тауып келген жерін,  
Айтады түк қалдырмай бастан-аяқ,  
Ел үшін ауыр бейнет қатты көріп,  
Жалғанның қыспағынан жедім таяқ.  
Мен келдім сіздерге ел қоныс тауып,  
Көп көрдім жүрген жерден қатер қауып.  
Жиделі байсын деген жақсы жерге,  
Келелік тіл алсаңдар жерден ауып.  
Онаша Жиделі байсын жақсы қоныс,  
Қазаққа қысылғанда болар тыныс.  
Әгерде айтқаныма көнбесеңдер,  
Бұл жерді ақырында алар орыс.  
Бір жұрт бар орыс деген көздері көк,  
Бір жерде бекер қарап тұрмайды тек.  
Келеді осы күнде жерді қаптап,  
Өзінің қайрат күші, айласы көп.  
Сол келіп шұрайлы жеріңді алар,

Қаратып тегісімен елінді алар.  
Көнбесең басың түгіл, тілің кесіп,  
Аузыңда сөйлеп тұрған сөзінді алар.  
Жайылған өрістегі малыңды алар,  
Басың байлап аяғыңа тұсау салар.  
Әгерде оныменен қарсы келсең,  
Бір шыбындай тәніндегі жаныңды алар.

Сонан кейін Өтеген батыр көрген білгенін айтып, жұртымен тегіс ақылдасады. Жұрты бұған баруға болады екен, оған қалай қылып жетеміз дейді. Сонда Өтеген айтады: «оған бір жылда жетеді, биеге айғыр салмай тусыратып семіз қыл, қойға қошқар салмай, сиырға бұқа салмай, түйеге бура салмай тура бір жылда жетеміз. Қырық күн шөлі бар, одан қысты күні өтеміз. Қалың қара шенгелді қырық күнде қиып өтеміз. Сонан соң жетеміз. Жері кең, бір айырығына бес мың үй сияды. Айырығы көп сол жерде емін-еркін жатамыз. Мен ел үшін он жеті жыл жер қарадым, сол көрген бейнетімнің арқасында осыны таптым. Ақылдасып, тілді алыңдар», – дейді Өтеген. Содан жұрт олай бұлай ақылдасып, Өтегеннен «қандай малға жайлы екен», – деп сұрайды. Сонда Өтеген: «малдың бәріне жақсы, бірақ жылқыға жайы жоғырақ», – дейді. Сонда Ерсары, Байсары деген кісі: «ой, олай болса, жылқы адамның қанаты, сүті – қымыз, еті – бал, жылқыдан айырылып адамның күн көруі кем болады, оған бара алмайды екенбіз», – деп, жұртқа алаң сап, бұзған дейді.

Ақырында жұрт Өтегеннің тілін алмасқа шығады. Сонда Өтеген елден күдер үзеді. Өтеген бармағын тістеп, «әй, әттегене-ай, жылқыға да жақсы деп айтпағаным-ай», деп, өкініп қалады. Қайыр, жұртым, менен кінә жоқ, кейінгі қара қазан сары баланың обалы Ерсары мен Байсарыға болсын деп, Өтеген батыр құдайға зарланып, жерімен амандасып, Түркістанға кетеді.

Жеті қыс, бес жыл дегенде,  
Орыс сенің жеріңе,  
Орыс келер деп еді.

Орыс келсе бұл жерге,  
Ерік кетер деп еді.  
Билік кетіп басыңнан,  
Береке кетіп асыңнан.  
Дұшпан шығып қасыңнан,  
Сенімдік кетер деп еді.  
Орыс келсе бұл жерге,  
Түймелі шекпен кидірет,  
Түрекелтіп сидірет,  
Аралда жатқан қамалып,  
Қазақтың кара халығын,  
Бытыратып бүлдірет.  
Орыс келсе бұл жерге,  
Малға жұқпас деп еді,  
Қаратаудың шалғыны.  
Сары алтындай сөзімнің,  
Келеді енді балғыны.  
Елден шығып залымдар,  
Тазыдай ақ мойнына,  
Салып алар қарғыны.  
Орыс келсе еліңе,  
Би, болыс шығып сол кезде,  
Өтірікті шын ғып жандырған.  
Сөйлеп кетсе би, болыс,  
Есінді алып тандырған.  
Ау, елім, елім, елім-ау!  
Айтсам тілімді алмадың,  
Дегеніме болмаың.  
Аралда қалдың қамалып,  
Көрерсің енді залалын.  
Солдатқа беріп балаңды,  
Міндеткер болдың, білдің бе?  
Бәлеге басың ілдің бе?  
Әжібектің жайлауы,  
Балды берік бас еді!  
Өркештенген тас еді,  
Қымызы бар арақтай,

Ішкен кісі мас еді.  
Орыс келіп алады-ау,  
Билік бастан қалады-ау,  
Қайран жерім, қош енді,  
Ой, қара ағам, Ташкент-ай,  
Елдер үшін жаралған.  
Ортасында бұлардың,  
Келес деген су ағып.  
Талай адам егін сап,  
Сол дариядан таралған.  
Әули ата жерім-ай,  
Әулиенің бірі едің.  
Бектау ата, бек әлім,  
Ықыласпен барған кісіге,  
Көрінеу шығып сөйлескен.  
Әулиелі  
Одан бері келейін.  
Аспара мен Меркім-ай,  
Жатушы едім еркін-ай.  
Аспара басы аршалы,  
Елім тілім алмады,  
Айта-айта шаршадым.  
Судың басы арша тау,  
Шүкіршілік денім сау.  
Қырғыз, қазақ елдерім,  
Кейде тату, кейде жау.  
Бір жағым қырғыз болғанда,  
Бір жағым қазақ сен едің.  
Судың екі жағынан,  
Аппақ үйді тіккенде,  
Жарасушы еді сәндерін.  
Орыс алар бөлектеп,  
Ағып жатқан суыңды,  
Құлатады туыңды,  
Шығарар бастан буыңды.  
Берекесін кетіретер,  
Тоғай болған нуыңды.

Елім тілім алмадың,  
Айтқаныма болмадың.  
Ата безер күн болар,  
Ене безер күн болар.  
Білімсіз келіп сөйлесе,  
Үн шықпайтын күн болар.  
Атаның тілін ұл алмас,  
Ананың тілін қыз алмас,  
Осындай заман кез болар, –

деп, зарлап, өзі Түркістанға қаңғып кетіп, жылап жүріп қаза тапқан екен.

## СҰРАНШЫ БАТЫР

### I

Ақ домбыра қолға алып,  
Ай мен апта толғанып,  
Жылға құйған теңіздей,  
Жырдың селі тасқындап,  
Ақ семсердей жалтылдап,  
Шағылысқан күн шалып,  
Құрағындай айдынның,  
Жел шайқаған ырғалып.  
Терең теңіз тұнбасы,  
Тұнбада жатқан нұр тасы.  
Таратқан Жамбыл жырды алып,  
Жиырмада жырға жел беріп.  
Аударған желмен сең болып,  
Кесегімен қопарып,  
Таусылмастай кен болып,  
Үздіксіз болған он күн той.  
Тыңдағанда ел болып,  
Ақ бидай терген тауықтай  
Елге жырым жем болып.

Алатаудың аясы,  
Балауса шырғай саясы,  
Жырымен шыңы жаңғырып,  
Ақын Жамбыл мен болып,  
Өскен ем өрем кең болып.  
Өзен деген ат болмас,  
Ат жалдарлық су ақпай,  
Ғалым деген ат болмас,  
Айтқаны тұрмай шырақтай,  
Әнші деген ат болмас,  
Әуезі көңіл жұбатпай.  
Ақын деген ат болмас,  
Қандырмай мейір суаттай.  
Жыры болмай бұлақтай,  
Тұнығы болмай сынаптай,  
Алатаудан арындап,  
Асқан судай құлатпай.  
Қыбыршығын көңілдің,  
Қытығын таппай сұратпай.  
Досың болса күлдіріп,  
Сүйсіндіріп жұбатпай.  
Жауың болса бүлдіріп,  
Домбыраң берен, жырың оқ,  
Дәл тигізіп сұлатпай.  
Қан қақсатып жылатпай,  
Домбырасы шіңкілдей,  
Жағына сөйлеп, дүңкілдей,  
Айтқанда өлең өлең бе,  
Бақылдаған лақтай?!  
Ақындардың ақыны,  
Айдың көлдей ақылы,  
Жыр тұлпары Сүйінбай,  
Осылай айтқан бағызы –  
Қалғанда жырды ұнатпай.  
Ескіден есте қалғаннан,  
Жасымда айтқан жырлардан,  
Ескерткіш еді батырға,



Қиядан шауып қырды алған.  
Қиынға шауып жол салған,  
Бөрі басқан бүркіттей,  
Қансыратып жауды алған,  
Батырдың жыры сүйікті,  
Қатықтай ұйып тындалған.  
Жамбыл – Жамбыл болғанда,  
Жыр дауылы қозғанда,  
Қырғыз, қазақ еліне,  
Талай рет жырланған.  
Бата берген Сүйінбай,  
Жырдың тіккен туындай,  
Айтқанда маған ақылды.  
Жырла – деген батырды.  
Есімде мәңгі сол қалған,  
Бойға қуат болғанда,  
Жиырма бестің жалыны.  
Тебінсе темір үзгендей,  
Толысқанда қаруы.  
Сия сауыт, қаламсыз,  
Дәптер, кітап, қағазсыз,  
Ой қозғаған домбыра,  
Сөз қозғаған домбыра,  
Болған кезде Жамбылдың,  
Домбырамен жазуы.  
Жырланып еді осы жыр.  
Жырламайын десем де,  
Таудан құлап тарғыл тас,  
Ел тілегі қоймады:  
Тарығып шығып көзден жас,  
Қыспақ заман кездесіп,  
Қайғы басып қарындас,  
Тарыққанда сүйенер,  
Ел батырын ойлады.  
Ойламасқа болмады.  
Қабағы түсіп қамығып,  
Батыр ұлын сағынып,

Ескіні еске түсіріп,  
Жырым еді сондағы.

Қарасаң, балам, жоғары  
Көтеріліп қабағың.  
Мұз-дулыға, қар сауыт,  
Алатаудың алабын.  
Желкілдеген қарағай,  
Көк майсалы тамағын.  
Жұпар иіс, боз жусан,  
Бетеге басқан балағын...  
Ескі күйді сонау бір,  
Шығарып естен барамын.  
Алатаудың аты көп,  
Созыла жатқан қарлы жал,  
Теріскейі – Ұлы жүз,  
Күнгейінде қырғыз бар,  
Толып жатқан шоқысы.  
Шоқысының аты бар:  
Қозыбас, Қордай жаясы.  
Сонан өрлеп тартылар, –  
Суықтөбе, Дегерез,  
Ұзынағаш, Көктөбе,  
Қарғалының биігі,  
Шұбараттың өрі бар.  
Қасқасу мен Үшқоңыр,  
Қызыл күндей белі бар.  
Қарағайлы, Құрттыбас,  
Талғардай биік шоқы бар.  
Есік, Түрген, Ақшелек,  
Қарқара бар, Асы бар,  
Шындардың шыңы Хантәңірі,  
Таудың биік басы бар.  
Жетісудың желіні,  
Деген тауым осылар.  
Қоршаланса ақ бұлт,  
Ойында жаңбыр, өрде қар.

Ойпатында көк шалғын,  
Ұшарында мұзды ызғар.  
Бейне өмірдің бейнесі –  
Бүгін шаттық, кеше зар.  
Жайлағалы мұны адам,  
Санап бітпес не заман...  
Неше халық, неше хан,  
Тапты қырғын талай жан.  
Толып жатқан оқиға,  
Соның бірі айтылар.  
Заман-заман дегенде,  
Заманға қожа адам ғой!  
Наразы болсаң заманға,  
Бар кінәні соған қой...  
Жырға желі заман ғой,  
Елдің күні қараң ғой.  
Қақпалап елді хан мінген,  
Қайғы басқан жаман ғой.  
Зар-заман деп ат қойған  
Зарланып халық сонан ғой.  
Зарлануы халықтың,  
Айдаһар жұтып аюды,  
Шоңбас жеді шымшықты.  
Шектен асып ушықты,  
Лек-лек солдат айдатып,  
Мойнына шекпен байлатып,  
Оралдан өрлеп Алтайға,  
Алуға патша ынтықты.  
Садақ тартқан қазаққа,  
Түтіндетті мылтықты,  
Ертісті өгіп оралтып,  
Жетісуға қол сұқты.  
Бұрынғы қожа Құдияр,  
Қазанатын мінісіп,  
Қомпаң-қомпаң желісіп,  
Жағасыз көйлек киісіп,  
Көк шай салып су ішіп,

Перен мылтық арттырып,  
Мыстан-керней тарттырып,  
Соғыспақ боп патшамен,  
Қапалдан тосып бір шықты,  
Қарсы атылған зеңбірек,  
Қолдан туын жұлдырып,  
Қорған сапын бүлдіріп,  
Қайта қашып бүрлікті.  
Жай қашпады Құдияр  
Жолындағы ел тұншықты.  
Жабық тіліп, үйді өртеп,  
Айғыр атты жетектеп,  
Қатын-бала шырылдап,  
Хан жолынан су шықты.  
Бірнеше күн өткенде,  
Қалпаков пен Черняев,  
Жетісуға жеткенде,  
Құдияр хан қағынды,  
Тағы қанды сағынды.  
«Алатын орыс, қазақсың,  
Аламын деді бәріңді!»  
Қырғыздан Орман бірігіп,  
Қордайдан асқан көп әскер,  
Теріскейге ағылды,  
Тілеуқабыл – Қасқарау,  
Сарыкемерде шабылды.  
Шапқыншының аттары,  
Саурынынан аққан тер,  
Пұшпағынан сабылды.  
Бейқам жатқан қалың ел,  
Қарсы тұрмай жалынды.  
«Жаудан күту жақсылық –  
Зарыққанның салдары.  
Байдан күту жақсылық, –  
Тарыққанның салдары» –  
Шын болмаса не қылды,  
Жалынғанша, жауына,

Бер де құтыл жаныңды.  
Құдиярдың Құсбегі,  
Жалынған сайын тарылды.  
Бөксерде жатқан көп Дулат,  
Бүлінді де жарылды.  
Есеңгіреп ер кетті,  
Кемпір, шалды еңіретті.  
Керегі талап алынды,  
Дулатта батыр Сыпатай  
Жаудан қорқып сенделіп,  
Сарбұлақтың басына,  
Аңрақайдың тасына,  
Түнде барып тығылды.  
Батыр тұлға бола алмай,  
Елдің түгі жығылды.  
Үш бөлінді көп Дулат:  
Бір бөлегі бері өтпей,  
Тауда қалды қамалып.  
Қалың жаудан жасқанып,  
Айсаның қырын өрледі.  
Бір бөлегі қаймығып,  
Жау қарасын көрмеді.  
Шапқырашты, Қарасай,  
Жаудан қорқар ел ме еді?  
Қиратып жау жатқанын,  
Дулат жақтан білмеді.  
Тездеп хабар келмеді.  
Бір бөлегі Дулаттың,  
Маямырдың ауылы,  
Іледегі тоғайдың,  
Түбегіне тығылды.  
Қарсы тұрар жігіттер,  
Жау қолынан қырылды.  
Жеті жігіт, жеті қыз,  
Жас жандарын қорғаштап,  
Түйелерге мінгесіп,  
Ағын суға бұрылды.

Су деген де тілсіз жау,  
Бұркыраған Шу асау.  
Ақ көбігін атқылап,  
Жын қаққандай жұлынды.  
Қызды көріп қырық әскер,  
Қылаштарын суырды.  
Аналасып ұмтылып,  
Иектерін жымырды.  
Жауды көріп өңкей жас,  
Асау суға ұрынды.  
Қарғып түскен жеті нар,  
Тұңғиыққа жығылды.  
Қызғалдақтай он төрт жан,  
Қалды судың түбінде  
Озбырлықтан асқынған,  
Ел ызасы қайнады,  
Кемпір бүйір таянып,  
Сұңғыла боп сайрады.  
Терме болып тізілді,  
Қайдағы мен жайдағы.  
Ызың-шулы, қым-қуыт,  
Шығып-жатты ойраны.  
Қабағын түйген қанды жау,  
Ұру, шабу, найзалау,  
Үйірлеп елді айдады.  
Іс шықпасын сезгендей,  
Құр жылаудан пайдалы.  
Дымын қоймай жау шапты.  
Жанғараш пен Жантайдың,  
Шырылдағты сәбиін,  
Еңкілдетті кәрісін.  
Бойжеткен қыз, келіншек,  
Қатарымен тарттырып,  
Күңрентеді тау ішін.  
Қоқаннан келген көп әскер,  
Жер қайысып сыймады.  
Мал мен басты шулатып,

Қойша иіріп жинады.  
Тас қотанның сазына,  
Ақ шатыр мен көк шатыр,  
Қатарланып тігілді.  
Ала тулар желпілдеп,  
Ақ семсерлер жарқылдап,  
Қомпаң-қомпаң шоқысып,  
Тебіңгілер сартылдап,  
Зерделі шапан бектер де,  
Шағылып күнге жалтырап,  
Түйеге мінген жас әйел,  
Бетін жыртып аңқылдап,  
Жас өспірім сұлу қыз,  
Жүрегі ұшып қалшылдап.  
Жалаң қағып жасауыл,  
Мәз-майрам боп қарқылдап.  
Түйеде тұрған әйелді,  
«Түс жылдам» деп алқымдап.  
Шабылған елде дәрмен жоқ,  
Жылай берді солқылдап.  
Ел тарықса ежелден,  
Батыр түсер есіне.  
Батыр барған түйінді іс,  
Қалғандай еді шешіле...  
Жер шұқысты тоналған,  
Төмен қарап тесіле.  
Жаңа өспірім жас батыр,  
Елге салған несібе...  
Арыстан жүрек Сұраншы,  
Шында жатыр алыста.  
Оны шыңға шығарған –  
Қонысы жоқ, қол қысқа.  
Жаз жайлауы Үшқоңыр,  
Қыс көшеді Арысқа.  
Шапырашты аз ата,  
Ұлы жүзде туысқа.  
Өз әкесі Қашке еді,

Арғы атасы Қарасай.  
Бір жақыны Сауырық,  
Жауды көрсе шалады-ай.  
Тұқым қуған батырлық,  
Үзілмей аққан сағадай,  
Ұлы жүздік қазақтың,  
Ық жағында қорадай.  
Жел жағына панадай,  
Сол сияқты батырға,  
Алыстан қонақ келгенде,  
Қалатын күні көп еді,  
Қонақ асын таба алмай.  
Жайшылықта ел көшсе,  
Батыр ауылы көліксіз,  
Дулат, Албан, Суанмен  
Кетер еді қарамай.  
Сондықтан батыр шында еді,  
Ақ беренмен құс атып,  
Қыранға марал ұстатып,  
Малы барға жалпақтап,  
Жалынды көрші бола алмай,  
Аңсады ел батырды,  
Жатсадағы алыста.  
Жақын болса Сұраншы,  
Қызбас па еді дабысқа.  
Көп екен деп келген жау,  
Көнбес еді намысқа,  
Мұндай жаудың талайын,  
Талай рет жапырған,  
Өрт тигендей қамысқа.  
Ұрланып келген бұл жауды,  
Білмей қалды қапыста.  
Дағдарған ел бүрлігіп,  
Баратын адам іздейді,  
Алыста жатқан батырға,  
Хабар бере барысқа.  
Кәрібоз бен Бәуке қарт,



Атты терге жүздіріп,  
Дақ түспеген жотаны,  
Қопара шауып із қылып,  
Қос атпен шапты батырға.  
Тұрса басып кетуге,  
Жаудың қосы жол алды,  
Ілені бойлай төмендеп,  
Қордайменен оралды.  
Күн бата шапқан қос аттар,  
Түн түгелдей өткенде,  
Күн төбеге жеткенде,  
Ақсеңгірдің тасына,  
Аңрақайдың басына,  
Өксіп жылап отырып,  
Ат шалдырып дем алды.  
Алатаудың шоқтасы,  
Көлденең тұрған көз алды.  
Екі нардың шоқысы,  
Зеңкиіп көзге түскенде,  
Батырдың бойын көргендей,  
Езу тартып қуанды.  
Жеңін шешіп желпініп,  
Ыстық демін шығарды.  
Күн төбеден ауғанда,  
Құдықтан атын суарды.  
Қайта тартып тартпасын,  
Өрді беттеп екі қарт,  
Намазын оқып жол алды.  
Отардың жазық даласын,  
Қопара шауып өрлетті.  
Шапқан аттың екпіні,  
Шалғынды шайқап желдетті.  
Күн тұғырға қонғанда,  
Намаздігер болғанда,  
Суықтөбе өрімен,  
Қарттар шыңға кеп жетті,  
Зеңгір-зеңгір қия тас,

Бірінің аты Қарабас,  
Бірінің аты Жалаңаш.  
Сұраншының ауылын,  
Түні бойы іздепті,  
Қайда екенін білмепті,  
Тау ішінде түн де өтті,  
Нұрланып шалды күн бетті,  
Біріне бірі екі қарт:  
Сонау тұрған қара үңгір  
Қарасайдың қосы деп,  
Күн шағылған сонау қыр,  
Қызыл күнгеі қиясы,  
Мекені ердің осы деп,  
Шошайтысты қолдарын,  
Таптық десті болжалын.  
Тағы шапты қиялап,  
Қызыл күнгеі бауырын.  
Іздегенін табуға,  
Алдырды қарттар сабырын.  
Бұлақты шалғын жайлаған,  
Белдеуге атын байлаған,  
Қызылқия қойнынан,  
Батырдың тапты ауылын.  
Сұраншыға жетті де  
Жығылды қарттар атынан.  
Ақ сақалы су болды,  
Сорғалап аққан жасынан.  
Арыстан мүше жас батыр,  
Сүйеді келіп басынан.  
Төрге алаша төсетіп,  
Орын берді қасынан,  
Әлденеден тарығып,  
Бейнесін көрді жасыған.  
Мейрімді туған Сұраншы –  
Елі сүйіп жасынан.  
Жетім менен жесірді,  
Атына артып көшірген.

Ерегiскен жауларын,  
Су күйгандай өшiрген.  
Тарығып келген қарттарға,  
Қайғырып жаны ашыған.  
Қабағынан қар жауды,  
Кiрпiгiне мұз қатты,  
Кiм едi деп басынған.  
Беттерiне су сеуiп,  
Екi қарт есiн жиған соң,  
Уақиғасын сұрады –  
Ес танып өткен басынан.  
Көз құрғатып екi қарт,  
Арсаланып сүйегi,  
Кемсең қағып иегi,  
Сүйеуiм тында, ер, – дедi.  
Ердi тауып есiрген,  
Атасы мен анасы,  
Жалпақ жатқан ел, – дедi.  
Олай болса, жан ботам,  
Арқалықтай сүйенген,  
Елдiң ұлы сен, – дедi.  
Желеу болған ақ сақал,  
Зарлы, мұнды бұл сапар.  
Таудан iздеп батырды,  
Жайбарақат келедi.  
Заманнан-заман асқынып,  
Зәрiн барад жаюға.  
Бөрi түрi айналды,  
Айдаһар мен аюға.  
Иттен де көп хан аты,  
Қу ағаштай түспейтiн,  
Халық үстiне саясы.  
Елдi сатты жәлдеп<sup>6</sup> боп,  
Алтын алып баюға.  
Хандар шауып қандатып,  
Қан қақсатып зарлатып,

---

<sup>6</sup> Жәлдеп – қу, сұм, жегiш мағынасында.

Елдің басын доп қылып,  
Айналдырды ойынға.  
Сап түзесіп солдатты,  
Сартылдасып арбасы,  
Серейіскен зеңбірек,  
Бетке ұстаған айбаты  
Патша кірді қойынға.  
Тезек төре жол беріп,  
Қарғы тақты мойынға.  
Қоқанды құртқан Құдияр  
Ора төбе тәжігін –  
Көкпар етіп тойында.  
Патшаға қарсы тұратын  
Қуаты жоқ бойында.  
Қырғызды қанға батырған,  
Әркімге бір сатылған.  
Орман хан бар қолында:  
Қазақты барып талайық  
Патшадан бұрын алайық,  
Деген мақсат ойында.  
Арам туған зәнталақ,  
Екі көзі қанталап,  
Қасапшының итіндей,  
Қоразданып анталап,  
Салып жатыр ылаңды  
Сарыкемердің бойында.  
Қара құрым көп Дулат,  
Алатау мен Арыстың,  
Арасында қонысы.  
Көп болса да шөп болды.  
Хандар жанған өрт болды,  
Кегі түгін, жері шок,  
Кең жайылым өрісі.  
Басына күн туғанда,  
Көрінді елдің кемісі.  
Батыр деген Сыпатай,  
Қара басын сауғалап,

Тауға кіріп жоғалып,  
Шықпай кетті дыбысы.  
Арқауы ұзын атының,  
Келте келді өрісі.  
Келеді деп ойламай,  
Қағынған ханның перісі,  
Бейқам болып ел жатты.  
Жаудан күші кем жатты.  
Бейқам жатқан сол елді,  
Абайсызда жау шапты.  
Күртіде жатқан көп елді,  
Түнде басып сорлатты.  
Қыз, келіншек қатарлап,  
Мінгізіп нарға, атанға,  
Құсбегі мен бегінің,  
Қошуына жолдатты.  
Қас жауына торығып,  
Жан сауғалап қорынып,  
Суға түсіп обығып,  
Қатын, бала зар қақты.  
Қарсы тұрған кісіні,  
Атты, шапты кескілеп,  
Күрті бойын қандатты.  
Тұлымдыны құл қылып,  
Даланы мұңлы үн қылып,  
Ата-ананы аңыратты.  
Қатар жатқан қарындас,  
Бөліп ішкен аяқ ас,  
Ақ қалпақты қырғызым,  
Өзбек деген өз ұлым,  
Халық іші дос-жарлы,  
Дос-жар халық сүймеуші еді,  
Қап төгетін дұшпанды.  
Жүрегі қара Құдияр,  
Орман бұзық тағы бар,  
Достыққа тағы өрт салды.  
Қамап жатқан хан әне,

Қамалып тұрған жан эне.  
Басшысы жоқ Дулаттың,  
Қыларлық айла қысқарды.  
Орман атқа мінгенде,  
Елден кісі шауыпты,  
Қазаққа хабар беруге.  
Жанғарас, Жантай жіберіп,  
Келіп айтқан Керімге:  
Қолы қаптап барад деп,  
Елдеріңді шабад деп.  
Құдияр мен Орман хан,  
Ту көтерген өлімге.  
Керім оны таратпай,  
Өзі қашқан көлеңдеп,  
Іле бойын жағалап,  
Балқаш асып төмендеп,  
Үш күн, үш түн үдеріп  
Ақтоғайдан шығыпты,  
Қарт бурадай шөмендеп.  
Тілеуқабыл, Майемер,  
Сарыкемерде шабылды.  
Қанмен дала жабылды,  
Қанды жастар ағылды,  
Ауыр күндер түскенде,  
Елің сені сағынды.  
Қосарлатып ат мініп,  
Атқа біздей қарт мініп,  
Аралады тауынды.  
Жауға түскен мал мен жан,  
Ағыл-тегіл анау қан.  
Қанқор ханның қорлығы  
Ес тандырмай не қылды?!  
Түлек бүркіт көзіндей,  
Шатынатты батырды.  
Дауыл соққан теңіздей.  
Күш көбігін сапырды.  
Алатауды қозғалта,

Қырға шығып ақырды.  
Андас пенен Нарбота,  
Дауқара мен Шымырбай,  
Тұматайды шақырды.  
— Жиылыңдар бозбала!  
Әбзелдеп мін атыңды,  
Азуы мүжік хан иттер,  
Неден мұнша шатылды?!  
Буырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Ақ беренге оқ салды,  
Ақтұяққа ер салды.  
Ә, дегенше үш жүз ер,  
Жиналысып кеп қалды.  
Абылайша қос алды,  
Су құятын мес алды.  
Күртiнi төмен қыдырып,  
Желдiгiн бұта сындырып,  
Қопадан әрмен өтедi,  
Шамалғанға жетедi.  
Жау қарасын қарады –  
Кемердiң толған алабы,  
Құмырсақдай қыбырлап,  
Жерге сыймай барады.  
Нарбота мен Андасы,  
Уайымдап жылады.  
Сұраншы батыр тістеніп,  
Көбiн елең қылмады.  
Батырға Андас сөйледi,  
Жасық кеңес бергелi:  
— Құмырсақдай мынау қол,  
Топырақ шашсаң жетер ме.  
Ақ береннен оқ атсаң  
Мыңына бiрден өтер ме.  
Үш жүз кiсi ат қойсақ,  
Жиырма мыңдай нөкерге.  
Инемен құдық қазғандай,

Оған әсер етер ме?!  
Көбелектей отқа ұрып,  
Өртенеміз бекерге.  
Әлі де ойлан, батырым,  
Осы сөзім бекер ме.  
Жетпес біздің күшіміз,  
Өтпес біздің тісіміз,  
Оңға шықпас ісіміз,  
Теңізге теңес бір тамшы,  
Бейне таудың бір тасы,  
Үш-ақ жүздей кісіміз...  
Қабағы түсті батырдың,  
Қара бұлт секілді.  
Төне түсіп Андасқа,  
– Тарт! – деп – тілің жекірді.  
Найзадай шашы тік тұрып,  
Көтерген шаңырақ уықтай,  
Тақиясын көтерді.  
Ашуы қысып Сұраншы,  
Ақ семсерін суырды.  
Қит етсе кесіп тастауға,  
Андас жаққа бұрылды.  
Енжар болған қорқақтың,  
Ұнжырғасы жығылды.  
Қойнына басы тығылды.  
Жігіттерге сөйледі:  
— Ел жақтамас көп жаудың,  
Көптігінің себі жоқ,  
Оның аты – боркемік,  
Талмасқа шыдар белі жоқ.  
Озып шабар жүйрікке,  
Ылдиы мен өрі жоқ.  
Батыр туған жігітке,  
Шабатын жаудың көбі жоқ.  
Уайым жауға алғызар,  
Тұңғыық болып түбі жоқ!  
Осы қолдың несі көп,



Қурап тұрған шірік шөп.  
Суырып қылыш ат қойсаң,  
Қарсы тұрар бірі жоқ.  
Қорықпа да, қашпа да,  
Текке ұшпасын үрейің,  
Қарада тұр топтанып,  
Жалғыз өзім кірейін.  
Мың жау маған бірге есеп,  
Мың қарғаға бір кесек.  
Кесек болып көрейін,  
Қорғасынды мен сақа,  
Ұшырамын кенейін.  
Жұртым үшін мен құрбан,  
Жазасын жаудың берейін.  
Жаулар-қоян, мен-сырттан,  
Арасына енейін,  
Еңкілдеген шал анау,  
Шырылдаған бала анау,  
Қуыршақ болған бектерге,  
Келіншек пен қыз анау.  
Көзім тірі тұрғанда,  
Қорлыққа қалай көнейін?!  
Жауым көп деп жасқансаң,  
Сендерді дос демейін.  
Қашар болсаң мен қырам,  
Кетпейсің тірі біреуің,  
Ел үшін жанды қимасаң,  
Ер деп қалай сенейін.  
Сенімсіз болсаң жоқ қылып,  
Ақтұяқты шаптырып,  
Жауға қарсы желейін.  
Қарсы семсер салысып,  
Жағаласып алысып,  
Не босатып елді алып,  
Не тұтқын боп мен қалып,  
Халық үшін мен лақ,  
Жау қолында өлейін.

Ақ сүт берген анам – ел,  
Үлгі берген атам – ел,  
Адалдығым ісіммен,  
Бойдағы қару күшіммен,  
Балалық хақын берейін...  
Батыр тұрып толғанды,  
Терең-терең ойланды.  
Теңізден тұрған желдейін,  
Күтірлеп кеткен сендейін,  
Вулкан шашқан таудайын,  
Айбарланып қозғалды.  
Патшаның қашқан солдататы,  
Алпыстан асқан бар жасы,  
Бастығы Жагор Оралдық,  
Сегіз орыс, бір татар,  
Бірге келген жолдасы.  
Батыр соған сөз салды;  
— Бабам менің Қарасай,  
Шапқанда елді жау талай,  
Айырып алған батыры.  
— «Арыстан болған жау үшін,  
Түлкідей болсын әдісің», –  
Дейтін бар-ды ақылы.  
Сіздерден сұрар көмегім,  
Бұйрық қылды демегін,  
Қанқор патша қажытқан,  
Сендер де елдің жақыны.  
Бектер тіккен шатырға,  
Шапқым келді ел жата,  
Елу жігіт жіберіп,  
Ұзақтағы биіктен,  
Алатаудан Қарайға,  
Жеткізе отты жаққызам.  
Алагеуім күн бата,  
Көп әскер деп ойлансын,  
Жагор, досым тоғызын,  
Тоғыз жігіт тағы да,

Өз қасыңа қосып ал,  
Он сегіз болсын жолдасың.  
Жау бүйірі Көктөбе,  
Соған жетіп епте де,  
Күн батқан соң орнасын.  
Бұл бүйірден мен тием,  
Ақтұяқты шаптырып,  
Үрейін сонда сен ұшыр,  
Орысша сырнай тарттырып,  
Көнек пенен шелектен,  
Барабанды қақтырып.  
Анда-санда мылтықты,  
Құр дәрілеп аттырып;  
«Орыс та келіп қалды» – деп  
Есі кетіп сұрлансын...  
Қуанды Жагор, – құп деді,  
Жолдастарым шық! – деді,  
Он сегіз жігіт ертіп ап,  
Алабұта паналап,  
Сайлы жерді жағалап,  
Жау көзіне шалынбай  
Көктөбені беттеді.  
Елу жігіт ертіп ап,  
От жағуды алыстан,  
Андасына жүктеді.  
Қалғанына бет бұрып,  
Деді батыр жолдасым,  
Тас-талқанын шығарып,  
Қирату ханның ордасын.  
Күмәнім жоқ, жау қашар,  
Зорлықпен келген көбісі,  
Бізге дос боп жалғасар.  
Бектер қашса асығып,  
Дүние жатса шашылып,  
Қызығу оған болмасын.  
Елі үшін туған ер болса,  
Елін бүгін қорғасын...

Осыны айтып Сұраншы  
Ағын судай тасынып,  
Ашулы көзі жалтылдап,  
Жайнаған шоктай шашылып...  
Күн де кірді ұяға  
Алатаудан асылып.  
Ақтұяқтың тартпасын,  
Қайта тартты ер жөндеп,  
Болат сүйек бауырға,  
Тартпасын елі батырып.  
Қыран құстай қомданды,  
Ақ семсерді қолға алды,  
Астыңғы ернін тістенді,  
Құрыштай құйған қатынып.  
Қарасай мен Қашкенің,  
Көрі аруағын шақырып.  
Жігіттер құйды саумалын,  
Тегенеден сапырып.  
Намазшамнан өткенде,  
Құтпанға уақыт жеткенде,  
Ақберенді сайлады.  
Жар қабақта жалтыр тас,  
Қарына найза байлады,  
Семсерін соған қайрады.  
Жібекпен басын бір тартып,  
Ат қойды батыр ақырып,  
Ақырған даусын есітіп,  
Жау айнала қарады,  
Есінен әбден танады.  
Дәл жанынан күрсілдеп,  
Барабан құлақ жарады.  
Зеңбірек пе, мылтық па,  
Анда-санда күрсілдеп,  
Түтін бүркіп алады.  
Ұзағырақ қараса,  
Есепсіз от жанады.  
От мөлшерін есептеп –

«Мына қолда мөлшер жоқ...  
Құрығанда жүз мындай  
Қосын бар», – деп санады.  
Таудан шыққан сарындай,  
Дүрілдеген жалындай,  
Шапқан аттың дүрсілі,  
Қопарып жерді барады.  
Аяқ асты, жау састы,  
Қара албасты шын басты,  
Не мінетін аты жоқ,  
Іздесе киер киім жоқ,  
Қойған жерде құрал жоқ,  
Есінен әбден адасты.  
Сасқалақтап қосының,  
Есігіне таласты.  
Есінен танған бегіне  
Есік баққан қосыны  
Ажырайып қарасты.  
Қандай пәле келді деп,  
Бақсылары бал ашты,  
Амалсыз жүрген көп қолға,  
Түндегі айқай жол ашты.  
Қойдай үркіп қол қашты,  
Сұраншы батыр ат қойды,  
Бөгетін алған өзендей,  
Азғана сарбаз лап қойды.  
Хан, манаптың шатырын,  
Қаусатамын деп қойды.  
Бейне бір қатты жел тұрып,  
Қурап тұрған қусаққа,  
Жалындатып от қойды.  
Нажағайдай шартылдап,  
Бұлт отындай жарқылдап,  
Бұрқылдаған берендей,  
Түнге қосты түтінді.  
Жалаңдаған ақ қылыш,  
Қыл мойынға кірш те кірш,

Жүрек тіліп, жан қауып,  
Қысқыр тісі қан қауып,  
Жүзіне қан тұтылды.  
Астына мінген Ақтұяқ,  
Тоздырып тозан бұрқырап,  
Атқан оқтай жұтынды.  
Аш қасқырдай батырдан,  
Қай жау қашып құтылды...  
Есебі жоқ қалың жау,  
Қоршаласып қалысты,  
Ортасына алысты,  
Қарсы семсер салысты.  
Сілтегенде қылышы,  
Оң жағынан он шауып,  
Оны бірдей жер қауып,  
Сол жағынан сілтесе,  
Ондап жауын бір шауып,  
Оны бірдей ұндалып,  
Ұстарадай шаш алған,  
Жауды батыр сыпырды.  
Бір қозған соң аруағы,  
Теңіздей жау – жан-жағы,  
Сұраншыға көп емес,  
Үш күн, үш түн ұрысқан  
Сол батырдың соғысы  
Рүстемнен кем емес.  
Астындағы Аққоян,  
Қия тасқа басылып,  
Ақ көбігі аузынан,  
Екі жаққа шашылып,  
Әбден батыр қызған соң,  
Омырауы ашылып,  
Қоқанға қарай жау қашты,  
Қордай белін асылып.  
Ақ семсері ақ шомшы,  
Қызыл қанды сапырып.  
Үш күн, үш түн өткенше,

Әсте батыр тынбады.  
Томағасын қайырған,  
Ақиықтай шындағы.  
Ел жақтаған батырдың,  
Сағы жаудан сынбады.  
Қашқан жаудың артынан,  
Аққоян атты бір қара,  
Қарасайлап қалмады.  
Өлексемен үйілді,  
Алатаудың сайлары.  
Тозаңдай тозып жыртылды,  
Ханның ала байрағы.  
Қасқырға шауып арыстан,  
Қанқордың шықты ойраны.  
Шабак қуған жайындай  
Бек біткенді жайлады.  
Елге келген бүлікті,  
Дауылдай тиіп айдады.  
Жалынның бетін қайырып,  
Қасқырдан елді айырып,  
Көтеріп көңіл жайлады.  
Батыр – елдің досы деп,  
Түпке жетед осы деп, –  
Сүймейтін хан мен байларды,  
Хан билеген заманның,  
Қанын ішкен адамның,  
Осылай еді жайлары.

## II

Арғымақтай арындап,  
Жазғы күндей жалындап,  
Тағы да Жамбыл сөйлейді.  
Қар еріткен өкпектей,  
Су серпіген ескектей,  
Домбырасын сермесін.  
Тоқсан үш жасы торқадай,  
Тоқсан күн қатқан жорғадай,

Бәйгеден алған олжасын,  
Жақсы сөзді ел жаттар,  
Ел жаттар сөзде салмақ бар.  
Кесек атқан қорғасын,  
Шеті жоқ – мұхит, теңіздей,  
Алтайдың алтын кеніндей,  
Көп жерімнің қордасын,  
Сыпырта соққан дауылдай,  
Сауылдап құйған жауындай,  
Жырды Жамбыл қозғасын.  
Жырдың тәтті жаясын,  
Батырлар жыры баяғы.  
Жау дегенде жайнаған,  
Нар кескендей қайраған,  
Сұңқардай болат қияғы,  
Өрге салса талмайтын,  
Қияға салса таймайтын,  
Құрыштан соққан тұяғы.  
Сол батырлар жыр басы,  
Үзілмей аққан жылғасы,  
Майтөбенің бұлағы.

О, балалар, балалар,  
Ақылды туған даналар,  
Жамбылдан тыңда мынаны:  
Әсерлі күйдей аңқытып,  
Тасыған селдей шалқытып,  
Тыңдаушыға жыр төкпей,  
Жамбыл қашан аяды.  
Қартайдым дейтін назым жоқ,  
Тыңдаушы көпте жазық жоқ,  
«Айтшы, Жәке!» дегенін,  
Мен өлгенде қояды.  
Сүйекемнің сүресі –  
Сөйлегенде, міне, осы...  
Жырдың сұлтан төресі,  
Биіктердің төбесі.



Бөліп айтқан Жамбылдың,  
Сұраншының аяғы.

Орман хан мен Құдияр,  
Жеңіліс тауып бір қайтты.  
Көктемде қайтып жаз жатты,  
Батырдан жеген таяғы –  
Шымбайына тым батты.  
Терең-терең ойлатты,  
Аттан, ханым, аттан деп,  
Жараспайды жатқан деп,  
Манаптары шулапты.  
Бізге бұйрық беріле,  
Біз тұлпарға мініле,  
Біз мінген соң кім қапты...  
Нарынқолдық, Кегендік  
Бұ да, жек-жат ел ем деп,  
Жақтап жатыр қазақты,  
Болып жатыр бір жақты.  
Манаптарды жиялық,  
Не бар, жоқты ойлалық.  
Атақтысына ат мінгіз,  
Сыйлысына шапан жап.  
Қайтсын сізден сый алып,  
Бассын олар қылжақты.  
Қыздыратын боза бар,  
Молда, ишан, жожа бар,  
Бозалы жерде соларға,  
Қозғалталық аруақты.  
Жи қолыңды, қыр жолға,  
Өзің өлмей кем болма,  
Сұраншыға жаз хатты:  
«Еркек болсаң келгін де,  
Қатын болсаң қалғын де».  
Өзі шешсін жұмбақты.  
Орман ханның ордасы,  
Ала туын байлады.

Қарақолдан, Мырғаптан,  
Жалалабат, күн жақтан,  
Көп Алатау аймағы,  
Ат денесін тарта алмай,  
Атандар әрең талтандай,  
Ордаға келіп түсіпті.  
Майға беккен байлары,  
Алдиярға сойыс деп,  
Басқаң да мендей болыс деп,  
Қора-қора ызғытып,  
Семіз қойын айдады.  
Үйір-үйір қысырақ,  
Шайлап қалған тусырап,  
Жарлауланып жаясы,  
Қысыр емген тайлары;  
Ақ пышаққа ілініп,  
Қабырғасы сылынып,  
Қазы-қарта, жал-жая,  
Қазанда бұрқ-бұрқ қайнады.  
Пісті саба сіресіп,  
(Тауысқысыз ел ішіп)  
Уыз қымыз бұрқырап,  
Қара мейіз қаймағы.  
Омы келсе «манап» деп,  
Жүзі келсе «тамақ» деп,  
Жарымаған жарлының,  
Байығаны – тойғаны.  
Қымыз, боза аралас,  
Кекірініп кілең жас,  
Арнап тіккен үйлерде,  
Отырысты бойдағы.  
Хан бұйырған жыршылар,  
Бірде күлкі, бірде зар,  
Қызыл тілмен балқытып,  
Бұлбұл болып сайрады.  
Сөз аяғы бір соғыс,  
Ел аяғы сол соғыс,

Енжар көңіл қырғызды.  
Итермелеп қоймады,  
Ишан, молда бастысы,  
Ақ меруерт таспысы,  
Өлгендерің шейіт деп,  
Өлмегенің қазы деп,  
Сатылды ханға иманы.  
Соғыспақ болды ақыры,  
Сауыт киді батыры,  
Сұраншыға хат жазған,  
«Шүкір» деді Орман хан,  
Орындап ісін ойдағы.  
Сұраншыға хат барды,  
Сөге жазған хатында:  
«Батыр емес, қатынсың,  
Мұсылман емес, кәпірсің,  
Қашқын жиып жаныңа,  
Мойын сұнбай ханыңа,  
Алматыда жатырсың.  
Батыр болсаң келіп кет,  
Батырды менен көріп кет,  
Әуре қылмай атымды,  
Басыңды келіп беріп кет,  
Ажалыңа жақынсың!»  
Хатын оқып Сұраншы,  
Жолдасын түгел шақырды.  
Шақырып салды ақылды:  
— Еліне ылаң салғалы,  
Орман хан тағы шатылды.  
Тағы өлімге айдапты,  
Алдап, арбап батырды.  
Бару оңай Орманға,  
Батпай ма бірақ ел қанға,  
Жаныма халық батулы.  
Бармағанмен амал жоқ,  
Ертең Орман келеді.  
Атып-асар баланы.

Найзасы шаншар қатынды.  
Сондай кезде байтақ ел,  
«Шақырғанда бармадың,  
Жалынның алдын алмадың,  
Ер болмадың – ез болдың –  
Деп қоймай ма атымды...»  
Ойым былай, жолдасым,  
Көрмейін елдің көз жасын,  
Шығармай жатқа жақынды.  
Жан ертпей-ақ жаныма,  
Жеке барып көрейін.  
Есебі жоқ қол алып,  
Бейбіт елге қол салып,  
Қосынға тамақ, мал алып,  
Берекесін кетіріп,  
Ұшырмалық үрейін.  
Жеке барсам «ер» десер,  
Тарап-тарап ел кетер,  
Орданың бір топ адамын,  
Молда, қожа, манабын,  
Жекелесіп көрейін.  
Мұндай уақта қинайтын,  
Бірбеттігі батырдың.  
Сол бетінен бұрмалап,  
Кегі жоқты айтудың.  
Не пікірі барлығын,  
Іштері білді әркімнің.  
Боз қасқа қойын сойғызып,  
Үлкенге басын қойғызып,  
Ақтұяққа ер салды,  
Азығына малта алды,  
Атыма деп жем салды,  
Сауыт киіп сайланып,  
Ырғай сапты найза алып,  
Қорамсағын байланып,  
Шымырқанып, шырқанды,  
Қыр жолға қарай бет алды.

Ақтұяқтың үстінде,  
Аш қасқырдай бүгіліп,  
Қарына ілген қалқаны,  
Ілгері, кейін жүгіріп,  
Жарқыраған сүңгісі,  
Күндік жерден көрініп,  
Тау жаңғырып салдырап,  
Көк темірге көміліп,  
Қиядан шалған қырандай  
Күн астына үңіліп,  
Ер сипатын көрген жау  
Өз жанынан түңіліп,  
Алатау асты Сұраншы.  
Қаражол атты жотада,  
Жасақ жиған Орман хан,  
Жалғыз батыр келед деп,  
Хабар алды жаушыдан.  
«Батыр елді аяпты,  
Сондықтан қосын алмапты»,  
Елден елге ұшқан сөз,  
Қырғызға түгел тараған.  
«Сұраншының дұшпаны,  
Қырғыз емес – хан екен.  
Елдің жауы дегені –  
Хандар жапқан жала екен», –  
Деген сөзді есітіп,  
Ақ қалпақты қырғыздар,  
Біріне бірі қараған,  
Соғысты қойып тараған,  
Елге қайтыпты ордадан.  
Сегіз мыңдай қол екен,  
Сегіз жүздей қол қалды.  
Батыр-сымақ манаптар,  
Қорғаймыз деп Орманды.  
Келе жатқан бір кісі,  
Бір кісіні жеңерлік,

Мөлшерден тыс мол қалды.  
Келсе құдай берді деп,  
Табасыз қолдан өлді деп,  
Семсерлерін қолға алды.  
Күн төбеден ауғанда,  
Бесіндікке барғанда,  
Бұрқыраған шаң көрді.  
Жұлдыздай атын ағызып,  
Жарағы күнге шағылып,  
Келе жатқан жан көрді.  
Жауым көп деп жасқанбай,  
Кісесінен басқандай,  
Келген ерді таң көрді.  
Бәрі бірдей ат қойып,  
Салуға соғыс лап қойып,  
Жабылуды жалғызға,  
Бойларына ар көрді.  
Бек, манабы, байлары,  
Ортасында байрағы,  
Жасағын жинап сайланған,  
Сұраншыны хан көрді.  
Ханға келіп сөйледі:  
— Неге мені шақырдың,  
Жай шақырсаң келмейтін,  
Ханға сәлем бермейтін,  
Халық үшін туған батырмын.  
Хан деп сені сыйлар ем,  
Басың үшін сатылдың.  
Арасына өрт болдың,  
Ала бүлік дерт болдың.  
Қырғыз, қазақ жақынның.  
Бейбіт елге тигізіп,  
Жендетке басын қиғызып,  
Қаннан сусын сапырдың.  
Ел бүлігі – Орман деп,  
Аман қалсын мың жан деп,  
Төгіліп тынсын бір қан деп,

Қара басыңды алғалы,  
Жекелеп келе жатырмын.  
Міне, менің семсерім,  
Қайрап қойдым хан үшін,  
Қайратыма мінгенім,  
Қалың елдің қамы үшін.  
Басым тіксем қан алмай,  
Кеткен емес намысым.  
Сүттей елді ірітпей,  
Таза майды шірітпей,  
Жекпе-жеке өзің шық,  
Менің жауым сен ғана,  
Салмаймын елге мен жара.  
Сенсің менің дұшпаным,  
Сенсің менің алысым!

Қасқыр көрген күшіктей,  
Хан жалтақтап қарады.  
Терең ойға шомылып,  
Жерге қарап үңіліп,  
Жапырылды адамы.  
Жел көтерген бұлттай,  
Шеттегілер тарады.  
Айла, амал, сабақтас,  
Хан, манаппен табақтас,  
Адам қалып шамалы.  
Хан иегін қаққан соң,  
Қара ат мінген ер Бұқай,  
Шыға берді бөлініп.  
Шешініп алып, оң жеңін,  
Белдігіне түрініп,  
Найзасына байлаған,  
Ту құйрығы төгіліп,  
Білекке ілген қалқаны,  
Оңды, солды жүгіріп,  
Қисық біткен емендей,  
Омыртқасы бүгіліп.

Қақ жүректің тұсы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Көк сүңгісін серт ұстап,  
Жақын келді тебініп.  
— Атаңның көрі, Сұраншы,  
Атыңнан қармап түсіріп,  
Жел аударған қаңбақтай,  
Су аударған дөңбектей,  
Ат үстінен ұшырып,  
Бәлем саған қылармын.  
Сен сияқты шұбардың,  
Түсі суық жыланның,  
Жағасынан алмаққа,  
Жыға сүңгі салмаққа,  
Қашаннан-ақ құмармын!  
Келіп қалды жекіріп,  
Бұрқырап аузы көпіріп.  
Құртты бастың тауындай,  
Туған батыр бейнелі.  
Ызғары қыстың аязы,  
Аш арыстан кеуделі,  
Келіп қалған Бұқайды,  
Шыбын құрлы көрмеді.  
Қозғамады найзасын,  
Сүйеніп тұрған жердегі.  
— Токта! – деді жай ғана,  
Қолының ұшын сермеді.  
Сесі басты батырдың,  
Айтқан жерде тоқтады,  
Тірелгендей өңмені.  
— Токтадың ба, кейін қайт,  
Саған да Бұқай жан керек,  
Сен тышқансың, мен мысық,  
Барасың қайда кимелеп.  
Батыр емес, қатындық,  
Майданда кісі тілдемек.  
«Ой атаңның көрі» деп,



«Өлтірем-ақ сені» деп,  
Құр былшылдау не керек.  
Бұқай, Байтыл, Битуған,  
Оларға найза былғаман!  
Екінші рет шақырам, –  
Маған анау хан керек!  
Иек қақты Орман хан:  
Байтыл менен Битуған,  
Найзаларын кезеніп,  
Үзенгісін шіреніп,  
Тұра шапты тұрғаннан.  
Сөйлей келді Битуған:  
— Қоян жүрек, ит Бұқай,  
Неге тұрсың сілейіп.  
Батпаса тісің жолды бер,  
Біз жақындап көрейік.  
Жағасынан қармамай,  
Атып ұрмай дорбадай,  
Сен Сұраншы құлақ сал,  
Қарайып келдім қаныма,  
Мына тұрған Байтегім,  
Көмекшім бар жанымда.  
Мен-мен едім, мен едім,  
Мен кімдерден кем едім,  
Батыр болсаң – мен де сол  
Мен де өзіндей ер едім,  
Терезесі тең едім.  
Іште кегім қалғанды,  
Шығарайын арманды.  
Ханыма қолды салғаның,  
Көкейімнен кетпейді  
Төрегелді манаптың,  
Сақал, мұртын алғаның.  
Ажал айдап келген соң,  
Аямаймын жаныңды.  
Сенің қылған бұл ісің,  
Барлық жұртқа мәлімді.

Соның үшін тап бүгін,  
Ағызайын қаныңды.  
Мен жүрмеген тау бар ма,  
Мен алмаған жау бар ма,  
Шығарайын жаныңды.  
Талай жаумен алысып,  
Күрескенді жыққанмын...  
Ботпайдан шыққан Сыпатай,  
Көмегіне жарамай,  
Байұзақтай батырың,  
О да қашқан қарамай.  
Арғыннан шыққан Ағыбай,  
Ыстыдан шыққан Бұғыбай,  
Табыннан шыққан Бұқарбай,  
Келе алмаған қасыма.  
Мекірейдей тұмысы,  
Тиген қатты басына.  
Ханның биі, батыры,  
Қирап қалған шатыры,  
Аш бүйірін таянып,  
Жылаған қыз бен қатыны.  
Қатын, қызын жылатқан,  
Менің сондай ісімді,  
Аспанда күдай ұнатқан...  
Орманнан келген үш батыр,  
Үш жағынан тап берді.  
Ашу қысып Сұраншы,  
Астыңғы ернін тістенді.  
Бір сілтеді найзасын,  
Белі үзілген күзендей,  
Алдымен келген Битуған  
Бетін баса бүктелді,  
Кеудеге найза күмп берді,  
Екі батыр найзасын,  
Сатыр-сұтыр салысты,  
Сайлап мінген белді аттар,  
Тізе бүгіп қалысты.

Жараланып Бұқайлар,  
Аттың жалын қабысты.  
Оны көріп хан тобы,  
Ат қойып бәрі шабысты.  
Аш қасқырдай батырды,  
Ортасына алысты.  
Ханның тобы жүз кісі –  
Ортасында бір кісі,  
Түс ауғанша ұрысты.  
Күн төбеден өткенде,  
Бесіндікке жеткенде,  
Жау қамаған Сұраншы  
Көзін қаптап қан алды,  
Тұла бойын жара алды.  
Орман ханға ұмтылды,  
Алыстан салған найзасы,  
Ту сыртына бір тиді.  
Сегіз көздің қоң еті,  
Кере қарыс жыртылды.  
Топтан шығып хан кетті,  
Сұраншыдан әл кетті,  
Соны сезіп Ақтүяк,  
Жан-жағына қарады,  
Жал-күйрығын тарады.  
Оң аяғын тарпыды,  
Ортекедей ойнақтап,  
Көк жайындай бұлқынды,  
Арыстандай жұлқынды.  
Жау жібермей орап ап,  
Шығармады қамалап,  
Тұрып алып айнала,  
Ілмек болды найзаға.  
Күрсілдеді бір дабыл,  
Жер мен көкке жаңғыра.  
Жалт қарады Орман хан,  
Есі-тұсын тандыра.

Алатауды қақ жарып,  
Дабыл ұрып, кәр шашып,  
Шыға келді топ қара.  
Топ қараның алдында,  
Жандай досы Жагорі,  
Жанына ерген қырық жігіт,  
Сұраншының нөкері,  
Жанына жақын келген соң,  
Қамаған жауды көрген соң,  
Беренге білте тигізіп,  
Басып-басып жіберді.  
Хан қасында тұрғаннан,  
Кім жаралы, кім өлді?  
Онысы бізге белгісіз...  
Батырды қамап тұрғандар,  
Сырт айнала жөнелді.  
Манаптардың көбі өлді,  
Жаралы ханын өңгеріп,  
Құтылуын жөн көріп,  
Ордаға қайтты Орман хан.  
Найза тиген жерінен,  
Қағынып кетіп ем қонбай,  
Ордасына кеп өлді.  
Жолдасына қосылып  
Сұраншы қайтты тауына.  
Ақырғы болды соғысы,  
Хан, манаптай жауына.  
Қырымнан шалған қырандай,  
Келген батыр бабына.  
Ақыры келіп о да өлді,  
Алатауда көмілді.  
Атын түгел ел білді,  
Адам туып адамнан,  
Елу жылда жаңарған,  
Жаман күнді өткізген,  
Жақсылыққа жеткізген,

Қан сасытқан ханы жоқ,  
Ашу, араз зәрі жоқ,  
Балдай тәтті туысқан,  
Жеттім тату таңыма...

## САУРЫҚ БАТЫР

Төрт домбыра, он саусақ,  
Желпініп күйді тербетіп.  
Алпыс екі тамырдан  
Айнала шауып өрлетіп.  
Тау суындай арқырап,  
Шықсын өлең көлдетіп.  
Ақын өлең айтар ма,  
Желпіндірмей желдетіп?  
Ұстазым Жамбыл атамның  
Бұлбұлы сөздің алыбы  
Мерзімімен сайраған  
Бұлбұлдың жыры анығы.  
Жамбыл жырын жырласа,  
Сүйсінеді қалығы.  
Суда бөгет болмайды,  
Түзу шақан арығы  
Бидай, арпа, сұлымен  
Көгертеді тарыны.  
Арнадан тегіс жайылып,  
Болған соң жақсы қануы.  
Арналы бұлақ кең жайлау  
Заманым таңның жарығы.  
Жамбыл айтқан ақылды  
Бұл күнгі адам, қарағым,  
Бақытты деді елдері.  
Бақшалы деді жерлері.  
Алтынды қолмен уыстап,  
Елдің жанды еңбегі.

Батырларды жырлаған,  
Жырламайтын ер ме еді.  
Үш дәуірді мен көрдім,  
Бұл заманмен тең бе еді.  
Қанша батыр болса да,  
Жауын жеңсе дендетіп.  
Елін қорғап болмаса,  
Дұшпаны найза қолға алса,  
Жылауда болар кем-кетік.  
Кемдік емей немене  
Аузынан сөзі кеткен соң.  
Қос батыры мұң болар,  
Жау жағаға жеткен соң.  
Найзасы түсіп қолынан,  
Ор қазылып жолынан,  
Нардай болып шөккен соң.  
Жылау емей немене,  
Жалпақ жатқан даланы  
Өртеп малын кеткен соң,  
Зар заман деп ат қойған.  
Адамдары тарығып,  
Ақ найзасы қан болып,  
Елдің ері сабылып,  
Анау бір өткен заманда,  
Белшеден қанға малынып,  
Әділетсіз қан басты.  
Бұқараның күні жоқ,  
Шашылмаса жалыны.  
Берен мылтық қолға алып,  
Әбжыландай толғанып,  
Патша әскері ағылып,  
Еділ, Жайық, Оралды,  
Арқа менен Алтайды,  
Аралап аттап жол салды.  
Орта жүз бен кіші жүз  
Қызыл қанға боялды.  
Қапалға тоқтап мекендеп,

Ұлы жүзге қол салды.  
Қару-жарак қаттанды,  
Қайғы басып қарттарды.  
Қабынып келген жауына,  
Ел батыры аттанды.  
Ұлы жүздің мекені,  
Алатаудың төрі еді,  
Алабы шалқар, басы қар,  
Жемісі көп жер еді.  
Өз адамын жіберіп,  
Қарғылы патша Некалай,  
Осыларды көреді.  
Шапырашты, Дулат пен  
Мекен еткен жері еді.  
Әсеке мен Сарбағыш –  
Қырғыз деген ел еді.  
Ыстық көл мен Шу деген,  
Олардың үлкен көлі еді.  
Жердің атын айтайын.  
Тал шоқысы Талғардың,  
Ең биігі заңғардың,  
Алматы деген жерінің,  
Мыңдап өріп жайылған,  
Арқар, марал аңдары.  
Қарағай мен қайыңы,  
Жер шарындай жұп-жұмыр,  
Көрсен онда алманы.  
Тобылғы ырғай даланы,  
Терегі мен талдары  
Онда ара ұялап,  
Ағып жатқан балдары.  
Оған таяу тағы бар,  
Қарағайлы, Қаскелең,  
Шамалған мен Қарғалы.  
Іле деген өзен бар,  
Ақ балығы ойнаған.  
Аққан суын қарасаң,

Бұрқ-бұрқ етіп қайнаған.  
Өтеген мен Қазыбек,  
Қызылқұм мен Айдарке  
Қалың елдер жайлаған,  
Жер байлығы осындай.  
Егін салып шаруа  
Төрт түлік мал айдаған.  
Қарақия Майтөбе,  
Ұзынағаш таулары.  
Ақбұлағы қайнаған.  
Суықтөбе, Балажал,  
Басында бұлт орнаған.  
Қозыбасы, қордай бар,  
Ебіннің желі саулаған.  
Кішікебін, Шоңкебін  
Тасыған суы арнадан.  
Осы жердің елдерін,  
Қырамын деп елдерін.  
Іле, Балқаш, Ертісі,  
Аламын деп көлдерін.  
Солдаттарын құрасып,  
Жіберді патша мергенін.  
Алтын, күміс, қорғасын,  
Пайдаланбақ кендерін.  
Ерентал ояз бастаған,  
Алтынемел тауында  
Көрді жаудың келгенін.  
Найманнан шыққан Артық бар,  
Хабарлады ерлерін.  
Ерентал келе ел шапты,  
Жібермей тірі көргенін.  
Артық сасып Саурыққа  
Қос ат беріп екі адам  
Жіберді бас қып Ерденін.  
Жау шапты келіп елімді,  
Сен деді Саурық сенгенім.  
Найманның сонда қонысы



Алтынемел белінде  
Бейғам жатқан ел еді.  
Жау басып келді жеріне.  
Аранын ашып айдаһар,  
Алатаудың төріне.  
Шапқыншы екі адам  
Саурыққа жетіп сабалап,  
Жылай берді келді де  
Ерентал ояз ел шапты  
Көзжастың сол көлдігі.  
Алматының сағасын,  
Шапырашты мекендеп  
Садағын тартып жай қылып,  
Күндік жерге жетер деп,  
Саурықтың қолы үш мыңдай  
Жол тартты жауға төтелеп.  
Ер басына қос ат бар,  
Жолға түсті ертелеп.  
Іленің суы қанды су,  
Жылжып ағып бұрқылдап,  
Күлмең қағып еркелеп.  
Әскер келді осыған  
Өтпек болып ентелеп.  
Саурық бастап әскерді,  
Қылта жерден төтелеп.  
Жүздіріп судан шұбалып,  
Өте шықты тобымен  
Қос аттарын жетелеп.  
Іленің түпсіз суының  
Бетінде әскер балықтай,  
Қалқып кетіп барады.  
Сауыт-сайман құралын,  
Артып кетіп барады.  
Аттың басы қылтымдап,  
Ор қояндай бұлтылдап,  
Шалқып кетіп барады.  
Суда балық көрінсе,

Садақпенен ойын қып,  
Тартып кетіп барады.  
Өлеңдерін күлетін,  
Сырнай, керней, барабан,  
Тартып кетіп барады.  
Ара күндік жол жүріп,  
Алтынемел беліне  
Шұбалып жатқан боз дөңі  
Қырқа-қырқа керіге  
Қамап жатқан Ерентал  
Найманның келді жеріне.  
Алыстан Саурық келгенше,  
Шауып алған Найманды.  
Талауға салып адамын,  
Көрсеткен үлкен ойранды.  
Екі көзге жас толып,  
Бес жүз қолға бас болып,  
Құрытты деп айламды  
Алдынан шықты Саурықтың  
Артық келіп арыз қып.  
Көрем деп қашан пайдаңды,  
Он мыңнан асқан қолы бар  
Еренталдай жау келді.  
Елер емес найзаңды,  
Зеңбірек күріс күмпілдеп,  
Тауды жарды дүрсілдеп.  
Бірақ алып аяғын  
Басады екен бүлкілдеп.  
Қарап тұрсаң жүрісін  
Дариядай кілкілдеп  
Мойнына шапан ораған.  
Найзалы мылтық қолында,  
Жолбарыстай қараған.  
Мұндай жауды көргем жоқ,  
Туғалы дейді анадан.  
Тұтқын болып қыз-қатын,  
Жау қолында жылаған.

Саурық жүріп жер болжап,  
Биіктің шықты басына.  
Жер мөлшерін көрсетіп,  
Артық еріп қасына.  
Жау қарасын көрісіп,  
Деп сұрады: «Осы ма?»  
Әскерін жиып ер Саурық,  
Дейді жаудан шошыма.  
Дем алып бүгін жаталық,  
Тынықсын аттар осында.  
Бас аяғын дұрыстап,  
Жабдықтарды қамдаған,  
Көлемі мол жау екен,  
Қапыда болып қалмаған.  
Саурық болып жаралсам,  
Болар жауда аруағым.  
Дүз-дүзден бөлді адамды,  
Қамалық дейді жан-жағын.  
Күн бата жауға аттанып,  
Шап деді бірің қалмағын,  
Бастығына кездессен,  
Оны өлтіріп салмағын.  
Айта-тұғын сөзім бар,  
Ішімде кетер арманым.  
Деп сөйлейді көбіне,  
Қатын менен балада,  
Болмасын дейді жанжалың.  
Еренталды ұстасаң,  
Алып кел маған ұлығын.  
Патшасына жіберіп,  
Жасаймын деді ырымын.  
Ер Қарасай арғы атам,  
Шапырашты ұруым.  
Күн де батты аттанды,  
Болмайды деп тұруым.  
Қоғалыны жағалап,  
Айнала қоршап солдатты

Күш қуатын шамалап  
Жауға тиді ел жата.  
Ақ найзасы сағалап,  
Қарасайлап, ұрандап,  
Атқа қамшы сабалап  
Олар да мылтық түтетті.  
Бұқпа сайдан жорғалап,  
Найза-қылыш сорғалап.  
Таба алмады солдаттар,  
Байлап қойған аттарын.  
Қарамады бұрылып,  
Көрдi жаудың шапқанын.  
Қиялап кесті қылышпен,  
Доптай қылып бастарын.  
Атты, жаяу сай-саймен,  
Көрдi жаудың қашқанын,  
Қалың қолды аралап,  
Жан-жаққа қылыш сабалап.  
Өліктен жер көрінбей,  
Бастары жатса домалап.  
Қойтарыдан аққан тер,  
Шашасынан сорғалап.  
Еренталды ұстады,  
Тірідей қолға өлтірмей.  
Сөйлерге тілі келмеді,  
Жылай берді селкілдей.  
Құлағын кесіп күнтитып,  
Тұрған бойын сымтитып,  
Басына қаза келтірмей,  
Патшаңызға сәлем де  
Тиісті бізге жөн жүрмей.  
Қайтып алсын төресін,  
Арамызға ендірмей.  
Қатын менен баланы,  
Білемісің таладың.  
Жесір менен жетімді,  
Көгендеп қойша санадың.

Жерден үміт қылсаңыз,  
Патшалықты жой-дағы  
Сонан соң сөйлеп қарағын.  
Ерентал кеше сен қырған,  
Бейғам момын ел еді.  
Сол кегімді аламын,  
Патшаңа барып айтпасаң,  
Мен де өзім барамын  
Басына ойран саламын.  
Өзің келіп тиістің,  
Бекерге неге қаламын.  
Сен бір шыққан бидайық,  
Шалғындай шауып орамын.  
Патшаның өзі келсін деп  
Шапырашты Дулат боп,  
Жолын тосып тұрамын.  
Мен Кәшкенің баласы  
Ер Қарасай ұраным  
Алатаудың төрінде,  
Алматы деген жерінде  
Мекен етіп тұрамын.  
Бар, - деп жолға салады,  
Тартып алып құралын.  
Ерентал жолмен жөнеді  
Бүкең-бүкең желеді.  
Қапалға барып албырап,  
Патшаға хабар береді.  
Алатаудың төрінде,  
Жер байлығы көп еді,  
Некалай патша сен үшін,  
Тамаша бай жер үшін,  
Біздің әскер көп өлді.  
Шапырашты Саурық бар  
Алматының тауынан  
Тосамын сені деп еді.  
Көмекке әскер бергін деп,  
Айтып жазды дегенді.

Некалай патша мұны естіп,  
Он бес мың солдат жіберді.  
Колпакоп деген генерал,  
Солдаттың келген бастығы.  
Патшаның досы ол еді  
Қапалдан шығып жол тартты.  
Азғана емес мол тартты.  
Зеңбірегін сүйретіп,  
Оқ-дәріні атқа артты.  
Алатауға төтелеп,  
Лек-лек солдатты,  
Іленің басын айналып,  
Алматыға кеп жатты.  
Саурық батыр ол кезде  
Қарақыстақ, Қастекке  
Шабарманды мінгізген.  
Көк ала мен мескөкке  
Молжігіт пен Нұрымбет,  
Шабарманы сол еді.  
Көмегіне шақырды.  
Қазақта батыр мол еді,  
Дулаттан шыққан Байсейіт  
Бес мыңдай оның қолы еді.  
Онымен бірге Сыздық бар  
Кене ханның ұлы еді.  
Колпакоптей генерал,  
Алматыға келді деп  
Тез келуін тіледі.  
Іленің бойы ақ тоғай,  
Қалың орман қаптағай  
Сол жерде жатқан кезінде,  
Шабармандар келеді.  
Садақтарын жондырып,  
Атына ерін қондырып.  
Аттанып жауға жөнеді.  
Қарғалының тауында,  
Саурыққа бұлар кеп еді.

Үш мың қолмен Саурық та  
Атқа мінген кезі еді.  
Қол қарасы көбейіп,  
Саурықтың толды кемері.  
Ауыр жүкпен қарттарды,  
Қарғалыда қалдырып,  
Азық-түлік тамағын,  
Қос атына таңдырып  
Үш батыр қолды үш бөлді.  
Ұран айтып жар қылып,  
Шұбалып жолға түседі.  
Қара жерді жардырып  
Күн төбеден ауғанда  
Ұзын жолды шаң қылып,  
Жарым түн мезгіл болғанда,  
Колпакоппен айқасты.  
Өзен бойын қан қылып,  
Алматының сағасы  
Онда тоғай, орманы,  
Арыстандар ақырса,  
Таудың басы жаңғырып.  
Қараға садақ тартысып,  
Тарсылдап мылтық атысып.  
Тор құрған жері адамның  
Ауыр халге батысып  
Ұрса алмады бұл түні  
Араласып қатысып.  
Алматының суының  
Жағасында Колпакоп,  
Бұғып тасқа жатысып.  
Тау сағалап ер Саурық,  
Әскерлерін түнетті.  
Біле алмады жолдарын,  
Қалың тоғай түнекті,  
Таңға жақын аттанып,  
Солдаттарға тиеміз,  
Сақ болғын деп күзетті.

Аспанда жұлдыз балбырап,  
Ағашында беткейдін  
Қызыл алма салбырап.  
Түнгі сарын желменен.  
Су сарыны салдырап.  
Болжай алмай ой, қырды,  
Секіреді арғымақ,  
Түнімен жатты екі қол,  
Екі жақтан бағысып,  
Анық болжап қарасын,  
Көре алған шоқтанысып.  
Таң шолпаны туғанда,  
Атқа мінді барлығы.  
Қатынап хабар алысып,  
Колпакоп атты зеңбірек.  
Садағын Саурық тартысып.  
Байсейіт, Сыздық, Саурықпен  
Ақылдасты бас қосып,  
Бөлелік қолды үш жаққа.  
Үшеуіміз басталық  
Көптігінен солдаттың,  
Бекер қорқып саспалық.  
Саурық шығып тау жаққа,  
Байсейіт тастақ жақты алып,  
Сыздық кетті төменге  
Өз міндетін атқарып.  
Ағаштан адам көрінбей,  
Байқамайды топты анық.  
Байсейіт жатты атысып,  
Жауға қарсы қасқарып.  
Күн төбеге жеткенде.  
Атысты қойып екі жақ,  
Лап қойды аттанып,  
Алматының сағасы,  
Ажағайдай жарқылдап.  
Тебінгіден тер шығып,  
Үзеңгісі сартылдап.



Ну ағаш ішінде,  
Ақ найзасы жалтылдап,  
Аққан қаны өліктің,  
Саз балшықтай былшылдап.  
Қойға кірген бөрідей,  
Үш батыр жүр алқымдап.  
Күн батар мезгіл болғанда,  
Екі жаққа екі әскер,  
Бөлінеді қарқындап.  
Таудың шығып алқымын,  
Демін алды салқындап.  
Колпакоптың солдатын,  
Түн болған соң тұрмады,  
Үрейленіп қалтылдап.  
Деді жау бүгін дендетті  
Солдаттар қорқып еңірепті.  
Екі жақта тілдесіп,  
Бір-біріне келмепті.  
Түнімен шұбап Колпакоп  
Түргенді өрлеп асыға,  
Бетін бұрып ол кетті.  
Төрт-бес мыңдай қалғаны,  
Өлмей тірі қол кетті.  
Саурықтың қолы сегіз мың  
Алты мыңдай ол қалған.  
Үрістемдей келбетті.  
Таң атқан соң артынан,  
Саурық қуып бұл кетті  
Қуғанменен жетпеді.  
Қол емес пе дүрмекті,  
Қайтып келіп үш батыр,  
Ақылдасып бірігіп,  
Тоғайлы жерде кездесіп  
Жау қашты деді дүрлігіп.  
Қайта айналып соғады  
Кеткенменен сорлығып,  
Тағы да оған қосылып,

Келер қайтып тынығып.  
Құралы мол жау екен  
Соған сеніп ұрынып,  
Не жеңіліп, не жеңіп  
Тыныштыққа кірерміз,  
Қалмасақ тегіс қырылып.  
Қара үңгірде Сыпатай,  
Батырбек пен бар еді.  
Байзақ батыр қайтпайтын,  
Артықша туған ұл еді.  
Төрт Дулаттан тараған,  
Сол күнгі шыққан күн еді.  
Ошақтың үш бұтындай,  
Бұл Дулаттың тірегі,  
Екі адам бұған шаптырды.  
Қос ат беріп астына,  
Жеті күндік азығын,  
Бекем қылып арттырды.  
Біреуге хат жаздырып  
Бар жағдайын айттырды.  
Бұдан былай қырғыз бар  
Бір құлақ судың бойында  
Патшаға қарсы шығады деп,  
Дос тұтынып ойында,  
Жантайбекке хат жазды.  
Саурық деген ат жазды,  
Сұр жылан кірді қойныма  
Қазақ, қырғыз ел едік,  
Осыдан келмей қалсаңыз,  
Шашылған қанның ызасы,  
Деді сенің мойнында.  
Қоқанның білгіш ұлығы  
Құдияр деген хан еді.  
Зекет құшыр жиятын,  
Сол күнгі соның заңы еді.  
Білтелі қара мылтығы,  
Әскерінде бар еді.

Қопаң-қопаң желісіп,  
Жантайменен келісіп,  
Тоқпақтан орын ап еді.  
Әскерінің бастығы,  
Қанағатша дер еді.  
Жантайменен бірге келсін деп,  
Оған да сәлем береді.  
Өстіп жатқан кезінде,  
Колпакоптей генерал,  
Қайта оралып кеп еді.  
Он бес мыңдай солдатпен,  
Қолда мылтық берені,  
Алматыдан бері өтіп,  
Ұзынағашқа келеді.  
Саурыққа келіп сөз салды.  
Бұқара болып қарайсың  
Ақпатшаға дер еді.  
Алатаудың халқы аз,  
Шапырашты, Дулаттың  
Өте жері көп еді.  
Өлсем өліп қалармын,  
Қараймын саған демеді.  
Сәлемін естіп Саурықтың,  
Шақырған батыр келеді.  
Қанағатша Жантай мен  
Қол тартып келді Қастекке.  
Қой жолдан төмен әскері,  
Жасырын тікті төстекке  
Сыпатай мен Батырбек,  
Жатты келіп бір шетке.  
Сойыс берді ер Саурық,  
Мейманына құрметке.  
Қарамаймыз патшаға,  
Қырылып бүгін өлсек те,  
Өлгенмен тең тағы да  
Алым-салық берсек те.  
Соғыспаққа дайын боп,

Аттанысты қалың топ,  
Саурық пенен Байсейіт,  
Сасықсайды жағалап.  
Қайтпас батыр жалын-шоқ,  
Екі арасы бір қырқа,  
Қарғалыда Колпакоп  
Майданға шықты екі жақ,  
Бір-бірінен қорыққан жоқ.  
Бес шақырым арасы,  
Сазға шыққан шілікпен,  
Орман тоғай ағашы,  
Жосаға шыққан адамның,  
Көрініп тұрды қарасы.  
Зеңбірек атып солдаттар  
Дүрсілдеп жатты тау басы.  
Құтылғандар көп болды,  
Зеңбіректің оғынан.  
Саурық садақ тартады.  
Шыға шауып тобынан,  
Байсейіт тартып бір жақтан,  
Желі тұрып оңынан,  
Колпакоптың әскерін  
Кейін тепті орнынан.  
Колпакоппен сөйлесіп,  
Бөлініп шығып тобынан,  
Қанағатша Сыпатай,  
Олар тайды жолынан.  
Уәде беріп Жантайға,  
Шен берем деп қолымнан,  
Төрт батырдың көп қолын,  
Колпакоп ертгі соңынан.  
Байсейіт пен ер Саурық,  
Кеткенін көрді Сыпатай,  
Қанағатша Батырбек,  
Елдігі жоқ ақымақ,  
Уәдесіз қапыл деп,  
Үш күн, үш түн атысты.

Араласпады жақын кеп,  
Сыздыққа хабар береді.  
Бейғам болып жатыр деп,  
Жеті күн ұрыс токтатып,  
Дем алалық батыр деп,  
Екі жақта сөйлесіп  
Қорытты соған ақыл кеп.  
Әскерін алып асады,  
Құтырғанның бойына,  
Самсы жаққа жақын кеп.  
Дем алып жатқан кезінде  
Талма түстің шағында,  
Самсының шығыс жағында,  
Араласты жылқыға,  
Қырық-елудей қатын кеп,  
Қатын десе жау екен.  
Қырғыз Жантай жіберген,  
Ақ найзалы бәрі де,  
Қабақтары түнерген  
Жылқыны тиіп айдады,  
Самалы жаудың түзелген.  
Өрістен малды алды деп,  
Желіні қиып салды деп,  
Қатын, бала күңіренген.  
Қайтарысып алдырды,  
Жерінен отқа жіберген.  
Көре тұрып мал беріп,  
Өлмей тірі бұл жерден,  
Деп атқа міне жөнелді.  
Саурық жалғыз елерген,  
Әйелі сонда сөйледі:  
«Асықпа батыр сабыр қыл,  
Жетерсің қиып кезеңнен,  
Күтініп келген жау екен,  
Садағын жауға безенген  
Сауытыңды ки, – деді,  
Түймелегін барлығын,

Сақтан, – деді, – безерден».  
Оған Саурық қарамай,  
Қойтарымен жөнелді.  
Тастап кегіп барады,  
Қырқа менен өзенді  
Жайдақ атпен сауытсыз.  
Жауға найза кезенді  
Жау қарасын көргенше,  
Ерні шөлдеп кезерді.  
Жантайдың қолы өрлеген,  
Қарақыстақ өзенді  
Қасмойнаққа жеткенде,  
Артынан қуып Саурық ер,  
Айқасып жауға кез келді.  
Оншақтысы жылқы айдап,  
Ілгері қарай жөнелді.  
Қалғандары жол тосып,  
Тобымен алды кезенді.  
Найзаларын салысты  
Ат үстінен алысты.  
Ақылдасып барлығы,  
Істелік дейді әдісті.  
Саурықтың кеп жан-жағын,  
Қауғалады найзамен,  
Бәрі бірдей шанышты.  
Қойтары сонда сүрініп,  
Жығылып тасқа қалысты.  
Жерге атынан түскен соң,  
Шаншыды Күрпік бүйректен.  
Ер қасына ар жағын,  
Найзасының тірелген,  
Артынан салған ақ найза,  
Жарып шықты жүректен.  
Бөлекбай деген ел еді,  
Қырғыздың бір атасы,  
Батырлықпен күнелткен,  
Атын алып жетелеп,

Жылқыға қосты апарып.  
Қуып жетіп түбектен  
Бірталай мезгіл өткенде,  
Төрт мың әскер қасында,  
Сыздық келді бүйректен.  
Саурықты көрді көк тасқа  
Құйрығын қойып отырған.  
Қуаты кетіп білектен,  
Сонда Саурық сөйледі  
Кененің ұлы Сыздыққа:  
«Өлгенімше армансыз,  
Баттым талай қызыққа.  
Жері жаман алдырмас,  
Бар ма Жантай бұзыққа.  
Сен барған соң соғысып,  
Момындар өлер қырылып.  
Мен үшін кектеп қызықпа.  
Колпакоп қамап ол жатыр,  
Сәлем де қазақ еліне,  
Қарамасын патша мен,  
Қарғы таққа ұлыққа.  
Сәлем айтқын біздерді,  
Есіне алған ұрыққа.  
Өзібек пен қырғыздың,  
Бектері кетті жау болып,  
Мұнысы жақсы қылық па,  
Шен-шекпенге сатылып.  
Аттанды бізге жорыққа.  
Сен Кененің ұлы едің  
Қамын жеген халықтың.  
Бас тартып жаудан қорықпа».  
Сыздық сүйеп Саурықты  
Сөйлерге тілі келмеді,  
Білінбей сөзі аныққа,  
Ақ патшадай айдаһар,  
Зерін шашып халыққа  
Соған қарай аттанғын,

Көзің сал аш пен арыққа.  
Арыздасып қоштасып,  
Ілінгенім құрыққа.  
Тайторының жоқтығы,  
Қойторының тоқтығы,  
Деп айтып сөйлеп Сыздыққа  
Найзаны тартып алғанда,  
Жаны бірге шығады  
Сүйеніп тұрған сыныққа.  
Саурық жанын берген соң,  
Аттанды Сыздық патшаның,  
Сонша қолын көрген соң,  
Ер жігітке не керек  
Байтоқты қызық елден соң.  
Әр ұрудан құралған,  
Бәрі бірдей сыналған,  
Жанында төрт мың әскермен  
Маң даланы шаңласып,  
Қолына ала ту алған.  
Жауды көріп қуанған,  
Солқылдады кара жер,  
Абылайлаған ұраннан.  
Аттанды жауға со бетпен,  
Алатаудың бауырынан,  
Көп әскермен шұбалған.

## КӨРҰҒЛЫ

Домбыраны қолға алып,  
Ойланып қатты толғанып,  
Тындауға халық келгенде,  
Көрұғылыны қозғалық.  
Сөз шумақтап оралып,  
Бір сөзден бір сөз таралып,  
Желді күнгі жалындай,



Сөзім бір кетсе қозданып!  
Ажалдан қорықпай түйілер,  
Аспандап қыран шарласа,  
Ақын қорықпай шүйілер,  
Тілдің бізін арнаса.  
Зымырап жүйрік жүгірер,  
Аяқтан біреу шалмаса,  
Жау десе батыр киінер,  
Тоқталмас кегін алмаса,  
Ел елдігі бола ма,  
Ерлермен жауға бармаса!  
Тұтастығы бұзылмас,  
Өз жерін жаудан қорғаса!  
Ағаш қалар қуарып,  
Жапырақ, тамыр болмаса!  
Теңіздер қалар суалып,  
Құятын өзен болмаса!  
Өзен де ағар күшейіп,  
Бастау – бұлақ қолдаса!  
Жамбыл да кетер қалықтап,  
Халықтың күші қозғалса.  
Болат құнын жоймайды,  
Тат басып, сынып тозбаса!  
Тот басқаны тозғаны –  
Бәйгеде тарлан озбаса!  
Кейін тартпас, келген жас,  
Жолды ілгері созбаса.  
Айғайласа екпіндеп,  
Жол бастаған тарланың,  
Артта қалды көп күндер,  
Игілікке арнадым.  
Туғаннан бері аралап,  
Талай жерді шарладым.  
Кәрілікті сылтау қып,  
Жасымадым, қалмадым.  
Ел билеген хандардың,  
Адамнан шыққан жыртқыштың,

Кездестірдім алуанын.  
Халықты тілмен қорғадым,  
Сөз шындыққа келгенде,  
Бас кессе де болмадым!  
Сөз шындыққа жеткенше,  
Өткір сөзбен торладым,  
Өткізбедім шындыққа,  
Шариғатын молданың.  
Өтірікке сатылып,  
Талай көрдім барғанын.  
Қорқытып әкім ақырса,  
Пара алып, молда шатылса,  
Алакөз байлар мал үшін,  
Көргенін айтпай жасырса,  
Алыпсатар саудагер,  
Кулығын алдап асырса,  
Дұрыстық қайдан табылар?  
Нахақтан барып дараға,  
Сорлы кедей асылса.  
Жарлығын хан кешу жоқ,  
Бас ұрып халық зарласа,  
Сөзіңді ешкім сөйлемес,  
Тойғанынша алмаса.  
Алдау, зорлық, өтірік,  
Біреуге біреу нанбаса:  
Тамақ үшін сатылған,  
Ұлықта ар қалмаса.  
Айтқанменен жалынып,  
Арызыңды алмаса.  
Алатұғын қақынан,  
Асырып пара қармаса.  
Ауға түскен балықтай,  
Шыға алмайсың бұлқынып,  
Әділеттік болмаса.  
Күннің көзін жасырар,  
Аспанды бұлт шарласа.  
Елдің бағы ашылар,

Әділеттік орнаса,  
Баланы жақсы өсірмес,  
Бұзықтық шырмап торласа.  
Қасиет болмас халықта,  
Басқарушы қорласа.  
Малдай айдап адамды,  
Орынсыз күштеп зорласа.  
Жау басынар халықты,  
Басқарушы оңбаса.  
Өркекірек наданға,  
Айтқан ақыл қонбаса.  
Надандықтың белгісі –  
Бет келгенде берілер.  
Қожа болып сыртыңнан,  
Орынсыз бөсіп, елірер.  
Өзінен өзі мақтанып,  
Буға пісіп семірер.  
Білгіш, жүйрік өзі боп,  
Оңашада көрінер.  
Кердең басып аяғын,  
Жыртыла жаздап керілер.  
Өсек айтар ел кезіп,  
Еңбек десе ерінер.  
Ойламай орғып сөйлейді,  
«Білетін бәрін мен» – дейді.  
«Ақылым – арна таусылмас,  
Білімім – шалқар көл» – дейді  
«Өзімнен артық адам жоқ,  
Аузымнан шықса жөн», – дейді  
Оңбайтұғын ер кеуде,  
Дұрыс айтсаң көнбейді.  
Мастандырса мақтаумен,  
Қас дұшпанын көрмейді.  
Ақыл айтқан досына,  
«Аулақ» деп қолын сермейді.  
Жүрген жерін бүлдіріп,  
Халыққа тыныштық бермейді.

Біреу мақтап қайраса,  
Орынсыз іске айдаса,  
«Жан ашырым сен» дейді.  
Ұятқа барып ұрынар,  
Тұмсығы қанап жығылар,  
Ойына да келмейді,  
Өткен күнді еске алып,  
Өзіне есеп бермейді.  
Аңғал сорлы алақтап,  
Босқа шауып далақтап,  
Жексұрын болып халыққа,  
Қанжілік болып терлейді.  
Айтып өсек өтірік,  
Қасиетін кетіріп,  
Жүргенін өзі көрмейді.  
Түсінбей сондай надандар,  
Өтті қилы замандар.  
Жаны ашитын нашарға,  
Туғанша әділ адамдар!  
Жетім менен жесірді,  
Тонап алып кей зұлым,  
Мықтымын деп есірді.  
Жері мен малын тартып ап,  
Қонысынан көшірді.  
Нашардың берген арызы,  
Қашан дұрыс шешілді?!  
Қырғындатып қиратып,  
Тіршілігін өшірді.  
Халыққа азап шектірген,  
Сол заманның хандары.  
Қанішер және зорлықшыл,  
Сол хандардың заңдары.  
Басына ажал төнгенде,  
Азапты қатты көргенде,  
Халық сонда аңғарды.

Ханның бірі Бозайхан,  
Одан да халық зарлады.  
Ешбір ханнан әділдік,  
Халыққа үлгі қалмады.  
Өз қамы үшін соғысып,  
Жердің бетін қандады.  
Бұрынғы бір заманда,  
Сұлтан өткен Көрұғылы.  
Көрден шығып ол бала –  
Атанып кетті Көрұлы.  
Біраз сөйлеп берейін,  
Көрұғылыны халыққа.  
Әшкереле, қызыл тіл,  
Өткен істі жарыққа.  
Ашыла сөйле, көмейім,  
Айтар сөзді анықта.  
Желіп мен де жөнейін,  
Келген кезде шабытқа.  
Үстем болсын мерейім,  
Он саусағым талықпа.  
Қалыспай сөйле домбырам,  
Жамбыл сөйлеп кеткенде.  
Деп қалмасын кейбіреу,  
Кәрілік бұған жеткен бе?  
Сыр бере қоймас Жамбыл да,  
Жас ортаға жеткенде!  
Ұзаққа Жамбыл сілтеді.  
Өлеңнен алып көкпары  
Айт дегенде айтпасам,  
Боламын елге өкпелі.  
Мені де халық сыйламас,  
Ел қадірін көрмесем.  
Сараң ақын демей ме,  
Сөз қолқасын бермесем.  
Еңбегім жанар түбінде,  
Ел үшін шаршап терлесем.  
Бозайхан атты ер өтті

Құлашын кең сермеген.  
Жеңілуді білмеген,  
Қан майданда – ұрыста.  
Қарсыласып келгенде,  
Ешкім де төтеп бермеген.  
Өзінен басқа хандарды  
Хандық еткен жандарды,  
Өмірінде сүймеген.  
Жер бетінде халықтың,  
Күн астында жарықтың,  
«Билесем бәрін мен» деген.  
Қан көрмесе жеті күн,  
Ел шаппаса екі күн,  
Құмартып қанға шөлдеген.  
Алтынды алмас белінде,  
Өмір етіп еліне,  
Даңқын естіп Бозайхан,  
Баспаған адам жеріне.  
Қабағына қар қатқан,  
Кірпігіне мұз қатқан.  
Жорыққа шығып әскермен  
Күні жоқ ханның жай жатқан.  
Найзасы алтын шашақты,  
Жорық жасап жан-жақты,  
Жауды қырып жайратты,  
Малын тонап айдатты,  
Қырғын соғыс астында,  
Шабынды көріп ел жатты.  
Бозайханның жорығын,  
Көп еді хандар күндеген.  
Бозайхан шықса ақырып,  
Әскерін жиса, шақырып,  
Жер бетінде бір адам,  
Езу тартып күлмеген.  
Жорық жасап Бозайхан,  
Судай ақты қызыл қан.  
Жазықсыз елді қырғындап,

Нахақтан кетгі талай жан.  
Малын шауып алған соң,  
Мекенін елдің өртеді.  
Ханнан қорлық ел көрді,  
Демесін біреу ертегі.  
Міне, осындай әңгіме,  
Елестетер ертені.  
Хандар билеп қаланы,  
Ұшан теңіз даланы.  
Хан билеген халықтар,  
Қайғылы және азалы.  
Айға шапқан арыстан,  
Ерегісіп алыстан,  
Ашулы және ызалы.  
Аш-жалаңаш күйзелген,  
Хан аямас қараны.  
Ханнан қайғы тартқан ол –  
Жүректері жаралы.  
Хандар ашу шақырса,  
Халықтан өшін алады.  
Бұлтқа сілтеп қылышын,  
Найзасын көкке тіреген.  
Қан төгуге құмартып,  
Күнде соғыс тілеген.  
Үстемдік етіп Бозайхан,  
Асқақтап шалқып тасады.  
Бозайханның дабылын,  
Естіген ел қашады.  
Жауатын күндей тұлданып,  
Қаны қашып сұрланып,  
Қия шауып, құзды алып,  
Оя шауып, мұзды алып,  
Басқа жан тірлік етпеске,  
Жер бетінде қызғанып.  
Қылыштың қаны кеппеген,  
Адамның күші жетпеген,  
Жер қалмады маңайда,

Бозайхан зорлық етпеген.  
Ұрған доптай домалап,  
Соғысқан жерде бас қалды.  
Шабуылда – жеңгенді,  
Найзаға шаншып қайтады.  
Өздері кескен бастарды,  
Қызық көрмей өмірден,  
Құтыла алмай өлімнен,  
Құмырысқаға жем болып,  
Өлексемен тең болып,  
Талай қыршын жас қалды.  
Тасқын өзен-суларға,  
Адамнан көпір салыпты.  
Дария мұқит-теңізден,  
Жауына өтіп барыпты.  
Қойдай қырып жауларын,  
Байлығын тартып алыпты.  
Осылай өсіп көңілі,  
Байлығы, жері кеңді.  
«Хан бар ма?» деп сұрады,  
Мендей боп өткен өмірі?  
Көп ішінен бір кемпір,  
Түре келді орнынан,  
Таяғына сүйеніп.  
Күрсінді қатты үш рет,  
Қайғыланды күйініп.  
Түрегелген кемпірге,  
Халық түгел қарады.  
Кемпір нұсқап көрсетті,  
Кісі асатын дараны.  
— Хан мен дардан шошынып,  
Жүрегіміз жаралы.  
Он жеті ұлым бар еді,  
Екеуін ана дара алды.  
Жалғыз кемпір мен емес,  
Рахымды хан сен емес.  
Сексен беске мен келдім,



Жетпіс үшке сен келдің,  
Хан болғаннан бері қарай,  
Бес жүз жорық жасадың,  
Кемпір, шалды зарлатып,  
Жердің бетін қандатып,  
Түгел маған теңгердің.  
Біраз тыныштық алатын,  
Арқамыз кеңіп қалатын,  
Өлім келіп өлмедің.  
Өзің қу бас, балаң жоқ,  
Артыңда сенің қалатын.  
Сені жоқтар адам жоқ,  
Сөйлеуге де шамаң жоқ.  
Антым бар менің халыққа,  
Бүгін сөйлеп қалатын,  
Жауға айдап құрыттың,  
Халықтың туған баласын.  
Кесе алмассың тілімді,  
«Бас кесер хан – Бозайхан»,  
Деген атақ халыққа,  
Түгел тарап білінді.  
Жер бетінде тіршілік,  
Сен өлген күні қуанар!  
Мен секілді сорлылар.  
Жылаудан сол күн уанар!  
Баласын елдің құрытып,  
Тұрсың бүгін шаттанып.  
Сенен жыртқыш аң артық,  
Неменеге мақталық.  
Өмірі қанға тоймадың,  
Әдетінді қоймадың.  
Осыны айтып мен бүгін,  
Өлейін деп ойладым.  
«Басымды кес» деп алдына,  
Кемпір басын ұсынды.  
Өмірінде Бозайхан,  
Сол кемпірден қысылды.

Бірақ басын алмады,  
Бетінде қан қалмады.  
«Жақсы деді мұнан да,  
Ажалдың тура алғаны».  
Қайтты үйіне қайғырып,  
Шаттықтан патша айрылып.  
Он екі әйел біреуі,  
Сөйлесуге батпады,  
Хан көңілін жай қылып.  
Байлығы көп, елі көп,  
Басып алған жері көп,  
Алып жатқан жер бетін,  
Айтушы еді халықтар;  
«Бозайханның малы» деп.  
Алтын – қазына сарайда,  
Есебі жоқ, саны жоқ.

Хандығы кімге қалады,  
Өргеніп іші жанады.  
Есебі жоқ байлықты,  
Кімдер жиып алады?  
Көп алдында тілдеген,  
Хан қадірін білмеген,  
Сол бір мыстан кемпірдің,  
Сөзі өтіп барады!  
Отырды хан қайғырып,  
Шаттығынан айрылып.  
Алтын қазына сарайда,  
Өлі бұйым тағы көп.  
Асыл сауыт үстінде,  
Гауһар-інжу жығалы,  
Қара көк тұлпар астында,  
Алтын күміс тағалы.  
«Өліп қалсам бір күні,  
Тұяқсыз кетті деген соң,  
Дұшпандар қылар табаны».  
Мирасқорым жоқ болса,

Сарайымды шабады.  
Хан тағынан құлады,  
Әйелдері жиналып,  
Хал-жағдайын сұрады.  
Өкпесі бар адамдай,  
Өкіріп жатыр қабандай,  
Дөңбекшіді тұрмады:  
— Жасы биыл он бесте,  
Кіші уәзір қызы бар.  
Болғандай маған сұлу жар,  
Сол көңіліме ұнады.  
Он екі бедеу, аулақ кет,  
Сендерден бала тумалды.  
Гүлжазира – балғын жас,  
Қыр мұрынды, қиғаш қас,  
Күміс кірпік, алтын шаш,  
Қараңғыны жарық қылған,  
Үлбіреген уыз жас!  
Балқып, еріп кеткендей,  
Сәулесі түссе қара тас!  
Жазираның нұрына,  
Талай адам болған мас.  
Ел көзіне түспейтін,  
Бет пердесіз, жалаңбас.  
Көрмей ғашық болып хан,  
Шыққалы жатыр шыбын жан,  
Жазираны көрмесе,  
Сұлу құшып сүймесе,  
Тірлігінен кетті сән.  
Уәзірінің біреуін,  
Хан асығыс шақырды.  
Жазира үшін қайғырып,  
Қанды жас көзден атылды.  
Ханнан жауап алуға,  
Қасына жақын баруға,  
Он екі бірдей әйелдің,  
Жетпеді қорқып батылы.

Сол кезде кеткен жорыққа,  
Қырық кісілік күші бар,  
Құлақасқа батыры.  
Қандай ашу қысса да,  
Соған жауап беретін.  
Теңемейтін адамды,  
Өте жақсы көретін.  
Құлақасқа келгенде,  
Қанша шаршап жатса да,  
Орнынан хан тұратын.  
Басқа жанды қоя сап,  
Соған көңіл бұратын.  
Аяғын құшып Бозайхан,  
Уәзір жатыр жалынып.  
Қалама деп шыбын жан,  
Әлде өлер, басы алынып.  
Хан қасында көп адам,  
Бастары қалған шабылып.  
Долы ашудың үстінде,  
Бозайхан жатыр шабынып,  
Біраз мезгіл сазарып,  
Уәзірге жауап қатпады.  
Үш күн болды төсектен,  
Бас көтермей жатқалы.  
Ханға келіп бас ұрып,  
Бас уәзірдің жатқаны.  
Етті оған хан жарлық:  
— Гүлжазира келсін деп,  
Кіші уәзір кешікпей,  
Қызын маған берсін деп,  
Әйелдікке аламын,  
Осы сөзге сенсін деп.  
Орындауға жарлықты,  
Кетті уәзір жүгіріп,  
Үсті, басы шаң болды,  
Аузы, мұрны қан болды,  
Жолда талай сүрініп.

Кіші уәзірден, сол Барқат,  
Келе сүйінші сұрады,  
Осынша халық ішінен,  
Сенің қызың, Жазира,  
Хан тақсырға ұнады.  
Өз күйеуің хан болып,  
Қолыңның осы жеткені.  
Хан алдына жылдам бар,  
Айнып қалса хан тақсыр,  
Боларсың маған өкпелі.  
Естігенде Жазира,  
Қалтырап шошып зарлады,  
Қанды жас көзден парлады.  
Жетпістегі шалға барғанша  
Күнімді соған салғанша,  
Ажал неге алмады?!  
Зарлағанмен Жазира,  
Зарын тыңдар адам жоқ.  
Өлмей тірі құтылмас,  
Көнбесіне амал жоқ.  
Әкесі айтты: – қарағым,  
Ханға қарсы тұрарлық,  
Оған төтеп боларлық,  
Ерлігім жоқ, шамам жоқ.

Гүлжазира сұлуды  
Хан алды он бес жасында.  
Жазықсыз жас балдырған,  
Ноқта түсті басына.  
Гүлжазира құса боп,  
Көзіне жас толады.  
Денесі жастың түршігіп,  
Құсалы, дертті болады.  
Патша келсе қасына,  
Қайғы түсіп басына,  
Ес-ақылдан танады.  
Айтар сөзден жаңылып,

Ессіз болып қалады.  
Қанды жас көзден сорғалап,  
Тасыған селдей ағады.  
Көзінен аққан ыстық жас,  
Қара тасты еріткен.  
Жазираны кім екен,  
Патшадан аулақ жеріткен?  
Көрген жерден түршікті,  
Жазираның денесі.  
Он бестегі Жазира,  
Қайғыдан болды өлесі.  
Жақын келсе Бозайхан,  
Үрейленіп болды өлмеші.  
Жетпістен жасы асканда,  
Жас қыз алып желікті.  
Елден астым десе де,  
Гүлжазира кемітті.  
Қураған шеңгел астында,  
Өсе алмай гүл солышты.  
Гүлжазира зарықты,  
Өз теңін ойлап тарықты,  
Көзінің жасын сарықты,  
Жүрген жас қыз – шарқ ұрып,  
Торға түскен сұңқардай,  
Қайғы-мұңға молықты.  
Қуанышты хан отыр,  
Ақ сұңқар түсіп торына.  
Таққа отырды құлшынып,  
Әлде кімнің сорына.

Бір бай келді жетелеп  
Жетім тазша баланы.  
Парша-парша киімі,  
Денесі ауыр жаралы.  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Киімсіз тыр жалаңаш.  
Неше күн тамақ ішпеген,

Дірдек қаққан сорлы жас.  
Ашулы бай сөйлейді:  
— Арызым бар, хан тақсыр,  
Мал керек болса, мойныма,  
Керегінше сал, тақсыр.  
Осы бір тазша баланың,  
Қорлығы маған өтіп тұр.  
Он бес ділдә мойнында,  
Бекер босқа кетіп тұр.  
Арызым сізге сол, тақсыр,  
Бұл шәһәрде, ей, патшам,  
Тілі ащы бұл тазшаның.  
Көрдiңiз бе, мiнеки,  
Тазшалардың, асқанын?  
Өткен жылы бiр тазша,  
Болды менiң қолымда.  
Осындай тiлi қайнатты,  
Ол тазшаның сорын да.  
Бiр тазшаның жүз қырсық,  
Жүредi екен соңында.  
Биылғы жылы бiр тазша,  
Кез болды тағы сорыма.  
Тазша бiткен босқа жүр,  
Шаһардiң былғап көшесiн.  
Өзiмен бiрге қырсаңыз,  
Тазшаларды өсiрген,  
Әкесi менен шешесiн.  
Елдi бұзып барады,  
Елге бүлiк салады,  
Бұлардың басын кеспесең,  
Кiмнiң басын кесесiң?  
Таңдап алған шәһәрден,  
Гүлжазира жарыңыз,  
Тазшаға бiздiң үйдегi,  
Ғашық екен наныңыз.  
Өтiрiк болса бұл сөзiм,  
Басымды, тақсыр, алыңыз!

Сізден артық көріпті,  
Гүлжазира тазшаны.  
«Менсінбеймін» дейді екен,  
Жетпістегі кәрі патшаны.  
Ақылың кәміл, ханзада,  
Күнаһар болып, қарашы,  
Сізді құлға сатқаны.  
Өмір етіп Бозайхан,  
Тазшаларды жидырды.  
Өмірімен шәһәрді,  
Уысына сыйдырды.  
Тазшаның тілі тигендер,  
Бірге келсін тазшамен,  
Кімді тілдеп күйдірді?  
Бір байбатша болмады,  
Тазшаларды мақтаған.  
Күнәсі жоқ болса да,  
Кедей – сорлы тазшаны,  
Байбатша қашан жақтаған.  
Тазшаларды дарға асты,  
Болмады ешкім ақтаған.  
Тазшаларды құлдыққа,  
Өр шәһәрден келгендер,  
Сұраса да сатпаған.  
Шағушының тілімен,  
Тазшаға патша өшікті.  
Тазшалар жүгін арқалап,  
Бой жасырып қалқалап,  
Патшадан қашып көшіпті.  
Қашып жүрген таз болса,  
Кез келген жерде шабарман,  
Олардың басын кесіпті.  
Басында қылтан шашы жоқ,  
Ішуіне асы жоқ,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Енеден туа жалаңаш,  
Бір тазшаны жетектеп,



Әкелді дардың қасына.  
Жаны ашып, аяп халық тұр,  
Қарап үсті-басына.  
Тазша сонда сөйледі:  
— Өлетін жанда үш тілек,  
Тілегімді бер деді.  
Хан айтты: «қабыл тілегің,  
Тазшаға сөз беремін.  
Қояр екен не тілек,  
Тыңдап сөзін көрейін».  
— Бірінші менің тілегім:  
Жалынғанмен жан қалмас,  
Оны жақсы білемін.  
Зияным жоқ адамға,  
Күнімді көріп жүр едім.  
Тұрмын дардың қасында,  
Дар тұзағы мойнымда,  
Жастан көрген азабым,  
Шаш шықпады басыма.  
Қарата айтамын халыққа,  
Бұдан кейін тіріліп,  
Келмеспін қайтып жарыққа.  
Жендеттерің жан алғыш,  
Сөзіме тию салмасын.  
Тілім тисе біреуге,  
Басымды кесіп алмасын.  
Бітіргенше сөзімді,  
Мойныма тұзақ салмасын.  
Осы сізден тілегім,  
Бердім десең, хан тақсыр,  
Сөзімді мен бастайын,  
Арызымды айтып болғанша,  
Қорқып және саспайын.  
Екі айта алмай Бозайхан,  
Тазшаға ерік береді.  
— Әмірің жүріп Бозайхан,  
Жорық жасап дүниені,

Қаратұман шаң қылдың,  
Адамға жаның ашымай,  
Қырғындатып халықты,  
Жердің бетін қан қылдың.  
Рақымсыз, Бозайхан,  
Тазшаларда жазық жоқ,  
Жазық сенің өзінде!  
Халыққа тиген зәбірін,  
Көрінбейді көзіңе.  
Құлағың сал, халайық,  
Тазшаның зарлы сөзіне!  
Ел шауып ішкен қанына,  
Бұл, хан тақсыр, тоймады,  
Сорлы тазша қандарын,  
Қоса ішуге ойлады.  
Ұқсамайды адамға,  
Рақымсыздық мінезің.  
Айдатып мені алдырдың,  
Дар тұзағын салдырдың,  
Тазшаның ішіп қандарын,  
Сусыныңды қандырдың.  
Дүниенің жүзін шаң қылдың,  
Жердің бетін қан қылдың,  
Түгел билеп құрғақты,  
«Әмірім тұт» деп жар қылдың.  
Он екі әйел үстіне,  
Жазираны жар қылдың.  
Гүлжазира сондықтан,  
Хан болсаң да сүймейді.  
Жыртқыш деп сенен шошынып,  
Адам деп сені білмейді.  
Қайғы тартып қасіретпен,  
Езу тартып күлмейді.  
Бір залымның сөзі үшін,  
Жетім-жесір тазшаны,  
Қыруың, сірә, жөн бе еді?!  
Артыңда қалар балаң жоқ,

Бізден де қу тақырсын.  
Өз мініңді көрмейтін,  
Хан болсаң да соқырсын!  
Ашуланып Бозайхан,  
«Сөйлетпеші тазшаны,  
Дарға жылдам тарт» деді.  
Жазираны келтір деп,  
Бір жендетін жіберді.  
Ханнан бұйрық алған соң,  
Тоқтамай жендет жөнелді.  
Басын жуып Жазира,  
Отыр еді таранып.  
Кіріп келді бір жендет,  
Жарыла жаздап алқынып.  
Жылдам келсін деп, Жазира,  
Хан жарлық етті шақырып.  
Хан ашулы Жазира –  
Бүгін тірі қалмайды,  
Сайрап тұрған бір тазша,  
Қайтсе де сені жалмайды.  
Жазықсыз болса тазшаның,  
Басын, сірә, алмайды.  
Бозайхандай сұлтанды,  
Гүлжазира сүймедің.  
Бір тазшаның тіліне,  
Енді, міне, күйгенің  
Қателесіп, Жазира-ау,  
Хан ашуын тербеттің.  
Өз теңің емес, қор болып,  
Тазшалармен бір кеттің.  
Жазира тұрып жендетке:  
— Келдің бе деді хабардар,  
Ханның еті етіме,  
Тікенектей қадалар.  
Байым деп қайтып жүремін,  
Алдамшыны жан алар?  
Келгелі зарлап жылаумен,

Тартылды кеуіп тандырым.  
Өлмеген соң шыдаумен,  
Жылап мауқым қандырдым.  
Мен бір өскен балбырап,  
Бақшалы ағаш жемісі.  
Басында тұрсам салбырап,  
Жемек болған әр кісі.  
Аласа жерде мен тұрсам,  
Кімнің келмес жегісі.  
Хан емес, ол – қара тас,  
Сонымен бірге жатқанша,  
Етіме сірі батқанша,  
Жазираның әр қашан,  
Сол үшін келер өлгісі.  
Үлбіреген жібекті,  
Еріксіз көнге жапсырса,  
Көріне ме жарасып?  
Көнге қалай жабысқан,  
Демес пе еді адасып!  
Өлімді артық көремін,  
Соныменен санасып,  
Өксуменем өткенше.  
Шыбын жанды қинамай,  
Құтылайын дарға асып,  
Шал дертіне күйгенше.  
Қорлықпенен бүйтіп жүргенше,  
Қаным барып қосылсын,  
Тазшалардың қанына!  
Тазша да болса өз теңім,  
Жатсам, сірә, арман жоқ,  
Солардың барып жанына.  
Жазира келді қуанып,  
Құрған дардың қасына.  
Алды-артына қарамай,  
Тұзақты салды басына.  
Тазшамен бірге өлуге,  
Тұрғандай-ақ асыға.

Күлбеттеніп Бозайхан,  
Қырындап теріс қарады.  
Гүлжазира өлімді,  
Өзі сүйіп қалады.  
Бұйрығын күтіп Бозайдың,  
Жендеттері дайын тұр.  
Тартпақ үшін дараны,  
Жазираны қия алмай,  
Хан тоқталды шамалы.  
Жазираның үлбіреп,  
Бетінен нұры тамады.  
Сонда тұрды Жазира:  
— Хан, екі айтсаң қарасың,  
Жендеттерің жан алғыш,  
Тартпайды неге дарасын?!  
Сарайынан Бозайхан,  
Жақсы көріп мен тұрмын,  
Тазшалардың моласын.  
Дегенде хан «тарт» деді,  
Бармағын өзі шайнады.  
Қапаланып қан құсып,  
Бұл қалай, деп ойлады.  
Сымға тартқан күмістей,  
Сұлудың аппақ білегі.  
Баяулап барып тоқталды,  
Жазираның жүрегі,  
Тұрса да дарда көз тартты,  
Сүмбідей түзу сүйегі.  
Жазираны көрген жан,  
Жаны ашыды, қайысты.  
Тал-шыбықтай бұралып,  
Он саусағы майысты.  
Таңдап алған Жазира,  
Асылып кетті дараға.  
Жете алмады Бозайхан,  
Бір шыр еткен балаға.  
Сүйіп алған Жазира,

Кездесті мұндай жалаға.  
Жақсы көрді Жазира,  
Ханнан құлдың өлігін.  
Өлерінде өтінді,  
Құлмен бірге көмуін.  
Жас құлдарды қалады,  
Жазираның жүрегі.  
Араласып бір кетті,  
Өңкей жастың сүйегі.  
Бозайхан күшті болса да,  
Бола алмады жас жанның,  
Қоспастай мәңгі тірегі.  
Дем алып, бірге таздармен,  
Орындалды осылай,  
Жазираның тілегі.

Сонымен екі жыл өтті,  
Жазира жатқан қабырға,  
Ағаш шығып жемісті,  
Мәуесі өсіп ер жетті.  
Жемісті көркем ағаштар,  
Құлдардың өніп басына.  
Кете алмайды барған жан,  
Тамашалап қасына.  
Ерекше шыққан екі ағаш,  
Еңкейіп келіп қабысқан,  
Біріне бірі асыла.  
Көрген адам таңырқап,  
Кереметін таниды.  
Бозайхан бұған тарылып,  
Өзінен өзі налиды.  
– Гүлжазира сұлуды,  
Тақылдақ тазша құшты ма,  
Бір перзент үшін тілегім,  
Әлде желге ұшты ма?  
Бәрінен де осының,  
Тағдыры шіркін күшті ме?

Күндіз-түні ұйықтамай,  
Бозайхан сүйтіп зарлайды.  
Сүйегіне таңба боп,  
Баласыздық қалмайды.  
Қызығына дүниенің,  
Аударып көңіл салмайды.  
Өзіне өзі өкініп,  
Көзінің жасы төгілді.  
Баласыз өттім қу бас боп,  
Қайтем деп тірлік өмірді.  
Ойлады өксіп егіліп,  
Арманда болып барады,  
Бір зұлымның тілімен,  
Жазықсыз қан төгіліп.  
Күндер өтті, түн өтті,  
Зарлаумен талай жыл өтті.  
Бозайханды жүдетті,  
Бір перзенттің қайғысы.

\* \* \*

Қойшысы ханның Қаракөз,  
Ұзақта қойын жаятын.  
Шалқар түстің шағында,  
Айдап барып салатын.  
Құл моланың бағына  
Бір ұйықтап демін алатын.  
Күн түс болса Қаракөз,  
Моланы келіп табады.  
Есіне түсіп жылайды,  
Тазша-құлдар баяғы.  
Өңкей қыршын жастарды,  
Қаракөз қатты аяды.  
Соларды ойлап тұрғанда,  
Етпеттей барып жығылды,  
Ортасынан үзілді,  
Таянып тұрған таяғы.  
Таяғы сынды Қаракөз,

Ауыр қайғы зілінен.  
Жай ғана емес – осы сөз,  
Жылайтын ол шынымен,  
Арманда кеткен қыршын жас,  
Зұлым хандар қанға мас.  
Қарсылық етіп патшаның,  
Бетіне ешкім қарамас.  
«Құрай-құрай, көк серке,  
Қой ішінде сен ерке.  
Иен жерде мен ерке.  
Жақындасаң молаға,  
Басасың асыға сен неге?  
Ағаш өнген мәуелі,  
Құлдардың көз жасына.  
Тоқал ешкі маңырап,  
Еріп жүр сенің қасыңа.  
Маңыраған дауысы,  
Бұл молаға келгенде,  
Қалушы еді басыла.  
Аруақпен әлде бұл  
Емес пе екен ашна<sup>7</sup>?!»  
Сол бір жерге келгенде,  
Қойлар жусап қалады.  
Көлеңкеде ұйықтап,  
Қаракөз демін алады.  
Өрістетіп шәһәрға,  
Қойын алып барады.  
Сол қалада тұратын,  
Қаратоқал ешкінің,  
Кемпір екен иесі.  
Қырық ұлы бар кемпірдің,  
Қырық ұлына қырық қасық,  
Еншіге сүт тиесі.  
Сауса сүт жоқ ешкіден,  
Қаракөзді қарғаумен,  
Кемпірдің қатты сілесі.

---

<sup>7</sup> Ашна – сырлас, мұндас.



Қырық баласы шулады,  
Қолына тимей үлесі.  
Ешкімді сауып ішіп жүр,  
Деп ойлайды сол кемпір,  
Қаракөздің кінәсі.  
Мұндай ұры қойшыны,  
Ханға арыз етейін.  
Ызасы өтті ұрының,  
Түбіне сөйтіп жетейін.  
Хан сөзімді алмаса,  
Құлдың сөзін қолдаса,  
Бұл шәһәрден қаңғырып,  
Қырық ұлымды алып кетейін.  
Ашу қысқан сол кемпір,  
Ханға арыз етеді.  
Өзінен бұрын осы сөз,  
Ханға келіп жетеді.  
«Сөзімді тыңда хан тақсыр,  
Қолымда қырық ұлым бар.  
Сол ұлдарды сақтауға,  
Менің қанша пұлым бар?  
Қорек еткен ешкімді,  
Сауып ішіп қоятын,  
Қаракөз атты құлың бар».  
Кемпір сөйтіп зарлады,  
Қанды жас көзден парлады.  
«Қырық ұлым бар, малым жоқ,  
Басқа азық дәнім жоқ,  
Аш-жалаңаш мен сорлың,  
Сөйлеуге шама, әлім жоқ,  
«Әділетті Бозайхан»,  
Сенен асқан хан бар ма?  
Шаһарыңды таныттың,  
Талай асқан хандарға.  
Қарамасаң қарама,  
Мендей кемпір, шалдарға.  
Тірі болса қырық балам,

Сенің құлың емес пе?  
Бозайханның ләшкері,  
Есепсіз көп демес пе?!  
Ерегісіп соғыссан,  
Жауды қолмен жеңесің.  
Қол көмегің жоқ болса,  
Жаудан қорлық көресің.  
Қырық құл көп пе, бір көп пе,  
Осыған тақсыр не дейсің?  
Ашулансаң Бозайхан,  
Дүниені бөгейсің.  
Сүтін ішіп ешкімнің,  
Қаракөз құл семірді.  
Кеселінен сол құлдың,  
Қысқартты қырық өмірді.  
Ұрлықты тақсыр баспасан,  
Бұзылады халқыңыз.  
«Болыспайтын бұзыққа,  
Бар еді ғой салтыңыз»,  
Қаракөзді дараға,  
Өлтіріңіз – тартыңыз!»  
Бозайхан сенді кемпірдің,  
Жылап айтқан сөзіне.  
Жендеттерін жіберді,  
Қаракөз құлды тоқтаусыз,  
Алып кел деп өзіме.  
Жендеттер құлды әкелді,  
Бұйрық алып ханынан:  
— Шынынды айт, – деп қинады,  
Бұрау салып санынан.  
Кемпірдің тоқал ешкісін,  
Сен, Қаракөз, сауыпсың.  
Босқа жүрмей, Қаракөз,  
Сөйтіп олжа тауыпсың.  
Түзу жолдан бұрылып,  
Арамдыққа ауыпсың.  
Шынынды қазір айтпасаң,

Асыласың дараға.  
Тамақ таппай кемпір жүр,  
Үйінде қырық балаға.  
Қол-аяғы байлауда,  
Қаракөз жатыр зарланып;  
— Дүниеге қызығып,  
Көрмедім, тақсыр, алданып.  
Он сегіз жаста баламын,  
Бір кемпірдің тілімен,  
Нахақтан күйіп барамын.  
Осыдан мені босатсаң,  
Ешкіні сауған пендені,  
Қайтсемдағы табамын.  
Бұйрық қылсаң, тақсыр-ау,  
Күнәсіз өліп қаламын.  
Құлақ салмай сөзіне,  
Шырқыратты баланы.  
Шырылдаған дауысы,  
Аспанды жарып барады.  
Құлақ салды жетімге,  
Даланың тағы аңдары,  
Жаңғырығып теңселді,  
Жер мен көктің заңғары.  
Қалдыр деп тірі зарлаған,  
Даусын естіп баланың,  
Қайғырды, өте қамықты.  
Аң, құстары даланың.  
Жетімге сонша жаны ашып,  
Жетім киік жылады.  
Қара тасты жібітті,  
Көз жасының бұлағы.  
Жетім қалған анадан,  
Киіктің ол лағы.  
Қаракөздің тірлігін,  
Жетімдер түгел сұрады.  
Орман, тоғай аспанда,  
Жетім құстар шулады.

Хан жарлығын қайырып,  
Қайыспады, алмады.  
Мейірі түсіп аналық,  
Сонда кемпір толғады:  
— Қаһар етпе, хан тақсыр,  
Мен де бағып отырмын,  
Қырық – әкесіз жетімді,  
Отын алдым тоғайдан.  
Тоңбасын деп соларды.  
Боршаладым етімді,  
Жоқшылықтың зарынан,  
Тоздырдым сұрап бетімді.  
Зарын тартқан өмірдің,  
Жетім сөзі – өтімді.  
Қинау көріп сорлының,  
Көзінен ақты қанды жас.  
Болса өзімдей бұл сорлы,  
Боршаланған жалаңаш.  
Сауған шығар ешкімді,  
Болғаннан соң қарны аш.  
Бір ешкіге қараған,  
Бір үйде біз қырық бір бас.  
Азаптама баланы,  
Етіне салып жараны.  
Қайтты десең сөзінен,  
Алсаңыз тақсыр, міне бас,  
— Қаракөз-ау, Қаракөз,  
Мен де сенің шешейін.  
Жетімдік сенің хақыңа,  
Болса да күнәң кешейін.  
Зарлатпа, ханым, жетімді,  
Қайғы бір тескен көкейін.  
Сұрамайын сүтімді,  
Бүйтіп қинау салғанша,  
Қаңғырып аштан өтейін.  
Тілегімді бермесең,  
Көз жасымды көрмесең,

Бозайхан саған не дейін.  
«Қабыл болсын, кемпір-ау!  
Тағы да сенің тілегің,  
«Қаракөзді қина» деп,  
Өзің келіп тіледің.  
Жетімді жетім қимайды,  
Оны да мен білемін.  
Бұдан былай сен, кемпір,  
Арыз айтып келмейсің.  
Кімнен қорлық көрсең де,  
Алдымды менің көрмейсің»,  
Қаракөзді сол кемпір,  
Құтқарды қайта өлімнен:  
— Ешкімнің сүтін ішетін,  
Кім болса да, тауып бер, —  
Сұраймын сенің өзіңнен.  
Кәрі жаным түршікті,  
Қарағым, айтқан сөзіңнен.  
Өксіп-өксіп жылады,  
Шешеге келіп Қаракөз:  
— Сүйегімді сындырды,  
Ұры деген сол бір сөз.  
Он сегіз жаста осындай,  
Бір жалаға болдым кез.  
Сенсеңіз маған, шеше-еке,  
Жастан бейнет көргенім.  
Өркімдерге жалданып,  
Жасымнан бақыт көрмедім.  
Бұдан былай ешкіңді,  
Көзімдей көріп бағайын.  
Сауған адам бар болса,  
Қайтсемдағы табайын.  
Қолыма түссе ұрыңды,  
Алдыңа шеше салайын.  
Ханнан шеккен ызаны  
Сол ұрыдан алайын.  
— Ешкімді болсаң саумаған

Ұрыны тап, жан балам.  
Тоқал ешкі болмаса,  
Тегене сүтке толмаса,  
Ашығамын, сандалам.  
Таңдайына ақ тимей,  
Шулап отыр бар балам.  
Өңкей жетім жылаулы,  
Бір қасық сүтке зар балам.  
Ұрыны тапсаң сүйінші,  
Өзімнен келіп ал, балам.  
Әкетті қойын Қаракөз  
Ақсаңдай басып аяғын.  
Өзер қойға ереді,  
Ашынып зарлай береді,  
Демеу қылып таяғын.  
Көз айырмай Қаракөз,  
Қара ешкіні бағады.  
Сол қара ешкі маңырап,  
Шөптің басын шалады.  
Молаға қашан жеткенше,  
Қойдың шығып алдына,  
Асыға басып барады.  
Қой молаға жеткенде,  
Қара ешкі қашты жүгіріп.  
Қуалады Қаракөз,  
Ақсаңдай басып сүрініп.  
Екі қайың айқасқан,  
Барады жақын молаға.  
Қарап тұр, бір жартастан,  
Көрден шыққан балаға.  
Табактай болып көрінді,  
Екі көздің шарасы.  
Түп күйесі қазанның,  
Денесінің қарасы.  
Екі қарыс көрінді,  
Қас пен көздің арасы.  
Деп ойлауға болмайды,

Адамзаттың баласы.  
Киімі жоқ жалаңаш,  
Ешкіге келіп жабысты.  
Осындай бір керемет,  
Қара ешкімен табысты.  
Ешкіні еміп қақтады,  
Жөн сұрауға Қаракөз,  
Зәресі ұшты батпады.  
Қашпақшы болды қойды айдап,  
Күндегідей дем алып,  
Қаракөз құл жатпады.  
Айдап келді асығып,  
Қойды ерте қораға.  
— Белес белден асырып,  
Бардым деді молаға.  
Көрден шықты бір адам,  
Көргенді айтпай бола ма?  
Алғашында байқамай,  
Қарадым жай жүзіне.  
Танып қалдым есімнен,  
Көзім түсіп көзіне,  
Мың адам болса пар келмес,  
Сол баланың өзіне.  
Аман қалмас еш адам,  
Келсе егер кезіне.  
Кемпірдің тоқал ешкісі,  
Молаға барды маңырап.  
Дыбыс беріп басына,  
Болса керек тегінде,  
Сол баламен ашына.  
Ұстамақ түгіл ұрының,  
Бармадым жақын қасына.  
Көрден шықты сол бала,  
Маңыраған ешкінің,  
Даусы қалды басыла.  
Қойыңды, хан, бақпаймын,  
Енді саған қой бағып,

Сірә де, олжа таппаймын.  
Бір байға барып жалданып,  
Жанымды ештеп сақтаймын.  
Дірілдеді шошынып,  
Қаракөз күл жылады:  
— Қой бағудан босат деп,  
Ханнан қатты сұрады.  
Хан да қатты ойлады,  
Қаракөзге сенбеді.  
Қой жаюға Қаракөз,  
Не берсе де көнбеді.  
Жаймағаным қой болсын.  
Деп боздады, еңіреді.  
Қаракөзді басында,  
Шығарды деп ойынан,  
Босатқысы келмеді.  
Болмаған соң зарланып,  
Тілегін патша береді.  
Сол баланы көрсем деп,  
Қаракөзден тіледі:  
— Мен бармаймын, хан тақсыр,  
Ол моланың жанына.  
Барсаң, тақсыр, көресің,  
Құл моланың бағына.  
Оған егер болмаса,  
Қойшың қойды апарсын.  
Өзі-ақ барар маңырап,  
Қара ешкіні болжасын.  
Бала шығар қабірден,  
Ешкі барса маңырап.  
Батыр болсаң барарсың,  
Сонда, ханым, әрірек.  
Білуімше ол мола,  
Жазираның моласы.  
Дәуде болса ішінде,  
Кету керек баласы.  
Бірақ оны ұстауға,



Ешкімнің келмес шамасы.  
Естігенде Бозайхан,  
Білмеді жылап, күлерін.  
Күрсінді, қатты өкінді,  
Қайғы басып жүрегін:  
«Артымда қалса бір бала,  
Деп ойлаушы ем тілегім.  
Молаға батып бара алмай,  
Ұстауға айла таба алмай,  
Батырларды шақырды,  
Дұрыс ақыл бере алмай.  
Уәзірлері шатылды,  
Шапқыншымен алдырды,  
Құлақасқа батырды.  
Қырық кісінің күші бар,  
Қысылған кезде әр қашан,  
Сол табатын ақылды:  
— Құлақасқа, батыр-ау,  
Қырық батырыңды жинашы.  
Бір хабар естіп отырмын,  
Ойға салып сынашы.  
Көзімен көрген Қаракөз,  
Өзің барып сұрашы!  
Жайын айтты Қаракөз,  
Айтатыны сол бір сөз:  
— Өлтіреді дейді ол,  
Қандай батыр болса кез.  
Күшке бала ұстатпас  
Айласын тауып алмаса.  
Кім табар айла осыған,  
Хан да соны ойласа!  
Хан өзі асып өлтірген,  
Құлдардың сол моласы.  
Кек алуға жаралған,  
Болмасын құлдың баласы?  
Ол құл өсіп, ер жетсе,  
Ханды келіп тебіrentсе,

Баруға болмас панасы.  
— Не сөйлейді, мына құл,  
Хан перзенті емес пе?  
Жазира болса анасы,  
Іште кетсе сол күнде,  
Кімнің бар оған таласы?  
Бұл сөзді хан естісе,  
Ажалдан бұрын өлесің,  
Адам болса ханзада,  
Оны ешкім құл демесін!  
Басың олжа өзіңе,  
Ойламай айтқан сөзіңе.  
Хан естісе бұл сөзді  
Көрінер жаның көзіңе.  
Есіңде бар ма, Қаракөз,  
Бір өлімнен қалғаның?  
Жетім деп аяп, жаны ашып,  
Кемпірдің сұрап алғанын.  
Құлақасқа батырың,  
Қаракөзге қадалып,  
Осылайша ақырды.  
Хан сөзіне қараған,  
Бас пайдасын санаған,  
Шығарсам деп атымды.  
Ақылшысын шақырып,  
Толтырды хан сарайын.  
Ақсақалды, қарттарды,  
Қалдырмай көрші маңайын.  
Хан шашады жарлықты,  
«Түгел кел» – деп ағайын.  
Ат жетер жерден алдырып,  
Жарақтарын сайлады,  
Қылышты белге байлады.  
Өз көзімен керуге,  
Сол моланың басына,  
Қоймен барып келуге,  
Хан бір ақыл ойлады.

Басқа адамдар бұл іске,  
Ақыл айта қоймады.  
Моласына құлдардың,  
Қаптатып қойды айдады.  
Қара ешкіні бақылап,  
Келе жатқан алдағы.  
Қой да жетті молаға,  
Қара ешкі жүр маңырап,  
Тыным таппай жаңағы.  
Бір мезгілде қабірден,  
Бір үлкен бас көрінді.  
Хан да зәре қалмады,  
Таса жерге шегінді.  
Ақырын байқап қараса,  
Жазираның қабыры.  
Бозайханның бойында,  
Қалмады ешбір сабыры.  
Еміп жатыр ешкіні,  
Алды артына қарамай,  
Алыстан болжап хан тұрды,  
Келуге жақын жарамай.  
Талай ой келді басына,  
Бара алмады қасына.  
Мұндай сұмдық көрген жоқ,  
Жетпіске келген жасында.  
Қайтуға хан асықты,  
Ішін қайғы ашытты.  
Жазираның қайғысы,  
Ханды сонда жасытты:  
— Асыл туған, Жазира-ай,  
Мұндайыңды білмедім,  
Мұндайыңды білгенде,  
Құрбан болып жолыңа,  
Өзім неге өлмедім?!  
Сапар шектің оқыстан,  
Қайғыңнан мен де күлмедім.  
Үш төрт жылдан бері қарай,

Осындай бір перзентті,  
Маған сақтап жүр ме едің?  
Күңіреніп хан отыр,  
Жалғыз өзі далада.  
Неше жылдай зар тартқан,  
Құмар еді балаға.  
Неше жылдай зарланып,  
Баласыз өтті өмірі.  
Ұл ма, қыз ба сол перзент?  
Анықтап соны білмекке,  
Ханның кетті көңілі.  
Ешкіні қақтап емген соң,  
Кетті кіріп молаға.  
Төбешікте хан отыр,  
Басқа адам жоқ молада.  
Айырған жоқ ұл, қызын,  
Қалдырыпты құмда ізін,  
Сезді ме әлде бала да?!  
Хан келді қайтып сарайға,  
Жиналған ел сарайда.  
Естіген адам қалмады,  
Осы тұста, маңайда.  
Халыққа хан зарлады,  
Тістеулі тұр бармағы.  
Гүлжазира сұлудың  
Оқыстан өліп қалғаны.  
Сонда іштегі бала екен,  
Келбеті сондай бар екен.  
Гүлжазира шын адал,  
Мені сүйген жар екен.  
Ұстауға сол баланы,  
Кім ақылын табады?  
Барғанынша аузының,  
Менен алтын алады.  
Ақылы іске аспаса,  
Жамандыққа бастаса,  
Басы алынып қалады.

Міне, осындай жар салды,  
Сарайдағы халыққа.  
Халық түгел ұйлықты,  
Шыға алмады жарыққа.  
Тағы да неше қайталап,  
Халықтан хан өтінді.  
Оңай олжа таппасқа,  
Қан жамылып жатпасқа,  
Халық түгел бекінді.  
Кемпір шықты «табам» деп,  
Қара ешкінің иесі.  
Қазынаңды бөліп қой,  
Маған деген тиесі.  
Қырық бір адам қараған,  
Жалғыз ешкі малым бар,  
Қырық балам болмаса,  
Аяйтын қандай жаным бар?  
Ақысын төле, Бозайхан,  
Қара ешкінің сүтінің.  
Ендігі ұрым сен болдың,  
Жетгі ғой енді күтуім.  
Сұрағанда жетімді,  
«Алдыма келме» деп едің,  
Мен болмасам, Бозайхан,  
Жетімді аяр сен бе едің?  
Қинау салып нақақтан,  
Сол үшін аяп еңіредім.  
Артық болса кешерсің,  
Қате айтсам басым кесерсің,  
Перзент көріп, мінеки,  
Жанғалы тұр еңбегің.  
Сен бала үшін қайғырдың,  
Мен мал үшін қайғырдым.  
Жалғыз ешкі сүтінен,  
Ала жаздай айрылдым.  
Бозайхан сөзге тоқталды:  
— Сүт ақысын ал деді.

Кілтшісін шақырып,  
Сарайға алып бар деді.  
Көтергенше алтын бер,  
Әкетсін кемпір арқалап.  
Одан артық сұраса,  
Сол жерде өлтір балталап.  
Кілтші ашты сарайды,  
Алтынды кемпір арқалап,  
Жан-жағына қарайды.  
Кемпірдің көзі тоймады,  
Алсам деп тағы ойлайды.  
Кілтші ашып қойыпты,  
Қазына талай қойманы.  
Кілтші айтты: шешеке,  
Болмайды менің тарлығым.  
Қазынасы ханның көп.  
Көтерсең де барлығын.  
Орындауға балта алды,  
Ханның айтқан жарлығын.  
Сарайдан кемпір секірді,  
Аз алдым деп өкінді.  
Арқалап алтын әкетті,  
Асырауға жетер деп,  
Үйдегі қырық жетімді.  
Алтыны көп, бай кемпір,  
Қайта келді сарайға.  
Азық алды жетерлік,  
Жетімдерге талайға.  
Кемпір айтты сол кезде:  
Қазір осы сарайға,  
Шеберлерді жинасын.  
Неше түрлі ойыншық,  
Жасасын олар тынбасын.  
Сол ойыншық жасалып,  
Екі түрге бөлінсін.  
Бір бөлегі қуыршақ,  
Асық, сақа, ат тұрман.

Екінші жақтан көрінсін,  
Өте шебер жасалсын,  
Ойыншықтар қызықты.  
Қызыл-жасыл көз тартсын,  
Оюлы және сызықты.  
Болсын көзді тартатын,  
Ойнағанда баланың,  
Құмары тасып артатын.  
Көрген бала айрылмай,  
Жабысып ұстап жататын.  
Хан әмірі бойынша,  
Ойыншық жатыр жасалып.  
Қуанышқа батқан хан,  
Нұрланады жасарып.  
Ойыншық-арба, шаналар,  
Бітіп те қалды қашалып.  
Неше түрлі тамаша,  
Бояулы өрнек сызықты.  
Ойыншықты көргендер,  
Құмарланып қызықты.  
Осыларды апарып,  
Қойдырды кемпір молаға.  
Неше түрлі ойыншық,  
Шықса бала далаға.  
Әуелі келіп сол бала,  
Жүрді біраз таңданып.  
Қуыршақты көрген жоқ,  
Ойнамақ түгіл қолға алып.  
Арба менен шананы,  
Олай-бұлай сүйретті.  
Үстіне мінді қызықтап,  
Бәрін түгел күйретті.  
Алды қамшы қолына,  
Сезіктеніп қарады,  
Оңы менен солына.  
Ерге қарғып мінеді,  
Екі жақтап қамшылап.

Ілгері ептеп жүреді,  
Әбден ойнап болған соң,  
Қуыршақтан басқасын,  
Бір жерге әкеп үйеді.  
Баланың еркек екенін,  
Сонда көріп біледі.  
Ханға кемпір бара сап,  
Балаларды жидырды.  
Өңкей еркек балаға,  
Бір келкі киім кидірді,  
Талдан ат мініп астына,  
Шашақ басын қамшының,  
Балалар ұстап үйірді.  
Балаларды қырық-қырықтан,  
Екі жаққа бөледі.  
Майдан ашқан баланы,  
Көрден бала көреді.  
Жақын келмей алыстан,  
Біраз байқап жүреді.  
Қызып кетіп майданға,  
Балаларды өмір көрмеген,  
Жалаңаш бала кіреді.  
Ойнап жүрген балалар,  
Мұны көріп сасады.  
Сасқанының белгісі,  
Быт-шыт болып қашады.  
Қолға түскен баланы,  
Асықтай қағып лақтырып,  
Үстінен таптап басады.  
Сол майданның тұсында,  
Шыққан жолын баланың,  
Батырлар барып алады.  
Қалың қолды көргенде,  
Састы бала шамалы.  
Құлақасқа аңдып тұр,  
Бала шыққан тесікті.  
Батырларды қиратып,



Ызаланып өшікті.  
Қырық кісілік күші бар,  
Құлақасқа батырды.  
Жауырынан ұстап ап,  
Бұрқ еткізіп лақтырды.  
Құлақасқа қорланды,  
Ие болмай балаға.  
Жолын тосқан батырлар,  
Кездесіпті жараға.  
Көрге кірді кідірмей,  
Ұстатпай, қылған шараға.  
Іске аспады сонымен,  
Кемпірдің тапқан шарасы.  
Қапаланып хан жатты,  
Қолына тимей баласы.  
Құса болып Бозайхан,  
Дұшпандарға болдым деп,  
Шыныменен табасы.  
Бозайханның шаһарі,  
Неше күндей жиылды.  
Ұстай алмай қырық күндей,  
Істің арты сұйылды.  
Қырық бірінші күндерде,  
«Дарға ас» – деп кемпірді,  
Бозайхан сонда бұйырды.  
Кемпір тұрып «дәт» деді,  
Дәтінді хан «айт» деді.  
— Үйде жатыр қырық ұлым,  
Сарайыңа келмеген.  
Қырық ұлым бірдей қапада,  
Сейіл құрып көрмеген.  
Қырық баланың ішінде,  
Жан шақ келмес күшіне,  
Ерекше туған бала еді.  
Сыртқа шықса балаңды,  
Сол ұлым ұстап береді.  
Бір күні үйде ұрыс боп,

Дардана атты сол балам,  
Бар баламды бөгеді.  
Дайында темір-сауытты,  
Сенің де балаң қауіпті.  
Осыдан шара болмаса,  
Алсаңыз, тақсыр, міне, бас.  
Байқасып көрсін екі жас.  
Балаң келсе қолыңа,  
Қызығына батарсың.  
Күшімен балам тоқтатса,  
Балаңды алып қайтарсың.  
Қолымнан бұл іс келмесе,  
Балаңды ұстап бермесе,  
Үкімді сонда айтарсың.  
Темір-сауыт алдырды, .  
Киді соны Дардана.  
Екі жаққа қырық-қырықтан,  
Жиылды тағы бар бала.  
Қызды майдан ашылып,  
Шаң-топырақ шашылып,  
Бала көріп бұларды,  
Көрден шыға жүгірді,  
Құр қалғандай асығып.  
Қашты тағы бар бала,  
Жалғыз қалды Дардана.  
Көрден шыққан сол бала,  
Жүгірді біраз айнала.  
Дарданаға түйілді,  
Ұстап алып үйірді,  
Дарданаға сене алмай,  
Хан қапа боп күйінді.  
Үйірген жердің бұрқырап,  
Топырағы үйірлді.  
Даланы тұман-шаң басты,  
Бала мен жігіт айқасты.  
Бірін-бірі ала алмай,  
Күні бойы шайқасты.

Қара тер бойдан төгілді,  
Басқан жер бордай үгілді.  
Дардананың үстінде,  
Темір-сауыт сөгілді.  
Қолынан ұстап Дардана,  
Көр баласын үйірді.  
Екі аяғы аспандап,  
Басы төмен шүйілді.  
Дардананың қабағы,  
Жауатын күндей түйілді.  
Көр баласы меңдеді,  
Дардана оны дендеді.  
Намазшамның алдында,  
Көр баласын Дардана,  
Астына басып меңгерді.  
Жиырмадағы жігітпен,  
Көрден шыққан сол бала,  
Бес жасында тең келді.  
Масқаралап талайды,  
Көр баласы дендеген,  
Қырық батыр, Құлақасқаны,  
Шыбын құрлы көрмеген.  
Көр баласын ұстады,  
Жігіт еді Дардана,  
Анық батыр нұсқалы.  
Көр баласын ұстап ап,  
Қайғылы хан қуанды.  
Сазарып қарап, бала тұр,  
Қабағы қайсар шыдамды.  
Топырақтың түріндей,  
Белгілі түс жоқ етінде,  
Қуаныш, қайғы ізіндей,  
Құбылыс жоқ бетінде,  
Моланың ол тағысы –  
Ашулы бейне арыстан.  
Ұстатпауға адамға,  
Сол үшін ол алысқан.

Тырнағының көбесі,  
Басын бүркеп саусақтың,  
Қайрылып қайта жабысқан.  
Терісіндей түйенің,  
Қышырлы еті, қара күс.  
Еті қатты темірдей,  
Ұқсамайды басқа түс,  
Қаралығы көмірдей.  
Жабағыдай ұйысқан,  
Бетін шашы жауып тұр.  
Қол аяғы босанса,  
Өңінде, үлкен қауіп тұр.  
Ойында бар босанса,  
Әлі де елге шабатын.  
Дауысымен шыңғырған,  
Адамның есін алатын.  
Басы үлкен табақтай,  
Екі жағы садақтай.  
Қуанышты Бозайхан,  
Алып келді сарайға,  
Алды-артына қаратпай.  
Не қисайып жатпайды,  
Тамақ берсе татпайды.  
Сөз сұрасаң адамша,  
Ешкімге тіл қатпайды.  
Той-тамаша жасалып,  
Шаһар түгел жиналды.  
Қазынасын хан ашты,  
Келген адам еркімен,  
Осы тойда сыйланды.  
Отыз күн ойын жасады,  
Қырық күн тойын жасады.  
Тамаша болды жетпіс күн,  
Ат шаптырды алпыс күн.  
Халықта түгел маза жоқ,  
Думан жасап күндіз-түн.  
Бала киім кимейді,

Тамақты жөндеп ішпейді.  
Бұл сияқты өмірді,  
Әлде бала сүймейді?  
Киім берсе үстіне,  
Тастайды жыртып айырып.  
Үстіңе киім ки десе,  
Жауап қатпас қайырып.  
Үстіне киім кигенше,  
Сөйлеп, тілге келгенше,  
Қыз-келіншекті жидырып,  
Қасына қойды Бозайхан,  
Киімге бала көнгенше.  
Үйірлеспей адамға,  
Мінезі болды өзгеше.  
Жиналды халық сарайға,  
Қойғалы атын баланың.  
Өртүрлі ат әркім ойланды,  
Келгенінше шаманың.  
Түрегелді сөз сөйлеп,  
Ақсақалды сары түсті,  
Тоқсанға келген кәрі шал.  
— Туған шығар бұл ұлы,  
Бозайханның бағына,  
Мирасқор болар тағына.  
Шыққан жері баланың  
Құлдың көрі емес пе?  
Ақылы жетпес кей адам,  
Құлдан туды демес пе?  
Басымды алар, хан тақсыр,  
Ашуланса бұл іске.  
Баланың көрден шыққаны,  
Не демес ханның дұшпаны?  
Бала ханның баласы,  
Гүлжазира анасы,  
Дүниенің жүзін билейтін,  
Батыр болар шамасы.  
Ал жиналған, халайық,

Баланы сынға салайық.  
Көрұғылы деп ат қойсам,  
Болар ма екен ылайық?  
Қарттың қойған бұл аты,  
Ел көңіліне ұнады.  
Бозайхан аз жақтырмай,  
Ел қабағын сынады.  
Халықтың бейім атына,  
Хан да тоқтап тұрады.  
Аты болды Көрұғылы –  
Көрден шыққан баланың.  
Бәріне түгел жайылды,  
Хан билеген қаланың.  
Көрұғылы отыр жалаңаш –  
Үстіне киім кимеді.  
Қызыққа да қарамас –  
Дырдуды тағы сүймеді,  
Сөйлеспейді тіл қатып,  
Адамдармен үйдегі.  
Көрұғылыны Бозайхан,  
Жиі көріп тұрады.  
Хан келгенде сескеніп,  
Аздап көңіл бұрады.  
Бейімделген мінезі,  
Ханға ептеп ұнады.  
Бірнеше айдай жалаңаш,  
Көрұғылы бала шыдады.  
Жиылған көп қыздар да,  
«Ханның ұлы жалаңаш»,  
Деп келеке қылады.  
Бірте-бірте Көрұғылы  
Келекені сезеді.  
Ойламайды моланы,  
Бетін елге түзеді.  
Сол халыққа үйреніп,  
Моладан күдер үзеді.  
Үстіне киім киеді,

Дәмді тамақ бар болса,  
Ептеп жеуді сүйеді.  
Өзі тандап кiсiн деп,  
Көрұғылының алдына –  
Киiм, тамақ үйедi.  
Сүйте-сүйте Көрұғылы,  
Қайырым тiлге келедi.  
Сұраған сөзге кей кезде,  
Сирек жауап бередi.  
Көрұғылының қасынан,  
Кетпейдi аңдып Дардана.  
Жетi жасқа жеткенше,  
Бойына әдеп бiткенше,  
Ел iшiнде қайратты,  
Қасында болды бозбала.  
Сөйлеуге тiл келедi,  
Батырлар бар қасында.  
Сарайға шығып жүредi,  
Ерiгiп бiреу ұстаса,  
Ымдап бiреу нұсқаса,  
Ашуланып төнедi.  
Сiлтеуiнен қалмайды,  
Талай адам өледi.  
Өле-өле батырлар,  
Күн санап кеми бередi.  
Осы жайды айтуға,  
Бозайханның өзiне,  
Құлақасқа кiредi.  
Жайын естiп Бозайхан,  
Жарлық бердi «байла» деп,  
Елдi талқан қылмасын,  
Байқап соны, ойла деп,  
Ұстамақ болды батырлар.  
Көрұғылы салды ойранды.  
Быт-шыт қылып қиратып,  
Ашты қатты майданды.

Болмаған соң айырды,  
Көрұғылыдай батырды.  
Үш жылда барып қосылды,  
Адамдарға ақылды!...

*(Жамбыл нұсқасы)*

## **ҚЫЗ ЖІБЕК**

*(қисса<sup>8</sup>)*

Кешегі өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Кіші жүздің ішінде  
Жағалбайлы елі бар.  
Жағалбайлының мекені,  
Ақтеңіз деген көлі бар.  
Жаз жайлауын сұрасаң,  
Қаратеңіз жағасы –  
Ұлан Жәмбіл белі бар.  
Жағалбайлы елінде,  
Базарбай атты байы бар.  
Байлығын оның сұрасаң,  
Өлшеу қылып айтуға  
Есеп жетпес жайы бар.  
Байлығында өлшеу жоқ:  
Жеті жүз түйе жүк екен  
Ділдәсі мен жамбысы,  
Мың түйе жүк тағы да,  
Қанты менен шайы бар.  
Аяқты малда есеп жоқ,  
Айдалып бағып жайылар.

Сол байда үш қатын бар, тоғыз ұлды,  
Еспесіз тәңірі берген мұнша пұлды.

---

<sup>8</sup> Жамбыл Жабаевтың мемлекеттік әдеби музейінің қорынан алынды.



Еліне оба келген бір кеселден,  
Бірі қалмай тоғыз ұл бәрі де өлді.

Тоғыз ұл ажал жетіп бәрі де өлді,  
Ашумен алты қатын тағы да алды.  
Базарбай сексен жасқа келген шақта,  
Тауыпты кіші әйелі бір ұлды.  
Оны тапқан әйелі қырық төрт жаста,  
Бала жоқ өзгесінде мұнан басқа.  
Періште сипатты бір ұл берді Құдай,  
Жүргенде көзі толып қанды жасқа.

Төлеген деп қойыпты ұлдың атын,  
Құдай артық жаратқан оның затын.  
Баланы сипат қылып айтып болмас,  
Көрген жан ақылынан бір танатын.

Базарбай баласына көңілі толды,  
Қайғының ішіндегі бәрін жойды.  
Тоғыз жылда артынан бір ұлды және туды,  
Жұрт жиып Сансызбай деп атын қойды.

Жүріпті екеуіне қалың бермей,  
Дұшпанның әрне деген сөзіне ермей.  
«Тірі болса өздері алар бір қыз,  
Өліп қалса, күйігін тағы көрмей.  
Алса да патша қызын малым жетер,  
Менікін жаратпаса, сәнім кетер.  
Күйікті қатты тартып жүрген басым,  
Жазым болса, күйермін онан бетер».

Төлеген сонда он екі жасқа келді,  
Қыз іздеп, аралады тәмам елді.  
Он алты жасқа дейін қыз жаратпай,  
Ат жетер жерді аралатып тәмам қылды.

Еліне бір саудагер келді дейді,  
Бұлардың әбден жайын білді дейді.  
«Дүниеқор Базарбайдай көрмедім» деп,  
Саудагер мазақ қылып күлді, дейді:  
«Бұл малды бекер жиып керегі не?  
Бермей қалың ұлының біреуіне.  
Көзінің ағы менен қарасындай,  
Артында жанға мирас, малға тіреу не?»  
Сонда біреу айтады оның жайын:  
«Бак, дәулет берген артық бір Құдайым.  
Ел-жұртынан қыз жаратпай жүр Төлеген,  
Малын аяп жүрген жоқ Базарбайың».

Мұны айтып сөйлейді қарт саудагер,  
Төлегенге айтады «Сүйінші бер! –  
Ол сонда Төлегенді шақырып алар, –  
Мен таптым жақсы қызды саған жарар.

Қыз жақпай өз елінде жүрген саған,  
Төлеген, сүйінші бер енді маған, –  
Елі бар Ақжайықта Алты Шекті,  
Аласың жақсы қызды, барсаң соған.

Жайықта қызы сұлу артық ел бар,  
Ерінбей, қыз іздесең, сен соған бар.  
Ақжайықтан аласыз бір сұлуды,  
Бұл сөзді әбден тындап қаперіңе ал!»  
Төлеген қыз іздеуге көңілі кетті,  
Жолы бар неше күндік оның депті.  
Саудагер айтты жолын жүз күндік деп,  
Төлеген іздемекке талап етті.  
Төлеген он жетіге келген шағы,  
Аз емес бір тәңірінің берген бағы.  
«Шөлі бар, – деді саудагер, – жетпіс күндік,  
Төте жолы қырық күншілік болса-дағы.

Онымен жүре алмайсың барғанменен,  
Өлесің жолда шөлдеп арманменен.  
Жүр, деді, – алыссынбай су жағалап,  
Әрқашан бардың ісі пәрменменен».

Төлеген Ақжайыққа жүрмек болды,  
Тәңірдің жазған ісін көрмек болды.  
Басшы болып сол елді тапқан жанға,  
Жүз жамбы сүйіншіге бермек болды.  
Жаратты бір Қаракөк тұлпар атты,  
Өзі жорға жануар құс қанатты.  
Тұрманының барлығын алтындатып,  
Күміспен төрт аяғын тағалатты.

Шамшырақ тас орнатты жүген, ерге,  
Басшы, қосшы жүз жігіт алды бірге.  
Тоғыз нарға алтын мен күміс артып,  
Бес жігіт тағы да алды қызметкерге.  
Ерлерге жәрдем болсын бір Құдайы,  
Қырық түйе болды азық қант пен шайы.  
Азық-түлік әммесін даярлап алып,  
Жөнелді туғаннан соң Наурыз айы.  
Базарбайдың Төлеген –  
Ерте туған көбеген,  
Сексен жігіт қосшы алып,  
Он бес жігіт басшы алып,  
Ақжайыққа жөнелген.  
Айдың өткен нешесі?  
Ай қараңғы кешесі.  
Падишадан кем емес,  
Ер Төлеген мүшесі.  
Әулиеге ат айтып,  
Қорасанға қой айтып,  
Шыбын жанға жан айтып,  
Артынан қуып келіпті,  
Өлгенде көрген шешесі.

Шешесі келіп сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Мінгенде аттың аласын,  
Менен туған баласын.  
Адал бала тастай ма,  
Атасы менен анасын?!  
Қал дегенде, қаласың!  
Айтқан тілді аласың!  
Қал дегенде, қалмасаң,  
Айтқан тілді алмасаң,  
Құрттың анаңның шарасын!  
Өлгенде көрген, қарағым,  
Ата-анаңды зарлатып,  
Қай жаққа кетіп барасың?  
Анаң келді зарланып,  
Әкең отыр сандалып,  
Көре алмаған көп дұшпан,  
Сыртыңнан келер қамданып.  
Сен кеткен соң, қарағым,  
Артта қалған кемпір-шалыңыз,  
Сансызбай болса жас еді,  
Жүреміз кімге алданып?!

Төлеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Қой, шешеке-ау, жылама,  
Жылағанмен бола ма?  
Бекер, босқа, шешеке-ау,  
Көзіңнің жасын бұлама.  
Жиырмаға келгенше,  
Маған қалың бермедің,  
Тең құрбымдай көрмедің.

Шешесі сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Келгін, балам, қайт-сана,  
Әкеңе сырың айт-сана,

Патша қызын алсаң да,  
Өз еліңде жат сана!  
Біреудің тілі тимей ме,  
Қартайған әкең Базарбай,  
Сенің үшін күймей ме?!

Ел ішінде тентек көп,  
Жиһан кезіп жүргенде,  
Тентіреген демей ме?!  
Ата-анасын зарлатып,  
Бір қыз үшін кетті деп  
Дос-дұшпаның күлмей ме?!

Төлеген сонда сөйлейді,  
– Айналайын, шешеке-ау!  
Тай, құнан қой қаңғырып,  
Бұралқы болар қораға.  
Бір сұлу алмай, шешеке-ау,  
Сірә, да көңілім тынар ма?  
Талап қылған ісінен,  
Ат басын ерлер бұрар ма?!  
Жаман, жақсы болса да,  
Алланың болар әмірі,  
Өз айтқаның бола ма?!  
Тілімді алмай кеттің деп,  
Қамкөңіл болып жылама!  
Мен Жайықтан келгенше,  
Жүзінді аман көргенше,  
Тапсырдым ата-анамды,  
Жаратқан қадір Құдайға!

Анасы сонда сөйлейді:  
– Өлкенің көркі тал болар,  
Өзеннің көркі жар болар.  
Жігіттің көркі мал болар.  
Малың болса, қарағым,  
Қара басың хан болар.

Алуа асап, іштің бал,  
Жая шайнап, жедің жал,  
Кетер болсаң, қарағым,  
Жылқыдан тандап қырық жорға ал.  
Сансызбай болса жас еді,  
Сен кеткен соң, қарағым,  
Сүйеніп кімге күнелтер,  
Артыңда қалған кемпір, шал?

Төлеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Мінгенде атым аламын,  
Сенен туған баламын.  
Көңіліме түсіп бір қиял,  
Сапар шегіп барамын.  
Алла нәсіп бұйыртса,  
Бір сұлуды аламын.  
Аллдан нәсіп болмаса,  
Меккеге таман барамын.

Әлқисса, онда анасы, «менің балам бұл сапардан қайтпайын деп талап қылған екен, бұған ризалық беріп жіберейін» деп ойлап, Аллаға, екінші әнбие, әулиелерге тапсырып мінәжат қылғаны:

Анасы ғарып жылайды,  
Жылайды да толғайды.  
Қой десе де баласы,  
Оған, сірә, болмайды.  
Бір сұлу алмай Төлеген,  
Дүниеге көңілі толмайды.

Шешесі сонда сөйлейді:  
– Аһ, дедім, Құдая!  
Қасиетіңе бас ұрдым,  
Сөзді сөзге әкеліп,  
Күйгенімнен жапсырдым.

Кетер болсаң, қарағым,  
Әуелі Құдай, мен сені,  
Кәміл пірге тапсырдым!  
Көл егесі, Қамбар-ау,  
Шөл егесі, Қамбар-ау,  
Қарағымға көз сал-ау!  
Рахым қылсаң, Құдая,  
Сенен өзге кім бар-ау?!  
Ғашықтардың пірі едің,  
Ләйлі-Мәжнүн сәруар-ау,  
Ғашықтардың сәруары –  
Зылиха-Жүсіп пайғамбар,  
Әйелдің пірі – Бибі Фатима,  
Баламды сізге тапсырдым?!  
Адасса, жолға салып жүр,  
Сүрінсе, қолдап алып жүр,  
Пәлекет келсе, қағып жүр,  
Қосақтап қойдай бағып жүр!  
Бір ғашықтың дертінен,  
Қарағым менің нағып жүр?  
Хазіреті Ер Сұлтан!  
Рақым қылып Сіз тұрсаң,  
Баба түкті Шашты Әзіз,  
Баламды Сізге тапсырдым!

Әлқисса, жылап-сықтап, қоштасып шешесі қайтады. «Кірекеш болмасам да, түйекеш секілді екенмін». Шешемнің сөзі дұрыс екен деп, бір жерге қосын қондырып, Төлеген жылқыны іріктеп, 250 жорғаны бөліп айдайды. Көп күн жол жүріп, Шекті деген елдің шетіне келеді. Шатырын тігіп, Төлеген айналасындағы елге жар салды.

«Алыстан Жағалбайлы елінен Базарбайдың ұлы Төлеген мырза сұлу тандап, қыз іздеп келді: көрген қызға жаратса да, жаратпаса да бір-бір жорға сыйлық береді» деген хабар таратады.

Жұрт қыздарын әкеліп көрсете береді: қыздарын көрсеткендер бір-бір жорғадан әкете берді, бірінші күнде екі

жүз қыз көрді. Төлеген жақтырмады. Төлегеннің жанындағы сексен жолдасы бір күні өзара кеңесті.

«Бұл Төлеген, малды босқа шашып, ысырап қылды, бүйте берсе, жуырда айдаған жорғаның бәрін бітіреді. Сонан соң біздің астымыздағы аттарымызды үлестіре бастайды. Жаяу қалып, жүген алып, елден ат іздеуіміз жараспас. Одан да қыздарды әуелі өзіміз көрелік: жұрттан асқан сұлу болса ғана Төлегенге көрсетелік, әйтпесе, «Төлегенді білмейміз» деп жасырып, көрсетпелік десті. Айтқанындай-ақ, келген қыздардың бәрін сырттан қайырып, Төлегенге жалғыз жарым болмаса, қыз көрсетпеді.

«Бұл жақта сұлу қыз жоқ екен» деп Төлеген де келгеніне өкіне бастады.

Алты Шектінің Сырлыбай деген ханы бар. Сырлыбайдың алты ұлы, бір қызы бар еді. Кенжесінің аты – Жібек сұлу. Жібек өте сұлу еді, жасы сол күнде он төртте болатын. Әр кезде әркімдер айттырса да, ешкімді жаратпай жүруші еді. Ханның Қаршыға жыршы деген акын-уәзірі бар еді. Қаршыға тым сенімді болғандықтан, отардағы тоғыз мың жылқысына Қаршығаны бас-көз қылып қойып еді.

Төлегеннің дабылын естіген соң, Қаршыға Төлегенге бармақшы болды. Қаршыға «мен Төлегенді көрейін, жұрттың мақтағанындай болып шықса, Қыз Жібекпен таныстырайын; Төлеген маған жақса, Жібекке де жағар» деп ойлады.

Отарда жатқан Қаршыға,  
Бір бедеуге мінеді,  
Алладан пәрмен тіледі.  
Ойпаң жерден орғытып,  
Жарлау жерден ырғытып,  
Тегіс жерден сырғытып,  
Аяндамай желеді.  
Сексен жігіт елшіге,  
Салып жетіп келеді.  
Келіп сөйлей береді:  
– Асуда асу бел дейді,  
Аса бір соққан жел дейді,



Сексен жігіт ішінде  
Базарбайдың баласы,  
Төлеген мырза кім дейді?

Басыр-басыр басыр-ды,  
Аққа құлпы жасыл-ды.  
Сексен жігіт ал сонда  
Төлегенді жасырды:

– Мінгенде атың дөнен-ді,  
Көкке тойған көбең-ді,  
Біз білмейміз, Қаршеке-ау,  
Төлеген мырза дегенді.

Әлқисса, жігіттердің Төлегенді жасырғанын Қаршыға  
сезді. Сезіп, жол болсын деп айтқаны:

– Ассалаумағалейкүм, көп жігіттер,  
Сайланған бәрің бірдей бек жігіттер.  
Сайланып шыға қапсыз тобыңызбен,  
Сөйлей тұр сөзің болса, ей жігіттер!

– Келеміз елімізден біз жолаушы,  
Бет алып, шыққан жерім – Көкбояушы.  
Үйірін қысырақтың жауға алдырып,  
Келеміз сұрау салып біз сұраушы.

– Күн көріп жүруші едім өнерменен,  
Төтелеп келдім сізге кемерменен.  
Көрдім де қараларыңды, жанай шаптым,  
Баласы Базарбайдың дегенменен.

– Келіпсіз біздің көріп қарамызға,  
Жауапқа жауап таппай қаламыз ба?  
Сыртынан Базарбайды естуші едік,  
Төлеген біздің жоқ-ты арамызда.

– Әр жерде, асып туған жігіт деп ем,  
Төлеген жұрттан асқан бегім деп ем.

Сұрасам жолаушыдан, Сіздер дейді,  
Жасырдың Төлегенді несін менен?  
Осынша ол Төлеген жасырынып,  
Ол өзі кімнің ұрлап ақын жеген?!

Әлқисса, сонда Төлеген шатырдың ішінде бұлардың сөзін естіп жатып, «жігіттер мені неге жасырып тұр» деп, шатырдың есігін көтеріп, сығалап қарап, Қаршығаны көрді. Түрінен дос адам екенін танып, шатырдың есігін серпе тастап, сыртқа шығып, Төлеген былай деп сәлем берді:

– Ассалаумағалейкүм, Қаршыға-еке!  
Мен едім Базарбайдың Төлегені.  
Қозының ерте туған көбегені.  
Қаршы-екем араз ба еді бұрын маған,  
Қасыма танып тұрып келмегені?!

Мен едім Базарбайдың үлкен ұлы,  
Алланың шыныменен сүйген құлы.  
Қаршекем, сәлем берсем, қарамайды,  
Бар еді Төлегеннің неден міні?

Осы келген Қаршыға,  
Тобынан асқан ер еді.  
Ерлігінің белгісі,  
Төлегенге келеді,  
Келіп сөйлей береді:

– Асуда асу бел дейді,  
Белден көшкен ел дейді.  
Сексен жігіт ішінде,  
Базарбайдың баласы,  
Төлеген мырза сен дейді.  
Нәсіліңе қарасам,

Қас патшамен тең дейді.  
Мен жайымды айтайын,  
Алты Шекті елінде,  
Сырлыбай ханның уәзірі –  
Қаршыға жыршы мен дейді.  
Төлеген болсаң сен дейді,  
Кел, соңымнан ер дейді,  
Жұртқа берген олжаңнан,  
Білдірмей маған бер дейді.  
Мен бір сұлу табайын:  
Патшамыздың жалғызы.  
Аты – Жібек, сұрасаң,  
Кереметін көр дейді.  
Базарбайдың Төлеген,  
Қаршығадай ақынның,  
Бұл сөзін мақұл көреді.  
Айдап жүрген жорғадан,  
Екі жорға береді.  
Сексен жігіт елшіден,  
Бес жігітті бөледі.  
Өзгесін елге қайтарып,  
Қаршығамен ілесіп,  
Ақжайыққа жөнелді.

Неше дүркін бел болып,  
Ойпаңды жер қыр болып,  
Төлегеннің сөздері  
Соңғыларға жыр болып,  
Ойынға бала шығады,  
Айдын көлдің шетіне.  
Адам қарап болмайды,  
Ер Төлеген бетіне!  
Қамшы басып «кіш-кіш» деп,  
Көкжорға атының етіне.  
Дәл сегіз күн жол жүріп,  
Аз ғана емес, мол жүріп,

Сонда жеткен секілді,  
Ақжайықтың шетіне.

Құланның атты қодықты,  
Көлден тартты борықты.  
Арада неше қоныпты,  
Жетемін деп зорықты.  
Сәске мезгіл болғанда,  
Қыз іздеген Төлеген,  
Көшкен бір елге жолықты.

Әлқисса, онда Қаршыға:

– Біздің ел жайлауға қарай бұзыла көшкен екен, мен  
енді Жібекті Төлегенге көш-жөнекей көрсетейін. Асықпай  
келерсіздер, – дейді де сол араға қосшыларын тастап,  
Қаршыға мен Төлеген қалың көшті аралап жөнелді.

Базарбайдың Төлеген,  
Талай көштен өтеді.  
Сонда бір көшке жетеді.  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады.  
Шытырма көйлек етінде,  
Нұр сәулеті бетінде,  
Бұралып кетіп барады,  
Перінің қызы секілді.  
Өзі он төрт жасында,  
Жарқыратып маңдайын,  
Айырып қойған кекілді.  
Осы екен деп Қыз Жібек  
Жетіп келді қасына  
Базарбайдың Төлеген.  
Артынан келіп Қаршыға:  
«Жібек емес» деген соң,  
Одан бір өтіп жөнелген.

Енді онан да өтеді,  
Және бір көшке жетеді.  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады:  
Таң мезгілі болғанда,  
Шолпанның туған жұлдызы.  
Кигені – атлас қырмызы.  
Бейіштен шығып келмесе,  
Бұл жалғанда хор қызы.  
Сондай-ақ болар туар да,  
Адамзаттың бір қызы!  
Осы екен деп Қыз Жібек,  
Жетіп келді қасына,  
Базарбайдың Төлеген.  
Артынан келіп Қаршыға,  
«Жібек емес» деген соң,  
Одан да өтіп жөнелген.

Қаршығамен ілесіп,  
Төлеген көңілі түзелді.  
Асығып жүрді тез енді.  
Бір көрмекке Жібекті,  
Төлеген мырза кезенді.  
Қаршыға мен Төлеген,  
Жағалай салды өзенді.  
Сол уақытта алдынан,  
Бір көш шықты түбектен.  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады:  
Отыз түйе жетелеп,  
Сары мая үлектен.  
Мұрындығы – сары жез,  
Бұйдасын ескен жібектен.  
Толған айдай толықсып,  
Ақ сазандай бұлықсып,  
Бұралып кетіп барады,  
Неше алуан қылықсып.

Мұны көріп Төлеген,  
Атының басын бұрады,  
Әңгіме дүкен құрады.  
«Осы ма, – деп, Қыз Жібек?»  
Қаршығадан сұрады?  
Қаршыға жетіп келеді,  
Әзіл етіп күледі:  
«Бұл емес, – деп, Қыз Жібек»  
Одан да өтіп жөнелді.

Одан өтіп Төлеген,  
Атқа қамшы басады,  
Тұлпардан туған Көкжорға ат  
Аузынан көбік шашады.  
Жер тарпынып жануар,  
Ауыздықты басады,  
Алдындағы белестен,  
Орғытып келіп асады.  
Белестен түсіп желеді,  
Ойға түсіп келеді.  
Тағы айқасты бір көшке,  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады.  
Жанамалап сұлудың,  
Қасына жетіп келеді.  
Төлеген мырза көреді:  
Көш алдына сұлудың,  
Он қыз нөкер қасында,  
Өзі он бес жасында,  
Ақ маңдайы жалтылдап,  
Танадай көзі жарқылдап,  
Алтын шашпау шашында.  
Қырық нарға жүк арттырған,  
Қымқап зерлі кілемді,  
Жүк үстіне жаптырған.  
Қазыналы қырық нарға,  
Жібектен арқан тарттырған.

Әсемдіктің бәрін де,  
Бұл жаһаннан арттырған.  
Алтынды қамшы қолға алып,  
Ырғалады толғанып,  
Бұралып кетіп барады  
Кербезденіп, теңселіп.  
Осы екен деп Қыз Жібек,  
Жетіп келді қасына,  
Базарбайдың Төлеген.  
Артынан келді Қаршыға:  
«Жібек емес» деген соң,  
Одан да өгіп жөнелген.  
Тау басында қарағай,  
Төлегеннің мінезі,  
Болып кетті баладай.  
Осындай болып әр жерден,  
Он бір қыз өтті сәулетпен,  
Бәрі де қалды жарамай!

Тағы айқасты бір көшке,  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады,  
Орта бойлы дембелше.  
Алтынды қамзол жейдеше,  
Сипатына қарасаң,  
Бұрынғы қыздан өзгеше.  
Алтын шыны кеседей,  
Екі көздің шарасы.  
Бейіштен жанған шамшырақ –  
Көзінің гауһар қарасы.  
Туған айдай иілген,  
Екі қастың арасы.  
Сымға тартқан күмістей,  
Он саусақтың саласы.  
Сондай-ақ болып туар да,  
Адамзаттың баласы.  
Осы екен деп Қыз Жібек,

Жетіп келді қасына,  
Базарбайдың Төлеген.  
Артынан келіп Қаршыға:  
«Жібек емес» деген соң,  
Одан да өтіп жөнелген.  
Енді одан да өтеді,  
Және бір көшке жетеді,  
Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады:  
Қара жорға – мінгені,  
Қара торқа – кигені,  
Екі көзі сүрмелі.  
Бұл сияқты перизат,  
Қыз іздеген Төлеген,  
Жоқ еді, сірә, көргені.

Сексен түйе қомдаған,  
Сексен түйе үстінде  
Алтынды жағдан<sup>9</sup> орнаған.  
Асфәһани<sup>10</sup> кілем бар,  
Жібектен гүлін торлаған.  
Қыз сипатын қараса,  
Ақ бетінде кіршік жоқ  
Айдын көлдің қуындай.  
Екі көзі жалтылдап,  
Батырдың алтын туындай.  
Сөйлеген сөзі мазалы,  
Зәмзәмнің тәтті суындай.  
Аузынан шыққан лебізі,  
Сары алтынның буындай.  
Осы екен деп Қыз Жібек,  
Жетіп келді қасына  
Базарбайдың Төлеген.  
Артынан келіп Қаршыға:  
«Жібек емес» деген соң,  
Одан да өтіп Төлеген,

---

<sup>9</sup> Жағдан – кестелеп, алтынмен көмкерген түйе қомы.

<sup>10</sup> Асфәһани қаласында тоқылатын кілем.



Атқа қамшы салады,  
Тұлпардан туған Көкжорға ат,  
Көзі оттай жанады.  
Сымға тартқан күмістей,  
Сүмбідей болып жарады.  
Тағы айқасты бір көшке,  
Көш алдына қараса,  
Бір бәйбіше нұр жүзді,  
Көшті бастап барады.  
Көш алдында – бәйбіше,  
Сары алтыннан – жабдығы.  
Екі жүз түйе қазына,  
Қызыл алтын – сандығы.  
Аға Жүніс перідей,  
Көркі раушан бағындай,  
Жазығы әйел демесең,  
Қартайса да, ілгері  
Әлгі қыздан сал-серілігі.  
Айдың өткен нешесі,  
Ай қараңғы кешесі.  
Жазығы әйел демесең,  
Қартайса да ілгері,  
Әлгі қыздан мүшесі.  
Асылдай болып есіліп,  
Нұрдай болып шашылып,  
Ақ маңдайы жарқылдап,  
Танадай көзі жалтылдап,  
Алтынды кебіс сартылдап,  
Көшті тартып барады,  
Жібекті тапқан шешесі.  
Берсе тәңірі жігітке,  
Ертесі не, кеші не?  
Ертеңгі күн бесінде,  
Зорға жеткен секілді,  
Қыз Жібектің көшіне.  
Көш сәулетін қарасаң,  
Асфһанның жауһары,

Стамбұлдың<sup>11</sup> гауһары,  
Тамаша қылған адамның,  
Толады көзінің шарасы.  
Есебі жоқ дүниені,  
Есептейік несіне?!  
Келсе, Жібек жоқ екен,  
Сол секілді көшінде.  
Мұны көріп Қаршыға,  
Атының басын бұрады,  
Өңгіме дүкен құрады:  
Жібек-жан, қайда кеткен деп,  
Әккі болған Қаршыға,  
Шешесінен сол жерде,  
Сылтауратып сұрады.  
– Жібек-жан ерте кеткен деп,  
Болжалды жерге жеткен деп,  
Көшпенен бірге жүргенде,  
Бетіме тозаң тиер деп,  
Көк пәуеске күймемен,  
Азаннан тұрып кеткен деп,  
Шешесінің сол жерде,  
Бұларға берген жауабы.

Әлқисса, енді Төлеген мен Қаршыға көштің алдына шықты: Жібектің пәуескесінің жосылып жатқан іздерін көрді.

Базарбайдың Төлеген  
Енді белін түйінді,  
Асыл киім киінді.  
«Бағымды Алла ашқын» деп,  
Пірлеріне сиынды.  
Тұлпардан туған Көкжорға ат,  
Ор қояндай секірді.  
Қаршығамен жарысып,  
Атқа қылды өкімді.

---

<sup>11</sup> Стамбұл – Түркияның қаласы.

Ертеңгі күн бесінде,  
Қыз Жібектің ізімен,  
Келе жатқан секілді.

Алмас қылыш сартылдап,  
Алтынды жүген жарқылдап,  
Көкжорға тұлпар кәрленді.  
Екі көзі жалтылдап.  
Солқылдайды қара жер,  
Көкжорға ат басса былқылдап.  
Ұршықтай саны бұлтылдап.  
Алмас қылыш белінде –  
Қолында найза қылтылдап.  
Төрт тұяқтан шыққан от,  
Шақпақ тастай жылтылдап.  
Құлақ салсаң дыбысы,  
Тау суындай сыңқылдап.  
Шамның жанған шырағы,  
Жақынның болмас жырағы.  
Жеті қырдан асқанда,  
Күлдірлеген қоңырауды,  
Есітті сонда құлағы.  
Шапса балта өтер ме,  
Шыңғырлаудың тасына?  
Нелер келіп, не кетпес,  
Ер жігіттің басына!  
Қоңырау даусына жақын келген соң,  
Көкжорға атты ағызып,  
Жетіп бір келді қасына.

Әлқисса, Жібектің күймелі арбасына үш ат қатарынан жегулі екен. Күйменің қақпағы жабулы; ат айдаған көшірі сырттан көрінеді.

Төлеген күйменің алдына бір шықты, соңына бір шықты, ешкімді көре алмады. Жан-жағына қараса, Қаршыға көздің ұшында қалған екен. Шыдап тұра алмай, Төлегеннің айтқаны:

– Кім бар деп, бұл күймеде дауыстады,  
Ақылын ашуланып тауыспады,  
Төлеген үш қайтара шақырса да,  
Қыз Жібек сөйлесуге намыстанды!

Төлеген сонда тұрып қапа болды,  
Өзінің елін ойлап іші толды:  
Қыз түгіл, өз елімде еркек қорыққан,  
Қайран басым бұл жерде бекер болды.  
Өз елімде тең едім хан затыммен,  
Алдыма келмеуші еді жан атымен,  
Мынау қыз жауап бермей, қапа қылды,  
Жүргенсіп өз елінде сәулетімен.  
Төлеген қапа болып, қалды тұрып,  
Атының кейін қарай басын бұрып,  
Сол жерде Қаршыға да жетіп келді,  
Сөйлеспей, Жібек кетті құдай ұрып.  
Қаршыға Төлегенге келді жетіп,  
Атына қамшы басып екпіндетіп,  
Төлеген Қаршығаға сөз сөйлейді:  
«Кетті» деп, жауап бермей қапа етіп.

Әлқисса, сонда Қаршыға айтты:

Төлеген, налымаңыз, сізден бұрын Жібекпен дауыстап  
ешкім сөйлескен емес, Сіздің көтеріңкі даусыңызға  
намыстанып қалған шығар, енді мен сөйлесіп қарайын, деп  
Қаршығаның Жібекке келіп айтқаны:

– Ұядан ұшқан балапан,  
Қанаттарын тарайды.  
Асыл туған анадан,  
Әрбір іске жарайды.  
Сенің үшін, қарағым,  
Тігемін алтын сарайды.  
Данышпан адам дүниенің,  
Парасатын қарайды.  
Ақы алып, қызмет қылғанды,

Оны да іске санайды.  
Ертіп келдім бір жігіт,  
Тап өзіңе лайық!  
Жақтырмап едің талайды,  
Басыңды көтер, Жібек-жан!  
Құлағың салып сөзіме,  
Қасымда тұр бір жігіт,  
Тап лайық өзіңе.  
Дүрия кәусар көзі бар,  
Бал шекердей сөзі бар,  
Талай бекзат көріп ем,  
Мыңын жисаң жетпейді,  
Осының басқан ізіне.  
Қаршыға сынды көкеңді,  
Қапа қылмай, қарағым.  
Бір қарашы жүзіне?!

Сонда Жібек сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Көке болмай жерге кір,  
Салмаймын құлақ сөзіңе.  
«Бай тауып маған әкел» деп  
Қашан айттым өзіңе?  
Жөндеп баққын малыңды,  
Беталды босқа сөйлемей.  
Жолама менің ізіме,  
Екі тайға ұялмай,  
Мені сатып сыртымнан,  
Не бетіңмен сөйлейсің,  
Көрінбей жөнел көзіме!

Қаршыға сонда сөйлейді:  
– Рас менің, Жібек-жан,  
Екі жорға алғаным.  
Неге айтайын сөзімнің,  
Расын айтпай, жалғаным.  
Мақұл ма екен, Жібек-жан,

Сөздің жөнін байқамай,  
Бекер жала жапқаның.

Екі жорға мен алдым,  
Төлегенге дос болып,  
Нан, қарағым, сөзіме,  
Көңілің маған хош болып.  
Жолыңа сенің басымды,  
Бәйгеге тігіп мен келдім,  
Сегіз күн ұдай жол жүріп.  
Басыңды көтер, Жібек-жан  
Қайтпасын еңбек еш болып.

Әлқисса, сонда Жібек ойлады: Қаршыға маған сеніп келген екен, көрінбей қалғаным ұят болар деп, күйменің қақпағын ашып жіберіп жарқ етіп бір көрінді де, амандасып, қайтадан күйменің қақпағын жауып жіберді.

Жібектің сұлулығы Төлегенді таңғалдырды: Төлегеннің көзіне Жібек хор қызындай болып көрінді.

Әлқисса, сондағы Жібектің сұлулық сипаты мынандай:

Қыз Жібектің құрметі,  
Жиһаннан асқан сәулеті.  
Ләйлі-Мәжнүн<sup>12</sup> болмаса,  
Өзгеден артық келбеті.  
Үш қызы бар қасында,  
Өзі он төрт жасында.  
Ақ маңдайы жалтылдап,  
Танадай көзі жарқылдап,  
Алтынды шашпау шашында.  
Қыз Жібектің дидары,  
Қоғалы көлдің құрағы.  
Көз сипатын қарасаң,  
Нұр қызының шырағы.  
Дүр гәуһар сырғасын,  
Көтере алмай тұр құлағы.

---

<sup>12</sup> Ләйлі-Мәжнүн – Шығыстың (араб, парсы) ғашықтық қиссаларының басты кейіпкерлері.

Бой нұсқасын қарасаң,  
Бектер мінген пырағы.  
Қыз Жібектің ақтығы,  
Наурыздың ақша қарындай,  
Ақ бетінің қызылы –  
Ақ тауықтың қанындай.  
Екі беттің ажары,  
Жазғы түскен сағымдай.  
Білегінің мүсіні –  
Айбалтаның сабындай.  
Төсінде бар қос анар,  
Оймақ ауыз, құмай көз,  
Іздеген ерге табылды-ай.  
Өткірлігін байқасаң,  
Ұсталар соққан семсердей.  
Екі ауыз сөз сөйлескен,  
Мұратына жеткендей.  
Қыз Жібекті Төлеген,  
Ақылменен танып тұр,  
Көз мейірі қанып тұр.  
Бейіште жанған шамшырақ,  
Көзі жайнап, жанып тұр.  
Белі нәзік талып тұр.  
Тартқан сымнан жіңішке,  
Үзіліп кетпей неғып тұр?!

Әлқисса, енді Төлеген ойлады:

– Жиһанда бұл сипатты қызды көргенім жоқ, тал бойынан тарыдай мін таба алмадым. Енді мақұл көрсе, Қыз Жібекпен бір-екі ауыз сөз сөйлесіп кетейін. Бекер кеткенім жарамас, – деп Төлеген Жібектің күймесіне жақын келіп, өлеңмен былай деді:

– Басыр-басыр, басыр-ау,  
Аққа құлпы жасыл-ау.  
Басынды көтер, Жібек-жан,  
Төлеген келді қасына-ау!

Қыз басыңмен алшақтап,  
Бүйте берме, Жібек-жан,  
Еліңе тиер кесірі-ау.  
Қыз Жібек мінген күймесін,  
Күймеге тағып түймесін.  
Қыз басыңмен алшақтап,  
Бүйте берме, Жібек-жан,  
Кесірің елге тимесін.

Жібек сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Олай болса, Төлеген,  
Мен сырымды айтайын:  
Ағыным судай ағады,  
Менің қылған кесірім,  
Саған кесір болса да,  
Өзіме майдай жағады!  
Жалғыз атты жолаушы,  
Жақындамай әрмен жүр,  
Үстімдегі кесірлер,  
Саған таман барады.

Ат байлаған шағыр тас,  
Арқама біткен қолаң шаш,  
Қайдан келіп кез болдың,  
Жалғыз атты жолаушы,  
Кесірім ұрып кетпесін,  
Қасыма келмей аулақ қаш!

Төлеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Қыз Жібек мінген күймесін,  
Күймеге тағып түймесін,  
Қайдан білдің, Жібек-ау,  
Іздеп келген Төлеген,  
Мал беріп сені алмасын!  
Сонда Жібек сөйлейді:



– Жақсы айтасың, Төлеген,  
Сіздей-Сіздей әр жерден,  
Неше жігіт келмеген.  
Бәрі де айтқан, Жібек-ау,  
Сені алмасам демеген.  
Көбісі келмей шеніме,  
Іңкәр да болып жөнелген.  
Келсең кел, шындап қасыма,  
Шай мамығым басыңа,  
Алуа шекер беремін,  
Ішетұғын асыңа.  
Келсең келгін, Төлеген,  
Құрметім мұндай, мінеки,  
Келмесең әрмен кете бер,  
Шайы орамал басыңа!

Әлқисса, олай десең, саған мен жеңген жерде сөйлесермін деп, Төлеген жүріп кетті. Төлеген Жібекті айттырмақшы болды. Қаршығамен ақылдасып еді, Қаршыға мақұл дейді. Ордаға жүрмекші болды. Сол жерде Төлеген екі жүз елу ат сатып алды. Жылқыны айдап, Сырлыбайдың аулына қуып келе жатқанда, Төлеген мен Қаршығаның алдынан он шақты жасауыл шыға келді. Амандасқаннан соң, жасауылдар:

– Жалғыз атты жолаушыға Жібекті көрсетіп, ұялмай Жібектің басын базарға салып, Қаршығаның масқара қылып жүргені, немене? – деп, ханымыз ашу қылып жатыр.

Қаршығаны, қасындағы жолдасымен ұстап алып келіндер, екеуінің де жазасын беремін деп, бізді жіберді дейді.

– Өзіміз де келе жатырмыз, жүріндер, – дейді Қаршыға. Төбенің басында отырған ханға және бектерге келіп, сәлем беріп, Төлегеннің айтқан жауабы:

– Болғанда айдай әлем, күндей күлем,  
Аузымды ашсам, көмейден құяды өлең,  
Отырған мәслихат қылып ақсақалдар,  
Сіздерге Төлеген кеп берді сәлем.

Отырған топтың ішінен біреуінің, Төлегенге қарап  
берген жауабы:

– Уағалейкүм-ассалам, жаным балам,  
Жүріпсіз ат жаратып бәрін, тәмәм.  
Келіпсіз ат сабылтып алыс жерден,  
Сөйлей тұр, сөзің болса, шырақ қанам!

*Төлеген:*

– Ойлаймын келе жатып ақыл-айла,  
Ойлаған ақыл-айла жанға пайда.  
Ат сабылтып, келеміз алыс жерден,  
Жібек сұлу дегеннің ауылы қайда?

*Хан:*

– Бәріңіз бір-бір бедеу мініпсіңіз,  
Ойын-күлкі сәулетпен жүріпсіңіз,  
Жібек сұлу дегеннің ауылы жақын,  
Бар еді, балам, қандай жұмысыңыз?

Төлеген Қыз Жібекті көргенін, оған ғашық болғанын  
Сырлыбайға ашық айтады.

*Хан:*

– Тіккені саудагердің қосы ма еді,  
Ғайып-ирен Қырық Шілтен досы ма еді?  
Кешегі Төлегенді жамандаған,  
Көп дұшпан көре алмаған қасым ба еді?  
Жібегім тисе тисін, өз теңі екен,  
Кешегі айтқан Төлеген осы ма екен?  
Жібегім Төлегенді көрген екен,  
Жібек-жан болашағын білген екен,  
Ризамын Қаршығаға не қылса да,  
Кемітпей, тең құрбыдан жүрген екен.

Әлқисса, Төлеген Жібекті айттырады. Сырлыбай

беретін болды. Бата оқып, той қылады: батаяққа Төлеген айдап келген жылқысының бәрін берді.

Ауылдан қашық жерде, бір төбенің тасасында шатырын тігіп, өнерлі жігіттерді жинап, Төлеген ойын-күлкі қызықпен жата берді. Бір күні 40 әйел келіп, Жібекті алып келеміз деп, Төлегеннен жеңгелік сұрады.

Төлеген әйел басына бір-бір жорға берді. Төлегеннің мырзалығына риза болып, әйелдер Жібекті Төлегенге апармақшы болды: қанша аңдыса да, қолдарына түсіре алмады. Қырық әйел Жібекті аңдып жата берсін.

Ол ел: Алты арыс Шекті деген ел еді. Алты Шектінің ішінде Жібекке ғашық жігіттер көп екен. Осылардың бастығы Бекежан деген болып, 60 жігітті бір жерге жинап алып:

– Шынымен Жібекті жалғыз атты жолаушы алып, өзіміз құр қаламыз ба, Жібекті Төлегенге бермей, өзіміз алайық, – деп, кеңес қылды.

Кеңестегілердің бір қатары:

– Төлеген тірі тұрғанда Жібек бізге тимейді. Төлегенге сүйіп тиіп отыр, – деген соң, бұлар Төлегенді өлтірмекші болды. Төлегенді өлтірген соң, ақылдасып біріміз алармыз десті.

Күні-түні қасынан ду тарқамайды, жай уақытта Төлегенді өлтіру қиындау. Төлегенге жеңгелері Жібекті әкелгенде, қыз бен жігіт оңаша қалады, сол уақытта өлтірерміз деп тарасты.

Бұлардың бұл мәслихаттарын бір байқұс адам естіп тұрып, Төлегенге келіп айтады. Төлеген дереу Қаршығаны шақырып алады.

Қаршыға келіп:

– Шырағым, бір жұмысқа шақырдың ба? – дейді.

Төлеген үндемей, мұңайып төмен қарайды, Қаршыға сонда сөйлейді:

– Көлге біткен құрағым,  
Суырылып озған, пырағым!  
Ақорда болды кіргенің,  
Қызық дәурен сүргенің.

Ешбір пенде көрген жоқ,  
Бұл күнде сенің көргенің.  
Неге қапа боласың,  
Біреудің тілі тиді ме?  
Қорқып қалдым Төлеген,  
Көрген соң сенің түрінді.  
Неге маған мұнайдың,  
Айтсаңшы, жаным, сырынды?

Төлеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Ай, Қаршыеке-ау, Қаршыеке-ау,  
Мен сырымды айтайын,  
Құдай басқа салған соң,  
Сізге айтпай қайтейін?  
Жібекке ғашық көп екен,  
Елінде қанша жігіт бар,  
Іші толған кір екен.  
Төлеген сынды мырзанды,  
«Өлтіреміз» дейді екен.  
Жалғыз жатқан жерімде,  
Жазым болып кетсем, қайтемін?

Қаршыға сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Асуда-асу бел дейді,  
Аса бір соққан жел дейді.  
Төлеген болсаң, сен дейді,  
Кел, соңыма ер дейді.  
Өлтіретұғын кім екен,  
Кереметімді көр дейді.

Базарбайдың Төлеген,  
Қаршығадай ақынның,  
Бұл сөзін мақұл көреді,  
Алдырып атын мінеді.  
Қаршығамен ілесіп,

Шаңқай түсте аулынан,  
Шатырдан шығып жөнелді.  
Алты Шекті елінде,  
Қаршығаға сенеді.  
Иілмей, тіпті бүгілмей,  
Ауылға жетіп келеді.

Сырлыбайдың алты ұлы,  
Алтауы бірдей бөрі еді!  
Ең кенжесі Жиренбай,  
Сол жылы түскен отауы,  
Сонда келіп енеді.  
Басшы болған Қаршыға,  
Кереметін көргізді,  
Төлегенді атымен,  
Шаңқай түсте ауылға,  
Іркілместен жүргізді.  
Жиренбай мырза үйіне,  
Жаңа түскен Отауға,  
Ертіп келіп кіргізді.

*Төлеген:*

– Асуда-асу бел дейді,  
Аса бір соққан жел дейді.  
Анықтап бүгін көрейін,  
Жібекті ертіп кел дейді.  
Осы шаңқай тал түсте,  
Айналайын, Қаршыеке-ау,  
Жігіт болсаң шын дейді.

Асыл туған Қаршыға,  
Епті туған ер еді,  
Ептіліктің белгісі,  
Жібекке жетіп келеді,  
Келіп сөйлей береді:  
– Айналайын, Жібегім,  
Шыныдан аппақ сүйегің

Осы емес пе еді құдайдан,  
Қарағым, сенің тілегің?!  
Басыр-басыр, басырды,  
Аққа құлпы жасылды.  
Қаршыға көкең келгенде,  
Көтергін, шырақ, басыңды.  
Ат байлаған ақырды,  
Көк түскен жер тақырды,  
Шеттегі отау ішінде,  
Жаңа түскен жеңешен,  
Қарағым, сені шақырды.

Сонда Жібек сөйлейді,  
– Ау, Қаршеке-ау, Қаршеке-ау,  
Өзің шешен батырсың.  
Шешендікпенен айтасың,  
Кеше алдың қос жорға,  
Бүгін алдың үш жорға,  
Бәрі болды бес жорға.  
– Ау, Қаршеке-ау, Қаршеке-ау,  
Мінген де атың қарагер,  
Барайын өзім, бара бер.  
Қаршыға сөзін есітіп,  
Жібек енді түйінді,  
Асыл киім киінді.  
Асып туған анадан,  
Шаһизада кісі еді,  
Кісі бойы кіреует,  
Алтын тақтың үстінен,  
Қояндай қарғып түседі.  
Ақ маңдайы жарқылдап,  
Танадай көзі жалтылдап,  
Алтынды кебіс шыртылдап,  
Жүйрік аттай ойқастап,  
Құнан қойдай бой тастап,  
Қалмайын деп ұялып,  
Жан-жағын қарап байқастап,

Кер маралдай керіліп,  
Сары майдай еріліп,  
Тәңірі берген екі аяқ,  
Бір басарға ерініп,  
Үйден шықты Қыз Жібек.  
Ауыл алды бел еді,  
Белден көшкен ел еді.  
Ор қояндай ырғысып,  
Қылаң етіп қылт етіп,  
Сылаң етіп сылт етіп,  
Мықындары былқылдап,  
Тау суындай қылтылдап,  
Сүмбіледей<sup>13</sup> жылтылдап,  
Буындары бұлтылдап,  
Айбынды туған Қыз Жібек,  
Отауға қарап жөнелді.  
Шаһизада Қыз Жібек,  
Жалт-жұлт етіп келеді.  
Сол уақытта қарасан,  
Қыз Жібектің дидары,  
Нұр ішінде піскендей.  
Қыз Жібектің екпіні,  
Пейіштен самал ескендей.  
Қыз Жібекті бір көрген,  
Шыбын жаннан кешкендей!  
Сылдырлап Жібек жөнелді.  
Неше түрлі сәулетпен,  
Інірде шайтан көшкендей.  
Құланның атты қодықты,  
Көлден тартты борықты.  
Бір көрмекке ынтық боп,  
Төлеген мырза торықты.  
Талма тал түс шағында,  
Айбынды туған Қыз Жібек,  
Төлегенге жолықты!  
Моллалар басы қосылса,

---

<sup>13</sup> Сүмбіле – шөптің басына түсетін сәукелелі шық.

Мәселе кітап оқырды,  
Насихатты жақсылар,  
Ақылменен тоқырды,  
Айбынды туған Қыз Жібек,  
Төлегеннің мойнына,  
Асыла барып отырды.

Төлеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Келдің, Жібек, қасыма,  
Отыра кеттің асыла.  
«Кешегі шайы орамал қай жақта,  
Той болды салсаң басыма».

Жібек сонда сөйлейді:  
– Қынама бешпент, қынадым,  
Әзілмен сізді сынадым.  
Сынамаққа бір сөзді,  
Әзіл қылып айтып ем,  
Әлі ұмытпай жүр ме едің?!

Екі ғашық қосылып,  
Әңгіме дүкен құрады.  
Екеуінің суреті,  
Ләйлі-Мәжнүңдей болады.  
Екі бекзат қосылып,  
Күңдей балқып толады.  
Екеуінің нұрына,  
Көрген жанның әммесі,  
Тамаша қайран қалады!

Әлқисса, Төлеген үш ай жатып, қалыңдық ойнайды. Бір күндерде еліне қайтпақшы болып, аттарын байлап қойып, таңнан жүреміз деп отырған күні, Жібек түс көріп, шошып оянады. Кіші жеңгесін шақырып алып, түсін жорытып, Төлегенге «айт, жүрмесін» деп, жұмсайды.



Шақырып алып, Қыз Жібек,  
Өзінің жақын жеңгесін.  
Омырауда алтын теңгесін.  
Сырласатын жерінде,  
Келтірмейді екен өңгесін.  
«Ау жеңеше-ау, жеңеше-ау,  
Мінезің еді өзгеше-ау.  
Төлегенге барып кел,  
Тілімді алса жүрмесін.  
Ата-анасы бар ма екен,  
Жал-құйрығы сай ма екен,  
Иә, болмаса Құдай-ай,  
Қаңғырып өскен қу ма екен?  
Атасының аты кім болар,  
Анасының аты кім болар?  
Сұрап келгін, жеңеше-ау,  
Қандай заман күн болар!  
Мен бүгін бір түс көрдім,  
Түсімде жаман іс көрдім.  
Төлеген мінген Көкжорға ат,  
Ер-тоқымсыз бос көрдім.  
Ел жайлаған Ақжайық,  
Жағалай біткен бидайық.  
Алдымда жанған шырақты,  
Біреу үрлеп өшіріп,  
Көзімнен болды сол ғайып.  
Қолымдағы тұйғынның,  
Заулап келіп аспаннаң,  
Желкесін қиды бидайық.  
Пендем десен, Құдая,  
Бұл түс емес еді ғой,  
Көруге маған лайық.  
Айналайын, жеңеше-ау,  
Төлегеннің мен білдім,  
Бір кеткен соң келмесін.  
Жарық дүние опасын

Білдім көзге ілмесін.  
Мұнан кетсе Төлеген,  
Білгізді Құдай мен қуға,  
Бұл жерді қайтып көрмесін.  
Мұндай қорлық, жеңеше-ау,  
Тірлігінде құдайым,  
Еш пендеге бермесін.

Базарбайдың Төлеген,  
Ерте туған көбеген.  
Жеңгесі келсе алқынып,  
Нағып жүрсін демеген.  
Жеңгесі сонда сөйлейді:  
– Айналайын, Төлеген,  
Бикеш-жан бүгін түс көрді,  
Түсінде жаман іс көрді.  
Астындағы Көкжорға ат,  
Ер-тоқымсыз бос көрді.  
Ел жайлаған Ақжайық,  
Жағалай біткен бидайық,  
Алдында жанған шырағын,  
Біреу үрлеп өшіріп,  
Көзінен болды сол ғайып.  
Тілімді алсаң жүрмегін,  
Айналайын, күйеу-жан,  
Құдайға бізде жылайық!

Төлеген сонда сөйлейді:  
– Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,  
«Түс түлкінің боғындай».  
Әр нәрсе деп келмеші-ау.  
Әкемнің атын айтайын,  
Халқынан асқан Базарбай.  
Шешемнің атын айтайын,  
Алпыс жасар Қамқадай.  
Өліп кетсем артымда,

Сансызбай атты інім бар.  
Жібегім неге қорқады-ай?  
Жаман-жақсы болса да,  
Алланың болар өмірі.  
Жалғыз ағаш кесілсе,  
Қуарып қалар тамыры.  
Сәлемде, Жібек қорықпасын,  
Өліп кетсем артымда,  
Еш жаманға қор қылмас,  
Сансызбай атты інім бар.  
Шын тілесе пендеге,  
Тәңірім тілек береді.  
Көктемде мұнда келіп ем,  
Енді қыс болып келеді.  
Елімнің ақын көсемі,  
Батыр Шеге дер еді.  
Ақылға диқан кен еді.  
Олай-бұлай болып кетсем,  
Сансызбайға басшы болып,  
Еліңізге келеді.  
Тірі тұрса жанымыз,  
Есен болса тәніміз,  
Көктем шағы болғанда,  
Қазбенен бірге келем деп,  
Не салса да құдайым,  
Жібек үшін көрем деп,  
Жібекке дұғай сәлем деп,  
Енді атына мінеді.  
Жеңгесі менен Төлеген,  
Қол ұстасып қоштасып,  
Қош, Алла деп жөнелді.

Әлқисса, енді Төлеген неше күн ұзақ жол жүріп, аман-есен еліне келді. Әкесі менен анасы қуанып, той жасады. Жұрт жиылып отырғанда, Базарбай:

– Төлеген қарағым, сен қандай жерлермен жүрдің, қандай елдерге бардың? – деп сұрады.

Төлеген Сырлыбайдың елінде көрген-білгенінің бәрін толық баяндап берді.

Күндердің бір күнінде Төлеген қолына тұйғын алып, құсқа салып жүр еді, аспаннан қаңқылдап екі қаз өте берді, қараса жаз болып қалған екен. Төлеген Көкжорға атты даярлап, жалғыз інісі Сансызбайды атынан жерге алып тастап, Жайыққа қарай жөнеледі.

Асып туған Төлеген,  
Жағалбайлы халқынан.  
Жабдықтап атын мінеді.  
Гауһар, лағыл, алтыннан,  
Жолдас ермей елінен,  
Жалғыз өзі жөнелді,  
Бір ғашықтың зарпынан.  
Қаздың дауысын есітіп,  
Сабыр қылып тұрмады,  
Дүниеге мойын бұрмады.  
Кетіп бара жатқанда,  
Сансызбай жылап жүгірді,  
Төлегеннің артынан.  
Рахымы түсті басына,  
Көзден аққан жасына,  
Қу бауырды қия алмай,  
Қайырлып келді қасына.  
Сансызбайдың Төлеген,  
Пәруана болды басына.  
Бала келді жүгіріп,  
Аш күзендей бүгіліп.  
Төлеген тұрды кете алмай,  
Көзінен жасы төгіліп.  
Төлегеннің сүйегі,  
Бордай болып үгілді.  
Алдына жылап келген соң,  
Ат үстінен Төлеген,  
Көтеріп алды алдына  
Қабырғасы сөгіліп.

«Жеңешенді әкелуге барамын, жылама» деп, Төлеген інісін жұбатты.

Сансызбай сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Жыламаймын, көке-жан,  
Өзің-дағы жылама.  
Көзіңнің жасын тый дейді.  
Жылап отыр, ата-анан,  
Сапарыңды қи дейді.  
Көп жолдаспен барсаңшы,  
Ел-жұртыңды жи дейді.  
Жалғыздың ісі қиын-ды,  
Жалғыз қайтып барасың?  
Менің жайым, мінекей,  
Танымаймын ешкімді.  
Сіз кеткен соң, көке-жан,  
Кемпір-шалдың қасында,  
Өзім жалғыз, өзім жас,  
Боламын кімге сый дейді.  
Бұл барғаннан келмесең,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Қобыз алып қолыма,  
Тартамын сонда күй, дейді.

Төлеген сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Айналайын, қарағым,  
Қабырғамда қанатым,  
Артымдағы құйрығым,  
Жетегімде жан атым.  
Айналайын, жылама,  
Жібек сынды жеңгеңді,  
Ап келмекке барамын.  
Пендесін құдай қарғаса,  
Қабыл болмас тобасы.  
Басыма менің түсіп тұр,

Ғашықтықтың әуресі.  
Үйде-түзде болса да,  
Неден қашып құтылар,  
Басы жұмыр пендесі?  
Күдіретіне алланың,  
Пенденің жоқты шарасы.  
Қай іске талап қылмайды,  
Жер бесікке кіргенше.  
Адамзаттың баласы.

Айналайын, Сансызбай,  
Қолғанатым құйрығым.  
Судан шыққан сүйрігім.  
Көрмей пенде қоймайды,  
Жаратқан құдай бұйрығын.  
Тірі болсам, қарағым,  
Жеті айда келемін,  
Ажал келсе Алладан,  
Жас болсам да өлемін.  
«Амандық бер» деп жолына,  
Құдайдан сен де тілегін.  
Кешірсін, Алла пендесін,  
Асылық еткен қатесін (қатасын).  
Тілімді алмай кеттің деп,  
Бермеді әкем батасын.  
Басыма Құдай салған соң,  
Тоқтата алмадым ішіме,  
Ғашықтықтың қапасын.  
Қыз Жібектің дертінен,  
Көрейін деп барамын.  
Бейнетті жолдың азабын.  
Мен кеткен соң, қарағым,  
Кемпір-шалға ие боп,  
Ғинаят тіле Құдайдан,  
Медет тіле пірлерден.  
Ақылмен ойлап іс қылғын,  
Көзіңді кімге сатасың?

Тілімді алмай кеттің деп,  
Ризалық әкем бермеді.  
Әкемнен қорқып елімнен,  
Жалғыз жолдас ермеді.  
Сөзімді тыңда, қарағым,  
Өзіңді Құдай жеткізсе,  
Алып қойдым бәрін де  
Ат-тұрман, сауыт, жарағын.  
Олай-бұлай болып кетсем,  
Сенен өзге кімім бар?  
Алды-артыңа қарағын.  
Мұратыңа жеткізсін,  
Қарағым, сені бір Құдай!  
Көк буырыл тұлпар бар,  
Биыл құнан, былтыр тай,  
Қас қылмаса Құдайым,  
Мінетұғын бас атың –  
Шырағым саған сайма-сай.  
Ат болғанда мінгейсің,  
Алтын балдақ, ақ семсер,  
Саған арнап соқтырып,  
Салдырып қойдым қынапқа,  
Аш беліңе ілгейсің,  
Талап қылып әр іске,  
Теңіңмен ойнап күлгейсің.  
Бұл сөзімді, тыңдағын,  
Жеткіншегім, Сансызбай,  
Жақсылармен жанасып,  
Жұрт қадірін білгейсің.  
Бадана көзді кіреуке,  
Тоғыз қабат көк сауыт,  
Саған арнап соқтырып,  
Будырып кеттім кілемге,  
Оны үстіңе кигейсің.  
Олай-бұлай болып кетсем,  
Асыл туған Жібекті,  
Еш жаманға қор қылмай,

Өзің бір алып сүйгейсің,  
Шағыңа Құдай жеткізсе,  
Үстіңе баса киіп ал,  
Алтыннан соққан көбені<sup>14</sup>.  
Жау дегенде жайнатып,  
Толғамалап қолыңа ал  
Қозы жауырын жебені<sup>15</sup>,  
Сапар шегіп, жол жүрсең,  
Жолдасын жауға алдырмас,  
Басшы қылғын Шегені.  
Айтқаны болмас адамның,  
Алланың болар дегені.  
Бұл сөзді айтып Төлеген,  
Сансызбайдың бетінен,  
Үш қайтара сүйеді.

Жерге алып қойып інісін,  
Қол ұстасып, қоштасып,  
Қош, Алла, деп жөнеді.  
Бектер мінер сұр қасқа,  
Шаба алмаса ұр басқа.  
Батырлық, байлық кімде жоқ?  
Ғашықтық жөні бір басқа.  
Інісіменен қоштасып,  
Базарбайдың Төлеген,  
Белін буды тұрмасқа.

Базарбайдың Төлеген,  
Жайыққа қарап жол тартып,  
Алладан пәрмен тілеген.  
Жайық пенен теңіз арасы  
Үш айшылық жол екен,  
Үш айшылық жерлердің,  
Қырық бес күндік ортасы,  
Атырабы шөл екен.  
Шөл жәзира ішінде,

---

<sup>14</sup> Көбе – сауыт.

<sup>15</sup> Жебе – садақтың оғы.



Қособа деген көл екен,  
Ұры, кезеп, қарақшы –  
Мекен қылған жер екен.  
Атаңа лағнет, Бекежан,  
Қыз Жібектің сыртынан,  
Көп ғашықтың бірі екен,  
Баяғы алпыс жігіт қасында,  
Төлеген енді келер деп,  
Қособаның көлінде,  
Жолын тосып жүр екен.  
Төлеген тап сол күні келмесе,  
Азықтары таусылып,  
Қайтып бір кетер күні екен.  
Құланнан атты қодықты,  
Көлден тартты борықты,  
Арада неше қоныпты,  
Тұлпардан туған Көкжорға ат,  
Жүз күндік алыс жолынан,  
Қырық бес күндік шөлінен,  
Он жеті күн-түн су ішпей,  
Шөлдеуменен зорықты.  
Шөлдеген соң Төлеген,  
Атынан көңілі торықты.  
Жақындап суға келгенде,  
Бесін намазы болғанда,  
Базарбайдың Төлеген –  
Бір шұбалған шаңға жолықты.  
Шаңға таман келеді,  
Қасына таман барады,  
Алдынан шығып алпыс жау,  
Төлегенді қамады.  
Базарбайдың Төлеген,  
Алды-артына қарады.  
Бесінде жаумен атысып,  
Намаздігер болғанша,  
Алдырмай кетіп барады.  
Еркімен аты жеткен соң,

Жау ортаға алады.  
Сол уақыттар болғанда,  
Жамандатқыр Көкжорға ат,  
Шөлдеуменен зорығып,  
Басын жерге салады.  
Жау қаумалап жеткен соң,  
Атынан қайрат кеткен соң,  
Базарбайдың Төлеген,  
Тәңіріне қылды наланы.  
Құдіреті күшті, Құдай-ай,  
Батар күнмен батайын,  
Өзіңнен бұрын атайын.  
Тым болмаса, Құдай-ай,  
Бекежанды өлтіріп,  
Жастығымды ала жатайын!  
Мұсылман болса, бұл жаулар,  
Жақындап жауап қатайын.  
Атым шаршап бұл жерде,  
Қайратым менің жасыды.  
От болып жанған көңілім,  
Су сепкендей басылды.  
Жүгермек өлім жалаңдап,  
Он сегіз жасымда алмаққа,  
Жазыппа едің, тәңір-ай, жасымды?  
Құдіреті күшті, Құдай-ай,  
Алыстан қызға ғашық болып,  
Әуреге салдың басымды.  
Бұл сөзді айтып Төлеген,  
Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда мол салды,  
Садақты қолға алады,  
Толғап тартып қалады,  
Кірістен оғы кетеді,  
Топ қарақшыларға жетеді.  
Селдіреген шетінен,  
Жетеуінен өтеді.  
Енді оғын алғанша,

Қорамсаққа қолын салғанша,  
Атаңа лағнет, Бекежан,  
Әккі болған сұм екен.  
Төлегеннің артында,  
Алпыс қадам жақындап,  
Бір қурайды паналап,  
Жеткен екен жағалап,  
Төлегенді атқалы –  
Жақындап келіп тұр екен.  
Мылтыққа білте басады,  
Аруағы оның асады.  
Төлеген сынды мырзаның,  
Қанын судай шашады.  
Қой боғындай қорғасын,  
Ажал болып жабысты.  
Атаңа лағнет, Бекежан,  
Жібермеді намысты.  
Базарбайдың Төлеген,  
Толықсып атта тұрғанда,  
Қолтығынан сүйейтін,  
Таба алмады танысты.  
Бекежан атқан жалғыз оқ,  
Маңдайдан келіп ұрады.  
Алтынды сүйек Төлеген,  
Алланың салған қорлығы,  
Иттердің көрсеткен зорлығы,  
Толықсып аттан құлады.  
Жалғыздық түсіп басына,  
Қамығып сонда жылады.  
Атаңа лағнет, алпыс ит,  
Жанын өзі берсін деп,  
Қорлықпенен өлсін деп,  
Анталап келіп тұрады.

Әлқисса, бір уақытта Төлеген есін жиып, көзін ашты.  
Қараса шалқасынан жатыр екен, барлық киімін алпыс  
қарақшы тонап алыпты. Сонда Төлегеннің Бекежанға қарап:

– Замандас едің ғой, ит пен құсқа жем қылмай, тым болмаса көміп кетсеңші, – деп, зарлағаны.

Пұл жібердім қалаға,  
Бисағат<sup>16</sup> күн, құдая,  
Не себеппен, Құдай-ай,  
Мен шығып па ем далаға?  
Шығып едім жолықтым,  
Бұл секілді пәлеге.  
Қарға, құзғұн жемесін,  
Жасырып кеткін жүзімді.  
Замандас едің, жан аға!  
Төлегеннің тілдері,  
Осы сөзге келеді.  
Екінші сөзге келмеді.  
Атаңа лағнет алпыс ит,  
Не айттың сірә, демеді.  
Бір баланың олжасын,  
Алпыс адам бөледі.  
Мал опасыз деген сол,  
Төлеген мінген Көкжорға ат,  
Су ішіп әбден қанған соң,  
Бір қарақшы астында,  
Ойнақтап басып жөнеді.

Әлқисса, Төлеген үйінен шыққанда, бірге шыққан алты қаз бар екен. Қособаның көліне Төлеген алты қазбен қатар келген екен. Шөлдеп келген құстар суға қонайын десе, алпыс қарақшы мылтық атып, үркітіп суға қондырмайды. Бір уақыт есі кіргенде: Төлеген аспанда қона алмай, айналып ұшып жүрген қаздарды көреді. Құс болса да елімнен бірге келген жолдасым еді, аһ дариға деп, қаздарға қарап бір сөз дейді:

– Әуелеп ұшқан, алты қаз:  
Етің шекер, сорпаң бал,

---

<sup>16</sup> Бисағат – сәтсіз.

Атайын десем оғым аз.  
Қонар болсаң, жануар,  
Міне майдан, міне саз.  
Өлмеген құлға, Құдай-ай,  
Болып қалыпты енді жаз.  
Әкемді айтып қайтейін,  
Шешемді айтып қайтейін,  
Мен кеткен соң, дариға,  
Көкешім деп, Сансызбай,  
Еркелеп кімге қылар наз?

Әуелеп ұшқан алты қаз,  
Жерге неге қонбайсың?  
Сіздер тірі, мен өлі,  
Жатырсың нағып демейсің?!  
Қасірет, қайғы халімді,  
Неге келіп білмейсің?  
Тілсіз мақұлық жануар,  
Бірге келген, жолдасым,  
Қасыма неге келмейсің?  
Мұнан былай кеткенде,  
Теңізге таман жеткенде,  
Төбеге шықса белім деп,  
Қартайған әкем Базарбай,  
Алдыңнан шығып жануар:  
– Қарағым, менің, Төлеген,  
Көрдің бе десе, не дейсің?  
Онан әрмен өткенде,  
Үйге таман жеткенде,  
Жая десе, жал берген,  
Шекер десе, бал берген,  
Майға салып нан берген,  
Әралуан дәм берген,  
Алақанында өсірген,  
Еркелік қылсам кешірген,  
Алпыс жасар сорлы анам,  
Алдыңнан шығып жануар,

Құлыным, менің, Төлеген,  
Көрдің бе десе, не дейсің?  
Онан әрмен өткенде,  
Малға таман жеткенде,  
Қарға жүнді қаттасым,  
Үйрек жүнді оттасым,  
Таласып емшек еміскен,  
Тай-құнандай тебіскен,  
Көп қызыққа батысқан,  
Асық ойнап алысқан,  
Өлгенін аға көре алмай,  
Қолынан сусын бере алмай,  
Арыздаспай, қоштаспай,  
Ажалым жетті-ау алыстан.  
Жалғыз інім, бауырым,  
Қанатымда қияғым,  
Табанымда тұяғым,  
Жылжымас жерден ауырдым,  
Алдыңнан шығып Сансызбай,  
Көкешім, менің, Төлеген,  
Көрдің бе десе, не дейсің?!  
Сауытының көзі сетіліп,  
Сынбай кетті дегейсің,  
Баратұғын жеріне –  
Жетпей кетті дегейсің.

Алтынды сауыт, шөже көз,  
Түймеден кетті дегейсің.  
Өлі екенін білмейміз,  
Тірі екенін білмейміз,  
Қособаның жонында,  
Қоса кетті дегейсің.  
Маңдайынан аққан қан,  
Жоса кетті дегейсің.  
Алтынды жабдық Көкжорға ат,  
Бір қарақшы қолында,  
Босқа кетті дегейсің.

Қособаның жонында,  
Құс қонбас құла жапанда,  
Жылай-жылай бір жалғыз,  
Дүниеден өтті дегейсің.  
Төлегеннің тілдері,  
Осы сөзге келеді,  
Ендігі сөзге келмейді.

Батқан күнмен қарайып,  
– Аһ, дариға, Құдай деп,  
Лә Илаһа ил-Алла деп,  
Жұлдыз шыға Төлеген,  
Ақырет сапар жөнеді.  
Маңдайдан тиген жалғыз оқ,  
Желкеден ағып өтіпті.  
Алланың жазған пәрмені-ай,  
Ажалы бүгін жетіпті.  
Айтып-айтпай немене,  
Сол секілді асылдар,  
Кебіні жоқ, көрі жоқ,  
Мұратына жете алмай,  
Арманда болып кетіпті.

Әлқисса, алпыс қарақшы Төлегенді өлтіріп, ат-тонын бөліп алып, еліне келіп, жан адамға сездірмей жата береді.

Сонымен, арада сегіз жыл өтеді. Бекежан Жібекті өзі алғысы келеді екен! Бір күні ой ойлайды: Төлегенді өлтірдім деп, Жібекке білдірейін, батырлығымды білген соң, Жібек маған тимей, кімге тиер дейсің, сөйтіп, Жібекті алайын деп айтқаны:

– Өлгенін естімесе маған тимес,  
Күдер үзе өзгені сірә сүймес.  
Білген соң менің анық ерлігімді,  
Өзі де Төлегенге қатты күймес.  
Бұған мен бекер жерде естіртпейін,  
Бір тойда айтысумен естіп қалсын,

Адамға оған дейін сездірмейін.  
Жібекті алайын деп ой қылады.  
Көкжорға атты салдыртып жетіп келіп,  
Тұсына кеп, Жібектен сөз сұрады.  
Көкжорға ат ерттеулі тұр алтын жабдық,  
Көп жігіт жеңілген соң кетті қаңғып.  
Бекежан түн болғанда айтыспаққа,  
Тұсына Қыз Жібектің келді аңдып.

*Бекежан:*

– Айтамын айт дегенде, ар ма Жібек,  
Ботасы өлген түйедей зарлан, Жібек.  
Кеткелі жаман жарың көп жыл болды,  
Хабары сол жездемнің бар ма, Жібек?!

*Қыз Жібек:*

– Арасы екі ауылдың бүрген шығар,  
Етегін түнде жүрген түрген шығар?  
Артымда жеткіншегім бар деуші еді,  
Айналып сұм дүниеге жүрген шығар?

*Бекежан:*

– Қыз Жібек, тарылтармын заманыңды,  
Білмей жүрсің, айрылып қалғаныңды?  
Ат ізін сегіз жылда бір салмаған,  
Мырза деп мақтай берме жаманыңды?!

*Қыз Жібек:*

– Елімнің несін алып, не бермеймін,  
Дүниеде тірі жүрсем не көрмеймін?  
Арғында Алты Шекті, алпыс мырза,  
Ізіне басып кеткен теңгермеймін!

*Бекежан:*

– Айтамын айт дегенде, әуелім-жар,  
Қыз Жібек, әлі-ақ болар пиғылың тар.



Өліп қалған неменді сонша мақтап,  
Көкжорға ат астымдағы көзіңді сал.

*Қыз Жібек:*

– Жоқ екен, әй, Бекежан, ақыл-айлаң,  
Кәнеки, құрбы болып тиген пайдаң?  
Атаңа, алты лағнет, ит қарақшы,  
Көкжорға ат астыңдағы алдың қайдан?

*Бекежан:*

– Жол тосып Қособада жатып алдым,  
Біреуді мергендікпен атып алдым.  
Өзім батыр болған соң кімді аяйын,  
Өлтіріп Төлегенді атып алдым!

Бекежанның бұл сөзі,  
Мұңды болған Жібектің  
Өкпесінен ұрады.  
Өксіп-өксіп жылады.  
Ғашық болсаң сондай бол!  
– Аһ, дариға, Құдай деп,  
Керегені құшақтап,  
Етпетінен құлады.  
Қыз Жібектің беттерін,  
Кереге көгі жырады.  
Лажын таппай Қыз Жібек,  
Ішінен судай тынады.  
Біреудің қуаныш тойы еді,  
Әдіра-талқан қылады.  
Бекежанға сөйлейді:  
– Атаңа лағнет, Бекежан,  
Көрсетпе маған түсінді,  
Бітіріпсің ісінді,  
Қайтып көзің қиды екен,  
Сол секілді мүсінді?  
Алдыңа Құдай келтірсін,  
Маған қылған осыңды.

Атаңа лағнет, қарақшы,  
Құдайым сені қарғасын!  
Тәңірім мені жаратса,  
Қатын, балаң зарласын!  
Басыңа қиын іс түссе,  
Қасыңа досың бармасын!  
Қыз Жібектің айласын –  
Айласының мен көрдім,  
Осы жерде пайдасын.  
– Туыспай кеткір, алты аға,  
Бармысың, тойда қайдасың?

Сырлыбайдың алты ұлы,  
Алтауы бірдей бөрі еді.  
Отырған жылап Жібектің,  
Тұсына жетіп келеді.  
Қыз Жібектің тұсында,  
Бекежанды көреді.  
Көкжорға атты таниды.  
Бір сұмдықтың болғанын,  
Сонда бұлар біледі.  
Бекежандай зұлымды,  
Енді ортаға алады.  
Мойнына арқан салады,  
Сүйретіп барып алтауы,  
Төлегеннің жолына –  
Құрбандық қылып шалады!

Әлқисса, Сансызбай он жеті жасқа келеді. Сегіз жыл ағасынан хабар болмаған соң, Төлегенді сағынып, іздемекші болады, қару-жарағын асынып, атасына келіп, Төлегенді іздеуге рұхсат сұрады:

Он жеті жасқа келген соң,  
Сансызбай атқа мінеді.  
Батасын алып кеткелі,  
Атасына келеді.

Келіп сөйлей береді:  
– Айналайын, жан ата,  
Ботаң айтқан сөзіне,  
Құлағыңды сал, ата!  
Арызға келді балаңыз,  
Рұхсат бата бер, ата?!  
Айналайын, жан ата,  
Көтерші бермен басыңды.  
Төлегенді сағынып,  
Қайғыменен қан жұтып,  
Іше алмадым асымды.  
Төлегенді іздейін,  
Жеткізді Құдай жасымды.  
Мен Төлегенді іздейін,  
Жер жаһанды кезейін.  
Жоқтаусыз кеткен лайық па?  
Туған соң іні біздейін.  
Ризалық берсең, жан ата,  
Ешкімге көзім сүзбейін.  
Батаңды бергін, жан ата,  
Тірі-өлісін білгенше,  
Күдерімді үзбейін, –

деп атасынан рұхсат сұрады.

Әлқисса, Базарбай сол күнде Төлегеннің қасіретінен көзі көр болып, көңілі жер болып, санаменен сарғайып, қайғыменен қарайып, тұрмастан жатады екен. Сансызбайдың сөзін естіп, зар-зар жылап, батасын берді:

Баласына қол жайып,  
Батасын берді Базарбай,  
Тұра келіп қол жайды,  
«Әумин» деп Сансызбай.  
– Бақытын ашқын баламның,  
Жаратқан алла, бір құдай,  
Патшасысың, құдая,  
Он сегіз мың ғаламның,

Жаратқан алла жар болып,  
Бақытын ашқын баламның.  
Қайыңға соққан қырандай,  
Қанатымнан қайрылдым.  
Тасқа тиіп тұмсығым,  
Табанымнан майрылдым.  
Жол жүруге қимаған,  
Бір уақыт көрмесем,  
Дидарына тоймаған.  
Төлеген сынды баламды,  
Ақырында, Құдай-ай,  
Бір көруге зар қылдың.  
Жүмлә<sup>17</sup> ғайып жараңдар,  
Медеткер болғын балама.  
Үйде, түзде болса да,  
Бұйрықтан адам қала ма?  
Жолың болсын, бар балам  
Тапсырдым сені Аллаға!  
Іздеп келгін ағанды.  
Екінші және тапсырдым,  
Шарапатты өткен бабама.  
Бұлайша деп ұлына,  
Батасын берді Базарбай,  
Батасын алып Сансызбай,  
Атасы рұхсат берген соң,  
Рахым қыл деп бір Құдай,  
Төлеген айтқан Көкбуырыл,  
Ат болған екен он жасар.  
Беренменен белдіктеп,  
Шұғаменен желдіктеп,  
Мақпалменен терліктеп,  
Айылын жұптап салады.  
Жел тимейтін бауырға,  
Орай тартып қалады.  
Ер Шегені басшы қып,  
Екеу ара үш тұлпар,

---

<sup>17</sup> Жүмлә – барша.

Қос атқа бірін алады.  
Амандасып, айрылып,  
Қоштасып жұрты қалады.  
Төлегенді іздеп Сансызбай,  
Сапарға басын салады.  
Жол көрмеген жас бала:  
– Тәуекел, Алла, Құдай – деп,  
– Әркімге тәңірі пана деп,  
Жайыққа кетіп барады.

Әлқисса, Шегемен Сансызбай бірнеше күн жол жүріп, Ақжайыққа келеді. Сырлыбайдың ауылын сұрап келе жатып, бір белге шықса, бір ауылдың үстінде топырлаған есеп-қисабы жоқ көп атты адамдарды көреді. Бұл жиынның мәнісін білейін деп, анадайдан көрінген қойшыға келіп жөн сұрайды.

Қойшы айтады:

– Бұл Сырлыбай ханның ауылы. Сырлыбайдың Жібек деген аса сұлу бір қызы бар еді. Жібектің сұлулығын естіп, қалмақтың Қорен деген ханы тоғыз мың әскерімен Шектіні қоршап алды. Сырлыбайға Жібекті қатындыққа бермесең, еліңді шабамын деп, соған қалмаққа әлі келмейтін болған соң, Сырлыбай хан қызын бермек болды.

Енді Жібек әкесіне арыз қылды:

– Шынымен мені қалмаққа бермек болсаңыз, тым болмаса қырық күн той, отыз күн ойын қылып ұзатыңыз, – дейді. Енді қырық күн тойы бітіп, ойынның басталғанына үш күн болды.

Онда бұлар айтты: Жібекті бұрын күйеуге берген бе еді? – дейді.

Қойшы айтты:

– Жібектің Төлеген деген күйеуі бар еді: Қособаның көлі деген жерде оны Бекежан деген қарақшы атып өлтіріпті, оған биыл сегіз жыл болды, – дейді.

Бұл сөзді естігеннен-ақ, Сансызбай жылап, жүре берді. Шеге Сансызбайдың соңынан келсе, жер бауырлап жылап жатыр екен. Сонда Шегенің айтқаны:

Сансызбай сонда жылады,  
Көзінің жасын бұлады.  
«Бауырың өлді» деген соң,  
Неше мықты болса да,  
Қайтып шыдап тұрады.  
– Екеуміз бірдей жыласақ,  
Жұбататын кім бар деп,  
Шеге ақын сабыр қылады.  
Бір жерлерге келгенде,  
Сансызбай аттан құлады.  
Құбылаға қарай бас қойып,  
Мінәжат, айтып Аллаға,  
Сәждеге басын салады.  
Сонда жатып жылайды.  
Жылайды да толғайды:  
Артық туған, көкешім,  
Бұл дүниеден өтіпсің,  
О дүниеге жетіпсің,  
Мен мүсәпір інінді,  
Қасіретке тастап кетіпсің.  
Жолбарыс қашар қалыңмен,  
Айқайлаған дауыстан.  
Басыңа Құдай салған соң,  
Көкешімнің ішіне,  
Ғашықтық оты жабысқан.  
Жиһан кезіп жүргенде,  
Қыз Жібекті тауыпсыз,  
Осынша қиын алыстан.  
Тапқаныңмен не көрдің?  
Кебінің жоқ, көрің жоқ,  
Жапанда жатып жан бердің.  
Қайран да менің, көкешім,  
Ит пенен құсқа жем болдың,  
Өлгенде жаудан өлмедің,  
Ту байласып шабысқан.  
Батырлар жауға шабады,  
Қолына жасыл ту алып.

Төлегенді табам деп,  
Мініп едім атқа қуанып.  
Бұл жерлерге келгенде,  
Дария-шалқар көліміз,  
Жер болып қалған суалып.  
Қайран да менің, көкешім,  
Кебінің жоқ, көрің жоқ,  
Ит пен құсқа жем болдың,  
Жапанда қалыпсыз қуарып.  
Айналайын, көкешім,  
Жүрерінде қимадым,  
Алтынды сүйек, көкешім.  
Атам менен анамның,  
Маңдайына симадың.  
Өлгеніңді есітіп,  
Көзімнің жасын тимадым.  
Асылық қылмай сөйлейін,  
Жаратқан Алла, Құдай-ай,  
Төлеген сынды пенденің,  
Жолдас қылғың иманын.

Әлқисса, Шеге артынан келіп, атынан түсіп,  
Сансызбайдың басын сүйеп, тұрғызып алды. «Өткенге  
өкініш қылмайық» деп, Шегенің Сансызбайды жұбатып  
айтқаны:

– Айналайын, Сансызбай,  
Көлге біткен құрағым.  
Суырылып озған пырағым.  
Жасын тыйғын көзіңнің,  
Жыламағын, шырағым.  
Рас болса өлгені,  
Төлеген сынды ағанның,  
Жұмақтан жазсын тұрағын.  
«Ноқталы басқа бір өлім»,  
Өкініш қылма өлімге,  
Өз тілеуінді сұрағын.

Бәрі де өлген ойласаң,  
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар.  
Бұрынғы жаннан біреу жоқ,  
Өлмей тірі кім қалар?!  
Өлімге қатты налиды,  
Қапалықпенен пенделер.  
Шайтанға, сірә, өлім жоқ,  
Өлмесек шайтан боламыз,  
Рахметтен құр қаламыз,  
Қарғысы тиген Алланың,  
Одан пенде не табар?!  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Алладан бұйрық келген соң,  
Өткінші өмір, сұрау жоқ.  
Құдай ісі болған соң,  
Қанша айтсақ та, бұру жоқ.  
Айы біткен айында,  
Күні біткен күнінде,  
Дәм таусылса жүру жоқ.  
Айналайын, Сансызбай,  
Айдап барып Құдайым,  
Бұйырған жері топырақ,  
Келтіріпті көзіне.  
Құдай ісі амал жоқ,  
Зар болып қалдық, мінеки,  
Кешегі жүрген Төлеген,  
Басып бір кеткен ізіне.  
Өкініш қылма өткенге,  
Мүсәпір жолда жүргенде,  
Қуат берсін өзіңе!

Әлқисса, Сансызбайды жұбатып, атқа мінгізіп алған соң, Шеге айтты:

– Төлегеннің өлгенін естідік, көп елдің әлі келмеген қалмаққа біздің әліміз сірә келмес, Жібекті ала алмаспыз, енді елге қайталық, – дейді.



Сонда Сансызбай айтты:

– Жібекті қолымыздан келсе алып кетелік, қолымыздан келмесе, жүзін көріп, жолығып кетелік.

– Сіз барып, Жібекті тауып, күй-жайын біліп келіңіз, – дейді.

Екеуі Сырлыбайдың аулына қарай жүрді, жиылған көпшілікке жақын келді. Сансызбай атын Шегеге беріп, өзі жаяу топтың ішіне кіріп кетеді.

Ойынды тамаша қылып, аралап жүргенде, бір үлкен үйден зарланған дауыс естілді, үйдің қасына барса мынандай зарды естиді:

*Жібектің зары:*

Жайықтың суы лай-ай,  
Көр болды, көзім жылай-ай!  
Төлеген сынды мырзадан,  
Айырдың өзің, Құдай-ай.  
Көргенімнен-ақ қорқып едім,  
Көрінбегір түсімді.  
Төлегеннен айырып,  
Оңдамаған екенсің,  
Қадір Алла, Құдай-ай,  
Басынан-ақ ісімді.  
Құдіреті күшті, жан Алла,  
Жаратсаң мені пенде ғып,  
Осы қалмақ алып-ақ –  
Құртамасың менің мысымды.  
Жайықтан көшкен көп Шекті,  
Қонады барып Тарбаққа,  
Не қылығымнан, Құдай-ай,  
Іліндім мұндай қармаққа?!  
Жаратқан ием, Жаппар-ай,  
Шынымен нәсіп қылдың ба,  
Нәсілі жаман қалмаққа-ай.

Әлқисса, Сансызбай зарлап отырған әйелдің Жібек

екенін біліп, қайтадан жүгіріп Шегеге келіп, Жібектен бір жауап алайық деп айтқаны:

– Айналайын, Шеге аға,  
Артық туған, ер аға,  
Жұмсадым Сізді мен аға,  
Дереу барып кел, аға!  
Жібек сынды жеңгеме.  
Жалғыз-ақ арыз сөзім бар,  
Қыз Жібектей жеңгемнен,  
Бір жауап әкеліп бер, аға!  
Жау жағадан алғанда,  
Кіріптар қылып пәлеге,  
Кетпеспін тастап сені, аға!  
Жалғыз-ақ арыз сөзім сол:  
Шерменде болып Құдайға,  
Өтірік айтып келме, аға.  
Батыр туған Шеге ақын,  
О да бір асқан ер еді.  
Қолындағы тұлпарды,  
Сансызбайға береді.  
Жаяу басып, Шеге ақын,  
Елге таман жөнеді.  
Өлең айтқан ақ үйдің,  
Тұсына таман келеді.  
Тойдың ішін аралап,  
Қалмақтың қалың әскерін,  
Тамаша етіп көреді.

Әлқисса, Шеге ақын қалың қолды аралап, үлкен ақ үйге жақындап келеді, ішінен зарланған дауыс естіп, құлағын салып тұра қалса, мына сөзді айтып зарланған Жібек екен:

– Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,  
Жылқысын көптігінен баға алмайды.  
Өлгені Төлегеннің рас болса,  
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!

Тағы да бас қосқаным Жағалбайлы,  
Жылқысын көптігінен баға алмайды.  
Сол елде, сірә жігіт жоқ па тәңірі,  
Жесірін іздеп келіп неге алмайды?!

Тағы да бас қосқаным Жағалбайлы,  
Жылқысын көптігінен баға алмайды.  
Сол елді өзім іздеп кетер едім,  
Жіңішке әйел жолы таба алмайды!

Мұны естіп, ал сонда,  
Жібекті Шеге біледі.  
Алладан пәрмен тіледі.  
Ұмтыла басып, Шеге ақын,  
Жібекке таман жүреді.  
Қалың қолды қақ жарып,  
Баз біреумен ұрысып,  
Баз біреумен жұлысып,  
Өлдім-талдым дегенде,  
Қыз Жібектің тұсына,  
Шеге де жетіп келеді.

Әлқисса, бірден-бірге жақындап, Шеге Жібектің тұсына келіп, мұңлы болып отырған Жібекті көреді. Жігіт болып, өлең айтысумен таныспақшы болады. Төлегеннің өлгенін есіткеннен бері, Жібек ешкіммен сөйлеспейді екен. Жібекке ешбір жігіт барып өлең айтпайды екен, айтайын десе де, батпайды екен, Шеге мұны білмейді.

Енді Шеге мен Жібектің айтысқаны:

*Шеге:*

– Жібек-жан, туа бермес Сіздей сымбат,  
Бітіпті хор қызындай Сізге келбет.  
Ықыласпен өлең жарқын айтқын маған,  
Адамға о да болса, бір ғанибет!

*Қыз Жібек:*

– Басы екен өлеңімнің айым-қайым,  
Бітеді қия тауға тал мен қайың.  
Қашан өлең әдіра қалған менен,  
Білмейтін қандай жансыз менің жайым?

*Шеге:*

– Көрдім де шырай жүзіңе көңілім толды,  
Пейіштегі көреді сарай жолды.  
Естіп ем, осы тойды Сіздікі деп,  
Жарқыным, не себептен болдың мұңлы?!

*Қыз Жібек:*

– Дауысыңыз кетті, аға, құлақ жарып,  
Айрылған ел-жұртынан мен бір ғаріп.  
Аға-жан, мен көрмеген жан екенсіз,  
Отырмын тұрпатыңа қайран қалып.  
Нәсілің алыс жердің адамысыз,  
Қай жақтан келіп тұрсыз, арып-талып?

*Шеге:*

– Бітіпті хор қызындай Сізге көрік,  
Сүйегім әр сөзіңе барады еріп.  
Жарқыным, қалайша болып түстің торға,  
Мәнісін айтыңызшы есітелік?

*Қыз Жібек:*

– Алланың үкіміне жүрмін көніп,  
Зар болдым, жаққан шырақ отым сөніп.  
Құдайым айырған соң қосағымнан,  
Отырмын жау қалмаққа пенде болып.

*Шеге:*

– Сары ағаш қиған сайын құм болады,  
Замана жылдан-жылға сұм болады.  
Қайын ата, қайын анаңыз қай рудан,  
Есімі күйеуіңнің кім болады?!

*Қыз Жібек:*

– Жақсының бал тамады тіл жағынан,  
Өлімнің кім құтылар қармағынан?  
Алдында жүріп, қызмет қылғаным жоқ,  
Қорқамын, ат атауға әруағынан.

*Шеге:*

– Жақсыға жаман адам сірә жетпес,  
Жамандар жақсыларды басып өтпес.  
Сұраймын зәруратпен<sup>18</sup> білмек үшін,  
Бір жолға айта қалсаң да ештеме етпес.

*Қыз Жібек:*

– Қыз-бозбала жиылып,  
Ертеңді-кеш тамаша,  
Әңгіме дүкен құрады.  
Білгенімді мен айтсам,  
Сөзімнің болмас бұруы.  
Қайын атам аты Базарбай,  
Жағалбайлы руы.  
Төлеген оның баласы,  
Ілгері еді патшадан,  
Ақылының данасы.  
Қайранда тәңірім қайтейін,  
Болмады-ау аз күн жүруі.  
Төлегеннен айрылып,  
Қанатымнан қайрылып,  
Жоқ па екен деп ойлаймын,  
Сансызбай ердің намысы.  
Қой ішінде марқады-ай,  
Омырауда ділдә алқады-ай.  
Қайын енем атын айтайын,  
Алпыс жасар Қамқадай-ай.  
Қуантар ма екен Құдайым,  
Қабағым неге тартады-ай?!  
Тірі болса, Сансызбай,

---

<sup>18</sup>Зәрурат – зәрулік, мұқтаждық дегені.

Келер уақыты болып еді,  
Біздей ғаріп міскінді,  
Неге бір іздеп келмейді-ай?  
Кешегі өткен Төлеген,  
Ақылға дархан кең еді.  
Елінің ақын көсемі,  
Батыр Шеге деп еді.  
Қайтейін-ау, қайтейін,  
Қайсы бірін айтайын,  
Кешегі өткен, Төлеген,  
Айтқан бір сөзі көп еді.

Сонда Шеге сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
– Асу да асу бел дейді,  
Аса бір соққан жел дейді.  
Мойныңды созып Жібек-жан,  
Бері таман кел дейді.  
Мен бір жауап айтайын,  
Бұл сөзімді біл дейді:  
Сансызбайға басшы болып,  
Іздеп келген өзінді,  
Ақын Шеге мен дейді!  
Запыс болған Қыз Жібек,  
Алдап жүрген біреу деп,  
Бұл сөзіне сенбейді.

Шеге тағы сөйлейді:  
Шын айтқан сөзге нанбасаң,  
Жарқыным, Сізге не дейін.  
Бекер деп білсең шындықты,  
Қасыңа қайтып келмейін.  
Қапалықпен өлейін,  
Мұсылманды қас көріп,  
Жау қалмақты дос көрсең,  
Расынды айтшы, Жібек-жан,  
Ізімше қайтып жөнелейін.

Сонда Жібек сөйлейді:  
– Шын айтқан болсаң, эз, аға!  
Сансызбай қайда көрсетші?  
Айналайын, аға-жан,  
Сөзіңе сонда сенейін.  
Ат байлаған ақырды,  
Көк түскен жер тақырды,  
Көп дұшпанның ішінде,  
Атын айтсам білер деп,  
«Ат қосшым кел» деп шақырды.  
Сансызбайдың тұрғаны,  
Қозы кеш шақырым жер еді,  
Ер Шегенің дауысын,  
Естіп анық біледі.  
Асығып тұрған, ер сабаз,  
Алла деп атқа мінеді.  
Екі тұлпар жетелеп,  
Ер Шегенің қасына,  
Іркілмей жетіп келеді.  
«Жалғыз қайның келді» деп,  
Батыр туған Шеге ақын,  
Жібекке хабар береді.  
Жарық алып Қыз Жібек,  
Сансызбайды көреді.  
Көріп сонда сөйлейді:  
– Алтыннан соққан қияғым,  
Күмістен соққан тұяғым.  
Құдай қайдан ұқсатқан,  
Көкесіне сияғын.  
Жаратқан Алла жар болып,  
Жанды ма өшкен шырағым?  
Ашылсаңшы қабағым,  
Өлгенім тіріліп келіпті-ау,  
Жарылсайшы жүрегім!  
Жаратқан ием жар болып,  
Бергендей менің тілегім.

Сансызбайды көрген соң,  
Жібектің көңілі толады.  
Басындағы істерді ұмытып,  
Қайғысын іштен жояды.  
Көп дұшпанның ішінде,  
Көрісуге жер қиын,  
Амандасып қояды.  
Бір-біріне екеуі –  
Көңілі әбден толады.

Біздің ел ертеңменен көшер деймін,  
Түннен-ақ үйдің бауын шешер деймін.  
Құдай, біздің тілекті берсе егер,  
Қарасы жау қалмақтың өшер деймін.

Екеуін жөнелтеді уәде қылып,  
Көшеді қалың елі түннен тұрып.  
«Бүгін көшке мінейін бір тұлпарын,  
Жүрейін деп, қыздарменен ойнап, күліп».  
Жұмсады жеңешесін барып кел деп,  
Қоренға бізден хабар айтып кел деп,  
Көңілімді көтерейін тұлпар мініп  
Жеңгесін жібереді барып кел деп.

Әлқисса, жеңгесі Қорен қалмаққа келіп: – Бикеш сәлем  
айтты: екі тұлпардың бірін берсін, көшке мінемін дейді.

Қалмақ «Жібек маған тимеймін деп айтады, атымды  
бермеймін» дейді. Сонда жеңгесінің қалмақты алдап айтқан  
сөзі:

– Ау, күйеу-жан, күйеу-жан!  
Бикештің сырын білесің,  
Біле тұрып дұшпанның,  
Тіліне неге ересің?  
Бүгін көшке мінеді,  
Саңдалкөкті бересің!



Бүгін күннің батысы,  
Ақ отауға кіресің.  
Ойын, күлкі, тамаша,  
Көп қызықты көресің...

Сонда Қорен сөйлейді:  
– Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,  
Мінгенде атың құла ма,  
Алтыннан жүзік бұрама,  
Тимесе, Жібек, тимесін,  
Сандалкөкті сұрама!  
Тимесе, Жібек, тимесін,  
Сандалкөкті сұрапты,  
Ерлер мінер тұлпарды,  
Әйелдер мінер бола ма?!

Әлқисса, Қорен қалмақ атын бермеген соң, жеңгесі ыза болып, Жібекке жылап келеді. Сонда Жібек өзім барайын, өзім барсам тұлпарды мінермін деп, қасына он бес қызды ертіп алып, Жібек Қорен ханға кетті.

Жолшыбай келе жатып өзі ойлады «көңілім көтеріңкі құдай тілегімді берер, қалмақтың кеудесін бастырар» деп ырым қылады. Салтанатпен келген Жібекті көрген соң, Қореннің есі кетті, балқыды.

Сонда Жібек:

– Сұратқанда атыңды неге бермедің? – дейді.

Қорен айтты:

– Мен келгелі екі жарым ай өтті, сонан бері маған бір көрінбеген соң, өкпелеп бермеп едім дейді.

– Енді қайсысын аласың?

Жібек айтты:

– Сандалкөкті мінемін.

Екі тұлпарымның екі бөлек ер-тұрманы бар, өзінің ер-тоқымы болмаса, бөтен ер тоқым тұлпарға тұрмайды, тұлпарды өзім ерттеп берейін, – деді де, қалмақ сыртқа шықты.

Қалмақ тұлпарды ерттеп жатқанда, Қореннің төсегінің

астында, тығулы жатқан он бес құлаш ақ семсерін Жібек ішіне байлап алды.

Атқа мініп алып, анадай жерге шыққан соң, Жібектің көңілі тасып кетіп, қалмаққа қарап айтқаны:

Атаңа лағнет, қу Қорен,  
Ұғып тұрғын сөзімді,  
Ұлық санап сен тұрсын,  
Осы күнде өзінді,  
Қарға-құзғын шыбынға,  
Шұқытармын көзінді.  
Атаңа лағнет, қу қалмақ,

Тілеуді құдай бергені,  
Сандалкөкті мінгенім.  
Ит қалмақ, көзің ағарды,  
Ақымақтықпен білмейсің,  
Ажалыңның келгенін!

Әлқисса, Жібек бұл сөзді айтып, Алла-тағалаға сиынып, тұлпардың етін қыздырып алайын деп, олай-бұлай орғытып шапты.

Сонда Қорен хан:

– Иә, апырым, иә, апырым,  
Байқадың ба, бозбала,  
Қыз Жібектің ғафылын?<sup>19</sup>  
Көксандалды жүгіртер,  
Қыз Жібек менің қатыным.  
Басы қатты Сандалкөк,  
Тастап кетіп жүрмесін,  
Айналайын, Жібек-ау,  
Ақырын шапшы, ақырын.

Бұдан кейін, жүріп кетейін деп тұрып, Жібек артына қараса, кіші жеңгесі сәукелесін киіп келе жатыр екен.

---

<sup>19</sup> Ғафыл (парсы) – жеңілтектік.

*Жібектің сөзі:*

– Айналайын, жеңеше-ау,  
Мінезің еді өзгеше-ау!  
Сапар тарттым алысқа,  
Барасың қайда демеші-ау.  
Жаратқан бәрімізді Алла-Тағалам,  
Қолында молдалардың дәуіт қалам.  
Піруардігер<sup>20</sup> жар болса, алыс жолға барамын,  
Айтыңыз ата-анама дұғай сәлем.  
Тұзымды Құдай көтерсе,  
Ниет қылдым алыс жол!  
Көп кешікпей кетейін,  
Ел-жұртқа дұғай сәлем де.  
Жеңеше-ау, өзің аман бол!  
Жеңгесі сонда сөйлейді,  
– Айналайын, бикеш-жан,  
Мінгенде атың пырағың,  
Қалай талап қылсаң да,  
Ашылсын сенің мұратың.  
Бағынды Құдай ашқай деп,  
Кәпірдің көңілін басқай деп,  
Мұсылманға қосқай деп,  
Ертенді, кеш Құдайдан,  
Зар қылып мен де сұрадым.  
Жайынды маған айта кет,  
Барасың қайда шырағым?

Жібек сонда сөйлейді:  
Тұлпар мініп астыма,  
Асындым алмас беліме,  
Тұлпардың қалған тұяғы,  
Сансызбай іздеп келіпті.  
Жеңеше-ау қайтіп көнемін,  
Қу кәпірдің кебіне?  
Жеткізді құдай мұратқа,  
Қалмақтың көзі ағарсын,

---

<sup>20</sup> Піруардігер – діни ұғым бойынша, көзге көрінбей қамқоршы болатын күш.

Нан пісіп тұрған деміне.  
Тұлпар мініп жол тарттым,  
Басымды арашалап алмаққа.  
Қайтып әйел боламын,  
Адамзаттың дұшпаны,  
Нәсілі жаман қалмаққа?!  
Ақ сүтін кешсін анамыз,  
Риза болсын атамыз,  
Ел-жұртқа дұғай сәлем де,  
Ниет қылдым алыс жол,  
Жеңеше болғын, саламат!

Мұнан кейін Қыз Жібек,  
Атының басын бұрады,  
Уәде қылған Қарағаш,  
Бетін соған жөнеді.  
Жөнеді, Жібек жөнеді,  
Шеге менен Сансызбай,  
Ағашқа шығып екеуі,  
Қарауылдап тұр еді.  
Келе жатқан Жібектің қарасын,  
Сансызбай мен Шеге көреді.  
Әне-міне дегенше,  
Ашып көзді жұмғанша,  
Сансызбай мен Шеге ақын,  
Ұйтқытып заулап келеді.  
Жомарттықпен бас қосқан,  
Бір Алланың досы деп,  
Бұрынғының жолы осы деп,  
Аттан түсіп Қыз Жібек,  
Шегеге сәлем береді.  
– Ашылсын балам, бағың – деп,  
Тәңірі болсын панаң деп,  
Ер Шеге бата береді.  
Жетелеп атын, жаяулап,  
Маймандап, қаздай баяулап,  
Сансызбай сынды баланың,

Қасына Жібек келеді.  
Қасына Жібек келеді,  
Бірін-бірі көрген соң,  
Шүкір қылып Аллаға,  
Енді атына мінеді.  
Екеу еді, үшеу болып,  
Алла деп елге жөнелді.  
Елге қарай шуу деді,  
Өңкей тұлпар мінгені.  
Соққан желдей гуледі...  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Еліне аман келеді.  
Ата-анасын қуанып,  
Қырық күндей той қылып,  
Сипатын көріп Жібектің,  
Ел-жұрты қайран қалады.

# МАЗМҰНЫ

## ЖЫР-ДАСТАНДАР

Р. Бердібаев. “Эпостың жалғасы” .....	3
Өтеген батыр. ( <i>Хикая</i> ) .....	25
Өтеген батыр. ( <i>Екінші нұсқа</i> ) .....	58
Өтеген батыр. ( <i>Үшінші нұсқа</i> ) .....	88
Сұраншы батыр.....	110
Саурық батыр.....	148
Көрұғлы .....	167
Қыз Жібек ( <i>қисса</i> ). ( <i>Жамбыл нұсқасы</i> ) .....	215

**Жамбыл ЖАБАЕВ**

# **ШЫҒАРМАЛАРЫ**

*Екінші том*

**Редактор** Мақпал ҚҰРМАНБЕК  
**Корректор** Ләззат ОСПАНҚЫЗЫ  
**Дизайнер** Айкерім ЖЕКСЕНБИЕВА  
**Тех. редактор** Еркін ТЛЕПБЕРГЕНОВ

ISBN 978-601-03-0415-4



ИБ № 202

Басуға 05.04.2016 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі “Times New Roman”. Көлемі 15,0 ш.б.т.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 202/1322.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы